Исикава диаграммасы - Балықсүйегі диаграммасы немесе Себеп-нәтиже диаграммасы деп те аталады. Аталған диаграмманы жапон профессоры Каору Исикава 1968 жылдары ұсынған. Исикава диаграммасы - мәлім іс, не оқиғаны түрлі себептер арқылы түсіндіру әдісі. Себеп қашанда түрлі бастаулардың негізгі категориялар тобы арқылы анықталады.

Бұл категориялар мыналарды қамтиды:

- Адам - осы іс үрдісіне қатысты кез келген адамды көрсетеді.
- Әдіс - бұл үрдістің қандай үлгіде орындалатынын және талап етілген жұмыстың арнайы ережесін көрсетеді. Мұнда бастысы амал, жоспар, басқару, тәртіп, заң-ереже қатарлылар айтылады.
- Машина-барлық саймандар, компьютер, құрал секілділер. Сайман жұмысты іске асырады.
- Материал- шикі материал, бөлшек, қалам, қағаз секілділер. Ол соңғы өнім жасауға қолданылады.
- Өлшем- өнім өндірілу үрдісінің сапасын бағалау талабы мен шамасы[4].

«Шешімдер ағашы» әдісі студенттерге тиімді шешім таба білу, іс-әрекет жасау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Шешімдер ағашын құрастыра отырып, әр түрлі нұсқаларды қарастырып олардың күшті жақтары мен әлсіз жақтарын бағалау.

Мәселе: …

1-Нұсқа: …		2- Нұсқа: …		3- Нұсқа: …	
+	-	+	-	+	-

Мысалы шешімдер ағашы әдісін педагогикадағы «ҚР білім берудің мазмұны» деген тақырыпта тиімді қолдануға болады. Білім берудің жаңартылған мазмұны қазіргі таңда көкейтесті мәселе. Сондықтан студенттер тиімді шешімдерін ұсыну үшін алдын ала ізденіп дайындалады.

«Попс-формула» әдісі

«ПОПС - формула» әдісі студенттерге пікірталас барысында өз көзқарастарын дәлелдеуге көмектеседі. Бұл әдіс бойынша сөйлеуші мына формулаға сәйкес өз ойын жеткізуі қажет:

П – позиция (өз пайымының мәнін түсіндіруі қажет)	Менің пайымдауымша…
О – обоснование (өз пайымын дәлелдермен жеткізе білу)	… себебі…
П – пример (пайымдауын көрсететін фактілер)	… мысалы…
С – следствие (шығатын қорытынды)	… сондықтан…

«Менталды карта» әдісі.Бұл әдісті еске сақтау және ойлау әдістемелерінің авторы, “ақыл-ой картасы” ойлауын ұйымдастырушы, ағылшын психологы Тони Бьюзен ұсынған. Менталды карта-бұл еске сақтауды белсендіретін, мәтін, тізім, кестеге қатынасты баламасы бар көрнекі ойлау техникасы. Бұл әдіс кітаптың немесе мәтіннің мазмұнын еске сақтау, түсіну, тіркеуге, пікірлерін жазып отыру, өзі үшін жаңа тақырыпты талқылау, шешім қабылдауға дайындалу үшін қолданылады (мысалы ағаштар немесе байланыс диаграммасы ретінде) [5].

Сапа ілмегі.Деминг-Шухарттың жетілдіру циклы бойынша. Деминг-Шухарт циклі- іс-әрекеттің кез келген саласында осы іс-әрекетті жүйелі негізде тиімді басқаруға мүмкіндік беретін, үрдісті үздіксіз жаңартып отыратын танымал модель.

- Жоспарлау- қажетті өзгерістерді жоспарлау және мүмкіндіктерді бағалау, мәселені талдау және идентификациялау;
- Жүзеге асыру-мәселені шешу жолдары және жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру;
- Бақылау- нәтижені бағалау және қойылған міндеттерге сәйкес қорытындылау;
- Талдау- алынған нәтиже негізінде шешім қабылдау, егер шешім қойылған міндеттерді шешпесе, циклді қайталауға және жоспарға өзгерістер енгізу.

Қарастырылған интерактивті әдістер студенттердің шығармашылығын арттыруда ең қуатты ынталандыру құралы болып табылады. Бұл тапсырмалардың Мета-пәндік сипаты студенттердің болашақ студентке қажет "икемді" құзыреттіліктерін (soft skills) қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан, педагогика-психология пәндерін оқыту барысында интерактивті әдістерді жиі пайдаланып отыру сабақтың сапасын көтерумен қатар студенттердің білімге деген құштарлықтарын да арттыра түсері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе: контекстный подход. - М.: Высшая школа, 1991.
2. Азанова, А. Е. Виртуальная онлайн-доска как платформа создания мини-проектов в условиях дистанционного обучения. // Молодой ученый, 2020. № 13 (303). С. 205-207
3. Әлқожаева Н. Төлешова Ұ. Жоғары мектептің оқу үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университетті, 2009.
4. А.Мынбаева Искусство преподавания концепции и инновационные методы обучения. Учебное пособие. Алматы: Қазақ университеті, 2011.
5. Айтбаева А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар.Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2011.

УДК 37.013

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИН ПЕДАГОГИКИ И ПСИХОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ

Джонисова Г. К., Халикова Б. Т.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *В статье рассматриваются интерактивные методы обучения, используемые в преподавании педагогики и психологии. Дается описание методов освоения технологий, используемых в дистанционном обучении, интерактивных методов, таких как кейс-стадия, ментальная карта, петля качества и др.*

Ключевые слова*: Padlet, кейс-стадия, ментальная карта, петля качества, инновационный метод.*

ӘОЖ 14.37.29

ОҚЫТУ ДИЗАЙНЫН ЖАҢАРТУДА ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ДИДАКТИКАНЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

С.М.Бахишева, З.Ғ.Мұхтар
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.,

Аннотация. *Мақаласында негізделген әдістемелік тәсілдері мен принциптері интеграция дәстүрлі дидактика сандық дидактикой ретінде жобалау негіздері қазіргі заманғы дизайн оқыту. Сонымен қатар, негізделген мүмкіндігі, дизайн әзірлеу, оқытудың көздейтін өзгертуді күтіп ұстау және құрылымы жөніндегі білім беру бағдарламаларын жүйелі енгізуге онлайн-құралдар процесі аралас оқыту. Тәжірибелік маңыздылығы жұмыс болып табылады анықтау әдістерін интерактивті оқыту білім алушылардың сандық ортадағы дағдыларын дамыту, бірлескен оқу командада. Қорытындысында сипатталған интеграциялау мүмкіндіктерін дәстүрлі және сандық дидактиканың әзірлеу қазіргі заманғы дизайн оқыту.*

Кілт сөздер: *дизайн, оқыту, сандық, дидактика, қазіргі дидактика, интеграция, аралас оқытуды және онлайн-оқыту.*

Білім беру үдерісіне цифрлық қоғамның талаптарына жауап беретін және цифрлық технологиялардың дидактикалық әлеуетін толық пайдалануды қамтамасыз ететін өзгерістер жүргізілуде. Оқыту технологияларын педагогикалық мақсат міндеттерге сай бейімдеуде педагогикалық дизайнның маңызы артып келеді. Қашықтан және аралас оқытуда мобильді платформалар, корпоративті онлайн оқыту, интерактивті және микро-оқыту мүмкіндіктері едәуір кеңейді. Бұл білім алушы мен оқытушының ыңғайлы уақытта пен ыңғайлы орында байланыс жасауын қамтамасыз етеді.

Цифрлық дәуірдегі педагогиканы зерттеушілер Э.Битэм мен Р.Шарптың айтуынша, қазіргі жағдайда тек цифрлық технологиялардың өзін оқыту құралы ретінде пайдалануды қарастыру жеткіліксіз, енді цифрлық қарым-қатынасты қолдана отырып, біз пәннің дизайнын, бағдарламаның дизайнын, оқыту дизайнын жаңартуды, тіпті мамандық бойынша білім беру бағдарламасын жаңартуды қолға алғанымыз жөн. Олар қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге сай білім алу жолдары да өзгеретінін айта отырып, оқытуға арналған дизайн да педагогика сияқты теория мен практиканы біріктіреді, оқыту дизайны, бір жағынан, білім беруді трансформациялау моделі болса, екінші жағынан, цифрлық кеңістікте пәнаралық жобалау қызметін атқарады деп тұжырымдаған[1].

Педагогикалық дизайн – дидактикадағы жаңадан қалыптасып келе жатқан бағыт. Ол білім беру өнімін толық жасақтау үшін заманауи технологиялық әдістерді, қызметтерді, құрылғыларды қолдана отырып, сабақ үдерісін, ресурсты, бағдарламаны жобалаудың бүкіл процесін қамтиды. Сондықтан, оқыту дизайнын сабақ үдерісінің барлық құрылымдарының бірлігі негізінде модельдеу және оқыту нәтижелерін алдын ала мақсатты жобалау дей аламыз.

Білім беру дизайны қамтитын әрекеттерді зерттеушілер бірнеше кезеңдермен бөліп көрсетеді: *талдау* - жағдайды талдау, өзгерістердің өзектілігін анықтау; *жобалау* - өзгеріс әрекеттерін мақсатты жобалау, құрылымдарын анықтау; *модельдеу* - жүзеге асыру жолдары мен әдістемесін жасау; *қолдану* - тәжірибеде қолдану, жүзеге асыру; *бағалау/бейімдеу*- алынған нәтижені күтілетін нәтижемен салыстыру, түзету [2]. Дәстүрлі оқыту дизайны оқытушы мен студенттің аудиториядағы тікелей қарым-қатынасына бағытталса, енді цифрлық ресурстар арқылы, асинхронды, онлайн, аралас оқыту әрекеттері де жобаланып, оқу жоспарын, құрылымын, оқыту ресурстарын, оқу ортасы мен оқыту әдістерін қамтитын жүйені құрайды. Дизайн – теориялық негізделген, тәжірибеде дәлелденген ғылымның қолданбалы - практикалық көрінісі[1].

XXI ғасырда мұғалім сабақты жобалауда көптеген ақпараттық ресурстарды пайдаланады, бірақ дәстүрлі сабақтың дидактикалық тұғыры цифрлық оқыту принциптерін толық қамтиды дей алмаймыз. Цифрлық технология дәуіріндегі дидактика мәселесі білім берудің дәстүрлі тәсілдерін цифрлық ресурстар негізінде жаңалауды білдіреді және дидактиканың цифрлық дәуірдегі рөлін қайта

қарастыруды қажет етеді. Бұл туралы "қазіргі жағдайда, педагогикалық процесті компьютерлендіру ең жақын перспективаға айналған кезде, педагогикалық дизайн оны тиімді жүзеге асырудың жалғыз шарты болып табылады" деп айтылған.[3].

Дәстүрлі түрде дидактика "білім беру мазмұнымен бірге оқытуды зерттейтін педагогика ғылымының саласы"деп түсініледі[4]. Дидактикада ғылым ретінде оқыту заңдылықтары, негізгі ұғымдар анықталады, оқыту принциптері белгіленеді, оның мазмұны қалыптасады, білім беру процесін тұтастай және нақты жағдайларда жүзеге асыруға, оның нәтижелерін бақылауға және бағалауға мүмкіндік беретін технологиялар, формалар мен әдістер ұсынылады. Дәстүрлі дидактиканың міндеттері мен қызметтері - оқыту үдерісін және оның орындалу жағдайын сипаттау мен түсіндіру, жетілдіріп ұйымдастыру, жаңа оқу жүйелерін, жаңа технологияларын құрастыру [5]. Цифрлық әлемде педагогтар түрлі ақпараттық ресурстарды талдай білуі, қашықтықтан оқыту курстарын әзірлеуі және тиімді оқу ортасын құруы тиіс. Қазіргі студенттердің қабілеттері мен мүмкіндіктері түбегейлі өзгеше, сондықтан білім беру процесі басқаша ұйымдастырылуы керек, компьютерлік технологиялар едәуір күшейтетін кейбір дағдылар - ақпаратты өңдеу, графиктермен жұмыс істеу, мәліметтер базасына қол жеткізу технологиясы) оқу нәтижелері үшін өте маңызды, бірақ мұғалімдер көбіне ескермейді [6].

Оқытуда ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға байланысты XXI ғасырдың басында дидактиканың пәнін, мақсаттары мен міндеттерін қайта қарау әрекеттері орын алады[7]. М.Чошанов «цифрлық оқытудың дидактикасын оқыту процесін ақпараттық технологиялар арқылы жобалауға бағытталған дидактиканың түрі» ретінде қарастыруды ұсынса [8], цифрлық оқытудың дидактикасын Д.Анжело «e-Didactics» деп атауды ұсынады [9]. Сонымен қатар, ғалымдар «цифрлық орта – бұл ескі педагогикалық модельдер жұмыс істемейтін кеңістік екенін атап өтіп, білім беру процесі субъектілерінің зияткерлік және әлеуметтік қасиеттеріне әсер етеді» - дейді. Цифрлық дидактика - цифрлық оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы ғылым болғандықтан оған дейінгі дәстүрлі дидактиканың оқыту үдерісі туралы ғылыми ұғымдары мен қағидаларын дәйекті түрде қолданады және оларды цифрлық ортаның шарттарына сай толықтырады. Дизайн – бұл білім мазмұны, білім бағдарламасы, оқыту әдістері мен тәсілдерінің, бағалаудың сәйкестігі, оның алдын ала анықталған күтілетін нәтижелеріне жетуді қамтамасыз ететін жүйесі. қажеттігін дәлелдейді [10]. Дидактиканың міндеттерінің бірі - оқытудың жаңа жүйелерін, білім беру технологияларын, формаларын, әдістері мен тәсілдерін әзірлеу деген болатын [11]. Бұл біз ұсынып отырған жаңа оқыту дизайнын дәстүрлі және цифрлық дидактикаға негізделіп, білім мазмұнының, оқыту әдістері мен ресурстарының күтілетін нәтижелеріне жетуді қамтамасыз етудің моделі ретінде тұжырым жасауға негіз болады.Жоғарыдағы келтірген әлемдегі алдыңғы қатарлы ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен тәжірибесіне сүйене отырып, дәстүрлі және цифрлық дидактика ұстанымдарының интеграциясы қазіргі дидактиканың теориялық тұғырын құрайды деген пікірді ұстанамыз.

Бұл тұжырымдар негізінде «Оқыту дизайнын дәстүрлі және цифрлық дидактиканы интеграциялау моделі» жасалып, теориялық – құрылымды моделі құрастырылды (1-сурет).Ұсынылған модельде тәжірибедегі оқытудың дәстүрлі және цифрлық дидактика принциптерінің мәні жағынан негізінен бір бірімен ұштасатыны көрсетілді. Модельде осы екі дидактикаға да ортақ білім берудің парадигмалық тұғырлары - әрекеттік, синергетикалық, жүйелік, жобалық, интерактивтік,ақпараттық, креативтік, тұлғалық бағдарлық, зерттеушілік, констуктивтік, сыни ойлау, командамен жұмыс, т.б. негізге алынатыны белгіленді.



1-сурет. Оқыту дизайнын жаңартуда дәстүрлі және цифрлық дидактиканы интеграциялау моделі

Модельдің өзегіне педагогикалық дизайн алынды, бұл жерде оның «оқыту дизайны» ретінде берілмеу себебі, цифрлық оқыту жағдайындағы дизайн тек оқыту үдерісіне ғана қатысты емес, білім беру бағдарламаларын өзгерту дизайнын да, пәндік курсты құру дизайнын да қамти алатыны көрсету.

Педагогикалық дизайн жаңа технологияларды енгізу арқылы дәстүрлі, қашықтықтан және аралас оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері мен тәсілдері, ресурстары мен технологиялары, күтілетін нәтижелерінен тұратын тұтас жүйесін жасау болып табылады. Оқыту дизайнының мәні - цифрлық ортадағы өзгерістерге сай, жаңа ресурстармен жұмыс жасау үшін оқу материалдарын, контентті жобалау, оқу үдерісін құру, оқу ортасын модельдеу.Қалыптасқан дәстүрлі академиялық

дидактика тәжірибелері негізінде заманауи технологияларды қолдану арқылы жаңа оқыту дизайнын жасап үйренудің нақты қадамдарын қалыптастыру қажет. Ұсынылған құрылымдық модельде дәстүрлі, қашықтан оқыту және аралас оқыту түрлері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері бүгінде білім беруде дәстүрлі және онлайн форматтармен қатар аралас оқыту моделінің өзектілігі артып отырғанын көрсетеді.Аралас оқыту үдерісі инновациялық технологиялар мен дидактикалық принциптердің интеграциясы арқылы нәтижеге бағытталып жүзеге асырудың тиімділігін дәлелдеп отыр. Бұл, ең алдымен, тұлғаның білім алу қажеттіктері мен оның ерекшеліктерін ескере отырып, жеке білім беру бағыттарын құру негізінде оқытуды дараландыру. Аталған оқыту түрлерінің барлығы да мамандардан оқытудың жаңа дизайнын жасауды, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қатар жаңа кәсіби дағдыларды игеруді де талап етеді.Ұсынылған модельде оқыту дизайнын жаңартуды дәстүрлі және цифрлық дидактиканы интеграциялау негізінде жүзеге асырудың күтілетін нәтижелері белгіленді.

Оқытудың қай форматы болмасын, цифрлық ресурстарды пайдалану мүмкіндігін негізге алады. Төмендегі кестеде қолданылатын білім беру платформалары берілген.

1-кесте. Цифрлық білім беру платформаларының мүмкіндіктер матрицасы

Zoom	Заманауи бейне байланыс құралдары саласындағы көшбасшы сервис. *Сипаттамасы:* аудио және бейнеконференцияларды жедел ұйымдастыру, 100 адамға дейінгі топтық жұмыс, сауалнама жүргізу мүмкіндігі, чаттық хабарлама,, сессия залдары, т.б.
Mentimeter	Нақты уақыт режимінде сауалнамалар құру мен дауыс беруге арналған ресурс. *Сипаттамасы:* дайын үлгілерді немесе өзіңіз дайындаған презентацияны пайдалануға болады. Сұрақтары бар интерактивті тақта жасау, квиздер құрастыру, жедел кері байланыс алу қарастырылған. Мобильді құрылғыларда және электрондық ортада қол жетімді. Жылдам сауалнамаға QR коды арқылы сілтемемен тез және оңай қосылуға болады.
Microsoft Teams	Ұжымдық қызметке арналған платформа. *Сипаттамасы:* жұмыс кеңістігінде кездесулерді ұйымдастыру, жазбаларды қалдыру, файл алмасу, бірлескен қызмет қарастырылған.
Webinar.ru	Жаңа буынның онлайн-іс-шаралары (кеңестер, оқыту, презентация) сервисі. *Сипаттамасы: б*арлық браузерлерде және қосымша бағдарламалық жасақтамасыз қосылады.
Padlet	Әмбебап онлайн тақта. *Сипаттамасы:* мәтіндік хабарламалар, фотосуреттер, сілтемелер және басқалар арқылы басқалармен байланыс қарастырылған. Әрбір байланыс орны "қабырға" деп аталады. Жеке хабарландыру тақтасы ретінде де болады.
Prezi	Интерактивтіпрезентациялардықұруғаарналғанқызмет *Сипаттамасы:*бейне материалдарды, графиканы және т. б. пайдалану арқылы презентацияларды визуализациялау үшін көптеген мүмкіндіктерді ұсынылған. Сонымен қатар үлгілік шаблондарды пайдалану қарастырылған.

Мысалы, білім беру процесінде Padlet виртуалды тақтасының дидактикалық мүмкіндіктері көп.Бұл виртуалды тақта веб-интерфейс болғандықтан, пайдаланушыға ештеңе жүктеудің және құрылғыға орнатудың қажеті жоқ. Алдын ала құрылған оқыту дизайны негізінде сабақтың негізі материалы бойынша «Кейсті шешу» үшін топпен жұмыс ұйымдастырылып, студенттер кіші топтарға бөлінеді. «Төңкерілген оқыту» (flipped learning) әдісі қолданылып, үй тапсырмасы ретінде бейне дәрістерді қарау, келесі сабаққа қатысты оқу материалдарын алады. Сабақта «Padlet» тақтасы арқылы студенттердің бірін бірі бағалауы, бақылауы және белгілі бір тақырыпты игеру нәтижелері бойынша кері байланысы да қамтамасыз етіледі. Студенттер критерийлер арқылы бір-бірін тікелей эфирде бағалайды. Сабақ соңында «Білемін, Білгім келеді, Білдім» деген сұрақтарға жауап беру әдісімен кері байланыс жүзеге асырылды. Бұл тапсырманы орындау туралы қажетті деректерді үздіксіз бере отырып, жедел кері байланысты қамтамасыз етеді.

Тақырып бойынша студенттердің өздік жұмысы мен оқытушымен орындалатын өздік жұмысында тапсырма ретінде Padlet тақтасын құру және QR-кодтар галереясын құру тапсырылды. Бұл жерде «Аралас оқыту» - (blended learning)» - дәстүрлі тәсілдер мен онлайн оқытуды біріктіретін білім беру моделі қолданылды.



3-сурет.Padlet виртуалды тақтасын өзіндік жұмыс орындауда қолдану

Студенттер белгілі бір тақырып бойынша материалдармен (мәтін, фото, видео, аудио) тақта құру, содан кейін оған QR кодын жасау тапсырмасын орындады. Дайын болуына қарай тақтамен әлеуметтік желілерде бөлісуге, әр түрлі форматта экспорттауға, басып шығарыға, және тіпті QR кодын жасауға болады. Виртуалды тақтаға сілтемені оқытушы электрондық пошта арқылы немесе мессенджер (Viber, WhatsApp) арқылы жібере алады немесе тікелей эфир кезінде сабақта бере алады.

Оқулықтарды жүктеу арқылы виртуалды кітапхана ретінде пайдалануға болады. Онда оқытуды дербестендіру арқылы білім алушының өзі белгілі бір деңгейде қайда, қалай және нені үйренетінін өзі анықтайды.

4-сурет.Padlet тақтасын виртуалды кітапхана ретінде пайдалану үлгісі

Виртуалды тақта ЖОО- да оқу процесін ұйымдастыруға айтарлықтай өзгерістер енгізеді. Қазіргі уақытта студенттер сабақ өткізудің бұл әдісін және оқытушымен мен группаластарымен өзара әрекеттесу форматына қызығушылық танытады. Өйткені, онлайн сабақтарға арналған виртуалды тақтамен жұмыс жасауда шығармашылығын дамытуға, жұмыс нәтижелерін көрсетуге, өз пікірлерін білдіруге және басқалардың не ойлайтынын білуге мүмкіндік толық беріледі.

Студенттер бір бірінің жұмысын тақтада көретіндігінен оларды тапсырмаларға жауапкершілікпен және сапалы қарауға итермелейді. Сабақты өткізудің бұл әдісінің басты шарты-студенттердің өз пікірлерін айтуға, сенім білдіруге ыңғайлы қарым-қатынас жасалады. Жалпы алғанда дәстүрлі және цифрлық дидактиканы интеграциялаудың келесі мүмкіндіктерін анықтауға болады:

1. Дәстүрлі және цифрлық дидактиканың интеграциясы арқылы оқытудың мақсаты, мазмұны, нысандары, әдістері мен құралдары, күтілетін нәтижелері білім берудегі технологиялық ресурстарымен синтезделіп, оқытудың жаңа дизайнын құрудың әдіснамалық және әдістемелік негізіне алынады. Оқыту дизайны дәстүрлі және заманауи әдістері цифрлық ресурстарымен кіріктірілу негізінде оқыту әрекетінің барлық деңгейлерін технологиялық жаңартуға бағыттайды, педагогикалық әрекеттер цифрлық ресурстарды біріктіре құрылған вебинарлар, бейнеконференциялар, бейне дәрістер, виртуалды тьюториал ретінде жүзеге асырылады.
2. Оқытушының оқу материалдарын жобалау мүмкіндіктерді кеңейеді, студенттерді белсенді әрекетке тарту, оқу үдерісін қарқынды өткізу, оқытуды дербестендіру, кері байланысты қамтамасыз

ету, оқу нәтижелерін тез және объективті бағалау әрекеттерін цифрлық кеңістікте жүзеге асыру дағдылары қалыптасады.

Цифрлық технологияларды білім беруге ендіру арқылы оқыту дизайны дәстүрлі оқытуда да басымдық беріліп жүрген студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру арқылы олардың пәндік құзіреттілігімен қатар, кәсіби мақсатты дағдыларын дамытуды көздейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Битем Э., Шарп Р. «Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны» – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоры, 2019 – 328 бет.
2. Основы педагогического дизайна / Автор-составитель С.А. Курносова. – Челябинск, 2014. – 168 с.
3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.:Педагогика,1989- 191 с.
4. Таубаева Ш. Т., Мақсұтова И.О. Дидактикадағы инновация: оқу құралы. – Алматы: «Қарасай» баспасы, 2020. – 350 бет.
5. Пэлфри Дж., Гассер У. Дети цифровой эры / перев. Н.Яцюк. М.:Эксмо, 011. *368 с.
6. Ruthven K. The didactical tetrahedron as a heuristic for analysing the incorporation of digital technologies into classroom practice in support of investigative approaches to teaching mathematics // ZDM — The International Journal of Mathematics Education. - 2012. – №44(5). – pp. 627-640. Ruthven, K. (2012).
7. Tchoshanov M Engineering of Learning: Conceptualizing e-Didactics. – M: the UNESCO Institute for Information Technologies in Education, 2013. – 194 p.
8. D'Angelo G. From Didactics to E-Didactics -Paradigms, Models and Techniques for e-Learning. - Naples: Liguori Editore, 2007. – 404 p.
9. Handbook of Research on Engaging Digital Natives in Higher Education Settings (2016) / Ed. by M. Pinheiro. (IGL Global).
10. Блинов В.И., Сергеев И.С., Основные идеи дидактической концепции цифрового обучения. – М.: Издательство «Перо», 2019. – 24 с
11. Boud,D. and Prosser, M “Key principles for high quality student learning in higher education: A framework for evaluation.Educftional Media International”,39 (3): 237-45
12. Хуторской А. В. Дидактика. Учебник для вузов /А. В. Хуторской — «Питер», 2017 — (Учебник для вузов. Стандарт третьего поколения – 720с.

УДК 14.37.29

ОСНОВЫ ИНТЕГРАЦИИ ТРАДИЦИОННОЙ И ЦИФРОВОЙ ДИДАКТИКИ В ОБНОВЛЕНИИ ДИЗАЙНА ОБУЧЕНИЯ

Бахишева С. М. Мухтар З.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,г. Уральск

Аннотация. *Статья основана на методологических подходах и принципах интеграции традиционной дидактики в цифровую дидактику как основы проектирования современного дизайна обучения. Кроме того, обоснованная возможность разработки дизайна, обучения, предполагающая изменение содержания и структуры образовательных программ по системному внедрению онлайн-инструментов в процесс смешанного обучения. Практическая значимость работы заключается в определении методов интерактивного обучения обучающихся в цифровой среде и развитии навыков совместного обучения в команде. В заключении описаны возможности интеграции традиционной и цифровой дидактики в разработку современного дизайна обучения.*

Ключевые слова:*дизайн, обучение, цифровое, дидактика, современная дидактика, интеграция, смешанное обучение и онлайн-обучение.*

ӘОЖ 371.3

ЖОО-ДА «ПЕДАГОГИКА» ПӘНІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Кинжекова Р.С.
Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Мақалада ЖОО-да «Педагогика» пәнін оқытуда қолданылатын интерактивті әдістердің жіктемесі жасалып, сипаттамасы беріліп, тиімді тұстары мен кемшілік жақтары талданған.Білім берудің сапасын арттыруда, нақты нәтижелерге қол жеткізуде, танымдық іс-әрекетке деген қатынасын қалыптастыруда заманауи технологияларды оқу үрдісіне енгізудің мәні зор екені дәлелденген. Жаңа әдістердің студенттердің оқу белсенділіктерін арттыруда да мәні зор. Педагогиканы оқытуда жиі қолданылатын белсенді оқыту әдістерінің кейбіріне тоқталған: «Жұптасқан дәріс» әдісі, пікірталас әдісі, «Шағынтоптар» әдісі, «Тірек конспектілер» әдісі,«Кейс-стади» әдісі. Аталған әдістер педагогикалық жағдаятты қою, талдау, болжаулар жасау, оны растау, не теріске шығару, проблеманы шешу жолдарын іздестіруге; топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің шығармашылық қасиеттері мен қоса бастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түсетіні сөз болған.*

Кілт сөздер: *оқытудың белсенді әдістері, «Жұптасқан дәріс» әдісі, пікірталас әдісі, «Шағынтоптар» әдісі, «Тірек конспектілер» әдісі,«Кейс-стади» әдісі, іскерлік ойындар.*

Педагогиканы оқыту әдістемесінің сапасы мен тиімділігін жетілдіру міндеттерін шешудің көзі студенттердің оқу белсенділіктерін арттыру болып отыр. Оның мәні тек студенттердің оқу материалын меңгеріп қоюында ғана емес, студенттердің танымдық іс-әрекетке деген қатынасын қалыптастыруда болып табылады. Сол үшін практикада оқытудың белсенді әдістері кеңіненқолданылады [1].

Оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын меңгеру үдерісіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқыту тәсілдері.

Белсенді оқыту әдістерінің жіктемесі:

- жартылай кәсіби іс-әрекетті модельдейтін және іскерлік, дағдыны қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: *проблемалық сұрақтар, іскерлік ойындар, кәсіптік жағдаятты талдау,тренинг;*
- білім, іскерлік, дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдер: *проблемалық есептер, жағдаяттар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, «миға шабуыл», оқу пікірталасы, «кейс-стади», өзіндікжұмыс.*

Енді педагогиканы оқытуда жиі қолданылатын белсенді оқыту әдістерінің кейбіріне тоқталып өтейік.

«Жұптасқан дәріс» әдісі – бұл өн бойына оқу материалын репродуктивтік, проблемалық, интеграциялық және диалогтік баяндау элементтерін жинақтаған оқыту тәсілі.

Репродуктивтік элементі ғылыми тұрғыдан дәлелденген, қосымша түсіндіруді қажет етпейтін оқу материалын баяндаудан тұрады. Проблемалық элемент проблемалық жағдаятты қою,талдау, болжаулар жасау, оны растау, не теріске шығару, проблеманы шешу жолдарын іздестіруден құралады. Интеграциялық элемент бір проблема төңірегінде әр түрлі ғылыми амалдарды қарастырады. Диалогтік элемент оқытушы мен студент арасындағы пікір алмасу арқылы көріністабады [2].

Оқытушы өз ассистентімен (бұл оның әріптесі, оқытушы- тәлімгер, жақсы даярланған студент те болуы мүмкін) бірлесіп дәріс оқиды.

Студенттер аталған әдістің қолданылуымен өткен сабақты жоғары бағалайтынын практика жүзінен көруге болады. Біріншіден, оқу материалы дайын күйінде берілмей, проблемаларды оқытушымен бірлесе шешу арқылы диалог құру нәтижесінде меңгеріледі. Сонымен қатар, көп көлемдегі ақпаратты азайтады,тек нақтылы фактілер келтіріліп, нақтылы теориялық материал беріледі. Екіншіден, студенттердің аяқ астынан дәрістік сабаққа екінші оқытушы араласқан сәтте

еріксіз түрде өз назарын бір субьектіден екінші субьектіге аудару сияқты психологиялық аспектілері өте құнды. Студенттер назары бақылау, салыстыру, оның іс-әрекетін талдауға ауады. Осылайша назарын басқаға аударудың психологиялық механизмі студенттің өз пайдасына жұмыс істей бастайды.

Әдістің өз «артықшылығы» мен «кемшілігі» бар, соларды қарастырайық.

Әдістің «артықшылығы»:

- студенттердің танымдық іс-әрекетін арттырады;
- студенттердің эмоционалды және ынталану сезімдерін жетілдіреді;
- оқу материалын интеграциялау жүйелі ойлау мен жүйелі білімнің қалыптасуына себепкер болады.

Әдістің «кемшілігі»:

- алдын ала дайындық үшін уақыт пен арнайы жағдайларды қажететеді.

Пікірталас әдісі – оқу материалының даутудыратын тақырыбын қарастыруға, талдауға бағытталған және білім алушылардың әр түрлі ұстанымдарын бір арнаға тоғыстыратын оқыту тәсілі. Бұл әдіс проблемалық жағдаятқа негізделген және семинар сабақтарында кеңінен қолданылады. Пікірталастың туындауына теорияны қорытулар мен ережелер, қағидалар, теорияны практикамен алмастыру, ғылыми мәселелерді талқыға салу, проблеманың бүгінгі таңдағы көрінісі себеп бола алады.

Пікірталас түрлері:

- топ оқушыларының жалпылама түрде бір проблеманы шешу барысына аяқ астынан пайда болатын пікірталас;
- әр түрлі педагогикалық құбылыстарға өзіндік ұстанымын білдіру үшін сенімін қалыптастыруға бағытталған пікірталас;
- арнайы педагог туындатқан нақтылы ақпарат пен дәлелді дәйектерге сүйенген оқу пікірталас.

Пікірталас әдісін қолданып өткізген семинар сабағынан үзінді келтірейік.

1) Оқытушы сабақ тақырыбын хабарлап, өзі пікірталасты жүргізуі немесе көшбасшы-студентті тағайындауы мүмкін.
2) Студенттер проблеманы шешудің жолдарын, ойларын беделді дереккөздерге (теориялар, концепциялар, ілімдер) сүйене отырып білдіреді.
3) Оқытушы немесе көшбасшы-студент барлық ойларды тақтаға жазады, әр нұсқаны талқыға салады, оларды маңыздылығына, мәніне қарай орналастырады.
4) Пікірталас соңында талқылау нәтижесінде соңғы шешімдер қабылданады [3].

«Пікірталас әдісінің » тиімді жақтары:

- Диалогтік қарым-қатынас дағдылар жетіледі;
-сыни ойлау дамиды;
-қаралатын мәселе бойынша білімдері толықтырылады

Кемшілік тұстары:

- Барлық тақырыпты пікірталас әдісі арқылы оқытуға келмейді;
- пікірталас әдісін барлық студент бірдей қолдана алмайды;
- дайындық үшін қосымша уақыт керек.

«Шағын топтар» әдісі – оқу материалының жалпы сұрақтары жекелеген өзіндік сұрақтарға ажыратылатын және білім алушылар топтары арасына бөлініп берілетін, студенттер өздігінен немесе оқытушының көмегімен хабарлама әзірлейтін оқыту тәсілі.

Аталған әдісті қолдану топтың ішінде жұмыс істей алу іскерліктерін дамытады, студенттердің шығармашылық қасиеттері мен қосабастамашылықтарын, өздігінен жұмыс істей алу қабілеттерін де жетілдіре түседі.

Бұл әдісті семинар сабақтарында қолданған орынды. «Шағын топтар» әдісін қолданып өткізілетін сабақтың өзіндік белгілері:

1) Студенттер 3-5 адамнан шағын топтарға бөлінеді (студенттер тілегі бойынша немесе олардың дайындық деңгейі, «күшті- әлсіз» студент позициясынан оқытушы өзі топтарға бөлуіне болады).
2) Әр топтың басшысы тағайындалады.
3) Әр топ өздерінің рөлдерін бөліп алады: «Баяндамашылар» тобы, «Оппонент-сыншы» тобы,

«Қорғаушы» тобы. «Баяндамашылар» тобы аудитория алдында негізгі ережелер, қағидалар мен концепцияларды нақтылы мысалдармен, көрнекіліктерімен баяндап береді. «Оппонент-сыншы» тобы «Баяндамашы» тобына сұрақтар қояды, баяндамаларын, оның мазмұнын, дәлелдемелерін сынға алады. «Қорғаушы» тобы жаңа фактілер келтіріп, ойларды толықтырады, мысалдар келтіреді.

4) Жұмыстың тиімді болуына «Баяндамашы» тобының өз баяндамаларымен аудиторияныалдын-ала таныстырулары да ықпал етеді. Топтың әрбір мүшесі кем дегенде бір тапсырманы орындаулары керек: иллюстрация дайындау, мысалдарды таңдап алу, баяндама жасау, қосымша әдебиетті іріктеу жәнет.б.

«Шағын топтар» әдісінің «артықшылығы» ретінде атап өтуге болады:

-топта жұмыс істеу іскерліктер дамиды;

-белсенділік, бастамашылық, дербестік секілді қасиеттер жетілдіріледі;

-шығармашылық қабілеттер дамиды.

«Кемшілік» тұстары:

-дайындық үшін қосымша уақытты талап етеді;

-студенттердің барлығы бірдей топта жұмыс істеу әдісін біле бермейді [1].

«Тірек конспектілер» әдісі – оқу материалын меңгеру мен бекіту ақпарат көздеріне (оқулықтар, сөздіктер, нықтамалықтар, дәріс конспектілері және т.б.) қарай бірнеше рет қайталау нәтижесінде жүзеге асатын оқытутәсілі.

Бұл әдісті семинар және практикалық сабақтарда қолдануға болады. Төменде аталған әдісті қолданып өткізілетін сабақ үзіндісі берілген:

1) Оқу тобы семинар сабақтың сұрақтарына байланысты 3-4 шағын топтарғабөлінеді.

2) Әр топ мынандай тапсырмаларды алады: нақтылы бір сұрақ бойынша тірек конспектісін жасайды, оған оқулықты, конспект дәрісті және т.б. қолдануға болады. Тапсырманы орындауға 20 минут уақыт бөлінеді.

3) «Үздік тірек сызбасы» атты сайыс ұйымдастырылады. Сайысқа қойылатын талап – тірек сызба бойынша сұраққа қысқа да, түсінікті жауап беру іскерлігін таныту. Эксперт ретінде оқытушы өзі шығады.

4) «Тірек сызба бойынша жауап берген үздік студент» байқауы өткізіледі. Топ мүшелері басқа топ мүшелерінің сызбасы бойынша сөйлейді. Эксперт ретінде студенттер өздерішығады.

Әдістің «артықшылығы» және қолдануда шарттары бар, енді оларға назар аударайық:

«Артықшылық» жақтары:

- оқу материалын бірнеше рет қайталау;
- студенттерді бірлескен жұмысқа тарту;
- танымдық белсенділігінарттыру

Орындалуға тиіс міндетті шарттар

- студенттер мұндай жұмыстың әдістемесімен таныс болуышарт;
- әдісті студенттердің сабаққа нашар даярланып келген уақытында ғана қолданғандұрыс

«Кейс-стади» әдісі отандық жоғары оқу орындарында АҚШ, Канада бизнес-мектептерінің тәжірибесінен алынып, қолданысқа еніп отыр. Бұл әдіс аналитикалық іскерліктерді, проблемалық міндеттерді шешудегі практикалық іс-әрекеттерді, ауызша және жазбаша дағдылардықалыптастырады.

Оқыту кезінде «кейс-стади» әдісін қолдану Дж. Мартиннің «Таным пирамидасында» жақсы көрсетілген. Ғалым әр түрлі формада сабақ кезінде меңгерілетін оқу материалын пайыздық көлемде берген [4]:

дәріс – 5%;

оқу –10%;

аудио әдістер–20%;

демонстрация –30%;

пікірталас әдістері –50%;

практикалық іс-әрекет–70%;

басқаларды оқыту–90%.

Аталған пирамидаға сәйкес, ең тиімді деп пікірталас әдістері, практикалық іс-әрекет және

«кейс-стади» табылған.

«Кейс» сөзі (ағылш. case – жағдаят) білім беруде екі мағынада қолданылады: оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы және кейбір жағдаяттарды сипаттау. Жағдаят – белгілі бір проблемамен біріккен жағдайлар үйлесімділігі [4].

«Кейс-стади» әдісі - оқытуда нақтылы жағдаяттарды қолдану және зерттеу тәсілі. Әдіс студенттердің өздігінен жұмыс істеуіне, белсенділігі мен бастамашылығын арттыруға және ақпаратты үйрену мен талдап қорытуға, аудитория алдында өз көзқарасын дәлелдеуге бағытталған.

Кейстерді көлеміне қарай классикалық «үлкен» (20 беттен артық), орташа (5-15 бет) және мини-кейстер (1-5 бет) деп ажыратамыз. Осылардың ішінде ең тиімді қолданылатыны мини- кейстер, өйткені оларда тек қажет деп табылатын ақпараттарғана жинақталады, шешім қабылдауға тиіс сұрақтар саны да көп болмайды.

Мазмұнына қарай «иллюстративті» (сипаттамалы) кейс, «жағдаяттық есеп» кейс, «мәселе», «шешім», «баға» кейстері болады.

«Иллюстративті» кейсте кәсіби қырынан толық, практикалық мысалдары жақсы таңдалған, теориялық ережелері жеке көрсетілген, сәтті, сәтсіз шешімдер, ғылымда анықталмаған, дәлелденбеген мәселелер сақталады. Мұндай кейс көлемі жағынан үлкен емес. Мысалы, «иллюстративті» кейсті педагогика пәні бойынша «Тәрбие әдістері», «Оқыту әдістері», «Мектеп жетекшісінің басқарушылық мәдениеті» және т.б. тақырыптар бойынша жинақтауға болады.

«Жағдаяттық есеп» кейсі бір ғана дұрыс жауабы бар бір есепті шешуге ұсынады және жалпылама нұсқаулық береді. Мысалы, оқу сабағын қалай жобалауға болады т.б. Кейбір «жағдаяттық есептерді» орындау барысында нормативті құжаттарды (ҚР МЖМБС, бағдарламалар, оқу әдебиеті және т.б.) басшылыққа алуға тура келеді.

«Мәселе» кейсі мәселені анықтау мен талдаудан тұрады, өйткені кейсте нақтылы мәселе көрсетілмейді. Оны талдау барысында мәселенің шығу себептерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

«Шешім» кейсі мәселені шешудің нақты жолдарын ұсынады. Білім алушылардың міндеті ұсынылған шешімді қабылдап, дәлелдеу немесе өз шешімінің нұсқасын ұсыну және оның тиімділігін көрсету.

«Баға» кейсі жұмыстың тиімділігін, іс-әрекетті және белгілі бір көрсеткіштерге лайық нәтижені бағалаудан тұрады.

«Кейс-стади» әдісін іскерлік ойынның құрамдас бөлігі деп қарауға болады және оны семинар сабақтарында қолданған дұрыс. «Кейс-стади» әдісінің құрылымдық элементтері болып тарих, презентация, дидактикалық жетекшілік жасау жатады. Әр бір элементке жеке тоқталайық. Тарих қатысушы тұлғалардан, ақпарат жинастырудан, кәсіпорындарға, мекемелерге барудан, зерттеу нәтижелерін рәсімдеуден тұрады. Жағдаят презентациясы студенттер жұмысының шиеленіскен тұсынан хабардар етеді: қосымша материалдар көмегімен жағдайды сипаттау, оқиғалар хронологиясын жазу және т.б. Эпилогта мәселені шешудің нұсқасы беріледі. Студенттер бойында оқиғаны, жағдайды зерттей түсу қажеттілігі, мәселені шешудің жаңа жолдарын іздестіру секілді сезімдерді тудыру оқу презентациясының басты құндылығы болып табылады.

Оқытушы дидактикалық жетекшілікті дайындайды: мақсатты айқындайды, жағдаят түрін ұсынады (ойдан шығарылған немесе шынайы), студенттерге сұрақтар әзірлейді, «жады картасын» өңдейді: а) студент нені біледі; б) студент нені білмейді; в) нені шешу керек; г) тапсырмалар мен оны өткізу мерзімін белгілейді.

«Мәселе» кейсі әдісімен өткізілетін сабақ үлгісін ұсынамыз.

I кезең – студенттер сабақ тақырыбымен танысады, жағдаят не оқиғаны ойдан құрастырады, мекемелерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға барады, осы мәселемен айналысатын мамандармен кездеседі, презентация әзірлейді, пікірталас үшін сұрақтар құрастырады, үлестірмелі және иллюстративті материалдардайындайды.

II кезең – студенттер өздерінің презентацияларын көрсетіп, өз ойларын, пікірлерін дәлелдейді.

III кезең – шағын топтардағы жұмыс: студенттер ұсынылған мәселені өзара талқылап, ортақ мәмілегекеледі.

IV кезең – оқытушы жетекшілігімен жалпы топтық талқылау жүргізіледі.

Талқылаудың ерекшелігі оқытушының ешбір студенттің ойын талдамауы, бағаламауымен

сипатталады. Кез-келген ой дұрыс деп саналады, қабылданады. Әдістің «мықты» жақтары: студенттердің сабақта және одан тыс уақыттардағы белсенділіктері мен өз-өздерін дамытуларына себеп болады. Олардың шығармашылық, талдау жасау, ұйымдастыру қабілеттерінің арта түсуіне негіз болады. Әдістің «әлсіз» тұстары: студенттердің де, оқытушының да дайындығы үшін қосымша уақытты қажететеді.

«Мектеп педагогикасы» пәні бойынша «Мәселе» кейсі әдісін қолданып өткізген семинар сабағының үлгісін ұсынамыз.

Сабақтың тақырыбы: «Қазіргі заман оқулығы: сапасы мен тиімділігі» («География» пәні бойынша мектеп оқулығы негізінде).Студенттерге семинар сабағының тақырыбы хабарланады, тақырыптың өзектілігін арттыра түсетін өмірде болған немесе ойдан шығарылған бір жағдаятты құрастыру тапсырылады. Студенттер өздерінің қалауларымен не болмаса оқытушының айтуымен топтарға бөлінеді. Студенттер өзара тапсырмалары мен міндеттерді бөлісіп алады:

- қарастырып отырған мәселе бойынша әдебиет тізімін құрастыру, оларды іріктеу, талдау;
- мектептегі география пәнінің мұғалімдерімен, мектеп оқушыларымен кездесу ұйымдастыру, интервьюалу;
- қазақстандық жаңа мектеп оқулықтары, әсіресе, география оқулығының сапасы мен жағдайы туралы студенттер мен мектеп оқушыларына шағын сауалнамажүргізу.
- Зерттеу барысында студенттер шағын бейнежазба түсіріп, материалдарын жинақтайды. Зерттеу қорытындылары бойынша презентация құрастырылады. Студенттердің әрбір тобы талқыға салу үшін сұрақтар құрастырып, кітаптар мен оқулықтар көрмесін ұйымдастырады. Тапсырманы орындау үшін студенттерге екі апта уақытберіледі.
- Оқыту әдістерін таңдау оқу үдерісінің құрылымы мен мазмұнына қойылар дидактикалық талаптарға сәйкес болуы керек. Оқыту әдістерін таңдаудың негізгі критерилерін қарастырайық:
- оқытудың дәстүрлі және белсенді әдістерін қолдануға кешенді түрде амал табу;
- тақырыпқа, мазмұнға және сабақтың үш бірегей білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатынасәйкестілігі;
- оқу материалын толық меңгеруге және студенттердің танымдық белсенділіктерін, дербестігін дамытуға әрекететуі;
- оқу материалы мазмұнының көлемі мен күрделілігін, ерекшелігін есепкеалу;
- тақырыпты меңгеруге кеткен уақыт көлемін есепкеалу;
- ішкі жағдайлар мен оқу үдерісінің материалды-техникалық мүмкіндіктерін есепкеалу;
- оқытушының өз мүмкіндіктері мен кәсіби іс-әрекетінің стилі мен тәжірибесін есепкеалу[5].

Әдебиеттер тізімі:

1. Губайдуллина Г.Н. Педагогиканы оқыту әдістемесі.// Оқулық. Алматы,2011..-121 б.
2. А.Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Оқу құралы. Алматы,2013
3. Қабдықайырұлы Қ., Монахов В.М., Оразбекова Л.М. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: РБК 1999.-86б.
4. Гладких И.В. Методические рекомендации по разработке учебных кейсов /И.В.Гладких. СПб.: Санкт-Петербургский государственный университет. Высш. школа менеджмента, 2018.
5. Педагогика: педагогические теории, системы, технология /Подред. С. А Смирнова. – М.: 1919.
6. Тасимова А.А. Современные образовательные технологии.-Алматы,2019
7. А.Б.Айтбаева. Білім берудегі жаңа технологиялар //Оқу құралы- Алматы «Қазақ университеті», 2019.

УДК 371.3

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ПЕДАГОГИКА» В УНИВЕРСИТЕТЕ.

Кинжекова Р.С.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В статье разработана классификация, дано описание интерактивных методов, используемых в преподавании дисциплины «Педагогика» в вузе, проанализированы плюсы и минусы.Доказано, что внедрение современных технологий в учебный процесс имеет большое значение в повышении качества образования, достижении конкретных результатов, формировании отношения к познавательной деятельности. Новые методы также имеют большое значение в повышении учебной активности студентов. Среди наиболее часто используемых в преподавании педагогики методов активного обучения: метод «парной лекции», «метод дискуссии» и «метод малых групп», «метод опорных конспектов», «метод кейс-стади». Данные методы способствуют постановке, анализу, прогнозированию педагогической ситуации, ее подтверждению, либо опровержению, поиску путей решения проблемы; развивают умения работать внутри группы, совершенствуют творческие качества студентов, инициативность, умение работать самостоятельно.*

Ключевые слова: *активные методы обучения, метод парной лекции, метод дискуссии, метод малых групп, метод опорных конспектов, метод кейс-стади, деловые игры.*

ӘОЖ 37.013

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СЕМИНАР САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА Э.Д.БОНОНЫҢ "АЛТЫ АҚЫЛДЫ ҚАЛПАҚ" ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханова Б.К.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Бұл мақалада жоғары оқу орындарында білім беру үрдісін ұйымдастыруда «Алты ақылды қалпақ» технологиясын қолданудың әдістемесікелтірілген. Аталған технологияны қолданудың ерекшеліктері мен тиімді жақтары талданып, студенттердің білімділік құзыреттілігімен қатар, жеке басын зерттеу құралы ретінде қолдануға болатыны баяндалған.*

Кілт сөздер: *ойлау әрекеті,«алты ақылды қалпақ» технологиясы, білім сапасы, кәсіби құзыреттер, өзін-өзі жетілдіру.*

«Алты ақылды қалпақ» технологиясы - бұл барлық ойлау әрекеттерінің бір мезгілде жүзеге асуын қамтамасыз ететін топтық, танымдық белсенді әдіс. Ол мәселені рационалды ұйымдастыруға арналған және қабылдау мен бағалаудың түрлі жақтарын көрсетеді.

Білім беру сапасын арттыру — Қазақстан Республикасының жоғары білім беруді жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі.

Ю.Рубин және А.Коваленконың пікірінше, "оқу нәтижелеріне баса назар аудару білім берудің барлық парадигмасын өзгертеді, бұл "оқытудан оқуға" ауысуға мүмкіндік береді, яғни студенттерге білім беретін оқытушыға бағытталған ресми "білім" парадигмасын оқу нәтижелеріне бағытталған құзыреттілік парадигмасына ауыстыруға мүмкіндік береді" [1].

Оқытушының міндеті - білім беру ғана емес, сонымен қатар, студенттердің құзыреттіліктерін игеруге бағытталған іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Ақпараттық және цифрлық технологиялар

ғасырында шығармашылық ойлауға қабілетті, стандартты емес, тез өзгеретін ақпаратты таба алатын, талдай және қолдана алатын жоғары оқу орындарының түлектері сұранысқа ие.

Жоғары оқу орнының қажетті кәсіби құзыреттер мен оларға қол жеткізу индикаторларын айқындауы да маңызды болып табылады. Студенттердің танымдық қызметін жандандыруда, олардың жүйелі және сыни ойлауын дамытуда, атап айтқанда, әмбебап құзыреттілігін игеруде үлкен мүмкіндіктер бар. Эдвард де Бононың «Алты ақылды қалпақ» технологиясы ақпаратты іздеуге, сыни талдауға және синтездеуге, қойылған міндеттерді шешу үшін жүйелі тәсілді қолдану қабілетін игеруге негізделген.

Эдвард Чарльз Фрэнсис Публиус де Боно (1933 ж. 19 мамыр) — британдық дәрігер, психолог, жазушы, өнертапқыш, шығармашылық және шығармашылық ойлау, практикалық ойлау дағдыларын дамыту саласындағы маман. Эдвард де Боно жасаған «Алты ақылды қалпақ» технологиясы балаларға да, ересектерге де тиімді ойлауды үйретуге ықпал етті. Бұл әдіс білім беру процесін нәтижелі ұйымдастыруға, студентті дайын ақпаратты пассивті "тұтынушыдан" белсенді, шығармашыл зерттеушіге айналдыруға мүмкіндік береді. "Ойлаудың алты қалпағы" кітабында [2] автор ойлауды ұйымдастыруға, оны шығармашылық және сыни етуге, жеке және ұжымдық ақыл-ой әрекеттерін құрылымдауға көмектесетін әдістерді егжей-тегжейлі сипаттайды.

Эдвард де Боно осы немесе басқа интеллектуалды мәселені шешу үшін, мәселені әртүрлі көзқарастардан қарау үшін қандай-да бір түсті қалпақты қашан кию керектігін түсіндіреді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту қажеттілігін баса айтады. Де Бононың пікірінше, оның "алты ой – қалпақ тұжырымдамасы" екі негізгі мәселені шешуге арналған: "біріншісі — адамға ойлау қабілетінің бұзылуын жеңуге мүмкіндік беру... Алты ойлы қалпақтың екінші мақсаты - ойлау процесін жетілдіру" [3].

«Алты ақылды қалпақ» - бұл ойлаудың алты түрлі тәсілі, олардың әрқайсысы белгілі бір түсті қалпақпен ұсынылған: «ақ қалпақ» — аналитикалық ойлауға жауап беретін фактілер; «қызыл қалпақ» - эмоционалды ойлауға; «сары қалпақ» - оптимист, оптимистік, позитивті ойлауға; «қара қалпақ» - сыни ойлауға; «жасыл қалпақ» - шығармашылық ойлауға; «көк қалпақ» философиялық ойлауға жауап береді. «Алты ақылды қалпақ» технологиясының мақсаты - ойлауды құрамдас бөліктерге бөлу, оның алты негізгі түрін бөліп көрсету, осылайша адамға кез-келген уақытта саналы түрде таңдалған ойлау түріне жүгінуге және оларды бір уақытта қолдануға мүмкіндік беру". Әрбір "ойлау қалпағы" - белгілі бір мәселеге нақты көзқарас. Түрлі түсті қалпақтарды киіп, қатысушылар мәселелерді әр түрлі жағынан қарауға тырысады. Бұл технологияны жоғары білім беру процесінде қолданудың қандай тиімділігі бар? Осы бағыттағы жұмысымыздың тәжірибесіне жүгінейік.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Педагогика факультетінде оқу-әдістемелік және ашық сабақтарды ұйымдастыру барысында түрлі жаңа технологиялар мен әдістерді пайдалану дәстүрге айналған. Педагогика және психология кафедрасы бойынша 6В03101 – «Психология» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушы студенттерге «Алты ақылды қалпақ» технологиясын ұйымдастырылған сабақтың әдістемесін ұсынамыз.

Пән: Тұлға теориясы

Тобы: Психология (3 курс)

Сабақ тақырыбы: Альфред Адлердің тұлғалық индивидуалды теориясы

Мақсаты: А.Адлердің принциптері мен концепцияларына сипаттама беру және талдау, теориялық тұрғыдан негіздеме жасау, осы концепцияларды практикада қолданудың ерекшеліктеріне тоқталып, кәсіби іскерліктерін қалыптастыру.

Сабақтың мазмұны:

1.А.Адлердің өмір жолы және индивидуалды психологияның негізгі қағидалары.

2.Индивидуалды психологияның негізгі концепциялары және принциптері.

3.Адам табиғатына қатысты Адлердің негізгі қағидалары.

Сабақтың формасы: семинар

Сабақтың әдістері: Э.Д.Бононың «Алты ақылды қалпақ» технологиясы, сұрақ-жауап, пікірталас, әңгіме.

Сабақтың құралдары: А4 форматтағы қағаздар, маркерлер, компьютер арқылы слайдтық бейне материалдар, үнтаспа.

Пәнаралық байланыс: жалпы психология, даму психологиясы, жасерекшелігі және әлеуметтік психология

Пайдаланылған әдебиет:

1. Л.Хьелл, Д.Зиглер Теории личности СПб 2005
2. Психология Под ред. В.Н.Дружинина СПб 2003
3. Клонингер С. Терия личности, познание человека М – СПб 2003
4. Орлов А.Б. Психология личности и сущности человека: Парадигмы, проекции, практики М.2002.
5. Елисеев О.П. Практикум по психологии личности СПб 2005.
6. Б.В.Зейгарник Психология личности: норма и патология М.2003
7. К.Холл Г.Линдсей Теории личности М 2000.

Сабақ барысы:

I Мотивациялық кезең

Сабақ барысында студенттерге талқыланатын проблеманы ұсынып, сол мәселе бойынша білімдерін, пікірлері мен көзқарастарын анықтау және топ болып ортақ, әрі тиімді шешім қабылдау мақсатында оларға аталған технологияның өту барысын түсіндіру. Технологияның мәнін ашу үшін студенттерге үнтаспадағы «Қарт қалпақшы туралы аңыз» тыңдатылады. Студенттерге теориялық тұжырымды (идея,проблема,ереже,анықтама, рет пен тәртіп, кесте,ақпарат, статистикалық мәліметтер т.б.) еске түсіру ұсынылады. Әр студентке ақ, сары, қара, жасыл, қызыл, көк түсті қалпақтардың біреуін таңдауға нұсқау беріледі. Әр түс бойынша топ болып отырып, өздеріне берілген ереже арқылы мәселені талқылайды.

<table>
<tr><td>Қалпақ түсі</td><td>Мазмұны</td></tr>
<tr><td>1.Ақ қалпақ
 </td><td>Нақты мәлімет, сан, ақпарат
Біз қандай ақпаратпен қаруландық?
Ақ түс нейтралды ақпараттың символы.
Ешқандай жаңа идеяны және талдауды қажет етпейді.
Адам өзінде бар ақпаратты жайып салады.
Ақ қалпақпен мына үш сұрақ байланысты:
- Бізде қандай ақпарат бар?
- Қандай ақпарат жоқ?
- Қажетті ақпаратты қалай жинаймыз?
Ақпарат біздің өз біліміміз және тәжірибеміз болуы мүмкін («Менің білуімше...», «Өз тәжірибемнен білетінім...», «Бұл нақты факт...»)
<table>
<tr><td>Жетіспейтін ақпарат</td><td>Қандай ақпарат қажетті екенін анықтауға тырысамыз</td></tr>
<tr><td>Қажетті ақпаратты алу</td><td>Қажетті ақпратты қалай жинақтаймыз?</td></tr>
<tr><td>Ақпарат және сезім</td><td>Болашақты айта отырып, мүмкін болатын нәрселерді ойластырамыз. «Мен ...сеземін.»</td></tr>
</table>
</td></tr>
<tr><td>2.Жасыл қалпақ
 </td><td>Зерттеу, ұсыныс, жаңа идея
Мүмкін альтернатива.
Нақты жағдайда нені қолдануға болады?
Альтернативті идеялар бар ма?
Бұл әлдеқайда тиімді альтернативаларды таңдау және дамыту.
Жасыл қалпақ белсенді, шығармашылық ойлауды қамтамасыз етеді. Жаңалыққа акцент жасалады.
Мәселені зерттеу және мүмкін альтернативаны табу.
<table>
<tr><td>Зерттеу</td><td>Қалыптасқан идея, концепция және ұсыныс пен мүмкіндіктер арқылы жағдаятты зерттеу</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

	Ұсыныс жасау	Кезөкелген түрдегі ұсыныс жасау
	Альтернативті варианттар табу	Мүмкін болатын варианттар табу. Бұл жағдайда қандай шешім қабылдауға болады? Жасыл қалпақтың мақсаты бір таңдау жасамас бұрын, мүмкін варианттардың диапазонын кеңейту.
	Жаңа идеяны ұсыну	Әртүрлі варианттарды қарастыру.
	Ойлау процесін белсендендіру	Экспериментальды идеяларды қарастыруға тырысу. Практикада мүлдем қолданбауы ықтимал провакациялық идеялар.
	Белсенділік және энергия	Жасыл қалпақта ойлау процесі белсенділікпен және энергиялығымен ерекшеленеді. Идея қажет болса, жасыл қалпақты кию қажет.

3.Қызыл қалпақ



Эмоция, сезім, интуиция
Бұл мәселеге қатысты мен не сезінемін?
Сіз өзіңіздің эмоцияңыз бен сезіміңізді тыңдайсыз ба?
Қызыл қалпақты киіп өз сезіміңізге ерік беріңіз.

Ақталу	Түсіндірместен өзіміздің интуициямызды айтамыз. «Қызыл қалпақты кие тұрып, мен айтқым келеді...»
Қазіргі уақытта	Қазіргі уақытта қандай сезімдеміз соны айтамыз.
Аралас сезім	Мәселенің кейбір аспектілері мені қанағаттандырады, ал кейбір жақтарына мен сенімді емеспін... Сосын сіз әрбір аспектіні суреттейсіз де, оған қатысты сезіміңізді білдіресіз. Өзіңіздің жақсы көретін үш нәрсеңізді және жасай алмайтын үш нәрсеңізді атап шығыңыз.

4.Сары қалпақ

Артықшылығы, пайдасы.
Оны не үшін істеуіміз керек?
Қорытындысы қандай болмақ?
Мұны жасау қажет пе?
Әрбір пікірдің артықшылықтары мен тиімділіктерін бағалау.
Ашық күнді және оптемизмді ойлаңыз. Сары қалпақ үміттің белгісі. Бірақ оны қолдану үшін логика қажет. Үміттің астарында белгілі бір негіз болуы қажет.

Артықшылықтары қандай?	Артықшылықтары? Кімге тиімді? Ол жағдаяттың тиімді жақтары? Оны неге істеуіміз қажет? Мұндағы өзін өзі дамытудың жағдайы қандай? Бұл жағдайда кім ұтады?
Неліктен бұл идея тиімді?	Неліктен бұл идея тиімді? Өз аргументтеріңізді келтіру қажет.

5.Қара қалпақ	Сақтық Шындық, нақты фактлерге сүйену. Шындыққа жанаса ма? Бұл қаншалықты қауіпсіз? Орындалуы мүмкін бе? Әр теорияның әлсіз және жағымсыз жақтарын бағалау. Қара қалпақ - бұл сыни тұрғыдан ойлау, сыни көзқарас,ол бағалау қызметін атқарады. Қара қалпақты киіп, біз бірінші кезекте, өзіміздің ойымыздың дұрыстығына көңіл аударамыз. Көз алдарыңызға қатаң сот өкілін елестетіңіз. Бұл дұрыс па? Бұл жарай ма? Туындауы мүмкін мәселелер мен қауіптер қандай? Қара қалпақты кие отырып сіз шындықты бағалауыңыз қажет. Жіберілген қате бар ма? Сіз пікіріңізді немен ақтай аласыз?

Сәйкестік деңгейі қандай?	Бұл ұсыныстың сәйкестік деңгейі қандай? Аталған идея сәйкес келе ме?
Нәтижелілік деңгейі қандай?	Идея нәтижелі бола ма? Жемісін бере ме?
Бұл идеяның әлсіз жақтары қандай?	Мүмкін болу қаупі мен туындауы мүмкін мәселелер?

6.Көк қалпақ	Ойлау қабілеті туралы толғаныс Ойлау процесін бақылау. Қорытынды жасау кезеңі. Қазіргі кездегі ойлау программасын талдау. Көк қалпақ-сырттай бақылау. Келесі мәселелерді қарастырады:

Біз қазір қайдамыз?	Негізгі мақсатымыз қандай? Біз дәл қазір не істеуге тырысып жатырмыз?
Келесі қадам қандай болмақ?	Қорытынды жасау, келесі акцентті қай идеяға қоямыз? Қандай қадам жасаймыз?
Ойлау программасы	Ойлау программасын жасау.
Қорытынды	Қатысушылар қорытынды жасау керек. Біз қазір қай кезеңдеміз? Біз қаншалықты алға қарай жылжыдық? Қорытынды жасауға бола ма?
Бақылау және комментарии жасау	Көк қалпақ киген ойшыл ойлау процесін сырттай бақылай отырып, комментарии жасайды.

II Білімді құрастыру және мағынаны ажырату кезеңі.

Студенттерге теориялық мәселенің практикалық маңызын көрсететін немесе дәлелдейтін нақты бір жазбаша әрекет орындау тапсырылады. Ол үшін А3 форматтағы қағаздар қолданылады. Теорияларын біріктіріп, жаңа теорияның моделін жасалынады. Мысалы, студенттер кеңесіп тірек сызбалары, кестелер түрінде орындауына болады. Тапсырманы талқылауға 5-7 минут беріледі. Әр

топтан екі үш студенттен шығып, мәселеге қатысты пікірлері мен ойларын жариялайды.

III Түсінікті дамыту немесе ой-қорыту кезеңі.

Қорытындылау. Көк қалпақ киген топ әр топтың жұмысына қатысты және мәселеге қатысты комментарии жасайды. Топ болып бір шешімге келеді. Әр топтың жауаптары топ ішінде талқыланып, басқалардың ұсыныстарын қалпақ түсіне қатысты ролге еніп, анализ жасауларына құқтары бар.

Бағалау. Студенттердің алған білімі сабаққа қатысу белсенділігіне, тақырыпқа қатысты ақпараттың мазмұндылығы мен ұсыныстың тиімділігіне байланысты бағаланады.

Қорытындылай келе, «Алты ақылды қалпақ» технологиясы арқылы сабақты ұйымдастырудың тиімді жақтарын атасақ:

- көрнекілік, меңгеру және қолданудың қарапайымдылығы;
- жағдайды көре алу және бірнеше көзқарастар тұрғысынан шешу;
- өзіндік менменшілдікті ойлаудан аластатуға мүмкіндік береді;
- қатысушылардың ойлау қабілетін дамытады;
- белсенділік, дербестік, шығармашылығы дамиды;
- сөздік қорлары, тілдері, ойлау қабілеттері дамиды;
- қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырады;
- айналадағы заттың орта туралы түсініктері қалыптасады;
- оқу - тәрбие әрекетінде белсенді жұмыс жасауға дағдыланады;
- өзіндік әрекет жасауға үйретеді.

Біздің пікірімізше, Эдвард де Бононың «Алты ақылды қалпақ» технологиясынбілім алушының жеке басын зерттеу құралы ретінде қолдануға болады. Қазіргі заманғы білім беру білім алушының жеке басынан шеттетілуі мүмкін емес. Болашақ педагогикалық және психологиялық-педагогикалық білім беру бакалаврларын даярлаудың тиімділігі көбінесе білім беру процесі студенттердің кәсіби

және жеке өзін-өзі анықтауға қаншалықты бағытталғандығымен анықталады. Білім сапасы даму, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану сияқты категориялармен байланысты. Студенттің жеке қасиеттерін дамыту оның кәсіби қызметке психологиялық дайындығын қамтамасыз етеді, оқу және кәсіби қызметтің сәттілігіне ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. РубинЮ., Коваленко А. Результаты обучения и обеспечение качества образования // Качество образованияА.. 2016. № 3.
2. Де Боно Э. Шесть шляп мышления. СПб.: Питер Паблишинг, 1997.
3. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М., Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения: учебное пособие.- Алматы: Қазақ университеті, 2011.

УДК 37.013

МЕТОДИКА ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ "ШЕСТЬ УМНЫХ ШЛЯП" Э.Д.БОНО ПРИ ОРГАНИЗАЦИИ СЕМИНАРСКИХ ЗАНЯТИЙ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Баймуханова Б. К.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В данной статье представлена методика применения технологии «Шесть умных шляп» в организации образовательного процесса в высших учебных заведениях. Проанализированы особенности и преимущества применения данной технологии. Изложено, что наряду с образовательной компетентностью студентов можно использовать ее как инструмент исследования личности.*

Ключевые слова: *мыслительная деятельность, технология "шесть умных шляп", качество знаний, профессиональные компетенции, самосовершенствование.*

ӘОЖ 159.9 (07)

ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Кадыржанова Ж.Е.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Мақалада психологияны оқыту бойынша сабақтарды ұйымдастыру формалары, түрлері, әдістері туралы қарастырылады. Психологияны оқытудың практикалық аспектілерін көрсететін сабақ түрлерін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері және бұл мәселе бойынша ғалымдардың пікірлері мен классификациялары қаратырылады.*

Кілт сөздер: *форма, семинар, практикалық сабақ, ситуация, әдістеме, интеллект*

Оқыту теориясында Психологияны оқыту процесін сәтті ұйымдастыруға мүмкіндік беретін сабақтарды ұйымдастырудың белгілі бір формалары бөлінеді.

Форма - белгілі бір тәртіп пен режимде жүзеге асырылатын мұғалім мен білім алушылардың келісілген іс-әрекетінің сыртқы көрінісі.Оқу процесін әдістемелік ұйымдастыру критерийі бойынша ғалымдар келесі формаларды бөліп көрсетеді:фронтальды (дәріс), топтық (тренингтер, семинар, зертханалық жұмыс), жеке (курстық, бақылау жұмысы, дипломдық). И.В.Дубровинаның пікірінше, жоғары білімнің білім беру ұйымдарында және жалпы орта білім беру ұйымдарында сабақтарда білім алушылардың жұмысын ұйымдастыру формалары болып табылады: фронтальды, топтық, жеке, ұжымдық[2].

Кеңістіктік - уақыт критерийі бойынша сабақты ұйымдастыру: дәріс, семинар, практикалық

сабақ және зертханалық сабақ бөлінеді. Н.У.Заиченконың пікірінше, аудиториядан тыс жұмыстар: экскурсиялар, өзіндік жұмыс, олимпиада және т.б. [4].

Жоғары білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың тағы бір формасы практикалық сабақ болып табылады. Психологиядағы практикалық сабақтың ерекшелігі студенттердің оқу материалын талқылауын ғана емес, сонымен қатар белгілі бір практикалық тапсырмаларды орындауын қамтиды [5].

Психологияны оқыту әдістемесінде практикалық сабақтар мынадай функцияларды орындайды:

1) теориялық білімді практикада бекіту;
2) зерттеу жұмысының білігін дамыту;
3) практикалық психологиялық жұмыс білігін дамыту;
4) практикалық міндеттерді шешу үшін теориялық білімді қолдану;
5) өзін-өзі тану.

Практикалық сабақтарды өткізу әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды:

1. практикалық сабақтың тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін анықтау.
2. қажетті жабдықты таңдау және дайындау.
3. оқушыларға тапсырмаларды орындау бойынша нұсқау беру.
4. білім алушылардың тапсырмаларды орындауы.
5. орындалған жұмыстың нәтижелерін талқылау.
6. педагогтің орындалған тапсырмаларды бағалауы.

И.В.Дубровинаның пікірінше, психология сабағы студенттердің білім алуға деген қызығушылығы мен білігін дамытуға ықпал ететін құрылымды қамтиды, ал психология бойынша сабақтарды өткізудің ерекшелігі студенттердің жеке және жас ерекшеліктерімен оқыту әдістерімен,мазмұнымен анықталады. Осындай ерекшеліктердің бірі- студенттер сабақта адам психологиясын ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі тануға, жеке тұлғаның даму заңдылықтарын, механизмдерін, мәні мен жағдайларын білуге мүмкіндік алады [1].

Білім беру саласындағы жаңа стандарттар мен инновациялық өзгерістернге байланыстықазіргі күні білім беру нәтижелері білім, білік және дағдылардың қалыптасуы түрінде емес, жеке, мета-пәндік және пәндік нәтижелер түрінде ұсынылады.Білім беру нәтижелері бұл - жеке, танымдық, реттеушілік және коммуникативті әмбебап оқу әрекеттері болып табылады [5].

И.В.Дубровина пікірінше әрбір сабақта білім алушы қандай да бір оқу ситуациясына тап келеді. Ситуациябұл – сол кезде пайда болған белгілі бір істің, қарым-қатынастың, белгілі бір іс-әрекетті орындау және өзара байланыс жасаудың, сондай-ақ, оқу процесін құрайтын психологиялық-педагогикалық жағдайлардың жиынтығы [6].

И.В.Дубровина бойынша, сабақта студенттің өзіндік зияткерлік белсенділігін дамыту үшін келесі жағдайлар маңызды:

1. «Оптимистік старт» жағдайы. Сабақты бастай отырып, сіз бірден ойлануға, шиеленісті, қорқынышты және өз-өзіне күмәнденуға мүмкіндік беретін жағдайды сұрауыңыз керек. Мұны келесі сөз тіркестерімен жасауға болады: «Өзіңізді тыңдап көріңіз!», «Сіз қалай ойлайсыз?», «Сіз қалай деп санайсыз», «Сіздің ойларыңыз мені қызықтырады».

2. «Проблемалық» ситуация. Сабақ барысына прболемалық оқыту мен қатар, студент өзін қадірлеу, өзін-өзі сыйлау, өз беттілік пен белсенділікті қалыптастыруға ықпал ететін элементтерін қосу.

3. «Таңдау» ситуациясы. Бұл ситуация оқу процесінде студенттерде бастамашылық пен даралығын көрсетуге мүмкіндік береді, құбылысқа деген жеке көзқарасы мен өзіндік түсінігін дәлелдеу және қорғау қабілетін дамытады. Мұндай жағдайда «Сіз қалайша дәлелдейсіз?» деген сұрақ қойылады.

4. «Сәттілік» ситуациясы. Мұндай жағдайлар сәттілік категориялары туралы ойлауға, кез-келген міндетке және проблемаға «Ой, мен жетістікке жете алмаймын!» деген позициядан « Көрейік! Бірден болмасада, бірақ бұл мәселені бәрібір шеше алалмыз!» деген позицияға көшу арқылы орындалады. Демек, сабақ барысында студенттер максималды жетістікпен тапсырмаларды орындай отырып, олар белігілі бір интеллектуалдық күш жігерді де сезіне білу керек. Сонымен қатар,

студенттердің ұсынып отырған көзқарасы мен болжамдарын, оларды дәлелдеу әрекеттерін үнемі мадақтау арқылы, яғни «Тамаша!», «Жарайсың!» деген сөздермен нақтылау керек.

5. «Интеллектуалды күш-жігер» ситуациясы. И.В.Дубровинаның айтуынша, жетістік ол тек тұрақты, қарқынды және жүйелі жұмыстану арқылы ғана келеді, сондықтан сабақ барысындағы «Сәттілік» жағдайы «Интеллектуалды күш-жігер» элементтерін, ал «Интеллектуалды күш-жігер» жағдайы «Сәттілік»ситуациясының элементтерін қосуы керек.

Ғалым-психологтардың пікірінше, орта білім беру ұйымдарында да психологияны өте маңызды, өйткені олар оқушылардың танымдық-тұлғалық дамуына бағытталған, әртүрлі ақыл-ой әрекеттерін, дербестікті, өзіндік пікірін білдіру, өзін-өзі бақылау қабілеттерін дамытады, бұл өз кезегінде оқушыларға басқа пән сабақтарында оқу бағдарламалық материалын игеруге көмектеседі [3].

Психологияны оқыту процесін ұйымдастыру формаларының ерекшелігімен оқыту әдістерін жүзеге асыру бағытының мазмұны қарай, психологиялық теориялар мен тұжырымдамаларды зерттеуге, оқушылардың психикалық даму заңдылықтарын зерттеуге, психикалық белсенділікті талдау дағдыларын дамытуға, алған білімдерін өздерін және қоршаған әлемді түсіну және жетілдіру үшін қолдануға бағытталған.

Жоғары білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың келесі формасы семинар болып табылады.

Семинар-білім алушылардың өздік жұмыстарын қорытындылауға бағытталған, зерделенген материалды тереңірек меңгеруге және жинақтауға ықпал ететін оқу процесін ұйымдастыру формасы.

Семинар сабақтың мақсаты:

1) білім алушылардың оқу әрекетін белсендіру;

2) мәселені шешудің шығармашылық жолмен шешу;

3) танымдық мотивацияны дамыту;

4) шығармашылық әлеуетті дамыту;

5) кәсіби қасиеттерді, біліктерді дамыту және игеру

Семинар сабақтың келесідей функцияларды атқарады:

1) білімді бекіту;

2) білімді арттыру;

3) өз бетінше жұмыс істеу дағдысын дамыту;

4) интеллектуалдықәрекетін ынталандыру.

Семинар сабақтың типтері Б.Ц.Бадмаев бойынша [5]:

1) семинар-практикумдар - студенттер психологиялық ережелерді дәлел ретінде ұсына отырып, практикалық-ситуациялық міндеттерді шешудің әртүрлі нұсқаларын талқылайды;

2) семинар-пікірталастар - психологиялық зерттеудің әртүрлі әдістерін талқылауды ұсынады.

Психолог Н. У. Заиченко семинар сабағының келесі түрлерін анықтайды [4]:

1) дидактикалық тұрғыдан - талқылау, бастапқы дереккөздерді зерттеу бойынша семинар;

2) әдістемелік ұйымдастыру тұрғысынан - семинар-пікірталас, семинар-зерттеу, семинар-әңгімелесу, семинар-конференция.

В.Я.Ляудис семинар сабағының келесі құрылымын ұсынады [6]:

I. Сабақтың тақырыбы.

– Тақырыпты таңдауды негіздеу.

– Курс бағдарламасындағы тақырыптың ретін анықтау.

– Сабақтың мақсаты. Міндеттері: танымдық, тәрбиелік, әдістемелік.

– Әдебиет. Оқу материылының көлемі мен мәтіннің күрделілігін ескере отырып, ұсынылған әдебиеттерді таңдауды негіздеу.

II. Семинарды ұйымдастыру формасы.

– аудиторияны дайындауға байланысты семинарды өткізу формасын таңдауды негіздеу:

1)сұрақ-жауап (сұрау);

2) жоспар негізінде нақтыланған әңгіме;

3) өзара пікір білдіретін баяндамалар;

4) пікірталас элементтерін пайдалана отырып жазбаша рефераттарды талқылау;

5) топтық талқылау (бағытталған, еркін);

6) оқу-рөлдік ойын.

III. Сабақтың барысыныңжоспары мен конспектісі.

1. Сабақ мазмұнының бағдарламасы: тақырыптың негізгі бөлімдері, тақырыптың әр бөлімінің негізгі міндеттері, қарастырылып отырған мәселені шешу барысында негізгі қайшылықтарды белгілеу.

2. Бағдарлама бөлімдері мазмұнының конспектісі. Қарама-қайшылықтарды, дәлелдемелерді және қарастырылған көзқарастардың дұрыстығын анықтауды қамтамасыз ететін дидактикалық әдістерді бөліп көрсету. Талқылаудың топтық нысандарын көздейтін ережелер мен міндеттерді бөлу. Сабақтың әртүрлі кезеңдеріндегі топтық қарым-қатынас әдістері.

3. Семинар сабағында тақырыпты талқылаудың қысқаша мазмұны.

4. Семинар сабағының өткізілгеннен кейінгі барысын талдау.

Жоғары білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың тағы бір формасы практикалық сабақ болып табылады. Психологиядағы практикалық сабақ студенттердің оқу материалын талқылауын ғана емес, сонымен қатар белгілі бір практикалық тапсырмаларды орындауын қамтиды [5].

Психологияны оқыту процесінде практикалық сабақтар келесі функцияларды орындай алады:

1) теориялық білімді практикада бекіту;

2) зерттеу жұмысының дағдыларын дамыту;

3) практикалық психологиялық жұмыс дағдыларын дамыту;

4) практикалық міндеттерді шешу үшін теориялық білімді қолдану;

5) өзін-өзі тану.

Практикалық сабақтарды өткізу әдістемесі келесі кезеңдерді қамтиды:

1. Практикалық сабақтың тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін анықтау.

2. Қажетті жабдықты таңдау және дайындау.

3. Оқушыларға тапсырмаларды орындау бойынша нұсқау беру.

4. Білім алушылардың тапсырмаларды орындауы.

5. Орындалған жұмыстың нәтижелерін талқылау.

6. Орындалған тапсырмаларды бағалау.

Жоғарыда айтылған мәселелерді қорытындылай келе:

1) Психологияны оқыту практикасында оқу сабақтарын өткізудің әртүрлі формалары бар, олардың ерекшеліктерін білу оқу процесін ойдағыдай ұйымдастыруға мүмкіндік береді;

2) оқу сабақтарының түрлерінің әртүрлілігі Психологияны оқыту процесінде білім беру міндеттерін тиімді шешуге ықпал етеді;

3) жоғары білімнің білім беру ұйымдарында психология бойынша оқу сабақтарын өткізу формасын таңдау білім беру бағдарламасымен және оқу жоспарларымен айқындалады;

4) Психологияны оқыту процесін ұйымдастыру формаларының ерекшелігі олардың психологиялық бағыты және тиісті оқыту әдістерін таңдау болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дубровина И.В. Преподавание психологии в школе. – М.: Воронеж: Изд-во НПО «МОДЭК», 2007.
2. Заиченко Н.У. Интегративный подход в преподавании психологии. – М.: Флинта, 2013.
3. Карандашев В.Н. Методика преподавания психологии. – СПб.: Питер,2008.
4. Ляуди В.Я. Методика преподавания психологии. – СПб.: Питер, 2008.
5. Барышникова Е.В. Профессиональная компетентность будущих педагогов-психологов. – Челябинск: Изд-во Южно-Урал. гос. гуман.-пед. ун-та, 2017.
6. Симонов В.П. Урок: планирование, организация и оценка эффективности. – М.: Издательство УЦ «Перспектива», 2010.

УДК 159.9 (07)

ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ПСИХОЛОГИИ

Кадыржанова Ж.Е.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация.*В статье рассматриваются формы, виды, методы организации занятий по преподаванию психологии. Методологические особенности организации видов занятий, отражающие практические аспекты преподавания психологии, и исследования, классификации ученых по данной проблеме.*

Ключевые слова: *форма, семинар, практическое занятие, ситуация, методика, интеллект.*

ӘОЖ 378

ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ДӘРІС БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Умбетова Г.М.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Осы мақалада дәріс барысында оқытудың интербелсенді әдістерін тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылған. Дәрістің әр кезеңінде интербелсенді әдістердің түрлерін мақсатына сай таңдап, қолдана білу ерекшеліктері де келтірілген.*

Кілт сөздер: *интербелсенді, дәріс, әдіс.*

Әлемдік бәсекелестік заманында әрбір адамның білім сапасын, қабілеттік деңгейін, іскерлік мүмкіндігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселесі күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бәсекеге қабілетті, интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Қай заманда да өркениеттің өрлеуі интеллектуалдық шығармашылық қабілеттің негізінде іске аспақ [1].

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес, оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Білім алушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог тарапынан шығармашылық бағытты талап етеді. Дәстүрлі оқытуда басты мақсат «нәтиже» болып, ұстаз өзінің барлық күш-қайратын «үйретуге» бағыттайды, шәкіртті қорытынды нәтижеге ең қысқа жолмен жетелеуге тырысады. Мұнда оқытудың нәтижелігі бірінші кезекте ақпаратпен байланыстырылады: үйрету процесі оқушыға ақпарат «беруге» бағытталады, оны жаңа мәліметпен қамтамасыздандырумен шектеледі. Ал интербелсенді оқыту басты назарды «процеске», яғни үйрену процесінің өзіне, оқушылардың «қалай» және «қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне» аударады. Мұндағы мақсат - оқушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы өздігіменбілім игеруінде, оны ізденуінде, құрастыруында. Мұндай сабақтарға шәкірттер «таза парақ» күйінде келмей, алдын-ала дайындалып келеді, олар сабақ басында тақырып бойынша өз түсініктері мен пікірлерін келтіріп, әрі қарай оларды дәлелдеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзге пікірлерді тыңдап, балама көзқарастарды ескереді. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт өмірде әр адамға қажетті білік-дағдыларды қалыптастырады. Ал сабақтан кейін сол білімдерін өздігімен дамыта түседі.

Сол себепті де интербелсенді оқытуда үйренушілер келесідей әрекеттерді атқаруға дайын болуы керек:

- бірлескен жұмыс,
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту,
- бастамашылдық,

- кері байланыс жасау,
- проблема шешу, шешім қабылдау.

Соның ішінде интербелсенді дәріске тоқталатын болсақ, дәріс - өзекті проблемаларды игеру мен меңгерудің теориялық мәселелерін қарастыратын сабақ түрі. Ол болашақ мамандық тұрғысынан үйренушілерді өміршеңді, күнделікті өмірден алынған теориялық проблемалар мен мәселелерді шешуге бағыттайды.

Интербелсенді дәрістің негізгі қағидалары мынандай:

- Интербелсенді дәрісте ақпарат дайын күйінде берілмейді.
- Интербелсенді дәріс тақырыпты дамытуға, тереңдетуге бағытталады.
- Интербелсенді дәрісте материал басылған мәтін түрінде беріледі.
- Интербелсенді дәріс диалог түрінде өтеді.
- Интербелсенді дәрісте материал тұтастай емес, бөлшектеліп беріледі.
- Интербелсенді дәрісте студенттердің бірлескен жұмысы қолданылады.
- Интербелсенді дәрісте жаңа білім студенттердің ой-толғанысы арқылы құралады.
- Интербелсенді дәрісте бағалау жазба жұмыстары арқылы жүзеге асырылады.
- Интербелсенді дәріс кері байланыспен аяқталады.
- Интербелсенді әдістерді мына түрлерін дәріс барысында әр кезеңінде тиімді қолдануға болады. Атап өтетін болсақ,

Мотивация *немесе* қызығушылықты ояту кезеңінде қолданатын тәсілдер мыналар:

Сабақтың бұл кезеңінде студенттер сабақ мазмұнын өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстырып, байланыстырады. Оқытушының бұл кезеңдегі басты мақсаты - студенттерді жаңа білім қабылдауға және игеруге белсенділендіру. Студенттер тақырып бойынша сұрақтар қалыптастырып, өз мақсаттарын айқындайды [2].

Сабақтың бұл кезеңінде студенттер «Не білемін?», «Не білгім келеді?», «Жаңа білімнің маған берер пайдасы қандай болмақ?» деген сұрақтарға жауап беруге ұмтылады.

Ой қозғау (breinstorming) – студенттер қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін жазбаша келтіреді. Ой қозғаудың ережелері келесідей:

- мұнда ең бастысы идеялардың көптігі, олардың еркін жағдайда айтылуы, сол себепті де студенттер өз ойын дағыларын еш ойланбай (мәселен, олардың дұрыс-бұрыс, қажет-қажет еместігіне қарамай) келтіре беруі керек;
- идеялар ешқандай сынға ұшырамауы керек, өйтпеген жағдайда студенттер тосылып қалып, идеяларды келтіре алмауы мүмкін;
- барлық идеялар саркылмайынша, олар қағазға түсіріле беріледі;
- идеяларды келтіру жұмысы аяқталғаннан кейін ғана оларды талқылау жұмысы басталады – олардың ішінен кейбіреулерін алып тастауға да болады.

Бұл тапсырманы орындауға берілген уақыт (2-4 минут) аяқталған соң, студенттер бірлесе (жұптасып, шағын топ ішінде, бүкіл аудитория болып) жазғандарымен бөліседі, сұрақтарға жауап береді, тізімдерін толықтырады.

Синектика – ой қозғаудың жетілдірілген түрі.

Бұл тәсілді 1960 жылы Уильям Гордон (АҚШ) ұсынған. Егер ой қозғауда идеяларды топ құрамына кездейсоқ түрде жиналған студенттер келтіретін болса, синектикада идеяларды сарапшылар (бұл мәселе бойынша хабардар, осы бағытта жұмыс жасап жүрген студенттер) талқылап, қорытындылайды. Мұнда проблема қарастыру жұмысы бірнеше кезеңдерден өтеді: идеялар туындаудан - сараптауға қарай, сараптаудан қайтадан идеяларды келтіруге қарай.

Синектиканың мақсаты: ой қозғаудағыдай жаңа идеяларды келтіріп, бірлесе талқылау барысында оларды проблема шешетіндей деңгейге жеткізу.

Шешімін талап ететін проблема синектикада күмән тұрғысынан қабылданып, аналогиялар әдісін қолдану арқылы шешіледі. У.Гордон синектика үшін аналогияның төрт түрін ұсынған:

- Тура аналогия. Қарастырылатын мәселе басқа саладағы немесе табиғатта кезігетін ұқсас құбылыспен салыстырылады.
- Жеке (өзіндік) аналогия. Жеке адамның сезімдерімен байланыстырылады (эмпатия әдісі): студент қарастырылатын объектің бейнесіне «еніп», оны ішінен көріп, өзінде пайда болған сезімдерді

анықтап, түсіндіруге тырысады.

- Символикалық аналогия. Жалпылама түрде қорытындыланған абстактілік салыстыру: қарастырылатын объект (құбылыс) өзінің ең басты қасиеті (ерекшелігі) тұрғысынан қарастырылады да, оның басқа қасиеттері ескерілмейді.

- Фантастикалық аналогия. Өмірде кездеспейтін фантастикалық бейнелермен салыстыру: параллелді өмір, басқа ғаламшарлардан келген құбыжықтар, т.б.

Мұндай аналогияларды қолдану қарастырылатын құбылысты үйреншікті көзқарастан алыстатып, оған жаңаша түрде қарап, оның күтпеген шешімін табуға жол бастайды[3].

Атаулар туралы үш сұрақ – бұл тәсіл «Алдын-ала берілген атаулар» тәсіліне ұқсас.

Оқытушы сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, студенттерге осы атауларға қатысты келесідей сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. Бұл терминдерді Сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

2. Өз тәжірибеңізден осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

3. Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты студенттердің жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша не жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін оқытушы бірнеше студенттің пікірін тыңдайды.

Оқытушының сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

Еркін жазу – студенттердің тақырып бойынша өз ойларын қағазға түсіруді талап ететін тәсіл.

Студенттер берілген уақыт аумағында (5-7 минут) тоқтамай жазуы керек. Еркін жазудың ережелері:

- *толассыз жаза беру керек;*
- *егер ой келмесе, «не жазарымды білмей отырмын» деген сыңайда жаза беру керек;*
- *қате туралы ойламау керек, өйткені мұнда студенттер өзінің ойлау процесінің хатшысы іспеттес болуы керек.*

Жазу жұппен немесе шағын топ ішінде талқылау мен пікірлесумен жалғасады. Сабақтың соңында жазбаға қайтып оралып, оған түзетулер мен толықтырулар енгізу орынды. Студенттер осы әрекет арқылы сабақ басында және соңында өз білімдері мен ойларын салыстыру мүмкіндігіне ие болады.

Білім құрастыру *немесе* мағынаны ажырату кезеңінде қолданатын тәсілдер.

Сабақтың бұл кезеңінде оқытушы студенттерге білім алудың белсенді тәсілдерін ұсынып, олардың өздігімен жаңа мәліметті жан-жақты қарастырып, зерттеп, игеруіне мүдделі. Студенттер жекелей, жұппен, топпен жаңа ақпаратпен танысып, ол туралы өзіндік пікір қалыптастырады[5].

Студенттер бұл кезеңде *«Қалайша жаңа білімге үйренемін/түсінемін/ игеремін?», «Қандай тәсілдерді қолданған тиімді?», «Бұл мәлімет туралы менің ойым/түсінігім/қатысым қандай?»*деген сұрақтарға жауап беруге ізденеді.

Кең ауқымды дәріс – дәрісті 6-15 минуттік бірнеше бөлімге бөліп, олардың арасындағы үзілістерді (2-5 минут) студенттердің жаңа ақпарат жайлы ойлану, пікірлесу, талқылау сияқты белсенді әрекеттерімен толықтыратын дәріс оқу тәсілі.

Зерттеулер адам зейіні 6 минуттен кейін сейіле бастап, 15 минуттен кейін екі есе азаятындығын дәлелдейді. Сол себепті дәрісті бөлімдермен оқу (әр дәрісны 3-4 бөлікке бөлген тиімді) студенттердің зейінін әлсіретпей, жаңа мағлұматқа деген қатынасы мен қызығушылығын жоғары деңгейде ұстап тұру мүмкіншілігін береді.

Белгі қойып оқу *немесе* INSERT (*Interactive Noting System for Effective Reading and Thinking – тиімді ойлау мен оқуға арналған белгілеудің интербелсенді жүйесі*) – жаңа мәліметті игерудің интербелсенді тәсілі.

Студенттер дәрісны тыңдағанда немесе мәтінді оқығанда жекелей келесідей кестені толтырып отыруы керек:

Кесте №1

v	+	-	?
«Бұрыннан білемін» *Мұнда студенттер дәрісда (мәтінде) кездескен бұрыннан білетін мәліметтерді келтіреді*	«Жаңа ақпарат» *Бұл жерде студенттер осы дәрісда (мәтінде) жаңадан білгенін жазады*	«Менің ойлағаныма қайшы, кереғар» *Мұнда студенттер бұрынғы білімдеріне қарама-қайшы дәрісда (мәтінде)келтірілген мәліметтерді келтіреді («мен бұрын басқаша ойлайтынмын, сөйтсем олай болмай шықты...»)*	«Келісе алмаймын. Білгім келеді» *Бұл бағанда студенттер өздері келіспейтін немесе түсініксіз болған, тағы да білгісі келетін дәрісның (мәтіннің) тұстарын жазады*

Бірінші («қанатша») бағанға студенттер дәрісте (мәтінде) кездестірген өздерінің бұрыннан білетін таныс мәліметтерді келтіреді.

Екінші («плюс») бағанға студенттер осы дәрісте өздері үшін жаңа болып табылатын ақпаратты жазады.

Үшінші («минус») бағанға осы дәрісда келтірілген қандай ақпараттың олардың бұрыннан білетініне қайшы келгенін жазады.

Төртінші бағанда студенттер дәрісте келтірілген қандай мәліметпен келіспейтіндігін жазады, бұған қоса мұнда дәрістің түсініксіз жақтары да келтіріліп, тақырып бойынша студенттің тағы да не білгісі келетіндігі айқындалады.

Дәрістің әр бөлігінен кейін студенттердің өз кестелерін салыстырып, өзара талқылау жүргізіп отырғандығы орынды.

Кестені толтырғанда студенттер дәрістің басты мазмұны мен идеяларын жеке сөз, сөз тіркестері, тезистер, фразалар немесе қысқа сөйлемдер арқылы (оқытушының талабына сәйкес) келтірулеріне болады [3].

Оқытушы бұл тәсілді шығармашылық тұрғыдан қарастырып, оған өзгертулер енгізуіне болады. Оның, мәселен, бағандардың (тапсырмалардың) санын қысқартып немесе басқа да тапсырмаларды енгізуіне болады: мысалы, *«көп нүкте»* (...) тапсырмасы студенттен дәрісда ары қарай не туралы болатындығы туралы болжауын сұраса, *«икс»* (х) тапсырмасы келтірілген мәліметтердің жасырын астарын анықтауды талап етеді, *«мен»* тапсырмасы тақырып немесе мәтіннің студентке қалай септік тигізіп, қандай пайда келтіретіндігі жайлы болмақ, т.с.с.

Түсінікті дамыту *немесе* ой-толғаныскезеңінде қолданатын тәсілдерге тоқталсақ.

Бұл кезеңде оқытушы студенттердің жаңа мағлұмат бойынша ойланып, ол жөнінде өзара пікір алмасу мен талқылауды ұйымдастырады. Студенттер осы сабақта білгендері мен үйренгенін тұжырымдайды, олардың қолданысы туралы пікірлесіп, проблема шешуде қолданады.

Бұл кезеңде студент *«Не білдім/үйрендім?», «Бұл не үшін керек?», «Оның қолданысы қандай?», «Бұл білімді ары қарай қалай дамытамын/ жалғастырамын?», «Тағы да не білгім келеді?»*бағалау деген сұрақтарына жауап беруі керек.

Эссе –студенттің сабақта қарастырылған тақырып жөнінде өз ойлары мен түсініктерін, идеялары мен пайымдауларын келтіретін бағалау тәсілі.

Әдетте сабақта эссе 5-10 минуттік уақыт аралығында жазылады. Бұл алайда эссенің шағын көлемді жұмыс екендігін аңғартпайды: бірнеше беттен тұратын көлемді эссе үй тапсырмасы немесе өздік жұмысының үлгісі ретінде берілуі де ықтимал.

Эсседе бірінші мезетте студенттің өзіндік «Мені» көрініп тұруы керек. Эссе арқылы оқытушы студенттің ойлау деңгейі мен сабақта қалай жұмыс жасағандығын бағалайды.

Эссе – ағымдағы бақылаудың тиімді тәсілі. Ол студенттердің әр сабақта болған-болмағандығын тексерусіз айқындайтын құрал (сабақтың аяғында студент эссені жазып, оқытушыға тапсырса ғана сабақта болды деп есептелінеді), студенттердің сабаққа белсенді түрде қатыстырудың тиімді құралы (басқа жағдайда студенттің сабақта талқыланған тақырып пен проблема бойынша өз ойларын эсседе

келтіруі екіталай).

Аквариум– студенттердің қандай да болмасын проблеманы «көрермендер» немесе «жұртшылық» алдында диалог үрдісінде талдау мүмкіншілігін беретін тәсіл.

Шағын топішінде (4-6 адам) студенттер проблеманы шешу жолдарын талқылайды. Талқылауды топ ішіндегі бір студент (немесе екі студент те болады) жүргізеді: ол басқаларға сөз беріп, олардың пікір алмасуын ұйымдастырады, топты ортақ мәмлеге келуге бағыттайды. Аудиториядағы басқа студенттер көрермендер сияқты жаңағы топты қаумалай қоршап тұрады: олар топ ішіндегі студенттердің проблеманы қалайша шешетіндігіне, олардың диалог құруына көңіл қояды. Алайда олар диалогқа араласа алмайды, олар тек топ ішіндегі атқарылып жатқан жұмысты өздерінің осындай шағын топ ішіндегі әрекеттерімен салыстырады[7].

Шағын топтағы студенттер осылайша сырт назарында болады: олар құдды аквариум ішінде отырған сияқты.

Бұл тәсіл студенттерге өз жолдастарының қалайша қарым-қатынас құратындығын, басқаның пікірін қалайша қабылдайтындығын, өз ойларын қалайша дәлелдейтіндігін, пайда бола бастаған кикілжіңдерді қалайша болдырмай тастайтындығын көріп, оларды талдап, белгілі бір қорытындыға келтіру мүмкіндігін береді.

Қазіргі уақытта дәріс барысында оқытудың интербелсенді әдістерін және интербелсенді құралдардың көмегімен оқытушы студентпен шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Сондықтан оқу үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттігін 2006-2009 жылдарда дамыту тұжырымдамасы. – presscenter.kz.
2. Нағымжанова Қ.М. Бастауыш білім берудегі жаңа технологиялар: Оқу құралы - Өскемен, 2005
3. Асхат Әлімов. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселері.-Оқу құралы.-Алматы,2013
4. Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 1989. - 192 с.
5. Болонский процесс: Бергенский этап/Под ред. В.И.Байденко. - М.: Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов. – Астана: Национальный аккредитационный центр Министерства образования и науки Республики Казахстан. 2006. – 184 с.
6. Болонский процесс: середина пути/Под ред. В.И.Байденко. - М.: Исслед. центр проблем качества подготовки специалистов. – Астана: Национальный аккредитационный центр Министерства образования и науки Республики Казахстан. 2007. – 400 с.
7. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. /Аударған Д.А.Қайшыбекова/. - Алматы, 2002. - 180 б.

УДК 378

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ НА ЛЕКЦИИ

Умбетова Г. М.

Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *В данной статье рассмотрены пути эффективного использования интерактивных методов обучения в ходе лекции. На каждом этапе лекции приведены особенности применения интерактивных методов, подбирая их по назначению.*

Ключевые слова: *Интерактивный, лекция, методы.*

ӘОЖ 378.02

ОНЛАЙН-ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕЖОО ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕРІ

Иргалиев А.С.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Андатпа. *Мақалада қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың заманауи тәсілдері, ЖОО-да қашықтықтан оқыту жағдайында оқытушының рөлін реформалау, қашықтықтан оқыту процесіндегі интерактивті өзара іс-қимыл, қашықтықтан оқыту технологиясын іске асыруға оқытушының дайындығына қойылатын талаптар, онлайн оқытудағы оқытушылар мен студенттердің рөлі мен функциялары және ЖОО оқытушысының медиакомпетенция деңгейлері қарастырылады.*

Кілт сөздер: *қашықтықтан оқыту, заманауи тәсілдер, ЖОО-да оқытушының рөлі, онлайн-интерактивті өзара іс-қимыл, оқытушының медиакомпетенция деңгейлері.*

Covid-19 пандемиясымен байланысты ахуал жағдайында қазақстандық университеттер виртуалды кеңістікті белсенді игеруге және онлайн-оқытуды енгізуге мүдделі. Білім берудегі онлайн-сегменттің белсенді кеңеюі қарама-қайшылықты пікірлермен бірге жүреді. Университеттер жаппай онлайн-курстармен бәсекеге түсе алмайды деген болжаммен қатар, жаңа жағдайларда білім сапасы бойынша қауіп бар [1].

Заманауи зерттеушілер онлайн-курстарды дайындауға айтарлықтай уақыт шығындары, университетте техникалық қолдаудың болмауы және аудиториялық жүктеменің ықтимал қысқаруына байланысты алаңдаушылық сияқты оқытушылардың онлайн-оқытуға қосылуына кедергі келтіретін факторларды бөліп көрсетеді. Көптеген оқытушылар үшін қазір онлайн курстарды әзірлеу уақыты дәстүрлі курстарды әзірлеуге кететін уақыт мөлшерінен екі есе көп екендігі белгілі болды. Онлайн оқытуды тарату жолындағы ең елеулі кедергілердің қатарына студенттер үшін интернетке қанағаттанарлық қолжетімділіктің болмауын және оқытушылардың өздерінің онлайн-оқыту туралы жеткілікті дайындығының болмауын; онлайн-курстардың дизайнын әзірлеуде техникалық қолдаудың және онлайн-оқытуға қатысты институционалдық саясаттың болмауын қосу қажет.

Зерттеулер көрсеткендей, оқытушылардың едәуір бөлігі дәстүрлі түрде өз пәндері бойынша бшир білімі бар, онлайн дидактика және ақпараттық технологиялар саласында әлдеқайда аз білімге ие. Сәйкесінше, тиімді онлайн оқыту үшін университет оқытушылары контент сарапшылары ретінде әлеуметтенуі керек. Оқытушылардың көпшілігінде e-Learning-те жеткілікті дайындық жоқ [2]. Жоғары оқу орнында тәжірибесі аз және мансаптық өсуге бағдарланған оқытушыларға қарағанда жоғары педагогикалық тәжірибесі бар және өз мәртебесін көтеруге мүдделі емес оқытушылар онлайн-оқытуға қатысуға дайын. Яғни, мансаптық өсу және кәсіби тану перспективалары, сондай-ақ материалдық сыйақы сияқты факторлардың әсері шамалы деп анықталған. Материалдық ынталандыру тек 60 жастан асқан мұғалімдер үшін маңызды болды [2].

М.Ф. Галиханов және Г.Ф. Хасанов онлайн курстардың оқытушыларының жаңа рөлдері мен құзыреттерін, оқытушыларды онлайн-оқытуға қатысуға итермелейтін кедергілер мен уәждерді зерттеді. Онлайн-оқыту саласында оқытушылардың құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған курстардың мазмұны зерделенді. Жүргізілген талдау дәстүрлі курстардың табысты оқытушыларының құзыреттері оларды онлайн-ортаға көшіруге кепілдік бермейтіндігі туралы авторлар бірауыздан пікір білдіретінін көрсетті. Оқытушыларды онлайн-оқытуға қатысуға итермелейтін факторлардың арасында зияткерлік сын-қатер, онлайн-технологияларды игеруге деген жеке уәждеме және білім алушылардың әлеуетті аудиториясын кеңейту деп атайды. Зерттеу барысында онлайн-оқытуға маңызды мотиваторлармен өзін-өзі қанағаттандыру, икемді жоспарлау және аудиторияны кеңейту мүмкіндігі көрсетілген [2].

Жұмыс орнындағы инфрақұрылымды (аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді) тиімді дамыту, сондай-ақ оқытушыларды онлайн білім беру саласында арнайы оқыту маңызды факторлар болып табылады. Онлайн-оқытуға деген оң көзқарасқа мұғалімдердің компьютер мен

интернет-технологияларды қолданудағы тәжірибесі әсер етеді [3].

Университетте онлайн оқытудың ерекшеліктерін талдауға кіріспес бұрын, қашықтықтан білім берудің негізгі түсініктері мен ерекшеліктерін қарастырамыз.

Қашықтықтан білім беруді біз пандемия жағдайында өзектендірілген, оның ішінде ЖОО-да қашықтықтан білім берудің жаңа ақпараттық технологияларын пайдалануға және оқу ақпаратын алмасуға негізделген мамандандырылған білім беру ортасының көмегімен іске асырылатын білім беру қызметтерінің кешені ретінде қарастырамыз (интернет, мобильді байланыс және т.б.).

Жоғары оқу орнында қашықтықтан оқытудың негізгі белгілері икемділік, модульділік және экономикалық тиімділік, оқыту әдістемесінің технологиялылығы, қолжетімділік пен ашықтық, оқытушы мен білім алушылардың жаңа рөлдері болып табылады [4]. Қашықтықтан (онлайн) оқыту жағдайында ЖОО-да оқытушының рөлі реформаланады, оның академиялық функциялары өзгереді. Бұл рөлдер:

- онлайн тьютор;
- модератор;
- қашықтықтан оқыту кураторы;
- консультант;
- навигатор;
- желілік пән әдіскері.

Онлайн оқыту нәтижелілігінің тағы бір маңызды аспектісі қашықтықтан оқыту технологиясын табысты іске асыруға әзірлік пен қабілеттілік болып табылады. Бұл желілік білім беру ресурстарымен, ЖОО-ның білім беру порталдарымен жұмыс істеу, онлайн курсты құрастыру, білім алушылармен ақпарат алмасудың интерактивті әдістері мен тәсілдерін меңгеру және ең маңыздысы психологиялық дайындық.

Студенттердің онлайн-оқудағы негізгі функционалдық міндеттері:

- ақпаратты іздеу, таңдау, талдау, жүйелеу және таныстыру;
- дербес оқу-танымдық жұмыста біліктер мен дағдыларды игеру және жетілдіру;
- сыни ойлау дағдысы мен іскерлігін дамыту;
- оқу рефлексиясындағы әдістер мен тәсілдерді жетілдіру.

Оқытушының міндеттеріне мыналар кіреді:

- инновациялық білім беру ортасында студенттің қызметін ұйымдастыру;
- ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, білім алушылардың танымдық процесін үйлестіру;;
- желілік курстар мен мультимедиялық технологияларды әзірлеу құралдарын қолдана отырып, оқытылатын пәннің мазмұнын түзету;
- білім алушыларға нақты және кейінге қалдырылған уақыт режимінде кеңес беру.

Заманауи ЖОО оқытушысының басты құзыреттілігі-курсты іске асыру шарттарын, міндеттерін, жүріс-тұрыс ережелері мен тыйымдарын, курстың орналасуын сипаттайтын тиімді онлайн-бағдарлама жасау қабілеті болып табылады. Оқытушы университеттің онлайн курстарға қоятын талаптарымен таныс болуы, оқытудың мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдауы, қатысу және бағалау өлшемдерін анықтауы және студенттердің үміттерін басқаруы тиіс.

Виртуалды мұғалім мұғалім ретінде емес, білім беру провайдері ретінде оқу процесін қамтамасыз ететін менеджер рөлін орындайды. Бұл жағдайда мұғалім қажетті ақпарат көзін табуға көмектеседі және оны оқытудан гөрі оны зерттеу әдісін ұсынады.

Қашықтықтан оқытуға көшу кезінде оқытушы мен студенттер арасындағы рөлдерді бірнеше коммуникацияның ұйымдастырушысы мен қатысушылары арасында бөлу мұғалімді қарым-қатынасты ұйымдастырудың нақты әдісін таңдау проблемасына қояды, оның барысында ол білім беру процесінің барысын іс жүзінде түсініктемелер мен нұсқаулармен басқарады.

Білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытуды дамыту интернет технологиялардың дамуына және қашықтықтан оқыту әдістерін жетілдіруге қарай жалғастырылатын және жетілдірілетін болады.

Қашықтықтан оқытуды дамыту барынша интерактивтілікті қамтамасыз етуді көздейді. Оқыту тек мұғаліммен нақты қарым-қатынасты имитациялауға қол жеткізілгенде ғана толық болады. Виртуалды байланыс арқылы жеке байланыстың жетіспеушілігін өтеуге мүмкіндік беретін

электрондық коммуникациялардың әртүрлі түрлерінің тіркесімін пайдалану қажет.

Онлайн-курсты іске асыру технологияларын тиімді пайдалану, сондай-ақ қосымша аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді игеру, құрылымдалған, түсінікті оқу сайтын құру, материалдарды онлайн-форматқа аудару және интернетті пайдалана отырып тапсырмаларды әзірлеу мүмкіндігі маңызды болып табылады. Мұғалім студенттерді онлайн режимінде оқытуға дайындаудың тәсілдерін білуі керек және интерактивті оқыту ортасында өзара әрекеттесуге дайын болуы керек. Бұл кезеңде онлайн-оқытуға қатысатын ко ллегтермен нәтижелі қарым-қатынас жасау, өзін және өз дағдыларын бағалау, сондай-ақ өмір бойы оқуға қатысу қабілеті де сұранысқа ие.

Онлайн-оқыту жағдайында оқытушының медиақұзыреттілігінің 3 деңгейін бөліп көрсетуге болады:

Медиа құзыреттіліктің 1 деңгейі (онлайн-оқытудың базалық құзыреттері):

- авторлық құқық өнімдерін жасау;
- "цифрлық" дидактика мен әдістемені білу;
- софт функционалдығын анықтау;
- компьютерлік сауаттылықты үйрену және үйрету;
- интернет желісіндегі материалдарының әдістемелік сараптау;
- дайын өнімдерді жетілдіру (дидактизациялау);
- авторлық құқық өнімдерін жасау;
- студенттерге авторлық өнімдерді жасауға үйрету; материалды құрылымдау және фрагменттеу;
- түрлі мультимедиялық элементтерді біріктіру және біріктіру мүмкіндігі;
- материалды рәсімдеу қабілеті (layout);
- тьюторлық және модерация;
- рефлексия және жүйені жетілдіру.

2 медиа құзыреттілік деңгейі:

- тапсырмаларды онлайн түрде жасай алады және орындаудың барлық кезеңдерінде білім алушыларға қолдау көрсете алады;
- графикалық, бейне және аудио материалдарды жасау үшін бағдарламалық жасақтаманы қолдана алады;
- студенттер мен әріптестерге онлайн-материалдарды ұсына алады;
- мультимедиялық құралдар мен интерактивті тақталарды қолдана алады;
-Windows/Mac-Software және Media Player қолданаалады.

3 медиақұзыреттілікдеңгейі:

-білімалушынынжекеқажеттіліктерінеқарайонлайн-ресурстардытаңдап, пайдаланаалады;

- жаңабағдарламалықжасақтамақалайжұмысістейтінінтүсіндіреалады;
- әріптестерінеоқытумақсаттарыүшінмедиаресурстардыңартықшылықтарыменәлеуетінтүсіндіреалады;
- студенттердіқолдабарбарлықэлектрондықресурстарды (интерактивтітақта, планшеттер, мобильдіқұрылғылар)пайдаланааладыжәнеолардыпайдалануға тартылады;
- аудио және бейне ресурстарын өңдей алады;
- бағдарламалық жасақтаманың көптеген техникалық мәселелерін шеше алады;
- Moodle сияқты оқу платформаларында Blended Learning блоктарын жасай алады.

Көптеген авторлар онлайн оқытуға қатысатын оқытушыларды арнайы оқытудың маңыздылығы туралы жазады. Мұндай оқыту жан-жақты және үздіксіз болуы керек екендігі баса айтылған. Ең жақсы формат ретінде онлайн режимінде оқыту ұсынылады, бұл мұғалімдерге онлайн студенттер немесе аралас оқыту рөлдеріне қатысуға мүмкіндік береді. Оқытушылар бағдарламалық жасақтаманың тәжірибелі пайдаланушылары болуы керек, онлайн курсын басқара білуі керек, веб-дереккөздерді біріктіре білуі керек.

Тиімді онлайн-оқыту үшін оқытушылар педагогика, технология және пән саласындағы Білім арасында байланыс орнатудың қиындықтарын түсінуі тиіс. Мұндай курстар технологияның да, электронды педагогиканың да мәселелерін қамтуы керек. Олардың мазмұнына пайдаланылатын оқыту платформаларының ерекшеліктерін зерделеу, сапалы онлайн-оқыту критерийлерін талдау,

хабарламаларды, хабарландырулар мен рецензияларды жариялау дағдылары, Интернет арқылы студенттерге кері байланыс беру, пікірталастар мен форумдар жүргізу, студенттік жұмыстарды бағалау, студенттерді онлайн-оқытуға белсенді қатысуға ынталандыру, артта қалған студенттерге әсер ету әдістері, интерактивті сценарийлерді құру және іске асыру саласындағы құзыреттер және онлайн-пайдаланушылар тап болуы мүмкін проблемаларды шешу. Оқытушыларды даярлауды университетте онлайн-оқытуда пайдаланылатын сол білім беру платформасында жүргізу ұсынылады. Вебинарлар мұрағатын және платформада өткізілетін басқа да іс-шараларды құру, оған ұжым мүшелеріне рұқсат беру бойынша ұсыныстар беріледі.

Онлайн-оқытуға көшу университеттерді оқытушылар қызметінің жаңа нысандарын енгізу қажеттілігіне алып келеді, олардың арасында тәлімгерлерге жетекшілік ету, онлайн-курстарды іске асыру процесін бақылау және жыл сайынғы мониторинг ерекшеленеді. Тәлімгерді өз қызметін онлайн-ортада бастаған оқытушыларға тағайындау ұсынылады. Бұл ретте онлайн-оқытуда тәжірибесі бар, жетекшілік ететін тұлғалардың тікелей басшылары болып табылмайтын әріптестер әрекет ете алады. Ең дұрысы, тәлімгер сол тәртіпті үйретуі керек немесе кем дегенде бірдей мамандыққа ие болуы керек. Оның міндеттеріне оларды іске асыру басталғанға дейін әзірленген онлайн курстармен танысу, үнемі кеңес беру, жетекшілік ететін мұғалімнің пікірталас форумын қалай басқаратынын, студенттерге кері байланыс беретінін және олардың нәтижелерін бағалайтындығын бақылау кіруі керек. Пайдалы практика ретінде жетекшілік ететін оқытушыларға олардың тәлімгерлерінің онлайн-курстарына қол жеткізуді ұсыну ұсынылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хасанова Г.Ф., Зарипов Р.Н. Педагогический потенциал открытых образовательных ресурсов // Казанский педагогический журнал. - 2018. - №4.
2. Галиханов М.Ф., Хасанова Г.Ф.Подготовка преподавателей к онлайн-обучению: роли, компетенции, содержание // Высшее образование. - 2019. - Т. 28. - № 2.
3. Громова Т.В. Формирование готовности преподавателя вуза к деятельности в системе дистанционного обучения. - М. : ТЕЗАРУС , 2006.
4. Ольнев А.С. Использование новых технологий в дистанционном обучении// Актуальные проблемы современной науки. - 2011. - № 1.

УДК 378.02

РОЛИ И КОМПЕТЕНЦИИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ ВУЗА В СИСТЕМЕ ОНЛАЙН-ОБУЧЕНИЯ

Иргалиев А.С.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *В статье рассматриваются современные подходы к организации дистанционного обучения, реформирование роли преподавателя в условиях дистанционного обучения в вузе, интерактивное взаимодействие в процессе дистанционного обучения, требования к подготовке преподавателя к реализации дистанционных технологий, роль и функции преподавателей и студентов в онлайн обучении и уровни медиакомпетенции преподавателя вуза.*

Ключевые слова: *дистанционное обучение, современные подходы, роль преподавателя в вузе, онлайн-интерактивное взаимодействие, уровни медиакомпетенции преподавателя.*

УДК 377.8

ОСОБЕННОСТИ ОЦЕНИВАНИЯ ПРОГРЕССА ДОШКОЛЬНИКОВ НА ЗАНЯТИЯХ ОРГАНИЗОВАННОЙ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Колесова Л. Г.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация.*В настоящее время в классах предшкольной подготовки активно внедряется наблюдение в качестве наиболее обоснованного метода оценивания прогресса в обучении детей. Анализ форм наблюдения, презентуемых педагогами по окончании курсов повышения квалификации, позволил сделать ряд выводов. С одной стороны, в формах наблюдения фиксируется наличие или отсутствие у воспитанников конкретных знаний, умений и навыков по теме организованной учебной деятельности (ОУД). Это важно для планирования занятий. С другой стороны, собранной статистической информации недостаточно для того, чтобы педагог имел возможность моделировать обоснованные стратегии индивидуальной поддержки каждого ребёнка. В данной статье на основе анализа психолого-педагогической литературы выявлены особенности, которые должны быть приняты во внимание при определении стратегий формативного оценивания прогресса дошкольников. Предложенные рекомендации по совершенствованию форм наблюдения позволят воспитателям адаптировать данный инструмент оценивания к образовательным потребностям дошкольников.*

Ключевые слова: *формативное оценивание, информативное оценивание, переменные уровни успеваемости, критерии успеха, образовательные потребности дошкольников.*

Существует ошибочное представление о том, что в дошкольном воспитании, в отличии от школьного обучения, отсутствует оценивание. Так, например, в классе предшкольной подготовки не обнаруживаются внешние атрибуты оценивания: нет отметок и дневников, детей не делят на «отличников» и «отстающих», не заполняется табель успеваемости. Значит ли это, что учебно-воспитательный процесс в дошкольном периоде детства не управляется на основе оценивания?

На самом деле, надлежащая, постоянная, качественная оценка прогресса дошкольников является важным компонентом любой программы для детей младшего возраста. Прогресс знаний, умений и навыков воспитанников отслеживается как в масштабе учебных полугодий, так и на каждом занятии ОУД. Три раза в год - в начале, в середине и в конце учебного года- в каждой возрастной группе проводится диагностика развития умений и навыков ребёнка на основе стандартизированных индикаторов по всем пяти образовательным областям. Результаты мониторинга воспитатель в дальнейшем будет использовать для индивидуализации образования, для поддержки ребёнка, для построения его образовательной траектории, а также для привлечения специалистов , которые смогут своевременно осуществить профессиональную коррекцию особенностей его развития, для оптимизации работы с группой детей [1].

Для измерения прогресса детей в масштабе полугодий воспитатель заполняет стандартизированные «Листы наблюдения», а для занятий ОУД - самостоятельно разрабатывает «Форму наблюдения». Как показывает практика оценивания презентаций по планированию организованной учебной деятельности, которую воспитатели классов предшкольной подготовки представляют для суммативного оценивания по окончании курсов повышения квалификации, разработка «Форм наблюдения» вызывает определённые трудности.

Бірақ қазіргі қоғамда ерекше ойлайтын, анықталған мәселелерге стандартты емес шешімдерді ұсына алатын дизайнерлер қажет. Дизайн адамдардың үлкен массаларына емес, жеке адамдарға немесе шағын әлеуметтік топтарға бағытталған. Жаңа, динамикалық дамып келе жатқан компьютерлік технологиялардың пайда болуымен көптеген дизайн салалары ағынды өндірісті қажет етпейді, штамптау идеялары тек құпталмайды, сонымен қатар мүлдем жоққа шығарылады. Мысалы, жарнаманың әр түрлі көріністеріндегі дизайны: басып шығару, бейне және аудио жарнама, сыртқы жарнама және т.б. - Тапсырыс берушіге және жобаның өзіне жеке көзқарасты талап етеді. Бұл жағдайда оқыту инновациялық дизайн принциптеріне негізделуі керек. Олай болмаған жағдайда түлектер еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. — М.: Высш. шк., — 119 б.
2. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. —Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық ун-ті, 2011. — 275 б.
3. Қаңлыбаева Д.Т. Оқушыларға коммуникативтік құзыреттілік білім берудің негіздері // Білім әлемінде. —№ 4(4). — 57–60-б.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі // Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: Халықаралық ғыл. -практ. конф. материалдары. — Алматы: ББЖ КБАРИ, 2018. — 30–36-б.

УДК 7.05

ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ДИЗАЙНЕРОВ

Кажженова К.Г.
Западно-Казахстанский инновационно - технологический университет, г. Уральск.

Анотация. *подготовка высококвалифицированных специалистов для формирования всесторонне развитой личности студента, готового к успешной профессиональной карьере, востребованной в регионе и стране в целом, с учетом уровня образования и науки, а также состояния современного общества, творческая и проектная деятельность в поликультурной среде Казахстана, направленная на решение актуальных проблем профессионального и личностного развития. Дизайнеры обладают профессиональными компетенциями в области дизайн-проектирования с использованием компьютерных программ, используя новые знания в современных тенденциях.*

Ключевые слова: *образование, дизайн, компетентность, технологии, инновации, коммуникативность*

ӘОЖ 37.013

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Аниева А.М.
Батыс Қазақстан инновациялық-техникалық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Біздің күнделікті өміріміздi, әсіресе нарықтық экономика мен жаһандануды математикасыз елестету мүмкін емес. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының математика пәнінен функционалдық сауаттылығын қалай қалыптастырып,дамыту керек? Математикадағы функционалдық сауаттылық – оқушының қоршаған ортадағы рөлін анықтау және түсіну, дұрыс математикалық тұжырымдар жасау және күнделікті өмірде кездесетін математикалық есептерді шешу үшін математиканы қолдана білу.*

Кілт сөздер: *функционалдық сауаттылық, математикалық сауаттылық, құзіреттілік, пайымдау, заңдылық.*

Оқушыларға функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізгі болып табылады. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жағңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына жиырма қадам» атты мақаласында стратегиялық жаңғырту барлық саланы, сонымен қатар білімді де түрлендіруді қажет ететіндігін атап көрсетті.

Қазақстан білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптары мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім деңгейіне жеткізуге бетбұрыс жасауда. Бұл білім жүйесін жетілдіру және оны сапалы деңгейге көтеруді алға тартады.

Математикалық сауаттылық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық текстi оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең минимальды талап ретінде қарау қажет [1].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2015 жылы Қазақстанда үшінші рет оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау үшін жаратылыстану бағыты бойынша PISA халықаралық зерттеулері жүргізілді [2]. Оның ішінде математикалық сауаттылық бойынша берілген тапсырмалары да болды. Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың ролін анықтау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән

қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттіліктерін негізделген қабілет.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады [3].

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа тоқталайық:

1. Математика – ғылым болысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.
2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шыңдай түседі.
3. «математикалық сауаттылық» ауызша жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгеру қабілетін шыңдайды.
4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.
5. Математика болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Күнделікті өміріміздің, әсіресе, нарықтық экономика мен жаһандануды математикасыз елестету мүмкін емес. Сондықтан, бастауыш сынып оқушысының математика пәнінен функционалдық сауаттылығын қалай қалыптастыруға және дамытуға болады?

Математика пәніндегі функционалдық сауаттылық – бұл адамның қоршаған ортадағы математиканың рөлін анықтауы және түсінуі, дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар жасай алуы, күнделікті өмірде кездесетін математикалық есептерді шешуде математиканы қолдана алуы.

Математикалық сауаттылықтың негізгі екі компонентін бөліп көрсетуге болады. Олар:

-іргелі математикалық идеялар

-математикалық құзіреттілік

Оқушының математикалық құзіреттілігі күнделікті өмірде туындайтын мәселелер үшін математиканы дәлме-дәл қолдануға мүмкіндік беру.

Математикалық құзіреттілік дағдының 3 деңгейін қамтиды. Оқу бағдарламасында математикалық құзіреттіліктің 3 деңгейін дамытатын оқу мақсаттары 1-4 сыныптар арасында жүйелі қамтылған.

Математика сабағында математикалық құзіреттіліктің қалыптасуы мен дамуына жағдай жасалады.

- Білімін көрсету
- Байланыс орнату
- Пайымдауға берілген тапсырма мысалдарын түсіндіруде оқушыларға шығарылу жолдарын қарастырайық.

Себебі, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытуда есепті мұғалімнің түсіндіруі өте маңызды. Қиын есепке оңай жолды нұсқау – мұғалім міндеті. Сондықтан, оқушыдан бұрын мұғалім құзіретті әрі функционалды сауатты болуы міндет болып саналады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытуда заңдылықты іздеу мен практикалық есептердің шығарылу жолдарын қарастырайық. Заңдылықты табу дағдысы 1-сыныптан бастап сандардың, фигуралардың, зат топтарының тізбегін құруға бағытталған қарапайым тапсырмалар арқылы қалыптаса бастайды.

Заңдылық – ол белгілі бір шарт жағдайында белгілі бір қағидалар бойынша қайталану деп түсінуге болады. Мысалы, төрт маусымның алмасуы. Дәл солай сандар да белгілі бір заңдылықпен орналаса алады. Тапсырма мазмұны біртіндеп күрделенген сайын дағды дами береді. 3-сыныпта заңдылықтар қиындай түседі. Сан қатарларында жиі кездесетін мынандай заңдылықтар барын мұғалім білуі шарт. Олар:

1) Арифметикалық амалдар

2) Әрбір мүшесі өзінен бұрынғы мүшелерінің қосындысына тең
3) Тізбектес сандар қосылатын немесе кемитін қатарлар

Математика мазмұнында практикаға бағытталған есептердің орны ерекше. Олар оқушыны ақпаратты игеруіне ықпал етеді. Себебі, оны орындау барысында нақты оқиға немесе іс-әрекеттер мен ассоциация туындайды. Тапсырманың ерекше тұжырымы: өмірмен байланысы оқушының қызығушылығын, білімге құмарлығы мен шығармашылық белсенділігін арттырады.

Практикаға бағытталған тапсырмалардың мәнмәтіндері жеке, кәсіби, әлеуметтік және ғылыми болып қарастырылады. Практикаға бағытталған тапсырмаларды жылдам шығару жолын қарапайым тәсілдермен үйрете отырып, түсінуіне қолжетімді жағдай туғызу.

Кейбір сөз есептердің шартын түсіну қиындау немесе кейбір сөз есептердің шешу барысы күрделі келеді. Егер оларға мұқият талдау жасамасақ, оңайлықпен қателіктерге бой алдырамыз, сондықтан әдетте оңтайлы тәсілдер көмегі керек болады. Сызба арқылы есептердің шарттарын бейнелеп, есепті қарапайым түрде түсінуге, дұрыс қорытынды шығаруға көмектеседі.

4-сынып оқушысының функционалдық сауаттылығын дамытуда «Таңдап алу» әдісімен комбинаторлық есептерді шығару жолы көрсетілген.

Комбинаторика – бір қатар элементтердің ішінен бір топ элементтерді таңдап алудың қанша түрлі тәсілі барын анықтау. Кез келген мәселенің қасиеті мен шартына байланысты санау мәселелері де сан алуан болып келеді.

Математика пәнінде жылдам есептеу өте маңызды. Жылдам есептеу – есептеу барысында цифрлардың бірқатар ерекшеліктерін пайдаланып, әдеттегі есептеу тәсілін оңайлатып, тез есептеу формасына түрлендіру арқылы есептеу жылдамдығын арттыру әдісі. Жылдам есептеуде үнемі қолданылатын қосу-азайту амалдарының тиімді тәсілмен есептеудің бірнеше формуласы бар.

- Қосудың ауыстырымдылық қасиеті.
- Терімділік қасиеті.
- Сандарды кез-келген ретпен қосуға болады.

Есептеуде қосу мен азайту амалдарымен бірге:

- «Толықтыру» тәсілі
- «Гаус» әдісі жиі қолданылады.

Математикалық сауаттылықтың тағы бір ерекшелігі пәнаралық байланыста. Математика сабағының басқа пәндермен байланыс кезінде олардың математикалық сызбаларымен қосындыларын жинақтауда. Педагогика тарихында пәнаралық байланыс ертеден зерттеліп келе жатқан негізгі мәселелерінің бірі болып саналады. Педагогикалық ой-пікірдің дамуында және мектеп тәжірибесінде пәнаралық байланыс проблемасы көптеген прогресшіл педагогтарды толғандырған. Яғни пәндердің өзара байланысы туралы пікір он сегізінші ғасырда пайда болған [4].

Математика сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып, сұрақ-жауап, баяндау, проблемалық ситуацияларды туғыза отырып оқушыларды алға қойған мәселені шешуге, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, бірін-бірі бағалай алуға, өз ойларын нақты, толық жеткізе білуге көңіл бөлінеді.

- № 1. Біздің ықшам ауданда 5 үй бар. Әрбір үйде 5 мысық бар. Әрбір мысық 5 тышқан аулайды. Тышқандарды ұстай алмаса, әрбір тышқан 4 уыс ұн жейді. Егер әрбір уыс ұн 5 граммға жуық болса, мысықтар тышқанды ұстағанда неше кг ұн сақтап қалады? (3,125 кг)
- № 2. Егер 8 адам 8 сағатта бір жұмысты бітіретін болса, адамдардың біреуі осы жұмыстың жартысын неше сағатта бітіре алады? (332 сағ)
- № 3. Делдал 3000 теңгеге тауар сатып алып, 3500 теңгеге оны сатты. Келесі күні осы тауарын 4000 қайта сатып алып, екі күннен кейін 4500 теңгеге сатса, делдал осы саудада қанша пайда не шығын көрді? (1000 тг пайда)
- № 4. Ахметтің анасының 3 баласы бар. Егер олардың үлкенінің аты – Қыркүйек, ортаншысының аты – Қазан болса, кенжесінің аты кім болғаны? (Ахмет)
- № 5. Бір ауылда 80 үй бар. Осы ауылдағы 60 үйде ат, 50 үйде есек болса, ауылдағы ең аз қанша үйде ат та, есек те бар? (30)
- № 6. Бір қатарда Қанаттың артында 36 адам бар. Ал Аслан Қанаттан 23 адамнан кейін тұр. Асланның алдында 51 адам бар болса, онда қатарды неше адам болғаны? (65)

- № 7. Сапар: «осы жерде тұрған үшеуміз және бәріміз өтірікшіміз» деді. Бірақ Русланға оның сөздері ұнамады: «сен ғана өтірікшісің» деді. Жанна ренжіп: «екеуің өтірікшісіндер», осы үшеуін танитын бір адам «олардың барлығы сөйледі, олардың барлығы өтірікші немесе барлығы шындықты айтады. Бірақ кім өтірік айтады, кім шындықты айтады мен айта алмаймын». Осы жерде қанша өтірікші адам бар? (2)
- Әр түрлі қызықты есептер адай ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз. Оның ішінде салу есептерінің де маңызы зор [5]. Осының дәлелі ретінде төмендегідей бірнеше есептерді орындап, ойлау қабілеттерін тексеруге болады.
- *1-тапсырма.* Сіз қайықпен саяхатқа аттандыңыз. Төменде көрсетілген теңдеуді пайдалана отырып, тапсырманың текстің құрыңыз? $\frac{12}{x}+\frac{12}{x+3}=1$

Сонымен, қазіргі уақыт жаңа әдісті, шығармашылық ізденісті талап етеді. Мұғалімнің негізі міндеті – оқушыларға терең де, тиянақты білім беру.

Білім беру маңызы жаңартылған сайын, әрбір пәнді оқытудың өзіндік ерекшеліктері туындауда. Бүгінгі таңда білім беру жүйесін жаңалауды іске асырудың қажеттілігі күн санап арта түсуде.

Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын қалыптастыру мәселесі бүгінгі таңда мектептеріміздің білім саласында тұрған басты мәселенің бірі болып табылады. Себебі оқушының кез-келген сабаққа деген қызығушылығы болмаса, онда оның алған білімі тұрақты болмайды. Олай болса, «Математиканың қорғаның тек күштілер мен батырлар ғана бұза алады» деген ұранды ұстана отырып, жалықпай, үлкен төзіммен, алдымызға келген шәкірттерге олардың жеке тұлға болып қалыптасуына, жақсы тәрбие, терең білім беру үшін аянбай еңбек ету керек.[5].

Міне, математика пәні осылай функционалды сауатты тұлғаның қалыптасуына өз үлесін қосады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
2. Н.Ә.Назарбаевтың сөзі Егемен Қазақстан газеті 2006 жыл № 115
3. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.
4. Баяндама «Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын арттырудың тиімді жолдары», Утекова Н.С.
5. Баяндама «Математика сабағында оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары», Есенбаева Э.А.

УДК 37.013

ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПО МАТЕМАТИКЕ

Аниева А. М.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *Нашу повседневную жизнь, особенно в условиях рыночной экономики и глобализации невозможно представить математикасыз. Поэтому, как формирование функциональной грамотности младших школьников по математике,развивать? Математикадағы функциональная грамотность – понимание роли ученика и определение в окружающей среде, умение применять математику для решения математических задач, встречающихся в повседневной жизни правильное математическое и выводы.*

Ключевые слова: *функциональная грамотность, математическая грамотность, компетентность, видение, законности.*

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 372.851.02

ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕГІ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

Саматова Ж.М., Какимова Д.М.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл ауқымды мәселе туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт.*

Кілт сөздер*: Онлайн режим, оффлайн режим, вебинар, жаңа технология, модульдік курс, электрондық оқыту.*

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану оқытушының біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз не?

Қашықтықтан оқыту дегеніміз— мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту[1].

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар.

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы[1].

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты:Білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы педагогтардың білім деңгейін көтеру.

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және

аймактық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оқытушыларға ауыр, әрі жауапты міндет жүктеледі: курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік меңгеріп, олармен еркін жұмыстана білуі шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компъютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.
- Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.
- Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін меңгеріп, курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.
- Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет[2].

Қашықтықтан оқытуды дәстүрлі оқу түрімен салыстыруда төмендегідей артықшылықтары анықталды:

– Жеке адамның үздіксіз әлеуметтену мүмкіндігі;
– Икемділік (оқытудың уақыты, орны, көлемі және қимылы бойынша);
– Жеке оқу жоспарын қолдану мүмкіндігі;
– Оқу ақпаратына қол жеткізу ,оны жедел жаңарту;
– Экономикалық (оқу алаңы, транспорты, техникалық құралдардың шығынын қысқарту есебінен);
– Жаңа технологияларды қолдану;
– Оқып үйренушілердің әлеуметтік құқығының теңдігі (олардың тұратын жерлері мен денсаулық жағдайына қарамастан);
– Барлық елдегі ақпараттық – оқыту ресурстарының шығысы мен кірісі;
– Материалдарды көбейту мәселелерінің жоқтығы,оларды тарату ыңғайлылығы;
– Оқып үйренушілердің өз–өзіне бақылау жасауын қамтамасыз ету.

Қашықтықтан оқыту – оқытушының студент пен оқыту құралдары арқылы интерактивті қарым-қатынас әрекет үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық-педагогикалық технология (ереже бойынша компьютерлік техника).

Қашықтықтан оқыту артықшылықтары төмендегідей болып табылады:

– кез-келген жерде, кез-келген мерзімде оқуға мүмкіндігі бар;
– -кәсіби қызметпен қатар білім алуға болады;
– -оқу үрдісінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, студент пен оқытушылар арасындағы белсенді сұхбат, оқу ақпаратына мүмкіндік беру;
– -білім алушының мекен-жайына, денсаулық жағдайына, элитарлық және материалдық жағдайына қарамастан тепе–тең дәрежеде білім алуға мүмкіндігі бар.

Қашықтықтан оқытудың компонеттері мен әдістемелік тәсілдері оқытуды мүмкіндігінше ыңғайлы және тиімді етуге бағдарланған. Оқу орындарында қашықтықтан оқыту жүйесі қазір қарқындап дамуда. Басқа оқыту жүйелерімен салыстырғанда, бұл өте маңызды, пайдалы оқыту жүйесі болып табылады. Сонымен қатар демократиялық оқыту жүйесіне жатқызуға болады, себебі кез-келген адам осы жүйенің арқасында салыстырмалы түрде аз ғана материалды жұмсау арқылы өзіне мамандық ала алады, біліктілігін көтере алады,өзінің білімін жаңа білім орталықтарымен толықтыра алады. Қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі мақсаты–жеке адамды интеллектуалды дамыту, ақпарат пен жұмыс жасай білуге үйрету және оның ерекшелігі–ол өзіндік оқыту жүйесіне

жатады. Себебі оқытушының мұндай сабаққақатысуы міндетті емес. Бұдан педагогикалық жүйенің ешбір мәні өзгермейді. Тек айырмашылық – оқытушы мен оқушының арасындағы алшақтық. Бұл жүйеде басқа білім беру жүйесіндегі сияқты барлық компоненттер қарастырылады (мақсат, тапсырмалар, мазмұны, әдісі, оқыту құралдары), бірақ олар арнайы интернет – технология құралдары арқылы жүзеге асады. Қашықтықтан оқыту бұл–оқытудың сырттай,күндізгі түрлерімен қатар келе жатқан оқытудың жаңа түрі. Оқытуда, адамды тәрбиелеу де қандай форма қолданылса да, ол педагогика ғылымының заңдылықтарына, педагогикалық психологияға сай болу керек. Сондықтан қашықтағы педагогиканы ғылым орталығынынан бөлек қарастыру дұрыс емес. Қашықтықтан білім алу немесе оқыту ол базалық және қосымша болуы мүмкін (қашықтағы семинарлар ұйымы, конференциялар, олимпиадалар). Егер қашықтықтан оқыту жүйені өзіндік жүйе ретінде қарасақ, онда логикалық түрде бірегей ақпараттық білім беру жүйесін міндетті түрде құру керек деп қорытындылауға болады. Себебі ол барлық мүмкіндіктегі электронды ақпарат көздерін өзіне бағындырады: виртуалды кітапханалар, әртүрлі мәліметтер қорын,электронды оқыту жүйелері, әдістемелік бірігулер. Бұдан біз қашықтан оқытуды дидактикалық қамтамасыз етуіміз қажет, яғни электрондық курстар құру, оқулықтар, оқужүйесін ақпараттық қамсыздындыру, педагогикалық технологияларды өндіру, яғни педогог – координаторларды немесе тьютор дайындау, оқыту түрлері мен әдістері[2].

Мектеп көлемінде айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл жаңашылдық екі – үш жыл көлемінде өз жұмысын атқарып келуде. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата – аналар балаларының білім үлгерімін, ал оқушылар үй жұмысын уақытында біліп отырады. Мұндай әдіс арқылы мектеп пен ата–аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін береді.

Қазақстандағы пандемия жағдайында еліміздің оқу орындары мен мектеп оқушылары қашықтан оқыту режиміне көшті. Мектепке балаларын жіберіп, мұғалімге сенім артқан ата-аналар жауапкершілікті толыққанды сезінді. Оқу үрдісін қалыпты ұйымдастыру барысында, яғни оқушы күнде мектепке барып, мұғалімнің алдын көріп білім алу жағдайында көп ата-ана оқу үрдісінен шет қалып отыратын. Олар бұл жағдайда негізгі жауапкершілік ұстаздарда деп есептейтін. Ал, қашықтан оқыту барысында ата-ана өз ұрпағының өз бетінше білім алуына тікелей жауапты екенін түсінді. Бұл жағдай ата-анаға да, оқушыға да үлкен жауапкершілікті жүктеді.

Ендеше осы мектеп жағдайында қашықтан оқытудың артықшылықтарына тоқталып өтейік:

- Қашықтан оқытылатын оқушы материалды меңгеруге қашан және қай уақытта кірісетінін өздігінше шеше алады.
- Оқушыларға қатарластарымнан артта қаламын деп қобалжудың қажеті жоқ. Сіз әрқашан күрделі мәселелерді зерттеуге қайта орала аласыз, бірнеше рет видео дәрістерді көре аласыз, мұғаліммен хат алмасып және оны қайта оқи аласыз, өзіңізге белгілі тақырыптарды өткізіп жібере аласыз. Ең бастысы жақсы нәтиже көрсету
- Оқушылар үйден шықпай-ақ, әлемнің кез-келген жерінде оқи алады. Оқытуды бастау үшін сізде Интернетке қосылған компьютер болуы керек. Күн сайын мектепке бару қажеттілігінің болмауы, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы.
- Американдық ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, қашықтықтан оқыту нәтижелері дәстүрлі білім беру нәтижелерінен кем түспейді, тіпті, одан да жоғары. Қашықтан білім алушы оқу материалдарының көпшілігін өз бетінше оқиды. Бұл тақырыптарды есте сақтау мен түсінуді жақсартады. Ал білімді практикада, жұмыста бірден қолдана білу олардың білімдерін бекітеді. Сонымен қатар, оқу үрдісінде жаңа технологияларды қолдану оны қызықты ете түседі.
- Мұғалімдермен байланыс синхронды және асинхронды жолдармен өткізіледі[3].

Қанша артықшылықтарын келтірсек те, қашықтан оқытудың кемшіліктері де жоқ емес. Аталған технологиямен оқытуда кездескен кемшіліктерді жою жолында педагог мамандар үздіксіз жұмыстануда.

Қазіргі өмірдің динамикасы қажеттіліктеріне жауап беретін қашықтықтан оқытудың тиімді жүйесін талап етеді. Осыған сәйкес орын мен уақытқа қарамастан, жеке-жеке оқу; ашық оқытудың жоғары қағидаттарына сәйкес үздіксіз және жеке траектория бойынша оқуға оқушы, студент басқа да білім алғысы келетін адамдар тез бейімделіп жатыр. Қашықтықтан оқыту тәуелсіз жүйе болып

табылады. Оқушы деңгейі бұл жүйе арқылы нәтиже көрсетсін десеңіз ең бастысы жауапкершілікті қажет етеді. Сонымен қатар қашықтықтан оқытудың тиімділігі онда қолданылатын технологияға да байланысты. Электрондық оқыту технологиясының мүмкіндіктері мен сипаттамалары қашықтықтан оқыту жүйесі аясында оқушы мен оқытушының өзара әрекеттесуінің максималды тиімділігін қамтамасыз етуі керек. Бағдарламалық жасақтаманы қолдану қиын болуы оқу материалын қабылдауды қиындатып қана қоймайды, сонымен қатар оқыту барысында ақпараттық технологияны қолданудан бас тартуға әкеледі. Сондықтан, қазіргі қолданылып отырған Зум, Классрум бағдарламары әлі де өңделіп, зерттеліп, жаңа функциялар қосу үстінде[3].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Черемисин А.Г. Интернетті дамыту — ақпараттық қоғамдағы білім. // Білім берудегі инновациялар.-2005. -№5. –П.36-40.
2. Сергиенко И.В. Қашықтықтан оқыту процесін модельдеу негіздері. // Білім берудегі инновациялар. — 2005.-№2. — S.43-53
3. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы:АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.

УДК 372.851.02

ПРЕИМУЩЕСТВА ДИСТАНЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ КАК СОВРЕМЕННОЙ ФОРМЫ ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА

Саматова Ж. М., Какимова Д. М.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *Новые подходы развития современного мира требуют от системы образования максимальной адаптации к ежедневным экономическим, социальным и культурным изменениям. Мир сегодня находится в направлении создания «общества знаний» и «экономики знаний». Об этом масштабном вопросе глава государства Н. А. Назарбаев сказал так: «Мы должны и дальше продолжать образование. Качественное образование должно стать основой индустриализации и инновационного развития Казахстана». Поэтому каждый учитель, стремясь дать своим ученикам качественное продуктивное образование, должен направить свой опыт в новое русло и эффективно использовать каждый метод.*

Ключевые слова: *онлайн-режим, оффлайн-режим, вебинар, новые технологии, модульный курс, электронное обучение.*

ӘОЖ 371.384.2

КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Абужалитова А.Т., Слемгалиева М.Қ.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Заман талабына сай бәсекеге қабілетті, білімді, іскер, ойлау жүйесі дамыған, логикалық тұжырым жасауға бейім, еркін ойлай алатын жеке тұлғаны қалыптастырады. Сабақта*

қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу - жиынтық бағалаудың нәтижелі,сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады. Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр.

***Кілт сөздер**: критериалды бағалау, құзыреттілік, әдістер, жеке жұмыстар, білім дәрежесі, білім сапасы, тұлғалық бағыт.*

Қазақстанда 2016 жылдан бастап білім жүйесін өзгерістер жүзеге асырылуда. Білім беру реформасы – Қазақстан республикасын бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды өзгеріс. 1990 жылғы ЮНЕСКО тұлғаның дамуына қатысты маңызды қасиетерін анықтап көрсеткен. Оқушының өзін-өзі бағалай білуі, өзара бірін-бірі бағалауы, топта бағалау арқылы тұлғалық дамуы жүзеге асырылатын жазған. Оқушылардың ізденімдік-танымдық құзыреттілігін қалыптастыруда білімді бағалау, яғни қазіргі білім жүйесіндегі өзгерістерге сай критериалды бағалауды пайдалану арқылы білім деңгейі анықталады. Қазіргі қоғамда білім беру жүйесіндегі өзгерістер «білім, дағды, қабілет» үштігімен тығыз байланысты. Мектептегі білім алушы жан-жақты болуы қажет: түрлі заманауи технологияларды меңгеріп, үнемі өзгеріп отыратын қоғамдық ортада белгілі бір мәселе бойынша дұрыс, тиімді шешім қабылдауы, қарқынды ақпарат ағымында ақпараттарды сұрыптап пайдалана білуі. Критериалды бағалаудың негізгі қағидаттарына сүйене отырып, критериалды бағалаудың мазмұны анықталады [1]. Критериалды бағалаудың негізгі критерийлері: 1. Алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы; 2. Тапсырманың анықтығы мен айқындығы; 3. Бағаның әділдігі; 4. Өзін бағалауға мүмкіндік берілуі. Оқушы өзін-өзі бағалауға дағдылану үшін бағалауды ұйымдастыру барысында барлық әрекетін реттеп, өз бетінше білім алуға ынталанады. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың білімін тексеруде жаңартылған білім мазмұнына сай критериалды бағалау қолданылады. Жаңартылған білім мазмұнының ерекшелігі сабақ барысында оқушылар топтаса, жұптаса жұмыс жасауға дағдылана отырып, ой-пікіріне еркіндік береді, белсенділігін арттырады.

Критериалды бағалау – бағалаудың жаңартылған мазмұндағы білім берудегі қолданылатын бағалаудың түрі. Жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін және бәсекеге қабілетті оқушыларды даярлауда критериалды бағалаудың тиімділігі анықталады. Бағалаудың бұл түрінің ерекшелігі оқушы өзін-өзі бағалау үшін негізгі критерийлерді құрастырады, яғни бағалау анық, айқын, әділ жүзеге асырылады, сыныптағы оқушылардың белсенділігі, ынтасы артады, ізденімдіктанымдық құзыреттілігі қалыптасады.

Критериалды бағалаудың қалыптастырушы және жиынтық бағалау түрлері бар. Қалыптастырушы бағалауда баға қойылмайды, оқытумен қатар жүргізіліп отырылады, сабақ барысында оқушылардың тақырыпты меңгеріп, түсінбеген сұрақтарын бақылауға алып отыруға мүмкіндік береді. Оқушының күнделікті білімін тексеруде түрлі әдістер қолдану арқылы жүзеге асырылады: «Алма ағашы», «Смайликтер», «Плюс, минус, қызықты», «Аяқталмаған сөйлемдер», «Бір минуттық эссе» және т.б.

Жиынтық бағалау бөлім, тоқсан аяқталғанда тапсырмалар беріп, балл қою арқылы жүргізіледі. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау үшін қолданылады. Жиынтық бағалау тоқсан барысында, тоқсан соңында бағалау критерийлеріне сәйкес өткізіледі. Белгіленген критерийлер мен дискрипторлар арқылы оқушылардың жеке басы емес, нақты жұмысы бағаланады. Қазақ тілі сабағында критериалды бағалаудың негізгі мазмұнын берілген материалды қабылдаумен, оны түсініп, есте сақтаумен, оқыған материалдарын жүйелеп, талдау жасау білуімен тығыз байланысты. Заман талабына сай оқушы оқу барысында берілген тапсырмаларды орындай отырып, топтаса, жұптаса жұмыс жасау арқылы нақ құрастырылған критерийлер негізінде бағаланады.

Критериалды бағалау оқушыларға берілген тақырыпты түсініп, нәтижелерін болжауға, рефлексия жасау арқылы нақты міндеттерді шешуді, сыни тұрғыдан ойлауды үйретеді. Оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігі туралы, бұл нақты танымдық объектілермен сәйкес логикалық, әдіснамалық, жалпы оқу ісәрекетінің элементтерін қамтитын өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы оқушының құзыреттілік жиынтығы, яғни адамның ақыл-ойы қабілетті барлық іс-әрекет түрлерін (талдау, синтез, салыстыру, жалпылау, жіктеу, жүйелеу) кіргізуге болады. Ізденімдік-танымдық құзыреттілік оқуышының білімі мен білігіне негізделіп, жоспарлау, талдау, ұйымдастыру,

таныс емес жағдайларда шешім қабылдай білу дағдыларын қалыптастырады. Тапсырмаларды орындауда оқушы аталған критерийлерге сәйкес анық бағаланады.

Білім алушылардың ізденімдік-танымдық құзыреттілігінің мазмұнын анықтау ізденімдік-танымдық іс-әрекеттің мәнін ашуды қарастырады, оны жүзеге асыру барысында осы құзыреттілік пайда болады. Ізденімдік-танымдық іс-әрекет оқушының жеке-маңызды және әлеуметтікөзекті нақты танымдық мәселелерін шешу бойынша өзін-өзі бағалау іс-әрекеті ретінде анықталады. Оқушылардың жеке тәжірибесінен алынған аралас ғылымдарды зерттеу процесінде алынған білім. Ізденімдік-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру үшін оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қазіргі заманғы технологиялары қажет: проблемалық және жобалық оқыту технологиясы; сыни ойлауды дамыту; жаһандық ақпараттық қоғамдастықта оқыту және т.б.

Қазақ тілі сабақтарында қай технологияны қолдануға болады? Мысалы, ізденімдік-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру мақсаты болып табылатын оқу үдерісі тұлғалық-іс-әрекет тұрғысынан дамуы тиіс. Сабақта ізденімдік-танымдық құзыреттілікті қалыптастырудың белсенді әдістерінің бірі проблемалық жағдайларды құру болып табылады. Проблемалық жағдай құру арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу мен дамытуға, олардың белсенді ақыл-ойын, іс-әрекеттерін бақылауға негізделеді. Бұл жағдайда оқушы берілген проблеманы талдай отырып, салыстыра отырып, жинақтай отырып, нақты материалды сұрыптай отырып, одан өзі жаңа ақпарат алуды үйренеді. Ізденімдік – танымдық құзыреттіліктер нақты мәселе бойынша ғылыми негізде даярлығын және оны оқуда жалғастыруға қабілеттілігі, танымдық қызығушылықтарын және оларды жүзеге асыруға ұмтылуын; білімді практикада пайдалану қабілеттілігін; еңбекті, өз білімін ұтымды ұйымдастыруды; білімдегі құзыреттілік деңгейіне жетуді; зерттеу жұмыс жазау тәсілін білуді, өз бетінше білім алу қабілетін; туындайтын мәселелерді шешу үшін стандартты емес жағдайларда білімін қолдана білуді; шығармашылық қабілеттерін дамытуды қарастырады.

Оқушылардың ізденімдік-танымдық құзыреттілікті қалыптастыру үшін қазақ тілі сабақтарын критериалды бағалауда іс-әрекетті мақсатты болжау, жоспарлау, талдау, ұйымдастыру, рефлексия, өзін-өзі бағалау сияқты негізгі критерийлері анықталады. Оқушы берілген тапсырмаларды орындау арқылы түрлі дереккөздерден, соның ішінде нақты тәжірибе арқылы білім іздеу тәсілдерін меңгеріп, кез-келген жағдайда пайда болған мәселелерді шешудің эвристикалық әдістерін үйренеді. Белгілі бір мәселе бойынша нақты деректерді жорамалдан айыруды, деректерді баяндау барысында сыни тұрғыдан ойлап, өз бағасын беруге дағдыланады. Нақты критерийлер арқылы алға қойылған мәселені зерттеуде өз пікірін ұсынуды үйренеді. Білім алушының ізденімдік-танымдық құзыреттілікке мақсат қою және оған жету жолдарын ұйымдастыру, өз мақсатын түсіндіре білу, ізденімдік-танымдық қызметін жоспарлау, талдау, өзін - өзі бағалай білу жатады.

Қазақ тілі сабағы бойынша берілген тапсырмалар: мысалы, а) мәтіндегі терминдерді, маңызды деректерді кестеге түртіп отырыңыз; ә) жағдаят: Сіз радио бағдарламасынан ғарышты бағындырған жануарлар туралы деректерді естідіңіз. Сіз үшін бұл ақпараттар қызықты болды. Осыны досыңызбен бөлісіңіз. Жоғарыдағы терминдер мен деректерді қолданып, досыңызбен диалог құрыңыз. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері, түрлері, сөз тіркесінің түрлеріне көңіл бөліңіз.

Критериалды бағалауды сыни тұрғыдан ойлай технологиясының әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асыруда оқушыдан күтілетін нақты нәтижені анықтап алу қажет. Мысалы, қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәндері бойынша бірінші, сыни тұрғысынан ойлауды үйрету үшін уақыт қажет, оқушыларға пікірін ашық айтуға мүмкіндік беру керек, дәлелді, дәйектермен сөйлеуге дағдыландыру қажет, бағалауды үйрету керек. Сыни тұрғыдан ойлаудың бірінші кезеңі қызығушылықты ояту, бұл кезеңде «Ойлану», «Топтау», «Түртіп алу», «Жұпта талқылау», «Болжау», т.б. деген аттары бар әдістерді қолдануға болады. Тақырыпты тану үшін оқушылар түртіп алу немесе INSERT әдісін, ББҮ (білемін, білгім келеді, үйрендім) әдісін де пайдаланады. Берілген тақырып бойынша ой-тұжырымдарын ұсыну үшін тақырып туралы ой-толғаныс жасауды үйренеді, оқушы сабақ барысында өз жауабын жүйелі түрде құрастырады, берілген ақпараттарды жүйелеп, саралап, пікірін өз сөздерімен айта алады. «Семантикалық карта» немесе «Венн диаграммасын» қолдану арқылы ой-толғанысты жүзеге асыруға болады.

Сабақ барысында аталған әдістерді қолдану арқылы оқушының ізденімдік-танымдық дағдылары қалыптасып, ізденімдік-танымдық құзыреттілікке айналады. Жаңа технологияларды,

әдістерді тиімді пайдалану оқушылардың ізденімдік-танымдық әрекеттерін, ой белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді, зерттеушілік әрекетін дамытып, өзіне сенімін, сабаққа қызығушылығын арттырады.

Критериалды бағалау – жаңартылған білім мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, анық, айқын жүзеге асырылатын, білім беру процесінің барлық қатысушыларына алдын-ала белгілі критерийлері мен оқушылардың оқу жетістіктерін сәйкестендіруге негізделген процесс. Критериалды бағалау арқылы сабақ барысында оқушылардың білім алу 10 жағдайына бағыт-бағдар жасай отырып, оқушылардың оқуға ынтасын арттыруға, алған ақпараттарын қорытындылауға мүмкіндік беріледі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана, 2017.
2. Сулейменова Ж.Н. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы, 2015. –220 б.
3. Мынбаева А.К. Современные образовательные концепции. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 220 с.
4. Сарбасова Қ. Инновациялық педагогикалық технологиялар. –Алматы: Атлас, 2006. – 176 б.

УДК 371.384.2

ЭФФЕКТИВНОСТЬ СИСТЕМЫ КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ

Абужалитова А. Т., Слемгалиева М.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *Формирует конкурентоспособную, образованную, деловую, развитую систему мышления, склонную к логическим выводам, свободно мыслящую личность. Систематическое проведение формативного оценивания на уроке-залог результативности,качества суммативного оценивания. Суммативное оценивание-это работа, которая анализирует успешность знаний учащихся на конец четверти, и, следовательно, начало этой работы закладывается в формативном оценивании. На сегодняшний день доказана жизнеспособность и рациональность оценивания знаний учащихся по критериальной системе.*

Ключевые слова: *критериальное оценивание, компетентность, методы, индивидуальная работа, степень образованности, качество знаний, личностная направленность.*

ӘОЖ 37.012

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Нугманова Ж.Т.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Студенттердің өздік жұмысының (СӨЖ) басқа жұмыстардан ерекшелігі – студент өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін жұмыс түрін, тапсырманы таңдайды. Студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ) тиімді болуы маманның кәсіби бағыттылығының талаптарына сай жасалған өздік жұмысты ұйымдастыру үлгісінің дұрыс құрылуына байланысты болады.*

Кілт сөздер: *Студенттердің өздік жұмысы, танымдық қызметі, практикалық, лабораториялық жұмыстар, кәсіби әрекеті, ғылыми ізденіс жасау іскерлігі,шығармашылық әрекеті.*

Қазіргі заманымызда қоғамға өз бетімен жұмыс атқаратын, еркін де кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып және оған жетудің әдіс-тәсілін шығармашылықпен анықтап, сондай-ақ қолдана алатын кәсіби-маман тұлғасы қажет. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім берудің негізіне тұлғаның өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін жетілдіру процесі жатады.

Студенттердің танымдық қызметі барысында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор. СӨЖ – оқытушының тапсырмасы бойынша аудиториядан тыс уақытта (аудиторияда) орындалатын студенттердің жоспарланған оқу, оқу-зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмыстары. Өзіндік жұмыс оқу сабақтарының бір түрін құрайды. Сондықтан шығармашылық іс-әрекеттің бір түрі ретінде өзіндік жұмыстың рөлі сапалық оқу үрдісін көтеру жолында өте жоғары болып табылады. Бұл мәселеге көптеген ғалымдар, мысалы, Ястребова Е.Б., Ерецкий М.И., Гарунов М.Г., Блохина Р.А., Сабодашев В.П., Вербицкий А., т.б үлкен мән беріп, зерттеген. Олар педагогикалық әдебиеттерде алғаш өзіндік жұмыс мәселелерін В.К.Буряк, Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, Р.Г. Лемберг, Р.М. Микельсон, И.И. Пидкасистый, Е.С.Саблик, М.Н. Скаткин еңбектерінде зерттелініп, оқу үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жүйелі түрде қолдану негіздері қарастырылды. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық тұрғыда қарастырғандар: А.Е.Абылқасымова, Н.А.Адельбаева, С.И.Архангельский, М.В.Буланова-Топоркова, М.Г.Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері арналған. Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады. И.Т.Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы. Г.Н.Кулагина өзіндік жұмысты студенттің іс-әрекет құралы белсенділігі мен өз бетімен білім алуға дайындығы деп түсінеді. Г.Н.Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша айтады[1]. Бұл жұмысты студент өз бетімен орындайды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибесі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады. Бұл зерттеулердің өзектілігі – студенттердің теориялық және практикалық білімді саналы игеріп, интеллектуалдық қызмет жасай білуге тәрбиелеу болып табылады. Сонымен бірге студенттер жай ғана беріліп жатқан дайын біліммен қаруланып ғана қоймай, білімді тауып, ізденіп алуына, яғни студенттерді оқи білуге үйрету маңыздырақ.

Студенттердің өздік жұмысының (СӨЖ) басқа жұмыстардан ерекшелігі – студент өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін жұмыс түрін, тапсырманы таңдайды. П. И. Пидкасистый «өзіндік танымдық жұмыс» және «өзіндік жұмыс» ұғымдарын ажырата білуге назар аударады. Оның пікірінше, өзіндік жұмыс оқып-үйренушілердің өзіндік танымдық жұмысын ұйымдастырудың тек құралы ғана болып табылады. Ол оқу өзіндік танымдық қызмет процесінде жүреді, бірақ, ол өзіндік жұмысты орындау процесінде жүреді деген сөз емес деп есептейді. Мысал үшін, оқытушы оқу материалын баяндағанда, студент салыстыру, беттестіру, деректі ойша талдау және т. б. ойлау амалдарын жүргізеді. Дәл осы кезде студент ешқандай тапсырма алған жоқ, өзіндік жұмыс та жоқ, бірақ өзіндік танымдық қызмет орын алып отыр. Жалпы алғанда, өзіндік жұмыс (ӨЖ) – біртұтас педагогикалық процестің, жоғары білім берудің негізі. Ол бір жағынан студенттердің дәрісханадан тыс жұмысы ретінде, басқа жағынан сабақ кестесі бойынша студенттің дәрісханада жүзеге асыратын жүйелі, жоспарлы, мақсатты жұмысы. Оны ұйымдастыру жауапты теориялық және практикалық міндет, маңызды ғылыми проблема. Өз бетінше жұмыс істеуді дәрісханада және одан тыс жерлерде ұйымдастырудың әр қандай түрлері мен типтерін қолдана отырып, студенттердің өздігінен ізденіп оқуына, білімін дамытуға ықпал етіп, оны ұйымдастыра білу өте қажет деп атап көрсетеді П. И. Пидкасистый«Өзіндік жұмыс» бәрінен бұрын басқа оқу жұмыс түрлерінің міндеттерін аяқтайды. Адамның ешбір білімі, егер де ол өзінің қызметінің объектісіне айналмаса, қажетті нәтиже бере алмайды, дейді Петровский. Өзіндік жұмыс жасай білудің негізі, алғашқы дағдысы мектепте қалануы тиіс. мектептен жаңа оқу орнына келген студент, өз бетімен жұмыс жасау қабілеттілігі төменділігінен, жұмыс жасау тәсілдерін білмегендігінен көп қиналады. Мысалы, 1-курс студенттерінің 80%-ы материалды талдау, жүйелеу, амал-тәсілді қолдану дағдылары жоқтың қасы. Электронды кітапхана, ғаламтор ресурстарын пайдаланумен қатар, энциклопедия, сөздікпен жұмыс жасау дағдысы жоқ студенттер де кездеседі. Сондықтан да, студенттердің өзіндік жұмыс жасауына көмек беру оқытушының негізгі міндеттерінің біріне айналады. Сондай-ақ студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстары олардың таным, іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі

бағытта ұйымдастыруға болады. Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынадай міндеттер орындалу керек:

-Студенттерге өзіндік жұмыстар туралы түсінік беру.

-Студенттердің өз бетімен тапсырма орындау әдістерін таныстыру.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

1.Оқытушының нақты тапсырмалар беруі;

2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың дербестігінің өзара байланысы;

3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу;

4. Олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі. Негізінен алғанда, студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу технологиясы мынадай элементтерден тұрады: Студенттердің өздік жұмыстарын жоспарлау, әдістемелік қамтамасыз ету, бақылау және орындалу бағасы, талдау және жетілдіру.[2]

Оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмысы сабақ барысында оқыту дәріс, практикалық, лабораториялық жұмыстар арқылы және сабақтан тыс уақыттарда жүзеге асады. Дәріс ақыл-ой әрекетінің тек 1-деңгейін, (тану) және біліммен танысу деңгейін қамтамасыз етеді. Ал СӨЖ ақыл-ой әрекетінің 2-деңгейін: қабылдау мен қайта жаңғырту және білім көшірмесін игеруін қамтамасыз етеді. Одан әрі ол алған білімді практикада қолдану, ептілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Оқытушы студенттің білім алуға деген мотивін дамытуға, ішкі ынта-ықыласымен білім алуға ұмтылуына көмектеседі.

Оқытушының бақылауымен студент:

- Зерттеушілік іскерлігімен дағдысын қалыптастырады;
- Өткен материалдарды жалпылай алу және қайталау;
- Алған білімді қолдану, оларды толықтыру, кеңейту дағдысын қалыптастырады;
- Оқытушы студенттің психофизиологиялық және академиялық үлгерімін ескере отырып, өз бетімен жұмыс жасауға бағыт-бағдар беріп, олардың дербестігінің дамуына мүмкіндік жасайды.
- Өзіндік белсенділігін, дербестігін дамыту үшін проблемалық баяндау, шығармашылық ізденіс әдістерін қолданған дұрыс.
- Оқытушы студентке жеке тапсырма таңдауға (курстық жұмыс, реферат, ғылыми баяндама, үлгі сабақ жоспарын құруға) көмектеседі.
- Әдебиеттермен қамтамасыз етуге, олармен жұмыс жасай білуге;
- Тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырма орындау жолдарын қолдана білуге үйретеді;
- Жеке не бірнеше студентке кеңес береді, студенттердің бір-бірімен жұмыс жасауын үйлестіреді.

Студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ) тиімді болуы маманның кәсіби бағыттылығының талаптарына сай жасалған өздік жұмысты ұйымдастыру үлгісінің дұрыс құрылуына байланысты болады. Студенттердің өзіндік жұмыс жасаудағы қабілеттерін қалыптастыру міндетін орындауда бүкіл педагогикалық ұжым үшін проблема туындайды. Ол осы жұмыс мазмұнына оқушыларды мақсатты түрде, әсіресе студенттерді оқытуда болып табылады[3]. Мұндай оқыту оқу іс-әрекетінің өзінің модельдеу тәсілдерін қалыптастыруды, студенттердің ең қолайлы күн тәртібін анықтауларын, оқу материалымен жұмыс істеудің ұтымды тәсілдерін саналы аңғаруын және оны кейіннен өндеуін, терең, сонымен бірге тез оқу амалдарын игеруді, түрлі әрекеттердің, конспектілердің, оқу-практикалық міндеттерді қою мен шешудің жоспарын құруды қамтиды. Жалпы студенттердің өзіндік жұмысы - оқу іс-әрекеті тұрғысынан, сыныптық оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруға негізделеді. Соның ішінде бұл оқытушының сыртқы қадағалауынан студенттің өзін-өзі қадағалауына және де сыртқы бағалаудан оның өзін-өзі бағалауының қалыптасуына өтуі мен олардың байланысына қатысты және бұл, өз кезегінде, оқытушының бақылау мен бағалауды жетілдіруін ұйғарады. Нәтижесінде өздігінен жұмыс жасау, өз бетінше білім алу, өз кәсіби әрекетінде ғылыми ізденіс жасау іскерлігі мен дағдысы, аналитикалық ойлауы қалыптасқан, өз әрекетін басқара алатын, өз жұмысының нәтижесінде өзіндік бақылау жасайтын студенттің шығармашылық тұлғасы қалыптасады.

Олай болатын болса, жүйелі түрде ұйымдастырылған және де ғылыми негіздегі студенттердің өздік жұмысы мен студенттердің оқу-танымдық әрекеттерін басқару жұмысы олардың саналы белсенділігін, жоғары оқу-кәсіби мотивациясын, оқу процесінің сапасын қамтамасыз етеді, студенттердің шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор әсер білдіреді, қайсарлық,

табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеген мақсатқа жетуге және жеке тұлғаны сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Р.Б.Исмаилова Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері.//Бастауыш мектеп- №5,6-2012, Б.36-37.
2. Б.А.Сейдахметова. Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мәселесінің жүйелілігін қалыптастыру. /https://ust.kz/
3. Самостоятельная работа студентов: виды, формы, критерии оценки : [учеб.-метод. пособие] / [А. В. Меренков. — Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2016. — 80 с.

УДК 37.012

ЭФФЕКТИВНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ

Нугманова Ж.Т.
Паронимдерге қатысты қателердің көбіне сөздің мағынасын жетік білмеуден, тілге немқұрайды қараудан, сонымен бірге тілге қатысты тиісті сөздіктер мен еңбектерде оларға берілген анықтамалар мен түсініктемелердің жаңсақ не екіұшты болып келуінен, қосымшалар қызметін, мағыналарын айыра алмаудан орын алатындығы анықталды. Сонымен бірге фонетикалық ұқсастық пен этимологиялық ортақтықтары да әсер еткені анғарылды. Және олардың тілімізде қиындық тудыру сипаты да бірдей емес. Әсіресе мағыналары түсініксіз, сирек қолданылатын сөздерден жасалған паронимдердің қолданыста ажырату қиынырақ тиетінін байқадық. Бұндай сөздерді тілді жақсы меңгерген қаламгерлеріміздің өзі жиі жаңсақ қолданады.

Жалпы алғанда, семантикалық екіұштылық тілде едәуір тарған құбылысы қана емес, тілдің өзгеру, даму үдерістеріне жанама болса да қатысып отырған, оның белсенді факторларының бірі екендігінде сөз жоқ. Сондықтан да семантикалық екіұштылық мәселесі аолдағы уақытта кеңірек әлі толық зерттеуде қажет етеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230
2. Виноградов В.В. Основные типы лексических значений слова // Вопросы языкознания. – Москва, 1953. № 5.
3. Потебня А.А. Из записок русской грамматики. Т. I–II. – М.: Учпедгиз, 1958.

УДК 81.37

ПРОБЛЕМА ПАРОНИМИИ И СЕМАНТИЧЕСКОЙ НЕОДНОЗНАЧНОСТИ

Бекмашева А.Н., Кармысов А.А.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В статье изучена языковая природа и специфические признаки паронимов и семантической неоднозначности, не изученных в казахском языке. Паронимы имеют сходное произношение, значения у каждого другого, лексико-семантические пары, значения которых определяются в тексте. А семантическая двусмысленность-это речевое явление, проявляющееся как составная часть скрытой многозначности. В работе автор на примерах доказал сопряжение этих явлений в словообразовании и подтекстовый смысловой характер и художественно-стилистическую деятельность.*

Ключевые слова: *парнонимы, семантическая неоднозначность, стилистический подход, художественный образ, полисимия, ложная ассоцация.*

ӘОЖ 37.013

ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ТАРИХИ ЖЫРЛАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ПАТРИОТИЗМГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Куаныш Т.Т.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,Оралқ.

Аннотация. *Бүгінгі таңда Қазақстанның ұлтжанды азаматын тәрбиелеу өзекті мәселелердің негізі болып табылады. Бұл орайда ұлттың көркем әдебиетінің, тарихи-мәдениетінің рөлі зор. Елін-жерін жаулардан қорғаған батыр бабаларымыздың ерлігі ұлт шежіресіне айналды. Олардың рухты ерлігі–ұлт рухы. Елінің ұлтжанды - патриотын тәрбиелеу балабақша, бастауыш буын, мектеп қабырғасынан басталады. Тарихи жырлардың оқытылу маңыздылығы әдістемелік тұрғыдан рухани жаңғырудың бір бөлігі. Санасы сергек, жүрегі Отаным деп соққан ұрпақ қана ел болашағының тірегі. Тарихи жырлардың әдебиет сабақтарында оқытылуы-ұрпақ санасын қалыптастырудың басты құралы.*

Кілт сөздер*:ұлт шежіресі,ұлт рухы, ұлтжанды- париот.*

Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары қазақ тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Яғни олар ұлттық тұлға болған. Ең алдымен ұлттық тұлға деген ұғым – тарихи өлшем. Яғни тарихи тұрғыдан ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған. Міне қазақ тарихының әрбір белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан, немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған, ұйымдастырушы болған, немесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар – халық батырлары атанған.

Осы еңбегі үшін халық биікке көтерген, ардақтап, аттарын аңызға айналдырған батырлардың ішінде, әсіресе, Абылай ханның бас қолбасшылары саналған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай бір төбе болса, тағы да осылардың қатарында бір шоғыр қазақ батырларының: Қарасай мен Ағынтай, Саңырық пен Тайлақ, Өтеген мен Сұраншы, Сеңкібай мен Шойбек, Малайсары мен Райымбек, Бөлек пен Сатай, Жәнібек пен Тілеуке, Қылышбек пен Естенбек, Есенқұл мен Сыпатай сынды ақберендердің есімдері де айрықша жарқырап көрінеді. [1] Сондықтан осы аттары аталған айтулы батырлардың ел тағдырындағы тарихи орны мен олар жасаған ерлік жорықтарының мәні мен маңызы да бірнеше ғасырлар бойында ел жадынан бір сәтке де ұмыт қалған емес.

Ел тағдырындағы батырлардың тарихи орнын бейнелеген, сомдаған өнер туындыларын сөз еткенде біз ауыз әдебиетін, яғни халық мұрасын алдымен атаймыз. Бұл мұралардың аса маңыздылығын, ел тағдырындағы тарихи мәнін біздің аға буын, әдебиеттанушы ғалым-зерттеушілеріміз айтып кеткен. Мысалы, қазақ эпостану ғылымында батырлық жырлардың мазмұнына, көркемдік сипатына қатысты алғашқы, құнды ғылыми ой-толғамдарға арна салған маңызды зерттеулер, жинақтар жарық көре бастады. Осынау көркемдік құндылығы аса жоғары халықтық мұраларымыздың ел арасынан, әртүрлі дерек көздерінен жиналып, тұтастырылып, өңделіп, ғылыми тұрғыдан зерттелуі Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Ы.Алтынсарин, Ә.Диваев, Г.Потанин, И.Березин, И.Мелиоранский, Н.Ильминский, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров еңбектерінен бастау алып, кейінгі кезеңдерде де осы үрдіс әдебиеттану ғылымының басқа да белгілі өкілдерінің еңбектерінде жалғасын тапты. Бұл еңбектерде енді халық ауыз әдебиетінің, оның ішінде батырлық жырларымыздың тарихи негіздеріне, осы жырлар өмірге келген кезеңнің әлеуметтік-қоғамдық сипатына да тереңірек талдау жасала бастады.

Мысалы, белгілі әдебиеттанушы–ғалым Е.Ысмайылов қаһармандық жырларымыз әрқилы тарихи кезеңдерде дүниеге келіп, сол кезеңдердің тарихи-саяси, әлеуметтік оқиғаларымен терең

сабақтасып жатқандықтан төмендегідей саралау жасайды:

1.Қаңлы-Қыпшақ дәуіріне (“Ер Төстік”, “Көрұғлы”, “Алпамыс” т.б.) жырларды жатқызады.

2.Ноғайлы заманының жырлары деп (“Қобыланды”, “Дотан батыр”, “Едіге”, “Орақ-Мамай”, т.б.) мұраларды атайды.

3.Қазақ пен жоңғар арасындағы күресті суреттейтін, сол тұста халыққа кеңінен таныс, ел тағдырындағы айтулы оқиғалардың бейнесін қайта тірілтетін, қайтара жаңғыртатын жырлар дейді. (Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Өтеген, Сұраншы, Райымбек, Малайсары, Олжабай, Жәнібек, Тілеуке, Саңырық, Сыпатай т.б. батырларға арналып, солардың ерлік жорықтарын, батырлығын, қаһармандығын, ақыл-парасатын, әсіресе отан сүйгіштік қасиеттерін қастерлей отырып жырлайтын туындылар тобын атайды)[2].

Бүкіл қазақтың басын біріктіріп, қазақ мемлекеттігінің тұтастығын, күш-қуатын жаңа тарихи, саяси, қоғамдық-әлеуметтік биікке көтерген ұлы хан Абылайдың төңірегінде топтасқан қазақтың үш бас батыры Қаракерей Қабанбай, Қанжығали Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, үшеуі де қазақ әдебиетінде терең, әрі көп жырланған тұлғалардың қатарынан орын алады. Басқа ақын-жазушыларымызды айтпағанда, бір ғана Бұхар жыраудың, Ақтамбердінің, Үмбетейдің, Тәтіқара ақынның және тағы да басқа осы кезеңде өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармашылығының өзінде осы үш батыр бейнесіне айрықша маңыз беріледі[3]. Жалпы, Қабанбай, Бөгенбай, Баян, Наурызбай сынды атақ-даңқы алысқа кеткен батырлардың тұлғасын биік, көтере, марапаттай жырлайтын, олардың ата-тегін, ата-жұртын, асыл елін өлең-жыр арқауына негіз ететін, жалпы батырлықтың, қаһармандықтың қазақ тағдырындағы тарихи маңызын сипаттайтын өлең-жырлар аз болған жоқ.

Осылардың ішінен Шапырашты Наурызбай батыр туралы көркем әдебиет үлгілерінің өзі бір төбе. Айталық, Наурызбай батырға, оның жаужүрек ерлігіне шығармалар арнаған жыраулар: Бұхар жырау Қалқаманұлының, Үмбетей Тілеуұлының толғаулары, Шәді төре Жәңгіруұлының “Тарихат” дастаны, Шапырашты Қазыбек бектің “Түп-тұқианнан өзіме шейін” атты әдеби-тарихи еңбегі т.б. туындылар, жиылып келгенде Абылай ханның арқа сүйеген, қиналғанда қолтығынан демеген, қайраттанғанда дұшпанына жасын болып шүйілген, елін, жерін жаудан сақтаған – хас батыр Шапырашты Наурызбайдың тарихи тұлғасын әр қырынан танытқандығымен құнды болды[4].

Сонымен бірге, халық арасында кең тараған, аңызға айналып кеткен әңгіме, жырлардың арқауында айтулы қазақ батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбаймен әрдайым үзеңгі қағыстырып, бір топта, қатар жүрген батырлар шоғырында: Өтеген, Райымбек, Бөлек, Сатай, Аралбай, Сеңкібай, Шақшақұлы Жәнібек, Қаумен, Дәулет, Жәпек, Есенқұл сынды жаужүрек, ақберен тұлғалардың да аттары аталады.

Сүйінбай жырларында қазақ батырларының Қоқан хандығына қарсы күресі, сол кезеңдегі ел басына төнген қауіп-қатер, туған жер тағдырына қатысты ақынның терең тебіреністен туған толғаулары жан-жақты көрініс табады. Ақын “Сұраншы батыр” дастанында тарихи кезең шындығы мен тарихи тұлғалардың ел тағдырындағы алатын орнын, олардың ерлік істерін дәстүрлі қазақ поэзиясының арнасында көркем шежірелейді[5].

Осы жыр жолдарының халықтық рухы, елдік сипаты ең алдымен аталған ақындардың суреткерлік қолтаңбасынан, яғни осындағы жиі көзге түсетін теңеулердің көркемдік қуатынан, алмастай өткір, теңіздей терең ой-толғамдарынан жарқырап көрініп отырады.

Сондықтан да, әдебиетімізде көп жырланған атақты батырларымыз, ең бастысы, ел басына қатер төнгенде шашақты найза қолға алып, қазақтың жау жүрек ұлдарын бастап басқыншы жауға тойтарыс берген Абылай, Қайыр хан, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шапырашты Наурызбай, Өтеген, Сұраншы, Райымбек, Батыр Баян, Кенесары, Науан сынды есімі ісі қазаққа аса қымбат, аса аяулы батырлардың әдеби мұраларымызда: халық ауыз әдебиетінде, жыраулық поэзияда, жазба әдебиетте бас кейіпкерлер деңгейіне көтерілу сыры алдыменен олар туралы тарихи жырлардың, тарихи аңыз-әңгімелердің ел арасына кеңінен жайылуында және олардың ұрпақтан-ұрпаққа тарап, жалғасып келе жатқандығында жатыр. [6] Яғни қазақ елінің, қазақ жерінің тағдырындағы Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шапырашты Наурызбай батырлардың және осы қатардағы басқа да әйгілі қазақ батырларының тарихи миссиясының мәні мен маңызын алдыменен осы тұрғыдан таразылағанымыз орынды.

Ең бастысы ел тағдырындағы, ұлттық тарихымыздағы әрбір есімі белгілі, халық жадында биік тұғырға көтерілген, халықтық ұғымдағы ел махаббатына, ел сүйіспеншілігіне бөленген батыр-тарихи тұлға ретінде бүгінгі күнде де, қазіргі заманымызда да еш маңызын жоймайды. Әсіресе қазіргі тұста, қолымыз ұлттық тәуелсіздікке жетіп, еліміз ғасырлар бойы аңсаған, армандаған егемендігін алған тұста қазақ батырларының баға жетпес еңбегі, ерлік жорықтары, ең бастысы бір сүйем қазақ жері үшін қасық қаны қалғанша жаумен жаға жыртысып тағдыр кешкені – тарихи танымның, рухани тағылымның баға жетпес биігі осы.

Қазақ батырлары және олардың ел тағдырындағы тарихи орны дегенде, біз біріншіден, батырлар жырындағы, тарихи жыр, аңыз, дастандардағы тереңнен тамыр тартқан туған жер туралы идеяны бірінші қатарға қоюымыз қажет. Батырлар туралы бірде-бір халық мұрасы осы идеяны айналып өтпеген. Туған жерді қорғау, сақтау, келер ұрпаққа аманаттау, ел бірлігі, ел ынтымағы идеясы-бізге жеткен барлық әдеби мұралардың алтын арқауы осы.

Атақты жырларымыз, сонау “Құбығұл”, “Дотан”, “Құламерген, Жоямерген”, “Алпамыс”, “Қобыланды”, “Қамбар батыр”, “Ер Қосай”, “Ер Көкше”, “Ер Сайын”, “Ер Тарғын”, “Күлтегін”, “Қырымның қырық батырынан” бастап өткен ғасырда ғана жарық көрген жыр алыбы Жамбылдың “Сұраншы батыр”, “Өтеген батыр”, Қ.Бекхожиннің “Науан батыр” дастандары, атақты Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Райымбек, Малайсары, Саңырық, Сыпатай, т.б. батырлар жайында айтылған, жазылған көркем мұраларды дүниеге келтірген, арқауы үзілмеген тұтас шығармашылық кезеңдердің барлығы осы арнада желі тартады.

1-сабақтың үлгі-нұсқасы. (Бағдарламалық сабақтарға қосымша)

Сабақтың тақырыбы: «Қабанбай батыр» хиссасы.

Сабақтың білімдік мақсаты: Тарихи жырлар туралы түсінік ұғымын қалыптастырып, хисса туралы білімдік-танымдық жұмыс жүргізу, қосымша білім беру, толықтыру.

Сабақтың тағылымдық мақсаты: Тарихи-ұлттық тәлім беру, ел тарихын, ұлтын, тарихи мұраларын құрметтеуге, азаматтық тұлға қалыптастыру.

Сабақтың дамытушылық, танымдық мақсаты: Ел тарихының мұралары арқылы біліктіліктерін, танымдық деңгейлерін арттыру, ізденіс қабілеттерін күшейту негізінде ғылыми дағдыға дағдыландыру.

Сабақ көрнекілігі, қосымша материалдар: Батыр туралы мұрағаттық деректер, хронологиялық кесте, ақпараттықбасылымдар т.б.

Түрі: Танымдық-деректік сабақ.

Әдісі: Дәріс беру, талдау, зерттеу.

САБАҚ БАРЫСЫ:

1.*Батыр туралы тарихи деректеме.*

Ер Қабанбай (тарихта қалған аттары-Ерасыл, Ізбасар, Дарабоз, Нарбала) 1700-1757 жылдар аралығында ат үстінен түспеген, басқыншы жауға тойтарыс берген ұлы тарихи тұлға. Ол-батыр, әйгілі хан қолбасшысы, бас батыр. Шапқыншылықтарда басты жекпе-жекке шығып, жеңген басқыншылар батырлары: Арсалан (Монғол), Олжежырғал, Доланқара, Әтіке (Қырғыз), Арқауыл т.б.

Есімдері	Лауазымы	Ерлік жылдары	Басты жекпе жектері	Тұлпары, сипаты
Ерасыл Ізбасар Нарбала Қабанбай Дарабоз	Батыр, әйгілі хан қолбасшысы, бас батыр.	1700,1710, 1716,1720, 1723,1725, 1728,1745, 1755-1757...	Арсалан/монғол/ Өлежырғал, Доланқара, Әтеке /қырғыз/ Арқауыл т.б.	**Құбас,** Кең маңдай, дөңес, талпақ танау, нар тұлғалы.

2. Жырдың композициялық құрылымы, көркемдігімен жұмыс.

(*Оқушылардың қызметін ұйымдастыру оза оқыту әдісі бойынша берілген тапсырмалар арқылы жүргізілгені тиімді. Тапсырмалар мұғалім қалауымен беріледі.)*

Жырдың оқиғалық желісі:

1. Қырғыздардың Қабанбай туыстары Қаракұрсақ ауылын шабуы.

2. Қырғыз батыры Әтікеннің өлімі.
3. Інісі Дәулетбай батырдың қыз тартуы ақ тайлақ үшін Қабанбайға өкпелеуі.
4. Қабанбайдың науқасқа шалдығуы.
5. Өлім алдында інісі Дәулетбаймен табысуы.

3.Әдеби-теориялық терминдер бойынша танымдық жұмыстар.

Хисса – араб тілінде факт, тарих, оқиға, суреттеме деген мағнаны білдіреді. Халыққа оқып таратушыларды хиссашылар, хиссахандар дейді.

Дастан /парсы сөзі/- батырлар жыры, уақиғалы өлең, сюжетті аңыз. Дастанда өлең мен қара сөз араласып келеді. Дастан он бір буынды, жеті-сегіз буынды болып келеді. Орындаушысын «Дастаншы» дейді.

Шығыс сюжетінде жазылған қазақ дастандары: «Рүстем-Дастан», «Ләйлі-Мәжнүн», «Сейфулмәлік-Бәдігүлжамал», «Жүсіп-Злиха» т.б.

Қосымша дерек: (шығыстық терминдер) Бәйіт, газал, аят, диуан, қасида, маснаул, мухаммас.
(Сабақ деректік-дәрістік бағытта жүргізілгендіктен, бекіту, ой-толғам, сын тұрғысы, анализ-синтез т.б. әр мұғалімнің өзіндік шеберлігі мен тәсіліне қарай жүргізіледі.)

2-сабақтың үлгі-нұсқасы.

Сабақтың тақырыбы: «Бекет батыр» жыры.

Сабақтың білімдік мақсаты: Бекет Серкебайұлының өмірінен және тарихи оқиғалар жөнінде мәлімет беріп, жыр туралы танымдық жұмыстар жүргізу.

Сабақтың тағылымдық мақсаты: Тарихи-ұлттық тәлім беру, ел тарихын, ұлтын, тарихи мұраларын құрметтеуге, азаматтық тұлға ретінде елін, халқын, тарихын сүюге баулу.

Сабақтың дамытушылық, танымдық мақсаты: Әдеби жанрларға сүйене отырып, әдеби зерттеулер жасауға, ізденіс жұмыстарымен айналысуға бағыттау.

Сабақ көрнекілігі, қосымша материалдар: Бекет батыр туралы деректер жинағы, академик Қ.Жұмалиев естелігі, еңбегі, хронологиялық кестелер, слаидтар, мұрағаттық деректер.

Түрі: Танымдық-деректік сабақ.

Әдісі: Дәріс беру, талдау, зерттеу.

САБАҚ БАРЫСЫ:

1. *Батыр туралы тарихи деректеме. (*Баяндау*)*

«Бекет батыр» жыры тарихи жырлардың өзіне тән ерекшелігін көрсетуге жарамды жырлардың бірі. Алдымен тарихи болған уақиғаларға, қатысушы адамдары, олардың іс-әрекеттері-тарихи мәліметтерге өте жақын келеді.

Бекет тарихта болған адам. Ол 1822 жылы туған. «Айман-Шолпан» жырының кейіпкері Көтібардың Серкебайдан туған немересі. Жырдың шыққан кезі XIX ғ екінші жарымы.

1852-53 жылдарда ханға, патшаның отарлау саясатына қарсы Орынбор-Ақтөбе қазақтары көтеріліс жасады. Бұл көтерілісті басқарушылар-Есет пен Бекет болды. Осы күрестің шарықтау шегі 1855 жылы аға сұлтан Арыстан Жантөриннің өлтірілуі. Көтеріліс жеңіліске ұшырағанмен, тарихта өшпес ізін қалдырды.

1. Жинақтау кестесі арқылы топтастыра меңгерту.

*(*Түртіп алу*)*

Туған, өткен жылы, тегі	Тарихтағы орны	Көтеріліс саясаты	Батырдың сипаты	Мінезі
1882-? Шекті-Тілеуқа бақ, Ақтөбе, Шалқар	Батыр, көтеріліс ұйымдастырушысы, 1847-1858	Патшалық отарлауға қарсы күрес, бостандық	Шойын тұлғалы, қалың қасты, дөңес, қыр мұрынды, қою сақалды.	Қайсар Батыл, қатты, дұшпанына қатал

3. Жыр құрылымымен жұмыс.

- Жыр мазмұнының фабуласы;
- Жырдан үзінділер оқыту;
- Көркемдік дәрежесін таныту;
-Эпостық жырлармен салыстырып, ауыз әдебиетімен байланыстыру;

Жырдың шешімі: (Арыстан Жантөриннің өлімі).

Арыстан мінген Көккасқа,
Астынан алып мінгенмін.
Жібек баулы қолша тон,
Үстінен алып кигенмін.
Талтаңдаған төрені
Сақалынан ұстап ап,
Қонаққа сойған қозыдай,
Қолымнан өлім бергенмін.
Өлтірген неше төрені,
Салмойын Бекет дегенмін.

Кейіпкер тағдыры:

1856 жылы губернатор әмірімен Баймағамбет сұлтан осы уақиғадан кейін оларды алдап шақыртады. Жалған бітімге алданып қалған Бекет пен Ерназар қолға түседі. 1856 жылы губернатор әмірімен Сібірге айдалады.

Оқушылар қызметіне ұсынбалар:

- Жырдың сюжеттік, композициялық құрылымы;
- Жырдың көркемдік ерекшелігі;
- Проблемалық шешім:
- Сыни ой-толғам;
- Салыстырмалы зерттеу;

(Бекіту, үй тапсырмалары мұғалімнің қалауымен, бағдарламаға сәйкес жүргізіледі)

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев.Қ. XYIII-XIX ғ.ғ. қазақ әдебиеті-А.1967.
2. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары А., 1975 137 б
3. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері т1 А 1958 272б
4. Көпеев М.Ж.Тарихи әңгімелер,А,Жұлдыз журналы,1994,№10-12,202 бет.
5. Маданов Х, Мусин Ү. Ұлы дала тарихы. А, 1994,85 бет.
6. Хасенов Ә. Жоңғарларға қарсы жойқын шайқас.Қазақ тарихы журналы,№5,1994,30-32 б

УДК 37.013

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА ЧЕРЕЗ ОБУЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКИМ ПОЭМАМ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ

Куаныш Т.Т.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *На сегодняшний день воспитание Национального гражданина Казахстана является основой актуальных проблем. В этом плане велика роль художественной литературы, исторической культуры нации. Подвиг наших героических предков, защищавших свою страну от врагов, стал летописью нации. Их духовный подвиг-это дух нации. Воспитание патриотизма начинается со стен детского сада, начального звена, школы. Важность преподавания исторических поэм в методическом плане является частью духовного возрождения. Только поколение, сознание которого бодро, сердце которого бьется о Родине, является опорой будущего страны. Преподавание исторических стихов на уроках литературы-главное средство формирования сознания поколений.*

Ключевые слова: *генеалогия нации, дух нации, национальность-париот.*

ОӘЖ 81.34

ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Жексенғалиев Б.Ө.
Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Орал қ.

Жат сөздердің тіл бұзар
әсерінен құтылудың бірден- бір
жолы олардың қазақша
баламасын тауып, сөйленімге
жаппай ендіру ғана болып отыр.
Әлімхан Жүнісбек

Аннотация. *Мақалада қазақ фонетикасы терминдері жаңа жүйесінің қалыптасуы, термижасамдағы дәстүр сабақтастығы мен халықаралық терминдерді пайдаланудағы шешімін күткен мәселелер сөз болады. Профессор Ә.Жүнісбектің ғылыми ізденістеріне талдау жасау арқылы тек фонетика саласында ғана емес, жалпы қазақ терминжасамындағы басты бағыт төл сөздерді пайдалану болу керектігі, шеттілдік сөздерді қолданудың бірегей ережесі қажеттігі туралы тұжырым берілген.*

Кілт сөздер. *Қазақ тілі, дыбыстық жүйе, үндесім дыбыс, үндесім сөз, үндесім буын.*

Қазақ фонетистері ұсынған үндесім теориясы бүгінде халықаралық деңгейде танылып үлгерді және түрік тілтанымы үшін ғана емес, жалпы фонетика ғылымындағы елеулі жаңалық болды. Дүние жүзі тілдері жіктелімінде жалғамалы (агглюнативті) сипатымен ерекшеленетін түрік тілдерінің басты фонетикалық ерекшелігі үндесім екенін мойындау ғылыми ойдың дамуымен, ғылыми көзқарастың ауысуымен байланысты. Түрік фонетикасын жаңа теориялық деңгейге көтеру ісінде қазақ фонетистерінің көшбасшы болуы да атап өтерлік жай және ол заңды да. Түрік тілдерінің ішінде үндесімді бар болмысымен сақтап қалған бірден-бір тіл - қазақ тілі екенін түрколог-ғалымдар бірауыздан айтып отыр. «Асыл тіл, түзу емле қазақта» (А.Байтұрсынұлы) болса, тіл заңын түзеу де қазақ тіл білімінен басталып, бүгінде қайта жалғасын тапты. Сондықтан да қазір қазақ фонетикасы ғылымында тілдің дыбыстық жүйесін үндесім теориясы бойынша сипаттауды терминологиялық жағынан реттеу үрдісі жүріп жатыр.

Бұл арада қазақ тіл білімінің фонетика саласындағы төл терминдер жүйесін қалыптастырудағы дәстүр сабақтастығы туралы айта кеткенді жөн көріп отырмыз. Халықаралық терминдер басым болып келетін ғылымның өзге салаларымен салыстырғанда қазақ тіл білімінің, оның ішінде фонетика саласының атау сөздері негізінен төл сөздерімізден құралған. Тіл табиғатын сол тілге тән табиғи ұғымдармен түсіндіру үрдісі ХХғ. 80-90 жылдарынан қайта бастау алып, қазір де жалғасуда. Бұл ұлы істің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрса, кейін Құдайберген Жұбанов терминжасамдағы осы үрдісті одан әрі дамыта түсті. Ал ХХ ғасырдың соңында қазақ фонетикасы мәселелерін зерттеудегі жаңа бағыт, сингармонизм теориясына негізделген бағыттың авторы профессор Әлімхан Жүнісбек еңбектерінде осы терминжасам тәсілі жалғасын тапты. Проф. Ә.Жүнісбек үндесім теориясының ұғымдары және сол ұғым-түсінік атауларын қалыптастыру ісінде де ұлттық терминжасам дәстүріндегі пәнсөздер жүйесін қолданысқа енгізді. «Үндесім дыбыс, үндесім буын, үндесім сөз ұғымдары мен оларға тән жалпы фонетикада жоқ атаулар құрамы жинақталды» [1]. Ғылым саласындағы терминжасам ісіндегі сабақтастықты дәл аңғарған белгілі терминолог- ғалым Ш.Құрманбайұлы бұны «үзіліп қалған ұлттық терминжасам дәстүрінің араға 60-70 жыл салып барып қайта жалғасын табуы деп бағалаған дұрыс болар» [2] деп атап көрсеткен еді.

Бұл бағытта ғалым ұстанып отырған басты бағыт «ұғымдар мен атауларды мүмкін болғанша қазақылап алу» және «атаудың уәждемелі болуы» [3]. Енді профессор Ә.Жүнісбек ұсынған фонетика салалары атаулары мен салаға тән жіктелім белгі атауларына тоқталсақ.Жіктелім (классификация) салалары мен атаулары:

Жасалым жіктелім, айтылым жіктелім, естілім жіктелім, үндесім жіктелім, үйлесім жіктелім.

Жасалым фонетика және жасалым атаулары:

1. Дауыстылардың жасалым жіктелімі: *жалаң - құранды; ашық - аралық қысаң - қысаң; ерін - езу; тіл орта - тіл арты; тербелмелі.*

2. Дауыссыздардың жасалым жіктелімі: *тербеліссіз - тербеліңкі - тербелімді; тоғысыңқы - жуысыңқы; ерін-ерінді - тіл ұшы - тіл ортасы - тілшік.*

Айтылым фонетика атаулары:

Айтылым белгі, ауыз қуысы- көмей қуысы, ауыз қуысты- көмей қуысты, лепті – босаң - бос, кең тынысты - қысаң тынысты, шашыраңқы- жинақы т.б.

Естілім фонетика атаулары:

Естілім белгі, түйсінім түрі: қатаң, ұяң, үнді; естілім қарқыны: күшті лепті, босаң лепті, бос лепті.

Үндесім фонетика атаулары:

Үндесім, үндесім белгі, үндесім тіркес, үндесім сөз, үндесім буын, үндесім дыбыс, ерін үндесім, тіл үндесім, бейтарап үндесім, жаппай үндесім, жалпы үндесім, шала үндесім, іргелес үндесім, үндесәуез, жуан езулік үндесәуез, жіңішке езулік үндесәуез, жуан еріндік үндесәуез, жіңішке еріндік үндесәуез т.б.

Үйлесім фонетика атаулары:

Үйлесім, үйлесім тіркес, үйлесім сөз, үйлесім буын, үйлесім дыбыс, тіл үйлесім, ерін үйлесім, жалпы үйлесім, жаппай үйлесім, дәнекер үйлесім, шала үйлесім, іргелес үйлесім т.б.

Алмасым (чередование) атаулары:

Бейрет алмасым, еркін алмасым, табиғи алмасым,тарихи алмасым, іргелес алмасым, шеп алмасым.

Әуентаным (интонология) атаулары:

Әуез (тембр), аралас әуез, езу әуез, ерін әуез, жуан әуез, жіңішке әуез, үндесім әуез; әуен (мелодика), жоғары әуен, төмен әуен, өсіңкі әуен, түсіңкі әуен, өшік әуен, тең әуен.

Бұл келтірілген мысалдардан басқа *әріптеме (графика), жалғаным (агглютинация), екпінтаным (акцентология), сөйленім (речь), сөйлесім (диалог), сөйленіс (монолог), әуен тіл (тональный язык), бейүндесім (асингармонизм), бейекпін (безударный), үндесім тіл (сингармонический язык), дыбыстаным(сегментология), сетінем (редукция), түрленім (модификация) т.б.* атауларды атап кетуге болады.

Қазақ тіл білімі ғылымының бір саласындағы терминжасам тәжірибесі бұл бағыттағы басымдық төл сөздерге берілу керектігіне тағы бір дәлел. Әрине, халықаралық сөздер төл термин тұрақтағанша, сол сияқты жалпы, салыстырмалы бағыттағы еңбектерде қолданыста қатар жүреді және олардың барлығына балама табу да қиын болар. Ал олардың жазылу, айтылу нормалары – бөлек әңгіме.

Күні бүгінге дейін халықаралық термин сөздердің айтылымы, жазылымына қатысты бізде нақты ұстаным мен бағыт болмай келгендігі анық.

«Орыс тілі арқылы сатылап бізге жеткен бөгде сөздерді, яғни интерминдерді, кеңестік ұғымдар арқалаған русизмдерді Құран сөзіндей киe тұтып, сол күйінде бұлжытпай алу ауруына шалдықтық»[4].

Бұл кесірдің, аурудың бізге өтіп кеткендігінің бір дәлелін бүгінгі күні елімізде жүріп жатқан жаңа әліпбидің емлесіне қатысты талқылаулардан көруге болады. Туған тілдің мүмкіндігіне сенбей, шет тілден енген сөздерді түпнұсқа үлгісіне жақындатып жазамыз деп отырғанымызды басқаша қалай түсіндіреміз?

Қазір елімізде басталған жазу реформасының басты мақсаты – қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тілдегі «тіл бұзар ережелерден» арылу деп түсінеміз. Сондықтан да шеттілдік (кірме) дыбыс пен таңбалардың, шеттілдік сөздердің тілімізде қолданылуы мәселесіне байланысты түпкілікті байлам мен шешімге келу маңызды. Бұл арада жартылай шешім болуы мүмкін емес. Қазақ жазуы мен емлесінде шешімін күткен осы мәселелер болашаққа жүк болмауы үшін бүгін шешілгені дұрыс. Өзге тілден сөздерді біз қазақ тіліне қызмет етуі үшін алдық қой. Ал тілімізге қызмет етсе, сол тіл заңына

бағынуы керек. Ол дегеніміз - барлық тілдердегі тәжірибемен «*интертерминдердің тұлғасын өзгертпей, тұрпатын қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау*» [Ө.Айтбайұлы]. Бұл жағдайда өзге тілдер тәжірибесімен,ең бастысы, «қазақ сөзінің үндесім әуезін бұзбайтын жазылымға тұрақтасақ» (Ә.Жүнісбек), ол, сөз жоқ, қазіргі кезеңде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы тарихи шешім қабылдап, емле ережелерімізді бекітер тұстағы тіл болашағы үшін жасалған нақты қадам болар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Жүнісбек «Қазақ фонетикасы», Алматы, «Арыс», 2009 ж.
2. Ш.Құрманбайұлы «Терминтану».Алматы, «Атлас», 2006,116 бет.
3. Терминологиялық хабаршы. №2, 2002, 31б
4. Ө.Айтбаев «*А.Байтұрсынұлының өнегесі мен Ә.Қайдар қағидасы*» //«Егемен Қазақстан»25.09.2017ж

УДК 81.34

ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ЗВУКОВОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Жексенгалиев Б.У.
Западно Казахстанский инновационно- технологический университет, г.Уральск

Аннотация.*В статье рассматриваются проблемы становления новой системы терминов казахской фонетики, вопросы, ожидающие решения при использовании международных терминов. На основе анализа научных изысканий профессора А. Жунусбека, сделан вывод о том, что главным направлением не только в области фонетики, но и в казахском терминообразовании в целом должно быть использование исконно казахских слов, необходимы уникальные правила употребления иноязычной лексики.*

Ключевые слова: *казахский язык, звуковая система, созвучный звук, созвучное слово, созвучный слог.*

УДК 81.367(075)

ОБУЧЕНИЕ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ С НЕРУССКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ. АУДИРОВАНИЕ КАК КОМПОНЕНТ УСТНОГО РЕЧЕВОГО ОБЩЕНИЯ

Джуманиязова У.А, Муратова А.С.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация*. В статье были затронуты и кратко освещены основные вопросы, связанные с таким видом речевой деятельности, как аудирование, показаны особенности этого достаточно сложного психофизиологического процесса, даны общие методические рекомендации для практической работы преподавателя в условиях обучения студентов русскому языку.*

Ключевые слова: *аудирование, речевое общение, речевая деятельность*

Общеизвестно, что студенты с нерусским языком обучения изучают русский язык для практического использования его в качестве средства общения. Речевое общение осуществляется посредством четырёх видов речевой деятельности: аудирования, говорения, чтения и письма. В условиях реальной коммуникации все четыре вида речевой деятельности тесно взаимосвязаны, очень часто перемежаются друг с другом.

Виды речевой деятельности с точки зрения методической целесообразности делятся на продуктивные и рецептивные.

Продуктивной является речевая деятельность, направленная на порождение и сообщение информации. Это говорение и письмо.

Рецептивная деятельность ориентирована на восприятие информации. Это аудирование и чтение. Иногда вместо терминов «рецептивная» и «продуктивная» употребляются термины «активная» и «пассивная» речевая деятельность.

Речевое общение может осуществляться как в устной, так и в письменной форме. Обучение устной речи – это обучать, говорить на русском языке. Само слово речь – это и говорение, и слушание, это и чтение, и письмо. Каждый вид речевой деятельности может быть выражен в форме монологической и диалектической речи.

Устная речь – это сложный процесс, который объединяет две стороны: аудирование и говорение. Процесс говорения – это деятельность, имеющая своей целью выдачу информации. Процесс аудирования – это процесс одновременного восприятия языковой формы и понимания содержания высказывания на слух. Отличительной чертой своевременной методики преподавания русского языка является стремление к максимальному приближению условий учебного процесса к условиям естественной коммуникации.

Обучение аудированию

Аудирование – это процесс восприятия и понимания звучащей речи, где восприятие – анализ и синтез материальных средств языка, а понимание - результат анализа и синтеза смысловых значений этих средств. Таким образом, аудирование – это не пассивная фиксация звуковых сигналов, а активное их преобразование в определённую смысловую запись.

Задача обучения аудированию – выработка умений понимать несложные, стилистически нейтральные речевые сообщения, предъявляемые и на слух однократно и в нормальном темпе. Аудирование стимулирует учебную и речевую деятельность учащихся, обеспечивает управление процессом обучения, используется для знакомства с новым языковым и речевым материалом, повышает эффективность обратной связи и самоконтроля. Аудированию необходимо обучать специально постоянно, учитывая специфику и сложность данного вида речевой деятельности.

Аудирование – это трудный для овладения вид речевой деятельности, так как требует от студентов большой мыслительной деятельности работы и высокой активности. Усвоение материала протекает наиболее эффективно, если он отрабатывается в последовательнсти: аудирование, говорение, чтение, и письмо. Из этого следует, что аудирование является не только одной из цели обучения языку, но и средствами овладения языковым материалом и действиями с ним.

Основная трудность в аудировании состоит в том, чтобы понять смысл устного речевого сообщения и для того, чтобы правильно построить обучение этому виду речевой деятельности надо хорошо представлять себе этапы и условия протекания этого процесса.

Особенности устной коммуникации, в условиях которой осуществляется восприятие речи на слух – это контактность с собеседником, ситуативность: большая доля паралингвистической - информации (мимика, жесты, наблюдаемая зрительная артикуляция), темп, задаваемые говорящим; высокая степень автоматизированности; необратимость во времени.

Лингвистические особенности: богатство интонационного оформления полные/не полные стили произношения, ритм, интенсивность, динамика, логическое ударение, тон паузы; не сложные грамматические структуры; наличие слов – заполнителей пауз (так сказать, значит и т. д.)

Аудирование начинается с восприятия, которое ведёт к распознаванию в речевом потоке звуков, слов, словосочетаний, моделей предложений и соотношения их с содержанием т.е. к осмыслению услышанного. Осмысление – это установление правильных связей между словами на основании значения отдельных слов и словосочетаний. Осмыслением должен заканчиваться состоящийся процесс аудирования.

К трудностям лингвистического характера относится недостаточная подготовленность слушающего в области фонетики, грамматики и лексики изучаемого языка. Например, фонетические трудности вызываются чаще всего недостаточным развитием фонетического слуха студентов: он слышит не то, что звучит ([б]аза – ваза; преподаватель – [б] реподаватель. Это может быть также связанно с расхождением между написанием и произношением слова или словосочетания (сегодня – (сиводн'а), поздно – (позно). Здесь помехой служит зрительный образ лексической единицы, которая

имеется в сознании студентов. Существенной помехой оказывается ещё и неумение слушающего правильно членить речевой поток на предложения, словосочетания, слова, несущие в себе смысл высказывания. В практике преподавания русского языка иностранцам известен такой случай, когда звучащее предложение: «шумел камыш» неподготовленный студент делит на такие комплексы «шумелка и мыш» и безуспешно пытается найти в словаре значение слова «шумелка».

Естественно, что большое количество незнакомых слов и грамматических конструкций оказывают свое непосредственное тормозящее воздействие на процесс аудирования. Большое влияние на процесс аудирования оказывает скорость предъявления речевых сообщений. Лучше всего, когда темпы говорящего и слушающего совпадают. Как слишком быстрый, так и слишком медленный темп отрицательно влияют на результаты аудирования.

В русской речи различаются медленный, средний и быстрый темпы. Медленный темп характеризуется величиной, равной 120 слогам в минуту, средний - 250 слогам в минуту, быстрый – 400 слогов в минуту.

Так как речь преподавателя на уроках должна быть естественной, то и осуществляться она должна в естественных для русского языка темпоральных рамках. Для начала обучения рекомендуется медленный темп звучащей речи с постепенным его увеличением в зависимости от целей обучения конкретной аудитории студентов.

Небезразличным для результатов аудирования оказывается и длительность звучания текста. Для начального этапа обучения рекомендуется использовать тексты, звучащие не более двух минут, так как через 4-7 минут при восприятии аудиотекста наступает утомление студентов и отклонение от работы.

Естественно, что по мере приобретения речевого опыта при соответствующих тренировках это время может и должно постепенно увеличиваться до тех пределов, которые реальны для той или иной группы студентов.

Легче всего процесс аудирования протекает лучше всего по восприятии речи, когда говорит один человек, другие только слушают, когда слушающие видят перед собой говорящего.

Таким образом, в основе аудирования лежит способность человека правильно слышать, понимать и удерживать в памяти звучащую речь. Следует помнить, что у человека слуховое восприятие и слуховая память развиты значительно хуже, чем зрительное восприятие и зрительная память, если они не являются объектами целенаправленной тренировки.

Упражнения для обучения аудированию

Полное, точное и быстрое понимание звучащей речи возможно лишь при условии хорошо развитых механизмов аудирования и сформированности у слушающего умений успешно преодолевать перечисленные трудности. Этим и определяются основные принципы построения системы упражнений для обучения аудированию. Она должна отражать характер формируемой речевой деятельности, учитывать последовательность становления речевых навыков и умений, а также порядок нарастания языковых и операционных трудностей.

Упражнения для развития фонетического слуха и механизма внутреннего прогнозирования

1. Прослушайте и повторите пары слов: угол – уголь, бить – пить, живот – живет.
2. Прослушайте слова, подчеркните их на карточке: задание, вчера, мысль – здание – задание, вчера – вечера, мысль – смысл.

Упражнение на развитие интонационного слуха и механизма сегментации речевой цепи.

1. Прослушайте предложение, разбейте его в графическом ключе на синтагмы: Не спешите, подождите немного и пойдем вместе. (Не спешите, (подождите немного) и пойдем вместе.)
2. Прослушайте пары предложений, поставьте в графическом ключе знак «+», если они одинаковые, и знак «–», если они разные: На улице холодно. – На улице холодно? Идет дождь. + Идет дождь.

Упражнения на развитие механизмов оперативной памяти

1. Прослушайте ряд слов. Определите, какие из них относятся к одной теме и повторите их: книга, стол, стакан, доска, мел, карандаш, хлеб, ручка.
2. Слушайте и повторяйте:

Он много рассказывал.

Он много рассказывал о себе.
Он много рассказывал о себе, о своих друзьях.
Он много рассказывал о себе, о своих друзьях, о своей прекрасной родине.
Он много рассказывал о себе, о своих друзьях, о своей прекрасной родине и ее героической борьбе за свободу.

Упражнения на развитие языковой догадки и механизма вероятностного прогнозирования

1. Прослушайте ряд глаголов. Образуйте от них существительные с суффиксом -ение: петь, изучать, объяснять.
2. Прослушайте слова. Постарайтесь понять и объяснить их значение. Предлагаемые слова образованы из известных морфем: читатель, строитель, расширение.

Упражнения на развитие механизма осмысливания

1. Прослушайте текст и скажите, хорошо или плохо студент подготовился к экзамену: Идет экзамен. Студент отвечает на вопросы преподавателя. Он отвечает полно, логично, без ошибок.
2. Прослушайте несколько фраз. Отметьте в графическом ключе знаком «+» синонимичные высказывания:

Я не могу согласиться с вашей аргументацией.
Вы не аргументировали свою точку зрения.
Ваша аргументация меня не убеждает.

Трудности аудирования

Обучение аудированию предполагает не только развитие и тренировку речевых механизмов, но и формирование умений преодолевать трудности. Самые большие трудности связаны с условиями речевосприятия.

1. Однократность предъявления информации, что лишает аудитора возможности анализировать отдельные слова и требует быстрой реакции при восприятии звучащего текста.
2. Понимание речи людей с различными голосовыми характеристиками и произносительной манерой, а также голоса разной силы и тембра.
3. Темп речи, что заставляет аудитора воспринимать речь в «навязанном» ему темповом режиме.
4. Многообразие ритмико-интонационных оттенков, что осложняет восприятие звучащей речи.

На начальном этапе первые тексты в магнитофонной записи лучше начитывать знакомым голосом преподавателя. Затем можно переходить к прослушиванию записей, сделанных другими дикторами, причем надо иметь в виду, что низкие мужские голоса меньше утомляют слушателя, чем женские и детские.

Таким образом, в этой статье были затронуты и кратко освещены основные вопросы, связанные с таким видом речевой деятельности, как аудирование, показаны особенности этого достаточно сложного психофизиологического процесса, даны общие методические рекомендации для практической работы преподавателя в условиях обучения студентов русскому языку.

Список литературы:

1. Верещагин С. М. Язык и культура. М. 2001
2. Ивлеева З. Н. Методика обучения русскому языку. М. 2003
3. Фёдорова Е. Л. Обучение основам методики преподавания русского языка. М. 1999
4. Щукин А. Н. Методика преподавания русского языка. М. 2003
5. Чеснокова М. П. Методические рекомендации к организации учебного процесса по русскому языку в отсутствии языковой среды. М. 2005
6. Азимов Э. Г. Словарь методических терминов. М. 1999

ӘОЖ 81.367(075)

ОРЫС ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ОҚЫТУ, ТЫҢДАУ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ

Джуманиязова У.А, Муратова А.С.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Мақалада сөйлеу әрекетінің тыңдау сияқты негізгі мәселелеріне қысқаша тоқталып, осы күрделі психофизиологиялық процестің ерекшеліктерін көрсетіп, студенттерге орыс тілін үйрету жағдайында мұғалімнің практикалық жұмысы үшін жалпы әдістемелік ұсыныстар берілді.*

Кілт сөздер: *тыңдалым, тілдік қарым-қатынас, тілдік қызмет*

ӘОЖ 82.0.37.016

МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРҒА КӨРКЕМ МӘТІНДІ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУДЫ ҮЙРЕТУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Кереева Г.Ә.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Қазіргі уақыттакөркем мәтінге лингвистикалық талдаудың маңыздылығы мен өзектілігі туралы жиі айтылып жүр. Ең алдымен, көркем шығармаға тілдік талдау жасауда қолданылатын әдіс-тәсілдерді оқушыларға меңгерту басты мақсат болып саналады. Тілдік талдау шығарманың шынайы көркем табиғатын ашуға, сол арқылы, идеясын түсінуге жол ашады. Бұл оқушылардың көркем мәтінді терең меңгеруіне, сол арқылы рухани-эстетикалық дүнесін байытуына ықпал етеді.*

Кілт сөздер*:мәтін, тілдік талдау, көркем идея, көркем мазмұн, тілдік тәсілдер*

Көркем мәтінді тілдік талдау – тіл мен әдебиеттің кешенді нысаны. Мәтін талдауға қатысты, соның ішінде көркем мәтінді зерттеуге қатысты ізденістер жаңа қарқын алып, мәтінді зерттеудің бағыттары іштей ажыратыла бастады. Мәтін лингвистикасы психолингвистиканың, когнитивтік лингвистиканың, гендерлік лингвистиканың, этнолингвистиканың, функционалды грамматика мен қытысымдық тіл білімінің және әдебиетшілердің т.б. зерттеулерімен жан-жақты толықты. Қазіргікездегі тілдік ғылыми ой-сананың дамуындағы жаңа үрдістер — экспансионизм (бірнеше ғылымдардың тоғысуы арқылы жаңа «қосарланған» ғылымдардың пайда болуы) мен антропоцентризмнің («тілдегі адамды» жан-жақты тануға бағытталған), функционализм (тілдің қолданысын, қолданыс барысындағы мағынасын зерттеуге бағытталған) мен экспланатарлық зерттеулердің нысанына айналды. Мәтін — бұл тілдің барлық деңгейлеріндегі бірліктердің — дыбыстан бастап сөйлемге дейінгі бірліктердің барлығының жүзеге асатын қызмет орны болып табылады. Алайда мәтін тек өзге тіл бірліктері үшін қызмет ортасы, контекст ретінде қарастырылмауы керек. Сондай-ақ ол тіл білімінің тек бір саласына, мысалы, синтаксиске ғана қатысты ұғым емес, ол жан-жақты әрі терең, кешенді талдаулар арқылы танылатын күрделі сөйлеу бірлігі болып табылады. Осыған орай «ақпараттық, құрылымдық және қатысымдық тұрғыдан өзара байланысқан сөйлеудің ең жоғары және көпқырлы динамикалық бірлігі» ретінде мәтінді талдау әдістемесі де күрделенді.

Көркем мәтінді лингвистикалық талдаудың өзіндік ұстанымдары болады. Қазақ прозасының тарихы тереңде, сондықтан таңдап алынған мәтіннің ішкі және сыртқы факторларында ескерген жөн. Қазақ тілін мәтін арқылы деңгейлеп оқыту барысында неше түрлі мәселелер туындайды. Осындай мәселелердің алдын алуда арнайы ұстанымдарды ескерген жөн. Көркем мәтінді талдауда келесі ұстанымдар басшылыққа алынған:

– Тарихилық ұстанымы
– Әлеуметтік танымдық ұстаным
– Автордың дара стилін айқындау ұстанымы
– Функционалдық ұстанымы
– Концептуалдық, семантикалық қстаным
– Автор-кейіпкер категорияларының қатынасын басшылыққа алу ұстанымы
– Мазмұн мен форманың бірлігі ұстанымы [1].

Көркем әдебиет тілін зерттеудегі негізгі мақсат- көркем туындының бейнелі құрылымның өзіндік ерекшелігін ашу. Көркем мазмұнды бейнелейтін тілдік құралдардың қызметін көрсету. Ал алғышарттарына келер болсақ, олар мыналар: 1) көркем шығарманың мазмұны мен формасын бірлікте алып зерттеу; 2) көркем шығармадағы тілдік құбылыстардың өзара және көркем шығарманың басқа компоненттерімен байланыс, қарым- қатынасын ескеру; 3) бейненленетін мазмұнға автор қатынасын ескеру; 4) шығарманың жанрлық ерекшеліктерін ескеру; 5) тілдік қолданыстардың әдебиет тарихындағы дәстүрлілігін, жалғастылығын ескеру; 6) ғылыми дамудың жаңа бағыт-бағдарларына сүйену т.б. [2].

Көркем шығарма тілін талдаудың ғылымда синтетикалық әдіс, құрылымдық және статистикалық әдіс түрлері белгілі. Бұл әдістердің бірін көп дәрежеде, бірін аз дәрежеде, бірін негізгі етіп, қалғандарын көмекші етіп – барлығын да қолдануға болады.

Көркем мәтінді зерттеудің, талдаудың әдістері мен ұстанымдарының, қырларының күрделілігі әрі әртүрлілігі және қажеттілігі әдебиеттің өзіндік ерекшелігіне байланысты. Көркем әдебиетте өмір және басқа да өмір нысандары адамның көңіл-күй, сезімімен бірлікте алып қарастырылады. Көркем әдебиет өнері өмірді сезім арқылы танытып қана қоймайды, ол сол арқылы өз оқырманына *эстетикалық ықпал* етеді. Кез келген мәтін, соның ішінде көркем мәтін материалдық мәдениет нысаны бола тұрып, оны жасаушы автормен де, мәтіннің жазылған уақытымен, орнымен, жағдайымен де тікелей байланысты болады. Бұл ерекшелік көркем мәтіндерді талдауда экстралингвистикалық факторларды басшылыққа алуды талап етеді.

Мектепте бұндай жұмыстар тілдік тәсілдер және тілдік қағидаттар арқылы жүргізіледі. Мектепте әдебиет пәнін оқыту, талдау өркениетті қоғамның рухани – мәдениеттік сұранысына сай мәдени тұлғаны тәрбиелеуге ықпал етеді. Көркем шығарманың бар болмысын, айтпақ идеясын ашып беру – мұғалімнің міндеті. Бала бойына туындының ой-сезімін дамыта отырып, синтездік қабылдаудан аналитикалық оқуға көшеді. Баланың ана тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығын қалыптастыру үшін көркем шығарма арқылы балаларды қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, дәстүрі мен салт санасына деген сезімін баулу қажет. Олардың өз тілінде мәнерлеп оқу, шығарманың мазмұнын айту, өз ойын ауызша, жазбаша баяндау дағдыларын, біліктерін дамыту керек. Баланың сөйлеу біліктері мен дағдыларын дамытуда білім, тіл сауаттылығы, қазақ халқының материалдық және рухани байлығы туралы мәліметтер қажет.

Көркем шығарманы оқыту – халқымыздың тарихын, дәстүрін, болмысын, танымын оқыту. Ендеше, адам баласына берілетін рухани байлық әр халықтың ұлттық әдет-салты, дүниетанымы шыққан түп тамырында жататыны белгілі.

Бүгінгі жас ұрпақты тәрбиелеуде көркем шығармадан тәлім алуға, шәкірттің оқырмандық қызығушылығын қалыптастыруға жол салу қажет. Көркем шығарманы оқып үйренуге қызығушылығын қалыптастыра білу – бұл тәрбиеші-мұғалімнің басты міндеті болуы тиіс.

Көркем шығарманы оқытуда назар аударатын жағдай – көркем шығарманың білім беру заңдылықтарын сақтау міндеті. Әсіресе, әдеби білім тұжырымдамасы, бағдарлама, оқулық, қосымша оқулық шеңберінде болуы тиіс. Белгілі бір әдебиетті оқыған кезінде көркем шығарманымен жұмыс істеу кезеңдері белгілі бір жүйемен жүзеге асырылады [3].

Талдау - көркем мәтінді тұтастай оқығанда қолданылатын тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып карастырып, оның қасиет ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат белгілерді арнайы зерттеп, танып-білу. Айталық, шығарманы идеялық мазмұн, тақырыпты баяндау ерекшеліктері тұрғысынан, немесе, сюжеттік, композициялық құрылысы, жанрлық сипаты жағынан талдауға болады. Сондай-ақ, кейіпкерлердін мінезін бейнелеу қағидаттары тұрғысынан, сөздік, тілдік құралдарды пайдалануы, егер поэзиялық шығарма болса ырғақтық интонациялық өзгешеліктері,

поэзияға тән әртүрлі тәсілдерді, ерекшеліктерді қолдану жағынан талдауға болады. Шығарманы осындай бірнеше қырынан тексергенде жеке ерекшеліктердің өзіндік сипат белгілерін де олардың бір-бірімен байланысында аңғаруға мүмкіндік бар. Талдау дегеніміз - жеке қасиет ерекшеліктерді арнайы карастырып, танып білу арқылы бүтінді айқын сезінуге себін тигізетін, соған қызмет ететін тәсіл. Әдетте шығарманың ерекшеліктері, ірілі-ұсақты бөлшектері, олардың өз алдына оқшау тұрғандар сипат-белгілері көбірек көзге түседі, оларды байқау жеңілірек болады. Әдеби шығарманы талдау үшін, көркемдік касиет-белгілерін нақтылы сипаттап беру үшін калай да онын өзгешелік-ерекшеліктерін түгелдей де, жекелеп те ашып қарау керек.

Мектепте оқушыларға көркем шығарма тілін оқыту арқылы, көркем мәтін тіліне талдау жасау арқылы біз оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылықтарын арттыра отырып, шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшаңдық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандырамыз. Бұл сабақтың басты мақсаты болып табылады. Сонымен қатар осындай сабақтар оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінде алған білімдерін әрі қарай дамытуға мүмкіндік жасап, қабілеттерін шыңдайды, көркем әдебиет жанрына байланысты өлең, шығарма жазу дағдыларын қалыптастырады, оқушыны оқыған шығармаларын талдай білуге машықтандырып, дағды іскерліктерін жетілдіреді, әдеби талдауды үйретеді. Бұл дегеніміз, жалпы алғанда, көркем шығарманы толық түсінуге әкеледі, оның көркемдік-эстетикалық құндылығын сезінуді үйретеді.

Белгілі академик Р.Сыздық: «Функционалдық стильдердің бір тармағы – көркем әдебиет тілін зерттеуде әңгіме негізінен екі түрлі проблема төңірегінде болады. Олар: 1) жалпы ұлттық әдеби тілдің даму барысындағы көркем әдебиет тілінің орны, 2) жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі). Бұларды тағы екі түрлі тұрғыдан қарастыруға тура келеді: бірі – ш е б е р л і к, екіншісі – нормалылық тұрғысы. Ашып айтсақ, біріншісі – көркем әдебиет тілін, яғни «поэтикалық сөзді» стилистика объектісі ретінде қарастыру, екіншісі – жалпы ұлттық әдеби тілдің белгілі бір қаттауының, айталық, лексикасының немесе грамматикасының нормалары мен ұлттық көркем тіл нормаларының арақатынасы, қарым-қатынасы және бұл нормалардың көркем текстерде көрінуі тұрғысынан қарастыру керек» [4] деп көрсетеді өз еңбегінде. Ғалымдармәтінталдаудыңбіріздіболмайтындығытуралы «…бұл мына жайларға байланысты: біріншіден, қандай мәтінді қалай талдау зерттеушінің алдына қойған мақсат-міндеттерінен туындайды, екіншіден әр мәтіннің өзіндік ерекшеліктері ескеріледі» [4], – деп атап көрсетеді.

Көркем шығарма тілі – көркем композицияның элементі. Көркем шығарманы лингвостилистикалық тұрғыдан талдауда негізінен екі нәрсе басты нысанға ілінеді: біріншісі – әдеби тілдің дамуы барысындағы көркем туындының орнын; екіншісі – жеке ақын-жазушылардың сөз мәнерін зерттеу. Бұл пәннің негізгі міндеті көркем мәтінді зерттеу арқылы оның идеялық және эстетикалық болмысын ашу болып табылады.

Тілдің тірегі – сөз. Сөз – халқымыздың өткен тұрмыс – тіршілігінің, ой – сезімінің, елдігі мен ерлігінің, парасатының әрі куәсі, әрі дерек көзі. Ал тілдің сөз байлығын танытатын – көркем шығарма. Көркем шығарма тіл байлығын танытумен ғана шектелмейді, сондай-ақ, тілді байытатын, дамытатын негізгі арналардың бірі болып табылады. Сөз құдіретін көрсету мен сөзден айшықты кесте өрудің шеберлерінің поэзия немесе прозалық шығармаларының тілін зерттеу арқылы әдеби тіліміздің танып, меңгерудің тиімді жолы болып табылмақ.

«Көркем мәтінді өнер туындысы ретінде зерттегенде таза лингвистикалық әдіс-тәсілдермен шектеліп қалу жеткіліксіз. Себебі көркем туынды, даралық көркем стиль жазушы шығармаларының сөйлем құрылысы ғана емес, әр жазушының шығармаларына тән мазмұн мен түр ерекшеліктері. Көркем әдебиет стилистикасында шығарманың тілін оның идеялық мазмұнынан бөліп алып қарауға болмайды. Бұдан талдаудың лингвистикалық принциптерімен әдіс-тәсілдерін әдебиеттану тұрғысынан талдаумен, соның ұғымдары, категорияларымен, принциптері және әдіс-тәсілдерімен ұштастыру қажеттілігі туады» [4].

Демек, көркем мәтінді лингвистикалық тұрғыдан талдау – әрбір тілдік құралдың қызметін талдау арқылы олардың мәтіндегі мағынасын ашу, қолданылу мақсатын айқындау. Ақын-жазушы шығармаларының қыр-сырын, көркемдік ізденістерін, тақырыптық – идеялық жақтарын т.б. жан-жақты карастыратын әдеби талдауларын бүтін «дүниенің» екі жағы десек, олардың әрқайсысын терең

зерттеу арқылы ғана бүтіннің табиғатын толық тани аламыз. Көркем әдебиет қоғамдық өмірқалыптастырған әлеуметтік топтардың қоғамдағы алатын орнын, өзара қарым-қатынастармен өзіндік ерекшеліктерін көрсетуде бірінші кезекте сол топтардың тіліне тәнтілдік элементтерге иек артады. Тілдік ерекшеліктерді туғызудағы негізгі факторлардың бірі шығарма кейіпкерінің қоршаған орта қалыптастырған дүниетанымымен өмірге деген өзіндік көзқарасы, көрген-білгенімен оқып-түйгенінентуғанадамипозициясы образ жасаудағы жазушы ескеретін бірден-бір жайт болып табылады.

Көркем шығарманың көркемдік құндылығы оның жан-жақты талдану нәтижесінде ашылатынын байқаймыз. Шығарманың сюжеттік-композициялық желісіне талдау жасау, көркем мәтінмен жүргізілетін ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмысының түрлері, баланың сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына, көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын оятады.

Қорыта келе айтарымыз, мектепте көркем шығарманың тіліне талдау жасай отыра біз оқушыларды шығарманың мағынасын терең түсінуге, кейіпкерлерді бағалауға, адамгершілік қасиеттерді сипаттауға үйретеміз;

көркем туындыны жан-жақты, толық, тұтастай қарастырып талдауға машықтандырамыз. Ал оқушы көркем мәтінді талдай білу арқылы нақты, дәлелді сөйлеуге дағдыланады, сөз құдіреті мен қасиетін ұғынады; кейіпкерді талдап, тану барысында оқушы көркем шығармадағы кейіпкердің жүйесін нақтылайды, өзара байланысын, жазушының әр кейіпкерге қандай сипаттама бергенін, портретін, кейіпкерлердің диалогтары арқылы олардың мінезін ерекшелеп айқындап, негізгі орталық тұлғаны анықтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы: Триумф «Т», 2007. - 152 б.
2. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы, 1995. –172 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1985.
4. Р.Сыздықова, Б. Шалабаев. Көркем текстi лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989.

УДК 82.0.37.016

АКТУАЛЬНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ ЛИНГВИСТИЧЕСКОМУ АНАЛИЗУ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА

Кереева Г.А.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *В настоящее время все чаще говорят о важности и актуальности лингвистического анализа художественного текста. Прежде всего, основной целью является овладение учащимися методами и приемами, применяемыми при языковом анализе художественного произведения. Языковой анализ позволяет раскрыть истинную художественную природу произведения, тем самым, понять его идею. Это способствует более глубокому усвоению учащимися художественного текста, обогащая тем самым духовно-эстетический мир.*

Ключевые слова: *текст, языковой анализ, художественная идея, художественное содержание, языковые подходы.*

ӘОЖ 330.3

ІСКЕРЛІК АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ CLIL ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Матжанова Г.Ж., Жусупова Н.Қ.
Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Бұл мақалада Қазақстанның білім саласындағы жаңа өзгерістер Пән мен тілді байланыстыра отырып, сабақ барысында осы әдістің тиімді қолданысы жайында айтылады. CLIL әдісінің құрылымдық, сатылық, жүйелік құрамына практикалық сабақтан сараптама жасалынған.*

Кілт сөздер: *CLIL, іскерлік ағылшын тілі, оқытудың мақсаты мен күтілетін нәтиже, жұмыс және экономика саласы.*

Еліміздің білім беру саласында 2016 жылы жаңа оқу бағдарламасы енгізіліп, Қазақстанның барлық орта білім беретін оқу орындарын қамтыды. Бұл жаңартылған бағдарламаның мақсаты - әр түрлі пәндерді шет тілімен байланыстыра оқыту болатын. [1] Жаңартылған бағдардама еліміздегі Назарбаев Зияткерлік мектептерінен бастау алды.

CLIL (Content and Language Integrated Learning) терминін алғаш рет Дэвид Марш 1994 жылы енгізген болатын. [2] Бұл әдістің көмегімен Еуропаның көп елдерінде екінші тіл болып саналатын ағылшын тілін меңгеруге және пәндерді түсінуге мүмкіншілік туғызады деген көзқарас қалыптасқан. Дегенменде, бұл пікірге қарама-қайшы келетін тұжырымдар да бар. Қазақстанда ағылшын тілі шет тілі болғандықтан пән мұғалімдеріне бұл әдістемені сабақ барысында қолдану қиындықтарға әкелуі мүмкін. Оған пән мұғалімдерінің төменгі деңгейде ағылшын тілін меңгеруінде.

CLIL әдісі төмендегі құрылымдардан тұрады [3]:

– (Content) МАЗМҰН (білімді, дағдыларды, пәннің мазмұнымен таныстыру);
– (Communication) БАЙЛАНЫС (оқыту кезінде ағылшын тілін пайдаланып, оны қалай қолдану керектігін үйрету) - алған білімдерін өмірде қолдану;
– (Cognition) ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ (жалпы идеяны қалыптастыратын когнитивті және ойлау қабілетін дамыту)- логикалық тапсырмаларды шешу арқылы білім алушының ойын дамыту;
– (Culture/Citizenship) Мәдениет – білім алушының пән бойынша және ағылшын тілін үйрету арқылы өзге елдің мәдени құзыреттілігімен таныстыру және өзінің мәдениетімен ұштастыру.

Сонымен қатар, өз елінің, өз тұрған ортасының тақырыпқа байланысты қолданысын кеңейтіп, шешім қабылдау.

Күтілетін нәтиже:

- оқушының ойы және қиялы, ойлау қабілеті, коммуникативті қабілеттерін дамытады;
- оқушының сөздік қоры ұлғайтады;
- ағылшын тілін қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана алады;
- Оқушылар өзара байланыста болып, жұптық және топтық жұмыс жасау дағдыларын артады;
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы жоғарылайды;
- Болашақта бизнесті жүргізу барысында, пәндік мағлұматтар қажет болады.

CLIL әдісі екі мақсатты көздейді: *Пәнді шет тілі арқылы* және *шет тілін пән арқылы оқыту*. Әрине бұл тұрғыдан алғанда тілді тек жетік меңгергенде ғана және пәнді толықтай түсінгенде ғана мұғалім алға қойған мақсатына жетеді. Өйткені, кез келген шет тілінің мұғалімі пәндерді оқушыларға жетік бере алмауы ықтимал, әсіресе жаратылыстану пәндері, атап айтқанда, физика, химия, биология сияқты. Бұл пәндерді алдымен тек сөздік қор немесе терминдер жасап, солармен ғана шектеуге болады деп есептеймін.

CLIL – бұл кейбір пәндердің жартысы шет тілінде оқыту әдісі болып табылады. Үйрену екі тілде жүргізіледі, сондықтан оқу жағдайында жағдайға және оқу мақсатына сәйкес келетін тіл қолданылады. CLIL әдісіне сәйкес ана тілінен басқа барлық пәндер шет тілінде оқытылады, демек тіл оқыту объектісі емес құралы болып табылады.

CLIL әдіснамасының негіздері мына төмендегі жайттарды қамтиды:

- қажетті дағдылар - іскерлік ағылшы тіліндегі термин сөздерді оқып, үйрену;

- тілдің грамматикалық, лексикалық құрылымын іскерлік аясында оқытылуы;
- іскерлік шет тілімен қоса, іскерлік қабілеттіліктер мен дағдыларды дамыту;
- студенттердің пәнге және тілге деген қызығушылықтары артады;
- оқушылардың топпен және жұппен жұмыстануын, өзара байланыста болуын қамтамасыз етеді;
- студенттердің өзіндік жұмыс жасауына және өз бетінше ізденуге ықпал етеді;
- пән мен тілді байланыстыра оқыту да студенттердің болашақ мамандықтарына да пайдасын тигізеді.

Іскерлік ағылшын тілі өзіндік ерекшеліктері бар әрі бизнесте қолданатын терминдермен қамтылған пән. Іскерлік ағылшын тілі студенттердің деңгейіне байланысты күрделеніп отырады. Бүгінгі мысалда Аударма ісі студенттеріне орта деңгейлік іскерлік ағылшын тілінің бір тақырыбын талқылауды ұсынылып отыр. Оқулықтың аты English profile, (Intermediate level).

Сабақтың жоспары (Lesson planning): Employment (Жұмыс) тақырыбы

Мазмұны (Content): Employment (Жұмыс)

Оқытудың мақсаты (Teaching aims): Employment тақырыбымен және осы тақырыпқа байланысты сөздікпен таныстыру; студенттердің сыни ойлау дағдыларын дамыту; студенттердің жіктемеге бөлу қабілеттерін арттыру; тақырып бойынша терминдер мен сөздердің қазақша немесе орысша балаламаларын болжау және табу; студенттердің болашақ жұмыстарына деген көзқарастарын қалыптастыру.

Оқудың нәтижелері (Learning outcomes): Студенттер жұмыс тақырыбына байланысты сөздерді дұрыс қолдана алады; жаңа сөздерге ана тілдерінде дұрыс және нақты балалам, аударма бере алады; жұмыстың түрлерін ажыратып, оларды үш негізгі салаға бөле алады; Венн (Venn) диаграммасымен сөздердің мағынасын адамға және жұмысқа байланысты ажырата алады.

Бағалау (Assessment): Сабақтың соңында студенттердің білімін бағалау міндетті. Студенттер сөздердің аудармаларын және балаламаларын өз тілдерінде дұрыс бере алады ма? Талқылау барысында ойларын толық жеткізіп немесе сыни ойлай алады ма? Студенттердің Венн диаграмасын қолдана біледі ме және сөздердің мағыналарына қарай дұрыс жіктей алады ма? Қазақстандағы жұмыс жағдайын және экономиканың үш саласы туралы өз ойларымен бөліседі ме?

Байланыс (Communication): Студенттер жұмыс тақырыбына байланысты өз ойларын толық жеткізе алады. Олар бір бірімен топтық және жұптық жұмыс кезінде көрқарастарымен алмасады. Жаңа сөздерді қолдану арқылы қазіргі кездегі жұмыс нарығындағы өзгерістер туралы ақпарат беріп, оларды сыни тұрғыдан дәлелдейді. Жұмыссыздық мәселе жөнінде өз ойларын білдіреді. Мұның барлығы - ағылшын тілі арқылы байланыс орналастыру мысалдары.

Жаңа сөздер (Vocabulary): (un)employment, (un)employed, employer, employee, unemployable, secure, enthusiastic, confident, challenging, dynamic, conscientious, trustworthy, worthwhile, ambitious, flexible.

Грамматикалық құрылым (Structure): The present perfect құрылымын ережеге сәйкес орындай алады және сөйлемде дұрыс қолданады. Сөйлемдердің құрылымын сақтай отырып, дұрыс аударма жасайды.

Тілдік қызметтердің қолданысы (Language functions) Asking for questions and stating preferences тілдік қолданыстарын ұтымды пайдаланады. Іскерлік жағдаяттарда осыларды дұрыс қолданады.

Ойлауды дамыту (Cognition): CLIL әдісі бойынша әрбір сабақ студенттердің сыни ойлау дағдыларын ынталандыруы қажет. Сабақ барысында білім алушылар өздерінің көзқарастарын білдіруге, топтама немесе жіктеуге, дәлелдеуге, нақтылауға, растауға, анықтауға, пікірталас туғызуға, сыни ойлауға мүмкіндік алады.

Іскерлік ағылшын тілінде жұмыс тақырыбын талқылау барысында студенттердің жаңа сөздікпен танысып, Венн диаграммасы арқылы оларды екі топқа жіктейді; жаңа сөздерді қолдана отырып, Employment тақырыбында өздерінің көзқарастарын білдіреді; еліміздің жұмыс нарығындағы болып жатқан жағдайларға және экономика саласының үш секторына (Service) қызмет көрсету, (Agriculture) ауылшаруашылық және (Industry) өндіріске, болжам жасайды. Неге қызмет көрсету саласының ұлғайып, керісінше өндіріс пен ауылшаруашылығының бәсеңдеуінің себептерін түсіндіреді.

Мәдениет (Culture/Citizenship): Студенттер өз елінің экономикасы жөнінде әңгіме қозғап, қай салада жұмыссыздық басым немесе жастар қай салада жұмыс жасағысы келетінін айтады. Сонымен қатар, Жұмыс тақырыбының Қазақстандағы өзектілігін анықтайды және сөздікті қолданып, өздерінің келешекте қалайтын жұмыстары жөнінде бір бірімен әңгімелеседі.

Сабақта қолданылатын құралдар (Resources) Оқулық, интернет беттерінен алынған мәтіндер. Үн таспалары. Жаңа сөздер және басқа да көздерден алынған қосымша материалдар.

Сабақтың кезеңдері (Procedure of a lesson).

Барлық студенттер (Whole class): Студенттер аудиторияның ішінде ілінген әр түрлі салаға байланысты суреттерді үш салаға сәйкестендіреді. Олар өз топтарында сәйкес келген суреттер мен экономикалық үш саласын талқылайды.

Топтық жұмыс (Groups): Студенттер өз топтарында төмендегі сұрақтарды талқылайды. Which sectors do you, your family, and the people in your area work? How has this changed from generation to generation?

Жұптық жұмыс (Pair work): Студенттер жұптаса отырып, берілген сөздерді екі топқа бөледі. Содан кейін өздері Венн диаграммасын қолдана отырып, жаңа сөздерді жұмыс және адамды сипаттауға арналған топтарға және екеуіне де қолдануға болатындай етіп, топтама жасайды. Мұғалім дұрыстығын тексереді. Vocabulary: (un)employment, (un)employed, employer, employee, unemployable, secure, enthusiastic, confident, challenging, dynamic, conscientious, trustworthy, worthwhile, ambitious, flexible, creative. [4]

Кесте 1

Jobs	People	Both
Challenging	Enthusiastic	Flexible

Жеке жұмыс (Individual): Which jobs in each sector do you describe using the vocabulary?

Task 1. Бұл тапсырмада студенттер жаңа сөздерді ана тілдеріне аударып, сөйлем ішінде қалай қолданып тұрғанын анықтайды.

1. The new factory has provided an opportunities of employment for local people.
2. Working in oil and gas field is challenging.
3. She has been unemployed ever since she finished her studies; she can't find a job.
4. It's very boring job he's been ever doing.
5. Marie is confident and creative employee.

Барлық студенттер (Whole class): Студенттер мәтінді оқымастан бұрын, тапсырманы жасайды. Оқылымның scanning және skimming әдістемесін қолдануы тиіс. Оқылым барысында шолу, ақпаратты тез табу сияқты әдістерді қолданады. *(Reading strategies).*

Pre-reading activity. Оқылым алды тапсырмасының мақсаты студенттердің ауызекі сөйлеу дағдысын дамыту, себебі олар талқылауға түседі. Студенттерді төмендегі сұрақтарды талқылайды: Study the employment sector in France. What has happened in each of the three sectors? What do you think might have caused these changes? What new jobs do you think have been created? Which ones have disappeared? Осы сұрақтарды талқылап болған соң, мұғалім студенттерге мәтінді ұсынады. Мәтінді оқуға 3 минут уақыт беріледі. Студенттер мәтінді өз бетімен оқиды, сонан соң жұппен жұмыстана отырып, сұрақтарға жауап береді.

Pre-teaching vocabulary: consumer - a person who purchases goods and services for personal use - потребитель, тұтынушы; production - manufacturing - производство, өндіріс; labour - employees - работники - жұмысшылар; labour costs - расходы на оплату труда, айлыққа төленетін шығын.

Text 1

FROM the 1750s to the middle of the nineteenth century, Britain led an industrial revolution that changed manufacturing for ever. With other western countries, it produced consumer goods for the rest of the world well into the 1960s. Generations of workers spent their entire careers in the same workplace. Yet, nowadays, most of the consumer goods we buy have been made in the East. If, by magic, our shoes could return to where they were made, most would march all the way back to China or Vietnam – and the jobs have gone with them. Manufacturing gravitates to countries with lower labour costs, or more efficient production methods. Since the US economy started to recover in 2003, unemployment has remained high.

This is because two million manufacturing jobs have gone elsewhere.

China is undoubtedly the latest big success story. As well as making 90% of the world's toys, the country is now responsible for a quarter of global steel production. By contrast, much of the US's industrial heartland has been a 'rust-belt' for years. In Western Europe, too, industry has been declining for decades. European shipyards have been closing one by one ever since South Korean rivals learnt how to build more efficiently and cheaply. Nearly all Britain's coal mines have ceased production since it became cheaper to ship coal all the way from Australia. Since the 1980s, tens of thousands of British workers have lost their jobs in these sectors.

Some workers may have retrained and found jobs in hi-tech industries; however, most have ended up working in services. In the UK, more people are now employed in making sandwiches than in making steel. Even jobs in knowledge-based services are threatened by globalization. Improvements in telecommunications have allowed firms to outsource work thousands of miles away. Bangalore, with its workforce of highly skilled computer programmers and engineers, has transformed itself into India's answer to Silicon Valley. Many UK businesses have relocated their call centres there too – an anglophone Indian worker will work for a fraction of his British counterpart's salary. This all proves that even though employment in hi-tech sectors such as pharmaceuticals and aeronautics remains strong, for most of us the idea of a job for life – or at least a safe job – has been untrue for years.

While-reading activity: Бұл кезеңде студенттер мәтінді екінші рет толығырақ оқып, мәтін ішінен сұрақтарға байланысты ақпарат іздеп, табады. Мұғалім мәтінде кездесетін кейбір сөздердің мағынасын алдын ала түсіндіріп, студенттердің мәтіндегі ақпаратты оңай қабылдануына ықпал жасап, көмектесуі тиіс. Сонымен қатар, мұғалім студенттерге жаңа сөздерге байланысты сөйлемдер беріп, олардың қателерін түзетуге және дұрыс нұсқасын беруге ынталандырады. Оқылымнан басқа, айтылым (speaking) және тыңдалым (listening)дағдылары да дамытылады.

Студенттер бірінші параграфты қайта оқып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.

Task 1. What has happened to jobs in traditional manufacturing areas? How does the writer explain this?

Task 2. In the first two paragraphs, what do these numbers refer to? A) 90% B) $^{1}/_{4}$ C) 10,000 D) 2 million

Task 3. All these statements are false. Read the final paragraph again and say why.

1. There are no competitive industrial sectors left.
2. It's still possible to find a job for life.
3. The majority of people retrain for high-tech roles.
4. Jobs in services are safe from globalization.
5. Only simple tasks are sent to overseas.

After-reading activity: Оқылым соңынан көптеген тапсырмалар жасауға болады. Бұл сабақтың соңы болғандықтан студенттердің психологиялық және тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтың соңын әртараптандыруға болады. Ақпараттық технология заманында студенттерге ғаламтор беттерінен Қазақстанның жұмыс нарығы жөнінде ақпарат қарауды ұсынуға болады. Бұндай жұмысты топпен немесе жұппын өкіземіз. Студенттер ақпарат көздерімен бір-бірімен алмасып, өз ойларын ортаға салады. Үй тапсырмасы ретінде еліміздің экономика саласының бүгінгі жағдайын презентация түрінде айтады. Бұл тапсырмалар студенттердің айтылым (speaking), тыңдалым (listening), ойлау (thinking) және презентация жасау (making presentation) дағдыларын қамтиды және дамытады.

Кері байланыс (Feedback): Мұғалім сабақтың соңында студенттердің сабақ барысында қатысқан жетістіктеріне көңіл бөліп, кейбір тілдік қателіктерге тақтаға жазып көрсетеді. Студенттерді мадақтайды.

Қорытынды (Conclusion):

CLIL әдісін пайдалануда қатып қалған қағида жоқ, өйткені оқушыларға іскерлік ағылшын тілі (Business English) немесе Ағылшын тілінде маркетинг, менеджмент (English for Marketing and Managment) психологиялық және тілдік тұрғыдан қиын болуы мүмкін. Сондықтанда оқытушы студенттердің тілдік деңгейлері мен әр түрлі ерекшеліктерді ескере отырып, сабақты барынша ойын түрінде қызықты өткізу ұсынылады.

Педагогикалық тұрғыда қарастырсақ, сабақта белгілі дәрежеде қиындықтардың да болуы мүмкін. Сонымен қатар контентті игеруге уақыттың жетіспей қалуы, мұғалімнің жоспарының

толыққанды жүзеге аспауы мүмкіндіктері болуы CLIL сабақтары барысында қалыпты деп есептеледі. Студенттерде жалпы барлық тіл үйренушілерге қатысты қателіктер кездеседі, жазу мен сөйлем мүшелерінің орындарының ауысуы, айту кезіндегі қателіктер, орфографиялық, пунктуациялық немесе грамматикалық қателер көп жіберіледі. Сондықтанда ең бастысы сөйлеу кедергілерін жою мақсатында жұмыс жасау деңгейінде бұл қателіктерге аса назар аудармаған жөн.

Ағылшын тілі — әлемдік бизнес тілі, оны меңгеру – жастарға әлем танудың кілті болмақ. Ағылшын тілін білу — біздің жастарға шексіз мүмкіндіктер ашады. Ол – жаһанданудың кепілі. Ақпараттық технология дамыған қазіргі дәуірде күн сайын дерлік ағылшын тілі дүние жүзі халықтарының тілдеріне жаңа сөздер мен ұғымдар арқылы батыл ену үстінде. Сондықтан тиімді әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқыту нәтижеге жеткізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.
2. David Marsh. CLIL. https://davidmarsh.education
3. Coyle D., Hood P. and March D. CLIL: Content Language Integrated Learning. Cambridge. Cambridge University Press, 2010.
4. Jon Naunton. English profile 2. OUP, 2012,.

УДК330.3

ПРИМЕНЕНИЕ CLIL МЕТОДА НА УРОКАХ ДЕЛОВОГО АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Матжанова Г.Ж., Жусупова Н.Қ.
Западно-Казахстанский инновационно-иехнологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В данной статье рассматриваются новые разработки в области образования в Казахстане, связывающие предмет и язык (CLIL), и эффективное использование этого метода на уроках. Структурный, иерархический, системный состав метода CLIL анализируется с практического занятия.*

Ключевые слова: *CLIL, деловой английский язык, цель урока и ожидаемые результаты, работа и сектор экономики.*

УДК 37.017:316.61

ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ НА ОСНОВЕ ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ В СОВРЕМЕННЫХ СОЦИАЛЬНО - КУЛЬТУРНЫХ УСЛОВИЯХ

Абуова Р.С., Абуова А.С.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В статье рассматривается проблема духовно-нравственного развития современного общества. Сегодня наше общество переживает не только социально-экономический, но и духовный кризис. Причиной такого кризиса является приостановка духовного развития, потеря духовных ценностей, которые составляют основу человеческого бытия. Эпоха потребительства, соблазнов, множества удобств не делает людей более нравственными, а даже, наоборот, часто разрушает нравственные ориентиры, создавая при внешнем благополучии внутреннюю пустоту. У современной молодёжи наблюдаются отчуждение от собственного внутреннего мира и духовных потребностей, обесценивание идеалов и норм поведения.*

Ключевые слова: *знания, личность, духовная культура, фольклор, субкультура, нравственность, компетентность*

Актуальность проблемы исследования обусловлена противоречиями между реальными потребностями общества в сохранении и развитии высоких духовно - нравственных ценностей отечественной традиционной культуры и потенциала в современных социально- культурных условиях.

Перспективные задачи возрождения традиционных культур казахского и других народов Казахстана - отражены в ряде государственных комплексных программах воспитания, утвержденных Министерством образования Республики Казахстан, в которых участвуют учреждения образования и социально- культурные учреждения.

Духовный и нравственный кризис, который разразился, сегодня в нашем обществе имеет субъективные и объективные причины, связанные с цивилизованным переломом современного казахстанского общества. Отказ от старой системы ценностей и переход на другую шкалу жизненных приоритетов лишил молодежь ориентиров, которые имеют не материальную, а духовно-нравственную природу. Проблема духовно- нравственного воспитания имеет более глубокие корни.

Любое воспитание по своей сути является и духовным, и нравственным, и физическим явлением.

Каждый возрастной период в жизни человека определяется множеством факторов. Учет факторов в развитии личности молодого человека определяет специфику студенчества как коллективного субъекта воспитания [1].

Воспитание - это процесс систематического целенаправленного воздействия на духовно - физическое развитие личности в целях подготовки её к общественной и культурной деятельности. Точнее - это передача от поколения к поколению стереотипов сознания и поведения, определяющих жизнь человека.

В последние годы возрос большой интерес к использованию в воспитании личности творческого наследия народа, освоению его векового опыта в разных областях жизни. Интерес этот закономерен, так как отвечает вопросам преобразований, происходящих в Республике Казахстан, во-вторых, связан с сознанием преемственности, национальной и общечеловеческой духовной культуры.

Одним из важных шагов к организации образования стала комплексная программа воспитания в организациях образования. Предлагаемая система воспитательной работы предполагает воспитание у молодого поколения общечеловеческих ценностей, таких как честность, благородство, коллективизм, самодисциплину [2].

Анализ современной общественно - политической, социально - психологической ситуации показывает, что необходимо восстановление той системы нравственно- этического воспитания и обучения нашей молодежи. На какие моральные, духовные идеалы нам сегодня ориентировать молодежь? Религиозные идеалы в том символическом виде, какие мы сейчас имеем не всегда, к сожалению, привлекают, а порой отчуждают людей друг от друга. Тем не менее, необходимо использовать лучшие стороны религиозных учений, их общечеловеческие аспекты, имеющие универсальный гуманистический смысл в воспитательных целях, это заповеди, заветы, парадигмы, имеющие нравственный, этический смысл.

Главным образом, желательно сосредоточиться на основных принципах народной философии, народных нравственно - этических традиций, духовных учений о природе, лучших образцах национального и мирового фольклора [3].

Современный период развития системы образования в значительной мере связан с переориентацией учебных заведений на внутренний мир человека. Необходимо создание в стенах Вузов условий для раскрытия внутреннего потенциала человека, развития его духовных способностей, способствующие формированию духовно- нравственной культуры молодежи.

Процесс формирования духовно- нравственной культуры предполагает повышения духовно-нравственной культуры в соответствии с определением целей, задач, содержания, способов, условий, результатов, барьеров, т.е. всего того, что позволяет выявить ранее скрытые закономерности оптимизации педагогического воздействия на личность.

Духовность человека проявляется в активном созидании мира вокруг себя и себя в мире. С точки зрения культурологического подхода феномен культуры является стержневым в понимании и

объяснении человека, личности, поэтому он органически присущ гуманистической парадигме, в соответствии с которой педагогическая деятельность призвана способствовать освоению общечеловеческой и национальной культур, признанию права воспитанников на творческий поиск и самореализацию.

Социальное содержание духовно - нравственного знания, которое было осмыслено нашими далекими предками и активно развивалось на протяжении столетий, рассматривалось как конкретное, социально - активное, формирующее не только уклад жизни отдельного человека, семьи, но и общества в целом.

Для обучения студентов, приобщения к духовно- нравственным традициям, требует подготовку профессиональных педагогов, обладающих высокой духовной культурой, на базе традиций, уклада жизни и форм национального опыта.

Не случайно через все религии и культуры проходит в той или иной форме золотое правило нравственности [4].

Нравственность - это феномен, рожденный в процессе формирования общества и общественного сознания. О приоритете духовно- нравственного воспитания и образования прекрасно сказал педагог дореволюционной школы И.Г. Песталоцци, назвав этот процесс «морем бесконечной силы совершенной любви». Научить человека, личность любить и творить - вот сила духовно-нравственного воспитания и образования [5].

Для студентов вузов характерна профессиональная направленность как для будущих субъектов профессиональной деятельности. Высокий образовательный уровень и наличие научного мировоззрения у студентов предъявляет высокие требования к уровню и качеству воспитательной работы, обоснованности и эффективности воспитательного влияния. В молодом возрасте идет активное потребление культуры, главным образом профессиональной молодежной субкультуры. Принципы формирования духовно- нравственного воспитания включает, следующие аспекты:

- гуманистические;
- светкость;
- научность;
- компетентность;
- конфессиональную открытость.

В заключении следует отметить, что к нерешенным проблемам воспитания в высшей школе относятся:

- отсутствие качественной психолого-педагогической подготовки ППС;
- недостаточное научно - теоретическое обоснование воспитательного потенциала учебных дисциплин и форм учебной работы [6].

Основные задачи Вуза в этой ситуации - не потерять то, что наработано, и не забывать о том, что новое поколение студентов будут высоко духовны и нравственны, насколько образованы и нравственны будут их наставники.

Список литературы:

1. Артамонова Е.И. Духовная культура педагога. Педагогическое образование инаука., 2005г. №5.с.30
2. Духовно нравственное воспитание школьников с использование общечеловеческих ценностей в системе развивающего обучения. Менеджмент в образовании. 2001 г. №4 с.103-107.
3. Жаксылыков А. Духовное наследие народов Казахстана. Этнопедагогика в системе образования. 2007 г.№ 2 с.60-64.
4. Кожаберлиев Б. Духовность как критерий человеческого бытия. Евразийское общество. 2005 г. №1 с.43.
5. Петрушева Р.Н. Духовно-нравственное воспитание в вузе. Педобразование и наука. 2006 г, №5.с.13-18.
6. Татаркина Н. Методологическое основание концепции формирования духовно- нравственной культуры студенчества. Альма матер. 2007г. №2 с.44-48.

ӘОЖ 37.017:316.61

ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК - МӘДЕНИ ЖАҒДАЙЛАРДА ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ НЕГІЗІНДЕ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУЫ

Абуова Р.С., Абуова А.С.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Мақалада қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік даму мәселесі қарастырылады. Бүгінде біздің қоғам әлеуметтік-экономикалық қана емес, рухани дағдарысты да бастан кешуде.Мұндай дағдарыстың себебі-рухани дамудың тоқтап қалуы, адам өмірінің негізін құрайтын рухани құндылықтардың жоғалуы. Тұтыну дәуірі, азғырулар, көптеген ыңғайлылықтар адамдарды адамгершілікке айналдырмайды, керісінше, көбінесе моральдық нұсқауларды бұзады. Қазіргі жастар өздерінің ішкі әлемінен және рухани қажеттіліктерінен, идеалдар мен мінез-құлық нормаларының құнсыздануынан айырылады.*

Кілт сөздер: *білім, тұлға, рухани мәдениет, фольклор, субмәдениет, адамгершілік, құзыреттілік.*

ӘОЖ 78

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Таспаева С.Ж.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Бүгінде білім саласына көптеген өзгерістер, жаңалықтар енгізіліп, авторлық бағдарламалар, әдістемелік жинақтар шығармашылық ізденіспен дамып келеді. Музыка саласында да дәстүрлі халық музыка байлығын, Қазақстан Сазгерлері шығармаларын насихаттау жаңа қырынан алға қойылып, жаңартылған музыка бағдарламалары жасалуда. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында ұлт мәдениетіне көңіл бөлу, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған халықтық педагогиканы зерделеу және оның дәстүрлерін орта мектептер мен орта және жоғары оқу орындарында пайдалануға арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жазу ісінде шұғыл бетбұрыс басталды.Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен байланысты қоғамымыздағы экономикалық, саяси-тәуелсіздік мәдени өзгерістер жүзеге асуда. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы қабылданып, еліміздегі барлық жалпы орта білім беретін мектептерге арналған білім мазмұны айқындалуда.Жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық мәдени мұра сабақтастығын сақтай отырып оқыту, тәрбиелеу арқылы әрқайсысының жеке тұлғалық саналарын жан – жақты дамыту жаңа мектептің басты мақсаты болып табылады.*

Кілт сөздер: *музыка бағдарламалары, ұлттық игіліктер, прогресс, ұлттық педагогика,эстетикалық тәрбие.*

Білім берудің бүкіл жүйесін қайта құру жағдайында бұл маңызды міндеттерді іске асыру үшін оқыту мен тәрбиенің жоғары сапасына қол жеткізетін білімнің жаңа ұлттық үлгісін жасау және дамыту көзделіп, ұлттық мәдениеттке, халықтық дәстүрге, олардың тарихы мен даму жолдарына қайта оралып, өнер мен мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр. Республикамыз егемендік алып жатқан жағдайда халқымыздың рухани өміріне қазақ халқының мәдени, тарихи мұралары қайта оралып жатқаны мәлім. Ол мұралардың қатарына халық музыкалық шығармашылығын толығымен жатқызуға болады. Сондықтан жалпы орта білім беретін мектептердегі оқу – тәрбие ісінің мазмұны да жеткіншектің әр жақты дамуына даңғыл жол ашатын оны дүниежүзілік прогрестің жетістіктерімен қоса өз халқының ғысырлар бойы тұнып тұрған

рухани мөлдір бұлағынан сусындатып, адамзат мәдениетінің биігіне жетелейтін сан – салалы әрі терең мағналы болуы шарт. Қазіргі заман білім беру жүйесінің алдына қойған басты міндеттерінің бірі – ұлтық музыкалық өнерді одан әрі дамыта отырып, оқушылардың ұлттық танымы мен білім деңгейін көтеру қажет.

Егеменді еліміз, бүкіл әлемдік экономикалық мәдениет пен өнер саласындағы және информациялық болашағы – жас ұрпақтың, өнер арқылы, көркемдік білімі мен шығармашылық ой - өрісін, рухани мәдениетін «сұлулық заңдылықтарын» сәйкес дамыту, ұлттық педагогика негізінде – туған халықтың тағылымдықдық салт – дәстүрлерін игерте отырып, ізгілікке, әдептілікке, туған ел мен жер тарихына, мәдениетіне деген өркениеттік көзқарасын тәрбиелеу, балабақшадан бастап, білім мен тәрбие беретін педагогикалық мекемелердің алдындағы кезек күттірмейтін өзекті мәселелер. Халыққа білім беру жүйесіне ұлттық мәдениетті енгізуге әлеуметтік қажеттілік туып отырғаны айқын. Сонымен бірге педагогикалық ғылым шеше қоймаған қайшылықтарда бар. Атап айтқанда: қазақ халық музыкалық шығармашылығының педагогикалық мүмкіндіктері мен оны мектеп жасына дейінгі мекемелерде пайдаланудың қазіргі деңгейі арасындағы; қазақ халық музыкалық шығармашылығын пайдалана отырып балаларға музыкалық – эстетикалық тәрбие беру үрдісін ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамассыз ету қажеттілігі мен ондай жағдайдың тәжірибеде жасалмай отырғандылығы арасындағы қайшылықтар. Ұлттық сананы көтермей, жетілдірмей тұрып, ұлтымыздың рухын көтеру мүмкін емес. Ол үшін жас ұрпақтың ана тіліне, туған елінің рухани мәдениетіне, өнеріне, бүкіл данышпандығын бойына жинақтаған ұлтымыздың эстетикалық, этикалық дәстүрлеріне деген ұлттық санадағы сапалы қатынасын тәрбиелеуіміз жөн. Халықтық дәстүрлі өнер, бейнелеу, би, музыка т.б. өнер түрлерін арқылы көркем – эстетикалық тәрбие жүйесін – этноэстетикалық, этнопедагогикалық тәрбие негіздерімен ұштастыра жүзеге асыру, жас ұрпақты ұлттық мәнде тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешуге зор ықпал жасайды. Әр халықтың эстетикалық дүниетанымы, көркемдік мәдениеті өзіне тән өнер туындыларымен ерекшеленетіні өмір шындығы. Ұрпақ тәрбиесінде, туған халқымыздың ұлттық өнерін, оның нәзік те көркем сырын ұғындыру, мектеп оқушысының әсемдікті түйсіне білуге баулу құралы екені сөзсіз. Сондықтан, мектепте қазақтың ұлттық музыкалық өнеріне деген қызығушылықты қалыптастыруда музыка жанрларының сан – алуан түрлері жайында қарапайым түсініктер беру көзделеді. Тікелей қазақтың ұлттық музыка мәдениетінің әр түрлі салалары арқылы оқушыларға музыкалық–эстетикалық тәрбие беру проблемасын да бірқатар ғалымдар зерттеген.Музыка сабағының мұғалімі – шығармашылық фантазиясы мол, арнайы бір аспапты еркін меңгере алатын, музыкалық сауатты, жан – жақты ғылым білімнен хабардар, ой-өрісі кең маман болғанда ғана жас жеткіншектерге жүйелі музыкалық білім бере алады. Музыкалық тәрбие мен білім беруде музыка сабағында оқытудың әр түрлі тәсілдерін қолдану; сөздік (баяндау, түсіндіру, әңгімелеу), көрнектілік (музыкалар иллюстрациялар, диафильм, бейнефильм-дерден үзінділер) көрсету (үйретілетін әнді орындап беру, би қимылдарын көрсету, аспаптарда ойнап беру). Кейбір тапсырмалар алдында жағдаяттар туғызу, оқытудың белсенді тәсілдері іскерлік ойындар жүргізу т.б. оқытушының іс-тәрбиесі мен шығармашылығынан туындайтын оқыту тәсілдері, әдістері сабақ үрдістеріне оқытудың жаңа технологиясын түрлендіре түседі. Оқытудың жаңа технологиясы оқушылармен жеке, топ болып жұмыс істеудің тиімді тәсілдерін түрлендіруді талап етеді. Жалпыға білім беретін орта мектептің «Музыка» бағдарламасының мақсаттарын, міндеттерін, принциптерін бүгінгі заман талабымен байланыстыра жүргізу басты мәселе болуы керек[1].

Қандай ғылым болмасын оның теориялық негізі болады. Ал музыканың теориялық негізіне келетін болсақ, бұл бірнеше саладан қалыптасқан теориялық негізі бар өнер ғылымы. Музыканың «Сольфеджио» «Музыка шығармашылығын талдау» және «музыканың элементарлық теориясы» яғни әліппесі құрайды. Бұлар өзара күрделі жеке дара пәндер.

Жалпы алғанда музыка сабағының басқа пәндерден айырмашылығы - бұл сабақтың өнер сабағы болғандықтан. Бұл сабақта баланың сезімі мен ақыл ойы. Музыка сабағы барлық өнерлерді: әншілік, би өнерін, күй өнерін т.б. өнерлерді қамтиды. Бұл сабақ коллективтік сабақ. Қазақ халқының музыкасы ауыз екі поэзиялық творчествосымен тығыз байланысты: Ән - жырлар, дастандар, музыкалық аспаптар сүйемелдеуімен орындалады. Аспаптардың барлық түрі алып жүруге ыңғайлы, құрылысы қарапайым. Қазақ халқына жеке дауыспен немесе қосылып ән - терме

айту, домбыра аспабында күй ойнау тән. Қазақ халқының ауыз -екі поэзиялық шығармашылығы музыкасыз болмаған, ал музыка сөзсіз және қимыл әрекетсіз болмаған. Халық сан ғасырлар бойы жеткіншек жас ұрпақтарға эстетикалық тәрбие берудің нақты формаларын, әдіс-тәсілдерімен құралдарын қалыптастырып отырған. Бұл эстетикалық тәрбие балаларға қайырымдылық, ілтипат қатынасын жасау, балалардың адамгершілікке деген сезіміне ояту, моралдық жағынан өзіне деген сенімін нығайту, жауаптыда қызықты істерге тартады. Балаларды шебер сөйлеуге тәрбиелеу, музыкалық аспаптарда ойнау, ән-күй сайысына қатыса білуге үйрету, музыкалық және эстетикалық тәрбиенің негізгі бөлігі деуге болады[2].

Мектептегі музыкалық тәрбиенің негізгі бір мақсаты, балалардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру. Адамзат баласының өнерге деген жан дүниесін байыту. Техникалық прогрестің арқасында музыка тыңдаудың мүмкіндігін арттыру. Баланы музыканы қабылдау тек музыканы тыңдау кезінде қалыптаспайды, ол одан бастап музыкалық әрекеттерде: ән айту, балалардың музыкалық аспаптарында ойнау, музыкалық сауаттылықты ашу, музыкалық ритмикалық қимылдарды жасау, музыкалық ойындар ойнау таға басқа жұмыс үстінде балалардың шығармашылығын дамыту. Музыканың балаға әсер етуі де жоғары тұрады. Сондықтан баланың психологиясына да физиологиясына да әсер етеді. Музыкалық сабақ эмоцианалды әсер ете отырып музыкаға деген қызығушылықты да арттырады. Музыка сабағының көркемділігі мен техникалық жағы бірдей болуы керек. Мектепте музыка сабағы колективтік сабақ. Мысалы: ән, хор айту кезінде бүкіл сынып бір аспапта ойнағандай бірге орындалуы керек, немесе оркестр үйірмесі де осындай болуы керек[3].

Мектепте білім беруде түбегейлі, міндеттерін жүзеге асыруда ұлттықмузыка пәнінің де алатын орны ерекше. Оқушылардың эстетикалық талғамын, рухани байлығын, әсемдігін,терең сезімін музыкалық сауатын, шығармаларды, музыканы айту, тыңдау арқылы жүзеге асыру үшін музыка пәні оқытушыла-рының алдына көптеген міндеттер жүктелінеді.Мектепте ұлттық музыка пәнін оқытудың басты міндеті және мақсаты – оқушыларды сабақтарда түрлі көрнекілік іс-әрекеттерге қатыстыра отырып, балалар жүрегіне халық дәстүрінің рухына толы, оны қабылдай алатын бір-тұтас көркемдік – эстетикалық мүмкіндіктерді туғызу керек.

Балалар ұлттық музыка сабағынан өзін қоршаған дүниенің әдемілігі мен сұлулығы, өнерді біртұтас сезінуге тиіс болса, ұстаз осыларға сәйкес ұлттық музыкалық шығармалардың терең педагогикалық дәстүрін таныта білетін тәрбиенің әдемілік көздерін табуы қажет. Өзін қоршаған өмір мен мектептегі ұлттық музыка сабағын тығыз байланыстыра ұстау, оқу-тәрбие жүйесіндегі басты және негізгі міндет болуы керек. Өйткені, өзіміз қоршаған табиғат, күнделікті еңбек, халықтың материалдық-рухани мәдениеті (халықтың қолданбалы өнері, зергерлік, үй тұрмыс бұйымдары), халық ауыз шығармашылығы, ойын сауық, салт-дәстүр, т.б. ұлттық музыкалық білім беру мен тәрбиелеудің басты мақсаты болып табылады. Оқушылардың ұлттық музыка сабақтарына деген ынтасын арттыру, ұлттық музыканы өнер ретінде танып, оны өмір қажетіне айналдыру, құштарлық сезіміне тәрбиелеу. Оқушылардың жоғары көрнекілік талғамын, өнер шығармаларын тек шынайы сезіммен қабылдап, бағалай білу қабілетін қалыптастыруы, оларды бейнеленген түрлі құбылыстарlы салыстыра білуге, ұлттық музыкалық шығармалардың сипатына, стилі мен жанрына және дәуіріне қарай түсінуге тәрбиелеу, ұлттық музыкалық шығармалардың сипатын танытатын жанрлар, саздар, ырғақтың, тембрлік ерекшеліктер туралы және оларды музыка пәнінің бағдарламасында белгілі бір логикалық құрылымы арқылы жүзеге асырылуы қажет [4].

Оқушылардың ұлттық музыкалық өнермен қарымқатынасындағы түрлі практикалық тәсілдерін игеруді қалыптас-тыру (ән айту дағдысы,музыка тыңдау, музыка сауатын меңгеру, шығармашы-лық қаблеттерін қалыптастыру). Көркем бейнелерді қабылдау негізгі музыка болып табылатын өнердің әралуан түрлерін интеграциялау (біріктіру) нәтиже-сінде жүзеге асырылады. Бұл, оқушылардың түрлі іс-әрекет барысында белсенді шығрмашылық даму мүмкіндігінің болуын талап етеді. Музыка сабақтарында оқушылардың музыкалық шығармашылық дағдыларын дамыту. Ол музыкалық білім беру, тәрбие негізінде оқушылардың бойындағы өнердің әр саласына деген бейімділігін (әншілік, күшілік, ақындық, суырып салма, бейнелеу өнерпі, актерлік, жазушылық т.б.) қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Меңдіаяқова Қ.М., Қарамолдаева Г.Ж. Мектептегі музыка тәрбиесін беру әдістемесі Алматы: 2007 . 25-30 б.
2. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие Алматы:2015. 105-120 б.
3. Мектептегі музыка пәнінің мұғалімдеріне арналған методикалық нұсқау. Алматы: 2017. 21-24 б.
4. Сүлейменова Р.Ә. Жұмалиева Р.А. Бастауыш сыныптарда музыка пәнін оқытудың әдістемесі. Астана: 2003. 10-13 б.

УДК 78

РАЗВИТИЕ МУЗЫКАЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ШКОЛЬНИКОВ

Таспаева С.Ж.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *Сегодня в сферу образования внесено много изменений, новшеств, творческим поиском развиваются авторские программы, методические сборники. В музыкальной сфере пропагандируется традиционное народное музыкальное богатство, произведения композиторов Казахстана, создаются обновленные музыкальные программы. В связи с этим в Республике Казахстан начался резкий поворот в деле внимания к национальной культуре, изучения народной педагогики, направленной на воспитание поколения, и написания учебников и учебно-методических пособий для использования ее традиций в средних школах и средних и высших учебных заведениях.С обретением независимости Республики Казахстан в нашем обществе происходят экономические, политико-независимые культурные изменения. Принят Закон Республики Казахстан Об образовании, определяется содержание образования для всех общеобразовательных школ страны.Главной целью новой школы является всестороннее развитие индивидуального сознания каждого через обучение, воспитание молодого поколения с сохранением преемственности национальных благ и человеческого культурного наследия.*

Ключевые слова: *музыкальные программы, национальные блага, прогресс, национальная педагогика, эстетическое воспитание.*

ӘОЖ 81.38

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПЕРИФРАЗДАРДЫҢ БАҚ ТІЛІНДЕГІ ПРАГМАСТИЛИСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Ибрашева Т.К.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Бұл мақалада қазақ тіліндегі перифразалардың тілдік табиғаты мен өзіндік белгілері зерттелген. Перифраздар – ауыспалы, астарлы мағыналы болып келетін тілдік тәсілдің бірі. Жұмыста осындай бейнелі тұрақты тіркестер туралы айтылған тілші-ғалымдардың пікірлері, оларға берілген анықтамалар туралы сөз болады. Сонымен қатар көркем шығармалар мен бұқаралық ақпарат құралдары бетінде кездесетін перифраздардың стилистикалық, прагматикалық мақсаттағы ерекше қолданыстары қарастырылып, дәлелді мысалдар келтірілген.*

Кілт сөздер*: перифраза, стилистикалық тәсіл, фразеологизм, метафора, көркем образ.*

Бұл мақалада біз қазақ тіліндегі жеке дара көп сөз етіле қоймаған перифраз ұғымының тілдік табиғатын қарастырып, бұқаралық ақпарат тілдерінде, соның ішінде баспасөзде қолданылу ретіне тоқталамыз. Перифраз – көріктеу тәсілдерінің бірі ретінде затты, құбылысты өз атымен атамай,

басқаша, яғни айрықша бір белгісін негізге ала отырып, суреттеп атау. «Қазақ тілі энциклопедиясында» перифразаға «Перифраза (ағылшын paraphrase) – сөздің бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Перифраз затты, процесті, құбылыстың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау» [1] деген анықтама береді. Мысалы: дәрігер деудің орнына «*ақ халатты абзал жандар*» деп атау, депутаттар деудің орнына «халық қалаулылыры» «халық қызметшісі» деп қолдаудағы мақсат бір сөзді басқа сөздермен ауыстырып қана қою емес, бұл ұғымды өз атынын басқаша етіп атау оны бейнелі етіп сипаттау үшін және қандайда бір эмоцияналды-экспрессивті баға беру үшін қолданылады. Бұл, біріншіден, стильдік мақсатта айтылып тұрса, яғни бір сөзді қайталап айта бермес үшін ойды түсініктірек баяндау үшін, бір ұғымды түрлендіріп әрқандай атаулармен атап, жалпы мәтінің көркемдігін арттыру болса, екіншіден, перифразалар заттың, кейіпкердің қасиетін, ерекшеліктерін баса көрсетуде, уақиғаны суреттеуде образдылық жасап, айтылған ойдың әсерлілігін арттырады, сонымен бірге автордың субъективті сезімдерін білдіру үшін қолданылатын стильдік тәсіл болып табылады.

Перифраздарды қазақ тіл білімінде 90-шы жылдардан кейін ғана қарастыра бастады. 1996 жылғы Г.Үсенбаеваның кандидаттық еңбегін атауға болады. Г.Үсенбаева «Перифраздың тілдік табиғаты» (1996) атты диссертациясында перифраздың тілдік табиғатын ашуға ұмтылып, метафоралық, метонимиялық, синекдохалық, эвфемистік, синонимдік, есімді және етістікті деп бөліп, оларды жіктеп, перифраздың жасалу жолдары мен тәсілдеріне тоқталған.

Перифраздардың көркемдік жағын талдаған еңбек Г.Амандықованың «Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар» (1999) атты кандидаттық диссертациясы. Бұл еңбекте 1960-1990 жылдар арасындағы ақындардың өлеңдерін басты нысанаға ала отырып, шабыт шалқар иелерінің перифраздарына талдау жасаған.

Қазақ тіліндегі теңеулердің пайда болуы мен қолдану ерекшеліктерін зерттеген профессор Т.Қоңыров перифразды бейнелі синонимдер қатарына қосып, оған мынандай анықтама бере кетеді «перифраз дегеніміз – затты, процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде сол заттың, құбылыстың, ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау», Қ.Мұхамеджанов «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің ауыс мағынасы» деген диссертациясында перифразды сөздердің ауыс мағынасына жатқызады, заттың, құбылыстың атауын оның өзіне тән белгілерінен басқа астарлы мағынада суреттеу әдісі – дейді. Ал К.Шәменов, С.Торайғыров тілін зерттей келе перифраздарды емеурін деп алып, оны символ, аллегориямен ұштастырады да, олар көбінесе сатиралық сипатта болады деп түйеді. Ал академик З.Қабдолов перифразды «сөзді қайта айтып беру», профессор Ә.Болғанбаев өзінің «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» еңбегінде синонимдерді қолданудың тағы бір тәсілі деп көрсетіп жеке сөздің орнына оны түсіндіріп сипаттап беру» деген.

Қазақ тіл білімінде перифраз атауларды өзіне ұқсас метафора, метонимия, синекдоха,теңеу, эпитет, табу, эвфемизм, фразеологизм сияқты тілдік бірліктерден қалай ажыратуғаболады деген мәселер үнемі күн тәртібі мәселесінде көтеріліп отыратындығы белгілі. Осыған орай, профессор Байынқол Қалиұлы перифраз (сипаттама сөз) болу үшін кемінде бес түрлі шарт болу керектігін ұсынады. Олар:

1) Сипаттама сөздер кемінде 2 не 3 сөздің тіркесінен жасалып, негізінен екі сыңарданқұралуы шарт.

2) Сипаттама сөздің ол сыңарлары анықтауыштық (адъективтік) немесе изафеттік(генетив) қатынаста тұруы керек. Осы тұрғыдан ақ алтын деген -анықтауыштық қатынаста,шөл кемесі деген - изафеттік қатынаста тұр. Сондықтан бұлар сипаттама сөздерге жатады. Ал«Қазақстанның бұрынғы астанасы» деген – сипаттама сөз емес, ол тек анықтама(түсініктеме) ғана.

3) Сипаттама сөз құрамында кіретін мүшелердің бірінші сыңары негізінен тура мағынада тұрады да, екінші сыңары - ауыспалы мағынада тұрады. Айталық, қара алтын (мұнай) дегендегі қара сөзі – тура мағынада, ал алтын сөзі – ауыспалы мағынада тұр.

4) Сипаттама сөз алғаш жасалған кезінде еркін тіркес (матасу,қабысу) болғанымен кейіннен ол сыңарлар тұтасып кетіп, тұрақты тіркеске айналады да, бір ғана заттың атын білдіреді. Соған орай сипаттама сөздің берер жалпы мағынасы да ауыспалы, бейнелі мағынаға айналады.

5) Сипаттама сөз жасалу үшін заттың (денотаттың) өзі адамзат баласы үшін маңызды, мәнді, аса қажетті зат болуы керек және сол сөзді жасаушы адам әлгі заттың құндылығымен, маңыздылығымен мақтана алатындай болуы қажет. Яғни сипаттама сөз жасалу үшін көңіл күйдің көтеріңкі болуы шарт.Осы бес қасиеттің бесеуі де болса ғана әдеттегі еркін тіркестер тұрақты тіркеске айналып, жеке сөздің қызметін атқарады. Біздің сипаттама сөздер деп отырғанымыз, міне, осындай бейнелі, образды сөздер. Егер жоғарыда көрсетілген 5 белгінің екеуі не үшеуі болып, қалған екі не үш белгісі болмаса, ол сипаттама сөз бола алмайды [2] екен.

Тіл білімінде перифраздарды тілдік (узуалды) перифраздар және поэтикалық (авторлық) перифраздар деп екіге бөліп қарастыру дәстүрге айналған. Перифраз сөздердің бұл екі түрінің де жасалу тәсілдері мен функциялық қызметі жағынан бір-біріне ұқсас. Тек олардың қолданыс өрістері әртүрлі. Мәселен, тілдік перифраздар жалпыхалықтық тілде көп қолданылса, поэтикалық перифраздар көркем әдебиет пен публицистикалық стильде жиі ұшырасады.

Перифраз – лингвистикалық единица. Себебі біріншіден, ол міндетті түрде тұрақты сөз тіркесінен болады, екіншіден, оның семантикасы келтірінді (коннотативті) мағынада жұмсалады. Сөзді перифрастикалық мағынада қолданғанда, заттың тек жеке бір айрықша белгісі ғана алынады да, басқалары ескерілмейді. Үшіншіден, тілде бұрыннан қолданылып келе жатқан узуалды (тұрақтанған) перифраздар бар да, көркем шығармаға тән жеке авторлық еркін (оказионалдық) перифраз бар. Алғашқысын жалпы тілдік, соңғысын стильдік құбылысқа жатқызамыз. Перифраздың өзіне тән бір ерекшелігі – тура мағынадағы сөздердің тіркесі арқылы екінші бір жаңа ұғымды суреттеуі. Бұл жағынан ол басқа көркемдеу, бейнелеу тәсілдірімен – метафора, метонимия, синекдоха, табу т.б. мағына жағынан ұштасып жатады.

Қырманда алтын, қызыл маржан,
Жайнайды жаратылыс берген сыйдай (С.С.).

Қазақ тіл білімінде перифраз мәселесінде кеңірек тоқталған профессор Р.Сыздықова көріктеу құралдарының ішінде көп айтылмайтыны перифраз деп, оның себебі біртектес троптық категорияларды бір-бірінен дәл ажыратушылықтың жоқтығынан деп көрсетеді. Ғалым өзінің «Абай шығармаларының тілі» деген еңбегінде перифраздарға талдау жасай келе, ұлы ақынның тіліндегі перифразды қолданумен қатар (өмірді «бұлдыр заман» деуі: «қайта айналмас, жаңғырған бұлдыр заман», «сұм жалған», «қайран дәурен» деуі: Бір қызық ісім екен сұм жалғанда, Қалжыңдасып өткізген қайран дәурен), перифрастикалық тіркестердің небір ойға келмейтін түрлерін жасайтынын сөз етеді. Мысалы: «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім» деп, Абай өзі өскен ортаны, өзін қоршаған сол кездегі әлеуметтік, қоғамдық ойпікірді айтып отырса, әбден қажыған кезін, өзінің бір жабырқау күйін ақынның «сұрғылт тартқан бейуақ» деп беруі тіпті әсерлі бейнелеу деп таниды. Шынында, Абай тіліндегі перифраздар өзіндік ерекшелігімен бой ұрып тұрған, бейнелі, көркем, жаңашыл – өте шебер жасалған және қисынымен қолдауын тапқан тіркестер. Олардың эстетикалық құндылығы осында деп көрсеткен проф. Р.Сыздықова перифразға «құбылыстың, заттың, айрықша белгісін ерекшелеп, айқындап, оны сипаттап көрсету» [4] деп анықтама береді.

Қазіргі қоғам өмірінде БАҚ тілінде ақпарат таратудың негізгі көзі болып табылатын тілдік бірліктер ішінен перифраз атаулардың да қолданыстық қызметі, прагмастилистикалық мақсаты ерекше. Яғни перифраз сөздер таңбаланған ұғымға стилистикалық нәр беретін, лексика-семантикалық жағынан – бейнелі, образды, әсерлілігі жағынан – стильдік, экспрессивтік, эмоцияналдық мәнге ие болғандықтан, оқырманға, тыңдарманға ерекше әсер ететін бейнелі, образды сөздер ретінде журналистер тілінде жиі қолданатындығы мақалада нақты мысалдар негізінде дәйектелді.

Бүгінгі БАҚ тілінде ақпарат таратудың негізіг көзі болып табылатын тілдік бірліктер ішінен перифраз атаулардың да қолданыстық қызметі ерекеше деуге болады. Публицистикалық стиль ерекшелігіне сәйкес перифраздық тілдік бірліктер әрі атауыштық, әрі бейнелілік, әрі көркемдік қызметте кеңінен қолданысқа ие болып отыр. Қазіргі кезде сырты экстралингвистикалық факторлардың әсерінен тілімізде біраз жаңа перифраздар пайда болды. Олардың, негзінен, көрінетін жері, қолданылатын тұсы – бұқаралық ақпарат құралдары. Мысалы, қызыл аймақ, жасыл өлке, темір ханшайым, жыл үздігі, жыл адамы және т.б.

Сол сияқты перифраз атаулардың негізгі қолданыс өрісі БАҚ тіліндегі публицистикалық

стильдің дамуымен тығыз байланысты болып отыр. Журналистер тыңдарманға, оқырманға әсерлі, образды, жағымды жету үшін өздерінің коммуникациялық актілерінде перифраз атауларды жиі қолдануға тырысады. Олардың көбі мақала атаулары болып келеді. Мысалы, ғасыр жасаған әже, Жайықтың жампозы, ел қалаулысы, ұлт ұстазы және т.б. (Орал өңірі, 2022)

Бүгінгі мерзімді баспасөз, теледидар, радио хабарлары тілінде жиі жұмсалатын перифраз атаулар ретінде «қанатты метал» – алюминий, «қара алтын» – мұнай, «көгілдір отын» – газ, «ақ ұлпа» – қар, «дала аруы» – жүгері, «теңіз алыптары» – киттер, «қыр баласы» – ауыл баласы, «солтүстік еркелері» – страустар, «алла үйі» мешіт, «саналы сандық» – компьютер, «темір тұлпар» – машина, «ащы су» – арақ, «жуан жұдырықтылар» еркектер, «нәзік жандар» – әйелдер және т.б. атауларды жатқызуға болады [5].

Австралияның оңтүстігінде теңіз алыптары (киттер) қырылуда («Хабар» арнасы). Номинация теориясында сөз әдетте біріншілік атау, екіншілік атау болып бөлінетіндігі белгілі. Перифраз сөздер – екіншілік атаулар, бейнелі, образды атаулар. Мәселен жоғардағы *кит* сөзінің семантикалық шеңберіне назар аударғанда оның басқа жануарлармен салыстырғандағы өте үлкен болуы және тек мұхит, теңізде ғана мекендейтін уәждері мен даралауыш семалары екіншілк номинацияның туындауына негіз болып перифраз атаудың жасалуына себеп болып отыр. *Солтүстік еркелерін* (страустар) Африкадан солтүстік аймаққа әкелу екінің бірінің қолынан келмейді («Қазақстан», Ақерке Қабекеева).

Мәселен жоғардағы страус сөзінің семантикалық құрылымына назар аударғанда біріншіден, бұл жануардың қазақ халқының тілдік санасында ертеден қалыптаспағаны және оны алыс солтүстіктен әкелетін диференциалды семалары негізге алынғаны белгілі, екіншіден страустың мінез-құлқы, жүріс-тұрыс кербез болғандықтан қазақ тілінде осы ұғымды таңбалайтын ерке сөзінің контекске сай таңдалынып алуы екіншілік номинация тұрғысынан жаңа перифраз атаудың қалыптасуына себеп болып отыр. Бұндай перифраздардың мағынасын мәнмәтінсіз (контекссіз) түсіну қиын екенін аңғаруға болады.

Сонымен қатар соңғы уақытта халыққа таныс, бұрыннан қолданылып келген кейбір перифраздар жаңарып басқаша қолданылып жүр. Мысалы, Қара құмырсқа еліне барып қайтты (Қытай), Жүздесу газеті 2021, қараша), Бас қаламыздың дамуына арналған жиын өтті (Сонда). Ел бесігін тербеткендер (әйел адамдар) Елордада бас қосты (Орал өңірі, 2021, 15 қараша). Бұлайша қолдану арқылы автор оқырманға әсер ету, мала тақырыбы арқылы оқырманның қызығушылығын арттыру, сөздің көркемдігін арттыру сияқты прагмастилистикалық мақсатты көздейді.

Қорыта айтқанда, перифраз дегеніміз – затты, процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау, әрі соның негізінде олардың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, оларды бейнелі түрде сипаттау, анықтау. Сонымен қатар бұл тәсілді бүгінгі медиа тілінде, соның ішінде баспасөз бетінде, жиі қолданылатын, тыңдарманға, оқырманға әсерлі, образды, бейнелі ақпарат жеткізу мақсатында ұтымды, әртүрлі стилистикалық мақсатта жұмсалып, журналистер тілінде тұрақтылық сипатқа ие болып келе жатқан тілдік бірліктердің бірі деуімізге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілі: Энцоклопедия. – Алматы, 1998. – 509 б.
2. Қалиев Б. Сипаттама сөздер дегеніміз қандай сөздер // Сөзстан (мақалалар жинағы). – Алматы, 2009. – 304 б
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: Абзал-ай, 2013. - 400б
4. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. -384 б.
5. Амандықова Г. Қазақ көркем әдеби тіліндегі перифраздар. – Алматы, 1999, КДА.

ӘОЖ 81.38

ПРАГМАСТИЛИСТИЧЕСКАЯ ФУНКЦИЯ ПЕРИФРАЗОВ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В ЯЗЫКЕ СМИ

Ибрашева Т. К.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация.*В данной статье изучена языковая природа и своеобразие перифраз в казахском языке. Перифразы-один из языковых подходов, который имеет переменный, подтекстовый смысл. В работе речь идет о мнениях ученых-корреспондентов, высказанных о таких образных устойчивых выражениях, об определениях, которые им даны. Кроме того, рассмотрены уникальные применения перифразов в стилистическом, прагматическом целях, встречающиеся на страницах художественных произведений и средств массовой информации, приведены убедительные примеры.*

Ключевые слова: *перифраза, стилистический подход, фразеологизм, метафора, художественный образ.*

ӘОЖ379.8(075.8)

МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

Мажитова А.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация.*Мәдениет қоғаммен бірге дамып келе жатырған үздіксіз процесс. Жаңашыл технологиялардың қоғамда кеңінен орын алуы, әлеуметтік салалардың қызметін дамытуды талап етеді. Біздің өмір сүріп отырған ортамыздың жаңаруының қазіргі заманғы процесстері әлеуметтік мәдени ахуалға да өзгерістер әкелді. Практика мен әлеуметтік зерттеулер халықтың мәдени қызығушылығында мәдени демалыс орындарының маңызын айқын көрсетеді. Осыған байланысты, рухани қажеттіліктер үнемі өзгеріп, сапалы жаңа деңгейге көтеріліп отырады.*

Кілт сөздер*: жаңашылдық, инновация, мәдениет, мәдени-тыныгу қызметі, мәдениет мекемелері.*

Жаңашылдық немесе инновация - дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа нәрсені ойлап табу, білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып ескіні өңдеп шығару, жақсарту, кем нәрсесін толықтыру, тың нәрселер ойлап табу, жаңа әдіс пен жаңа жол арқылы өмірді жаңарту деп түсіндіріледі. Қарапайым мағынада айтсақ, егер әлдебір өзгертулер, тапқырлықтар, жаңалықтар қоғамда жалпы қолданыла бастаса, онда ол жаңалық ашудың шындап толық іске асқанын көрсетеді. Көптеген салаларда заттар мен әдістерге жасалған жаңалық өмірде қолданысқа енгізілсе, ол қоғамның көптеген салаларында өзгерістерге ықпал ете бастайды. Әсіресе өнердегі, экономикадағы, сауда мен саясаттағы өзгерістердің халық пен елге тиімділері инновация болып есептеледі. Экономиканы алсақ, инновация экономикалық өсімді туғызады, заттың құнын арттырып, бағасын түсіруге көмектеседі, еңбек күштерінің ысырап болмауына көмектеседі, қаражат, материал үнемдейді, жұмыс тәртібін жақсартады, уақыт шығынын азайтады. Ал мәдениет саласындағы жаңашылдық қоғамның мәдени өмірін қалыптастырып, рухани тұрғыдан дамуына жол ашады.Инновацияның қазіргі мағынасы ауқымды, ол көбінесе адамның рухани белсенділгі арқылы әуелде болмаған жаңа жоспарлау, жобалау, техника, мәдениет, сауда және қоғамдық өмір салтын қалыптастыру, ал, тар мағынада тек жаратылыстану ғылымдары мен өндірістік техникада жаңа тапқырлық ашуды көрсетеді [1].

Мәдениет қоғаммен бірге дамып келе жатырған үздіксіз процесс. Жаңашыл технологиялардың қоғамда кеңінен орын алуы, әлеуметтік салалардың қызметін дамытуды талап етеді. Біздің өмір сүріп отырған ортамыздың жаңаруының қазіргі заманғы процесстері әлеуметтік мәдени ахуалға да өзгерістер әкелді. Практика мен әлеуметтік зерттеулер халықтың мәдени қызығушылығында мәдени

демалыс орындарының маңызын айқын көрсетеді. Осыған байланысты, рухани қажеттіліктер үнемі өзгеріп, сапалы жаңа деңгейге көтеріліп отырады. Инновациялар мен инновациялық технологиялар мәдени-тыныңу қызметінің тиімділігін арттырудың белсенді элементтері болып табылады.

Әлеуметтік мәдени салада инновациялар мақсатты түрде енгізу немесе басқа иновацияны қалыптасқан тәжірибеге енгізу ретінде қарастырылады. Десек те, барлық кезеңдерде бос уақыттағы жаңашылдық белгілі бір тарихи дәуірдің мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, дүниетанымын және халықтың тиісті қажеттіліктерін қанағаттандырып отырғанын атап өткен жөн. Уақыт өте келе бос уақыттағы кейбір инновациялар заман талабына сай өзгеріп, жаңарып, толықтырылып бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді, ал, кейбірі мүлдем жоғалып кетті. Демалыс пен ойын-сауықтың кейбір заманауи түрлерінің тамыры сонау өткенде жатыр. Әр түрлі тарихи кезеңдерде адамдар жаңалықтарды бірдей қабылдамады: кейде кейбіреулері жалпыға бірдей танылды, тез таралды және танымал болды; басқаларын мемлекеттік органдар күштеп таңған. Кейде бос уақыт саласындағы жаңалықтарды басқарушы өкілдер адамдардың санасына әсер ету механизмі ретінде қолданды. Әлемдік қоғамдастықтың дамыған елдерінде бос уақыт әлеуметтік даму факторларының бірі ретінде қолданысқа ие болды. Бос уақыт шекарасының тұрақты кеңею процесі ғана емес, сонымен қатар демалыс бағдарламалары мен қызметтерінің сандық және сапалық өсу процесі де байқалады.

А.Жарков «Мәдени-тыныңу жұмысының теориясы мен технологиясы» атты еңбегінде мәдени-тыныңу қызметіндегі жаңашылдықтардың бірнеше ерекшеліктерін атап көрсетеді: біріншіден, инновациялардың басым көпшілігі отандық авторлар қызметінің нәтижесі емес. Көбінесе олар шет елдердің тәжірибесінен алынады және сәл өзгертілген түрде ұсынылады. Бұл инновацияны дамытуға қажетті уақыт пен ақшаны үнемдейді. Екіншіден, жаңа тауарлардың барлығы дерлік қымбат және тұтынушылар аудиториясының ауқатты шеңберіне бағытталған. Үшіншіден, бос уақыттағы инновациялардың көпшілігі ірі қалаларда шоғырланған. Сонымен, «мәдени және бос уақыттағы инновациялар» ұғымына келесідей анықтама беруге болады: мәдени және бос уақыттағы инновациялар - бұл қоршаған орта әлемін түрлендіруге қабілеттіліктің материалдық және рухани қасиеттерінің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру, өзін-өзі жетілдіру және өмір сүру сапасын жақсарту. Егер мәдени және бос уақыттағы инновацияларды белгілі бір нәтиже алу тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда инновация объективті қызмет түрінде пайда болады. Мәдени-тыныңу іс-шараларының әрбір қатысушысы үшін инновацияның мәні олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ең жақсы нұсқаны таңдау болып табылады [2, 203б].

1990-2000 жылдардағы басқарудың жаңа механизмі мәдени-демалыс қызметі саласына мақсатты бағдарламалардың кең түрде таралуына жол ашты. Мұндай бағдарламалар мәдени мекемелердің жұмысын мақсатты түрде жоспарлауға, басқа әлеуметтік мекемелермен өзара әрекеттесуге, қаражат пен орындаушылардың шығармашылық күштерін тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда мәдениет саласындағы жаңашылдық пен инновациялық технологиялардың қолданысқа енгізілуі халықтың мәдени өмірін жаңа қырынан қалыптастыра білді. Мәдени мекемелер қоғам талабына сай озық технологияларды игеріп, тұрғындарға игі қызметтер көрсетіп келе жатыр. Сонымен қатар бұл озық технологиялар мәдени мекемелер мен халықтың жұмысын жеңілдетті. Ақпараттық технологиялардың, цифрлық технологиялардың жедел түрде дамуы, мәдениет мекемелерінің де жаңаруына, халықтың сұранысын қанағаттандыра алатындай қызмет көрсету сапасын толықтыруға жол ашты. Бүгінгі күні мәдени мекемелер болып табылатын кітапханалар, музейлер, театрлар, мәдениет сарайлары жаңашыл технологиялардың игілігін көріп отыр. Мысалы, кітапханаларды алып қарастыратын болсақ, кітапханалар үшін арнайы сайт жасақталып, тұрғындар керекті кітаптарын электронды түрде оқи алады. Сонымен қатар, кітаптарды QR-код арқылы табу мүмкіндігі қарастырылған. Оқырмандарға электронды оқырман билеттері ұсынылады. Бұл технологияның артықшылығы оқырмандарға бұрынғыдай формуляр жүргізілмейді. Кітапханадағы кітаптар штрих-код арқылы аталмыш базаға енгізілген. Оқырмандардың деректері де электрондық базаға енгізіліп, оқырман билеті беріледі. Сол билеттегі штрих-кодты сканерлеу арқылы олардың деректері жүйеге сақталады. Бұл кітапхана қорындағы кітаптың қай уақытта кімнің алғанын көруге мүмкіндік береді. Осындай жаңашыл технологиямен жабдықталған Орал қаласындағы М.Горький атындағы қалалық кітапхананың №6 кітапхана филиалы. Бұл рухани орталыққа күрделі жөндеу

жүргізіліп, ел игілігіне ұсынылып отыр. Бұл кітапхананың ерекшелігі – web-rabis бағдарламасы бойынша қызмет көрсетеді [3]. Сонымен бірге, қазіргі таңдағы кітапханалар интернет желісімен қамтамасыз етіліп, оқырмандар үшін қолжетімді қызмет ұсынып келеді. Ал, музейлер үшін маркетинг стратегиясын қолданып, инновациялық технологияларды қолдану нарықтық экономикада табысқа жеткізетін бағыттардың бірі. Облысымыздың өлке құндылықтарын брендке айналдыру, көпшілікке жәдігерлерді заманауи түрде жеткізу мақсатында жәдігерлер цифрландырылуда, сонымен қатар өлкетану музейіндегі жәдігерлерге QR кодтар қойылды. Елбасымыз «Болашаққа бағдар, рухани жаңғыру» мақаласында айтқандай туған өлкені кеңінен таныту мақсатында музейлер өз қызметін жаңа талаптар тұрғысынан атқаратын болады. Мәдениет саласындағы қазіргі заманғы технологияларды енгізу мәдени коммуникациялардың жаңа нысандарын дамытудың және бүкіл елдің мәдени кеңістігін біріктірудің маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты, жаңашыл технологияларды қолданып, халыққа сапалы да қолжетімді қызмет көрсету бәсекеге қабілетті тәуелсіз ел екендігіміздің көрінісі.

Әдебиеттер тізімі

1. https://kk.wikipedia.org/wiki
2. Жарков А.Д. Теория и технология культурно-досуговой деятельности. М.: МГУКИ, 2007. - 480 с
3. «Орал өңірі» газеті, 29 қыркүйек 2020 жыл. Орал қаласы.

УДК 379.8(075.8)

ИННОВАЦИЯ В КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

Мажитова А.А.
Западно-Казахстанскийинновационно-технологический университет,г.Уральск

Аннотация.*Культура-это непрерывный процесс, развивающийся вместе с обществом. Широкое распространение инновационных технологий в обществе требует развития деятельности социальных отраслей. Современные процессы обновления среды, в которой мы живем, также внесли изменения в социокультурную ситуацию. Практика и социологические исследования наглядно демонстрируют значение культурного досуга в повышении уровня культурологическойобразованности населения, что приводит к сменеориентиров духовных изысканий в целях выхода на качественно новый уровень.*

Ключевые слова: *инновация, культура, культурно-досуговая деятельность, учреждения культуры.*

ӘОЖ 95 (574):636.145

ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ МАХАМБЕТТАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Мамыров А.И., Ақесенова Ш.Е., Кенжегалиева Р.А.
Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Мақалада көрнекті ғалым Қажым Жұмалиевтің ілиястануда айтылған ғылыми пайымдары сөз болады. Мұнда Ілияс Жансүгіровтің ақындық шеберлігі, стилдік ерекшелігі ғалым Қажым Жұмалиевтің зерттеу еңбектерін негізге ала отырып талданады. Ілияс Жансүгіров қазақ поэзиясына өлең, поэмалары арқылы қандай жаңалықтар алып келді мәселесінде ғалым зерттеуші Қ.Жұмалиевтің мәтіндік талдаулары бүгінгі әдебиеттану ғылымында қаншалықты маңызды деген сұрақтарға жауапты осы мақаладан таба аламыз. Сондай-ақ мақалада бүгінгі ілиястанудың академик Қажым Жұмалиевтің пайымдарымен сабақтасып жатқандығы ғылыми негізде дәлелденген.*

Кілт сөздер: *Ілияс Жансүгіров, қазақ поэзиясы, өлеңдер, поэма, ұйқас, шумақ, жанр, психологиялық суреттеу, жаңа түр.*

Кеңестік одақ жеке басқа табынушылықтан арылып, жылымық дәуірді бастан кешкен кезде жазықсыз құрбан болған бір шоғыр қазақ қаламгерлері де ақталғаны белгілі. Осы кезде ескере кететін бір нәрсе бұлардың шығармасын бағалауда әдебиет зерттеушілерге кеңестік идеология шектеу қойып, ойдың өрісін жаздырмады. Шығармалардың өзі қайта електен өтіп текстологиялық түзетулер жасалды. Бірақ сол кездегі жарияланған мақалалар мен зерттеу еңбектерден байқалатын бір жайт ақталған үш арысымыз Сәкен, Бейімбет, Ілиястардың поэзиясы, прозасы, драмасы қауырт зерттеле бастады. Бүгінгі таңда сол пікірлерге социалистік реализм мұнарасынан қарап айтылған пікірлер деп сынаушыларда бар. Бұл біржақтылық сияқты, ойланатын нәрсе. Өткен ғасырдағы елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдары қазақ әдебиеттану ғылымында көрінген зерттеу еңбектердің құндылығы жеке қаламгердің өзіндік ерекшелігін ашуға ұмтылушылық.

Бұл салада өнімді еңбек еткен Қ.Жұмалиев “Стиль - өнер ерекшелігі” еңбегінде С.Сейфуллин поэзиясындағы ерекшелік ойдың мығымдылығынан көрінеді десе, бұл Майлинде нәзік юмор арқылы байқалатындығын, ал І. Жансүгіровте нақышты сөз көркемдік компонеттердің молдығында деп санайды. Біз мұны ғалымның халқы сүйіп, құлагер ақын атаған І. Жансүгіров поэзиясына қатысты айтылған пікірлерінен көре аламыз.

Академик Қажым Жұмалиев Ілияс шығармашылығы туралы ақын ұсталып, халық жауы атанған 1937-жылға дейін де талай пікірлер білдірілгендігін, дейтұрғанмен шығармаларының мазмұны мен көркемдік қуаты жөнінде 1958 жылдан бері қарай жан-жақты зерттеле бастағандығына тоқталады.

Негізгі пікірлердің дені 1958 жылдан басталуын зерттеуші мына себептермен түсіндіреді. Бірінші – 20 жылдан астам баспа жүзін көрмеген ақын творчествосы мен оқушылар жұртшылығын таныстыру. Екінші – ақынның көзқарастары социалистік өмір шындығынан ауытқымайтындығы және оның еңбектерінің негізгі нысаны халық тілегі, жұрт мүддесі екендігін аңғарту. Үшінші – ірі талант, шын мәніндегі кестелі сөздің шебері екендігін жалпақ елге таныту, сонымен қатар І. Жансүгіров қалдырған әдеби мұралардың идеялық - мазмұны мен эстетикалық жақтарын дұрыс ұғынып, дәл түсінуге бағыт сілтеу.

Ғалым І.Жансүгіров шығармашылығы туралы айтылған пікірлермен өз ойын сабақтастыра отырып, оны әдебиеттің барлық жанрында қалам тартқан лирик, эпик, драматург, әрі сатирик деп таниды.

І.Жансүгіровтің ақындық қырын ашатын терең зерттеулер мен арнаулы монографиялық еңбектер ол кезде болмағандығына тоқталған ғалым, қазақ әдебиеттану ғылымында ақынның шығармашылығы туралы жазылған мақала, очерктердің ішінде салмақтысы деп, сол кездегі филология ғылымдарының кандидаты М.Қаратаевтың “Ілияс Жансүгіров” атты очеркін көрсетеді. «Негізінен алғанда Қаратаев жолдастың қорытындысы дұрыс. Әсіресе, Ілиястың ақындық таланты жөніндегі топшылаулары жалпылап айтылса да шындыққа дәл. Бірақ, осы мақаланы түгелдей алғанда көзге түсетін бір жайт, Ілиястың өзіне тән ерекшелігінен гөрі де, жалпы қазақ совет әдебиетіне ортақ мәселелер ақынға таңылып, осы жағы баса айтылуы. Мысалы, Ілияс шығармасының халықтығы, партиялығы, поэзиясының заман құбылысын қамтуы оның басқалардан айырмашылығы емес, бірлігі. Бұл формулаларды Сәкенге де, Сәбитке де қолдануға болады. Сондықтан біз бұл мақаламызда Ілиястың өзіне тән творчестволық ерекшеліктеріне, яғни бұрынғы авторларда аз айтылған, не айтылмаған мәселелерге көбірек тоқталмақпыз» – деп зерттеу жұмысының бағыт-бағдарын ашып көрсетумен қатар жеке шығармашылық адамының стильдік ерекшелігін ашып көрсетуде ескерілуі тиіс тұстарды нақтылап өтеді [1].

Қ.Жұмалиев белгілі бір ақын-жазушының шығармашылығын сөз еткенде, оның әдебиеттегі орнын айқындағанда сөздің түйіні, қаламгер шығармаларында әлеуметтік маңызға ие нендей мәселелерді көтергендігімен және әдебиетке енгізген (тақырып, идея, метод, жанр, стиль, композиция, тіл, өлең құрылысы) т.б. теориялық жаңалықтарымен өлшенеді деп санайды.

І.Жансүгіров шығармашылығына осы тұрғыдан келген ғалым, ақынның өзіне тән ерекшелігі деп «жаңа заманның жаңа тынысын» жаңа мақаммен, өткен заманның тарихи тақырыптарын уақытқа лайықтап жігін жатқыза «жаңаша» жырлауы дей келіп, осы жаңашылдықтар жаңа тақырыпқа, өлең құрылысына (ырғақ, ұйқас, метод, образ) т.б. ұласқандығын сөз мәнерін талдауда

таратып ашып бере алғандығын байқаймыз.

І.Жансүгіровтің поэзияда өзіндік үнін, сөз саптауын қалыптастырып үлгергенше өзіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілеріне, Абайға еліктеп бірлі-жарлы өлеңдер жазғандығын автордың шығармасын терең зерттеген ғалым нақты мысалдар арқылы аша келіп, ақынның көп жылғы тәжірибесінің толықсып, көлемді дүниеде көрінуі 1929 жылы жазылған «Гималай» поэмасы деп таниды. Сонымен қатар, І. Жансүгіровтің өлең жазуда кәсіби деңгейге көтеріліп, өзіне тән стильдік ерекшелігінің қалыптасу уақыты «Гималай» мен «Құлагердің» аралығы екендігін ғылыми тұрғыда негіздей біледі.

І.Жансүгіровтің қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесі «Гималай» поэмасының мазмұны мен құрылысына қатысты ғалым пікірі ақынның қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесін танып-білуде құнды: «Гималай» аралас ұйқасты өлеңдердің тобына жатады. Бұл өлеңде ақын ерікті ұйқаспен қара өлең ұйқасын қиюластырып, мағыналы аяқталған бір ойды білдіретін өлең шумағын жасаған" [1].

Мысалы:

Ақшалап басын қар көміп,
Аспанның төсін арда еміп,
Апасындай алтын күн,
Сел жіберіп бір жуып,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...
Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар, бауыры тар...
Гималай асқар неге олай?

Қ.Жұмалиев поэмадағы терең мазмұн мен бөлек көркем түрдің тууын үлкен идеяның ақындық қуатпен қабысуы екендігін аңғартады. Сонымен қатар, І.Жансүгіровтің бұл поэмасы 7-8 буындық жыраулық үлгіде жазылып, адамзат баласының рухын көтеретін деңгейге жете білуі "Гималайдың" ұлттық тілдің мүмкіндігін көрсетер көрнекті үлгісі деп қарайды.

І.Жансүгіровтің шығармашылығын зерттеу барысында ақынның өсу жолын бірден-бір тап басып көрсете білген Қ. Жұмалиев "Гималайдан" кейінгі шығармашылық жетістігі қазақ халқының екі ғасырлық жүріп өткен жолынан сыр шертетін эпикалық "Дала" поэмасынан көрінетіндігіне тоқтала келіп, мұны идеялық - көркемдігімен де, құрылысы жағынан да елеулі жаналық әкелген шығарма деп біледі.

Бұл тақырыпты ақындарымыз талай жырлағандығын, автордың өзі поэмаға дейін жақсылы-жаманды бірнеше өлеңдер жазып, «Дала» поэмасына тастүйін дайындықпен келгендігін айта келіп, Ілияс «Даласы» бұрынғы поэма деп аталатын ұзақ өлеңдерден айырмасы - схематизмнен арылуы деп көрсетеді.

«Ілияс «Дала» поэмасының композициялық желісін халық өмірінің тарихы сүрлеуіне негіздеп құрды. Бұл жаңа әдіс емес, және талайды тақыршыққа отырғызған, сүрінткен әдіс болатын. Бірақ сол талайды сүрінткен әдіс қиялы ұшқыр, тілі орамды, талантты ақынды сүрінте алған жоқ.

Поэма адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсетуге құрылмаса да, ескі заман, өткен кездердегі ел басында болған ауыр күн, ащы тұрмыстардың картиналарын көзге толық елестете алады» [1].

Поэманың композициясындағы негізгі әдістердің бірі - шендестіру екендігін ашып бере білген теоретик ғалым, "Ақтабан", "Құл көгені", "Құрбандық" т. б. бөлімдердегі қилы заман, қиын тұрмысты бейнелейтін эпизодтарды суреттеу құр әншейін шолып айту үшін емес, келесі "Октябрь", "Теңдік", "Қызыл жұлдыз" сияқты эпизодтардағы суреттеулерге қарама-қарсы қойып, кешегі мен бүгінгі өмірді оқырмандардың өздері безбендеп, қорытынды шығаруын көздеушілік деген ұсынақты пікір айтады.

"Дала" поэмасының және бір жаңалығы өлең құрылысында. Дәлірек айтқанда, шумағы мен ұйқасында. Бұл әр тармағы 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ.

Алатаудың ақ сүті - а

Асқар иген, құм сүйген - б
Боз даланың қос құты: - а
Сыр менен Шу екі ене - в
Екі өзеңнен шықты шаң - г
Екі енені шапты жау...
Жуды жауды, қанды қан... - г
Батыр шықты "жекеге" - в

Бұл ерікті, не кезекті, не шұбыртпалы ұйқастардың түрімен келетін "жыр ағымы" - 7 буынды өлең емес, белгілі бір тәртіпке негізделген, жаңа ұйқасты шумағы, поэманың басындағы "Арнау" мен ең аяғандағы "Той бастаудан" басқа бөлімдерінде берік сақталынады.

Бұл поэзиямызда бұрын болмаған жеті буынды өлеңнің жаңа бір түрі" - дейді [1].

"Дала" поэмасының жанрлық сипатына қатысты әдебиет зерттеуші ғалымдар М. Әуезов, М.Қаратаев, М.Дүйсенов, Т.Нұртазин, Н.Смирнова, М.Сильченко, З.Кедрина, Ә.Дайырова, Ә.Нарымбетов т.б. әр түрлі пікірлер айтқаны белгілі. Бірі лирикалық – философиялық, екіншісі, тарихи – философиялық поэма, үшіншісі, сюжетті – тарихи поэма, лирико – публицистикалық пома т. б. дейді. Шындап келгенде "Даланы" жанрлық сипаты жағынан бір түрге танып тастауға келмейді. Онда тарихтың да, философияның да, психологияның да жанрлық элементтері бар.

"Дала" тақырыбынан кейін І.Жансүгіровтің ақын жүрегінде муза отын маздатып, шабытының шарқайрағына айналып, қаламын ұштай, қиялын қалықтатқан және бір тақырып-қазақтың ән-күйі. Ақындық қуатымен тақырыпты жоғары деңгейге көтере білген І.Жансүгіров, өз бигігінде өзі қалып қойған жоқ, әр кез тың ой, жаңа тақырыптармен жұртшылық назарын өзіне аудара білді.

"Жасынан ән-күйді терең сезініп, жанымен түсінген Ілияс әдебиетке ән-күйдің құдыретті күшінің туын көтере шықты.

Адам баласы өмірінің тарихи тартысындағы ауыр халді де, аңсаған арман, көздеген мақсатты да, жан тербеткен сізімді де, ойды - өрлетер қуат-күшті де дыбыс, үн гармониясымен тыңдаушыларына жеткізетін музыкалық искусствоның тілің өзі жақсы ұғынып, оны сөз искусствосының пәрменімен оқушыларына жақсы ұғындыра білген біздің замандастарымыздың ішінде бірінші ақын – Ілияс екендігі талассыз" – деп бағалағаны белгілі Қ. Жұмалиевтің [1].

Ақын жүрегінің күмбірі сынды "Күйді" талдау барысында ғалым, поэманы сөз етуші сыншылар Молықпай шал мен Бозінгеңнің айналасынан шыға алмай жүргендігін, түптеп келгенде айтылмақ идея ертегіден әлде қайда терең жатқандығына тоқтала келіп, "Күй" поэмасы тікелей автордың дүние танымына қатыстылығын, яғни ескіден арылып, жаңа өмірге өз пікірін, өз сөзін айтатын ақын болып қалыптасқандығын паш еткен поэма деген қорытынды шығарады.

Ал поэмадағы "Бозінген" күйі мен орындаушы Молықпай заманға деген жаңаша түсінікті оқушыларына жеткізу үшін ғана қажет болғандығын ашып береді. Мысалы:

Мыңдаған оркестрді көрген топты,
Жырлаған жаңа өмірдің күйін соқты.
Жуылған жүректен у сол күйменен
Аршыған көңілімді басқан топты…
... Арылып жастың албырт тентегінен,
Құтылып соқыр сордың жетегінен;
Қуарған, қаунбаған сорлы шалдың,
Енді қош айтысқан жер ертегімен.

Қ.Жұмалиев ақынның музыка тілін жанымен ұғатындығын "Күй", "Күйші" поэмаларын оқығанда көруге болатындығын және жаратылысынан композиторлық қабілеті бар І.Жансүгіровтің күйдің туу процесін суреттеуі, күйші көңілінде болып жатқан әр алуан өзгерістерді тап басып айта білуі сөз жоқ осының әсері деп қарастырады.

Зерттеуші поэмадағы ішкі монологтар арқылы күйші сезіміндегі аласапыранды оқушылар жанымен сезінгендей күйге енетін тұс деп, ақынның мына бір суреттеулерін береді.

Қияндап кетті мініп қиялына,
Ондайда қиял бойын жияды ма?
Ұмытып қайда екенін, кім екенін,

Быж-тыж боп отыр сорлы қыз алдында.
Әлде қыз, әлде түлкі кім алдымда?
Үстіне, не боп кеттім, құлармын ба?
Әлде өңім, әлде түсім, қайда кеттім,
Апырм-ау, бар ма, жоқ па көз орнында?

Ғалым осы шумақ жолдарына және жалпы І.Жансүгіровтің даралық стиліне қатысты: "Ілиястың "Күйшісі" эпика-романтикалық поэмалардың түріне жатса да, поэмада адамның психологиясын суреттеуге көп орын беріледі.

Әр жағдаймен байланысты адамның ішкі сезім дүниесіндегі өзгеріс, құбылыстарды ақын-жазушылар кейде параллелизм, кейде арнаулы монологтар кейде лирикалық шегініс, кейде пейзажды қатыстыра суреттеу арқылы беріледі. Бұл айтқандардың әртүрлілерінің де элементтері де Ілияс шығармаларынан табылады. Әйтсе де, оның поэзиясына қаһармандардың басында болған қал жағдайларды кейде тікелей суреттеу, кейде олардың ойын, ішкі сезімін арнаулы монолог арқылы беру әдістері тән" – деп ақынның поэзиядағы жеке-дара ерекшеліктері неден көрінеді мәселесін нақытылай түседі [1].

Ғалым І.Жансүгіровтің аталмыш поэмаларына дейін адам психологиясын сан алуан жағынан алып суреттеуде қазақ кеңес поэзиясы кемшін қалып келгендігі әдебиет зерттеушілерге мәлім екендігіне тоқтала келіп, ақын бұл олқылықтың орнын толтырып қана қойған жоқ, жетілген көрнекті үлгілерінде қалдыра білді дейді.

І.Жансүгіров поэзиясының ерекшелігі неден көрінеді деген сұраққа жауап іздеген ғалым, ақын өлеңдерінен бір аңғаратын нәрсе музыкалық жақтарының басымдылығы мен тың образ, сөйлем құрылыстарын қазақ өлеңіне алып келуі деп танығандығын байқаймыз.

"Негізінде поэзиялық шығармалардың музыкалығы дыбыс әуезділігіне (эвфонияға), оның заңды, табиғи қолданылуына байланысты. Сондықтан, дауысты, дауыссыз дыбыстарды аралас келтіріп белгілі мөлшерде қайталау барлық ақындарда кездеседі. Оның мөлшерін, шегін белгілейтін әр ақынның сезіну қабілеті. Табиғи заңдылықтан қылдай тайса, дыбыс қайталаушылыққа айналады да, өлеңнің әуезділігі, музыкалығынан еш нәрсе қалмайды. Оқырмандардың әдемілікті талғайтын сезіміне керісінше әсер етеді.

Әрине, дыбыс қайталаушылықтың да әр алуан түрі бар. Негізгі түрі дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталаудан құралады. Мұны әр ақынның да өлеңдерінен кездестіреміз. Біздің бұл жерде айтпағымыз ол емес, Ілияс өлеңдерінде кездесетін ішкі ұйқас (внутренняя рифма).

Ішкі ұйқасты бізде жалпы дамытқан, өлеңнің музыкалық жағын күшейтуде мәні зор екендігін аңғарып, оны өзінің әдемі өлең, шын мәніндегі искусстволық дәрежеге көтерілген поэмаларында шебер қолдана алған ақынның алғашқы өкілдерінің бірі де Ілияс болды. Оның "Күй", "Күйші", "Құлагер" поэмаларын оқығанда тіл бір мүдірмей есіліп отыратыны да, оқушының бойын билеп, иектеп әкетуінің де бір тамыры оның өлеңдерінің әрдайым толымды болып келетін ішкі ұйқасының күшінде жатыр" - деп санайды [2].

Өлеңдегі шумақ аяқталған бір ойды білдіретін тұтас өлеңнің бір бөлшегі деп танығанғалым, сол бөлшектің жасалуы үшін ырғақ пен ұйқастың қажеттігін, онсыз өлең жасалмайтындығын айта келіп, орта ақындардың өлеңдеріндегі бір шумақтың төрт жолынан дыбыс үндестігін керек ететін үш түрлі толық ұйқасты таба алмасақ, І. Жансүгіровтің бір жолының өзінде жалғаса келетін бірнеше ұйқас барлығын көрсетеді. Мысалы:

Сайрадың құйқылжытып, құбылжытып,
Тамсандым, таңдайымның суын жұтып.
Толқытып, толықсытып, емірентіп,
Қиқуға қызықтырдың, қылдың ынтық.

Қ.Жұмалиев "Күй", "Күйші", "Құлагер" поэмаларындағы ішкі ұйқастардың озық түрлеріне мына шумақтарды жатқызады.

Желдеткен, желде кеткен желмаясы,
Желге не? Алақандай жер аясы.
Ақырып Алатаудан өзен құлап,
Сыңқылдап самалданған сай, саласы.

(“Күй”)

Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,
Алыстап, шырқап сілтеп, әрі кетіп.
Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып,
Бірден-бір, ақырын-ақырын төмендетіп.

(“Күйші”)

Аттанып, атандайын алшаңдатып,
Ақситып бір балуанды арсаңдатып,
Аруақтап жетелеген бір қараның
Ноқтасын сыпырды әкеп, талтаңдатып.

(“Құлагер”)

Бұл шумақтардағы анафора, ассонанс, аллитрация т. б. өленді айшықтай түскендігі өз алдына, ақынның айтпақ ойы мен ішкі ұйқастың қабысуы сөз жоқ І. Жансүгіров қаламы қарымын дәлелдейтін тұс екендігін ерекше атап өтеді.

Ғалымның ақын шығармашылығын зерттеу барысында тағы да бір тоқталған қыры сөз образдарының оригиналдық жағы. Оригиналдық дегенде кез-келген творчество адамының ойына келе бермейтін, тек І.Жансүгіровке ғана тән дағдыдан тыс теңеу, метафора, т.б. Мұны мына шумақтан көре аламыз:

Қабаққа біткен қайыңның
Беріші еді, безі еді.
Өтіндей ақ аюдың,
Әкемнен қалған көзі еді. (“Сапты аяқ”)

Мұндағы көркемдік әдіске ғалым: “Біріншіден, аяқты аюдың өтіне теңеу, поэзияда бұрын болмаған, жаңа теңеу болса, екіншіден, тіпті ойға келмейтін нәрсеге теңеушіліктен оригиналдық, теңеп отырған затының өмір шындығында мейлінше мұқтаж, зәрулігінен сапты аяқты иемденушілерге өте қымбат саналатындық қасиеті әрі нәзік, әрі шебер түрде берілген” – дейді [1].

Академик Қ. Жұмалиевтің І.Жансүгіров поэзиясын зерделеу барысындағы ой-тұжырымдарын қорытындылай келіп айтарымыз ғалым ақынның қазақ әдебиетіне әкелген мынадай жаңалықтарын ашып көрсетті:

Бірінші – қазақ өлең құрылысын бұрын болмаған жаңа шумақ, жаңа ұйқастарымен байытты (“Дала” 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ).

Екінші – кейбір өмір құбылыстарын суреттеуде соны әдістер ұсынды.

Үшінші – тарихи тақырыптарды жаңаша көзқарас тұрғысынан қалай жырлаудың үлгісі боларлық жанрлық сипаты жетілген поэмалар берді.

Төртінші – поэзиямызда өрістей алмай келген психологиялық суреттеу әдісін дамытты.

Бесінші – ұлттық тілдің жаңа заманды жырлауда мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдерлік жаңа түрлер туғызды.

І.Жансүгіровтің ақындық ерекшелігі мен азаматтық тұлғасы жөнінде кеңестік идология еркін ойды қаншама тұсаулағанымен аға буын Қажым ағалар кейде ашық, кейде тұспалмен біраз жәйттін басын ашып беріп кетті. Бүгінгі таңда қазақ мемлекеті егеменді ел болуына байланысты ілиястануда қайта жаңғыра бастады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 350 б.
2. Жұмалиев Қ. Замана жыршысы, күй жаршысы // Қазақ әдебиеті. – 1965. – 28 мамыр.
3. Мамыров А. Қажым Жұмалиев – эпостық жанрдың түрлерін зерттеуші: филол. ғыл ... канд. дис. – Алматы, 2006. – 140 б.
4. Жұмалиев Қ. Ақ Жайық қаламгерлер кітапханасы сериясы. – Орал: Ағартушы, 2010. – 1-7 т.
2. Мамыров А. Қажым Жұмалиев – эпостық жанрдың түрлерін зерттеуші. – Орал: М.Өтемісов ат. БҚМУ, 2012. – 160 б.
6. Мамыров А. Академик Қажым Жұмалиев архивінен. – Тараз: Қарахан, 2017. – 440 б.
7. А.И. Мамыров.Қажым Жұмалиев «Жайсаңдары қазақтың. – Тараз: Қарахан, 2019. – 348 б.

УДК 95 (574):636.145

МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ МАХАМБЕТОВЕДЕНИЯ В ИССЛЕДОВАНИЯХ КАЖИМА ЖУМАЛИЕВА

Мамыров А., Ақесенова Ш., Кенжегалиева Р.
Западно Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В статье рассматриваются научные исследования по ильясоведению ученого Кажыма Жумалиева. Автор дает анализ научным трудам Кажыма Жумалиева, которые раскрывают поэтическое мастерство и стилистические особенности поэта Ильяса Жансугурова. В статье мы можем найти ответы на такие важные вопросы, как оказал влияние текстовой анализ исследователя Кажыма Жумалиева стихов и поэм Ильяса Жансугурова на современное литературоведение и развитие новых направлений в казахской поэзии. Наряду с этим аргументирована преемственность научных изысканий Кажыма Жумалиева с современным ильясоведением.*

Ключевые слова: *Ильяс Жансугуров, казахская поэзия, стихи, поэма, поэзия, строфы, рифма, жанр, психологические описания, новые виды.*

ОӘЖ 379.8 (075.8)

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҚТАРЫНДА ҚИЫН ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН МӘДЕНИ-ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫ

Заур.Қ.М.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Аннотация. *Мәдени-тыныгу мекемесінің негізгі міндеті әлеуметтік институт ретінде жеке тұлғаның әлеуметтік белсенділігі мен шығармашылық әлеуетін дамыту, бос уақыт пен демалыстың әртүрлі формаларын ұйымдастыру болып табылады. Мәдени-тыныгу мекемесінің қызметін тұтынушылар санатының бірі балалар мен жасөспірімдер болып табылады. Бұл санаттағы бос уақытты ұйымдастыру клуб мекемелерінің қызметіндегі өзекті мәселе болып табылады.*

Кілт сөздер: *әртүрлі қызығушылықтар, білім беру жүйесі, өзін-өзі жүзеге асыру, көріну мүмкіндігі.*

Балалар мен жасөспірімдердің бос уақыты - бұл ерекше әлем, олардың өзіндік мінез-құлық ережелері қолданылатын, балалар өз уақыты мен күшін не үшін жұмсауды өздері шешетін жалғыз кеңістік. Сондықтан мәдениет қызметкерлері әрбір баланың шығармашылық қабілетін таныту мен дамытудың нақты мүмкіндігі, өзін-өзі жүзеге асырудың қосымша мүмкіндігі деп санағаны жөн. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту және пайдалану олардың жасына байланысты және әлеуметтік мәселелерін жеңуге және қоғамымыздың адамгершілік құндылықтарын сіңіруге көмектесетін ең жақсы әдістердің бірі болып табылады.

Жасөспірімдер мен жастардың мәдени-бос уақытын өткізудің әртүрлі нысандарына деген көзқарасын зерттеу (социологиялық сауалнамалар, сауалнамалар, блиц-сауалнамалар, жеке әңгімелер арқылы) ең танымал, сондықтан қызықты, пайдалы және танымал демалыс және білім беру іс-шаралары болып табылатынын көрсетеді: кештер, дискотекалар, іскерлік ойындар , тренингтер, брейн -рингтер және т.б. Жасөспірімдердің көпшілігі көшбасшы мен жас арасындағы психологиялық теңдік принципіне негізделген және жасөспірімдердің ұмтылыстарына сәйкес келетін пікірталастардың әртүрлі формаларына оң көзқараспен қарайды. сауатты, тәуелсіз, құрметті болу[1].

Жасөспірімдер арасында әсіресе танымал әуесқойлық бірлестіктердегі сабақтар, мұнда жаяу серуендеу, экскурсиялар, сауықтыру күндері, қызықты адамдармен кездесулер, қар мүсіндері мерекелері, практикалық жаттығулар, еңбек десанты және т.б. сияқты жұмыс түрлері қолданылады.

Бұл санаттағы ең танымал вокалды-хор және эстрадалық ән, хореографиялық , театрлық және драмалық үйірмелер. Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық әлеуеті де көптеген облыстық фестивальдар, мерекелер мен байқаулар арқылы жүзеге асты.

Облыстық және қалалық фестивальдердің, байқаулардың және байқаулардың қолданыстағы жүйесі оларға жыл сайын көптеген жеке жас орындаушылар мен көркемөнерпаздар ұжымдарының қатысуына мүмкіндік береді.

Түрлі сипаттағы көптеген шығармашылық бірлестіктердің қызметі тегін ұйымдастырылады және ең алдымен аз қамтылған, көп балалы және жұмыс істемейтін отбасылардан шыққан балалар мен жасөспірімдерге, сондай-ақ мектеп қабырғасында есепте тұрған, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссиялар мен инспекцияларда есепте тұрған оқушыларға бағытталған[2].

Біз шындықты идеализацияламаймыз: мінез -құлқы девиантты балалар клуб үйірмесіне сирек қатысады, сіз оларды мәдени іс-шараларға келушілер арасында сирек көресіз. Клуб тәуекел тобындағы балаларға көңіл бөлуі, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеуге үлес қосуы керек.

Рухани дамуына бағытталған бос уақытын ұйымдастырудың жаңа түрлерін белсенді түрде іздестіруі керек.

Отбасымен жұмыс – балалармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстардың тиімділігін арттырудың маңызды бағыты. Бұл бизнестегі клуб қызметкерлерінің басты бағдары отбасылық мерекелер мен ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық қызметін ұйымдастыру болып табылады. Клуб мекемелері бос уақыттың алуан түрлі формаларын пайдалана алады - аналар күні, әкелер күні, менің отбасым күні, балалар күні, отбасылық демалыс кештері.

Мәдениет мекемелерінің отбасы құндылықтарын дәріптеу бойынша жұмысы дәстүрлі түрде әлеуметтік қорғау және білім беру органдарымен бірлесіп жүзеге асырылады.

Клуб мекемелері балалардың, жасөспірімдердің және жастардың дәстүрлі мәдениетін сақтауға, дамытуға және сабақтастығына көп көңіл бөлуі керек.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға байланысты міндеттер кешенін жүзеге асыру аясында ауданның мәдениет мекемелері барлық мәдени-ақпараттық әлеуетін пайдалана алады.[3] Осы санатты шығармашылық қызметке белсенді құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу, балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Мерзімді түрде тақырыптық іс-шараларды өткізіңіз: «Заң кімге жазылмаған ... Беларусь құқығының тарихынан», «Жасөспірім - бұл құқықтық аймақ», сұрақ-жауап кеші «Сіз заңгер болмауыңыз мүмкін, бірақ міндетті түрде заңдарды біл», викториналар «Заң қатал, бірақ ол заң!», «Ерекше назар аудару мәселесі, «Тәртіпсіздіктен қылмысқа» пікірталас», Денсаулық күні «Дені сау болу керемет!» және т.б.

Әрбір клуб мекемесінде ЖИТС-тың алдын алу, маскүнемдік пен алкоголизмнен арылу, шылым шегу мен нашақорлықты теріс пайдаланумен күресу, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жеке жұмыс жоспары болуы керек.

Сондай-ақ, оқу орындарымен бірлесе отырып, демалыс кезінде балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жоспарын жасау.

Дискотека осы санаттағы демалысты ұйымдастырудың бір түрі ретінде клубтық үлгідегі мәдениет мекемелерінің жұмысында бұрыннан өзекті болды.

Аудандағы мәдениет мекемелерінде жасөспірімдер дискотекаларын өткізуге ұл-қыздарды тарту, олардың шығармашылық идеяларын тиісті әлеуметтік-мәдени арнаға бағыттау қажет.

Мәдени қызметтердің қолжетімділігі, осы әлеуметтік категориямен жұмыс істеудің бағыттары мен ұсынылатын нысандары мен әдістерінің алуан түрлілігі, мәдениет мекемелерінің ұйымдастырушылық, шығармашылық және кадрлық әлеуетін үйлестіре білу – осының бәрі тұрғындардың бос уақытын одан әрі жақсарту үшін қажетті жағдайлар жасайды. балалар мен жасөспірімдер [4].

Өмір сүру жағдайлары өзгеруде, жалпы қоғамның және әрбір адамның, әсіресе жастардың бағдарлары өзгерді. Осының барлығы бізді балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға клубтық мекемелердің қатысуының жаңа тәсілдерін іздеуге мәжбүр етеді. Дискотека жастардың бос уақытын өткізудің ең өзекті және танымал түрі ретінде өзінің танымалдылығын жоғалтуда. Бүгінгі күні жасөспірімдер мен жастар аудиториясының тұрақты контингентін ұстап тұру қиын, өйткені күнделікті өмір дискотеканың болуы үшін жаңа жағдайларды талап етеді, оған қарапайым клуб ілесе алмайды. Мәдениет мекемесінің заманауи, техникалық жабдықталған, тартымды ғимаратына жастардың келуі де маңызды. Клубтың бүгінде үлкен мүмкіндіктері бар көптеген бәсекелестері бар: ең жақсы материалдық база және заманауи құралдар жиынтығы. Қарқынды дамып келе жатқан демалыс индустриясы жастарға «демалуға» көптеген мүмкіндіктер береді. Сондықтан ақылы қызмет көрсету нарығында біздің клубтық мекемелерге жаңа балама қызметтерді шұғыл түрде іздеу қажет.

Қазір клубтық мекемелерге балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру жөніндегі қызметінде үлкен талаптар қойылуда. Демек, клубтық мекемелер балалармен және жасөспірімдермен жұмыстың шығармашылық, ойын-сауық түрлеріне көбірек көңіл бөле бастады. «Әлеуметтік-патриоттық тәрбие» концепциясы деңгейленді және бұл ұғым жан-жақты: рухани және экологиялық тәрбиені де, белсенді азаматтық ұстанымды дамытуды да, әлеуметтік құбылыстардың алдын алуды, тарих және мәдениет ескерткіштерін құрметтеуді, және тікелей әскери-патриоттық тәрбие.

Бұл мақсаттарға жету үшін қажет:

Балаларды, жасөспірімдерді және жастарды көркемөнерпаздар үйірмелері мен үйірмелеріне, сәндік-қолданбалы өнер студиялары мен шеберханаларына және т.б. тарту жұмыстарын жалғастыру. Әскери-патриоттық, тарихи және экологиялық бағыттағы жасөспірімдер клубтары мен көркемөнерпаздар бірлестіктерін құру бойынша клуб мекемелерінің жұмысын жандандыру. Мәдениет мекемелерінің балалар мен жасөспірімдердің қоғамға жат мінез-құлықтарының, қылмыстың, нашақорлықтың, алкоголизм мен уытқұмарлықтың таралуының алдын алуға бағытталған қызметін жандандыру, тұрмысы нашар отбасылармен жұмыс жасау. Осы санатпен жұмыстың жаңа мәдени-демалыс формаларын енгізу. Балалар мен жасөспірімдерді бос уақытты тікелей ұйымдастыру мен өткізуге тарту. Осы санатпен жұмыстың жаңа формаларын қолданыңыз, оларды пайдалы мазмұнмен толтырыңыз.

Ең бастысы, жасөспірімдер мен жастарды белсендіру, халқымыздың рухани құндылықтарын, салт-дәстүрлері мен мәдени мұраларын қабылдауға бейімдеу үшін барлық ұйымдар мен ведомстволардың күш-жігерін біріктіру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аванесова Г.А. « Мәдени-демалы » қызметі », М.2006
2. Барсукова Т.М. Мамандандырылған әлеуметтік _ қорғау мекеме функциялары мен міндеттері [Мәтін] / Т.М. Барсукова Н.В. Бычкова, Л.А. Иванова // қаңғыбас бала . - 2008. - No 3. - С. 51-65.
3. Бочарова В.Г. Кәсіби Әлеуметтік жұмыс : адам а бағытталған көзқарас . - М.: IPSR PAO, ASOPiR РФ, 1999 ж.
4. Галагузова М.А. Әлеуметтік педагогика : Медицина курсы . - М.: ВЛАДОС, 2000. - 416с.
5. А.В.Мудрик Әлеуметтік педагогика : оқу құрал . шаш қыстырғыштары үшін . пед . университеттер / Ред. В.А. Сластенин . - М.: Академия баспасы Орталық , 2000 ж
6. Никитина Н.И., Глухова М.Ф. Мұғалімнің әлеуметтік жұмысы_Әдістері мен технологиясы – М., « Владос» гуманитарлық басып шығару Орталық », 2005 ж., 399 ж.

УДК 379.8 (075.8)

КУЛЬТУРНО-ДОСУГОВАЯ РАБОТА С ТРУДНЫМИ ПОДРОСТКАМИ В ЦЕНТРАХ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Заур Қ.М.
Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова, г.Уральск

Аннотация. *Основной задачей культурно-досугового учреждения как социального института является развитие социальной активности и творческого потенциала личности, организация различных форм досуга и отдыха. Одной из категорий потребителей культурно-досуговых объектов являются дети и подростки. Организация досуга данной категории является актуальным вопросом в деятельности клубных заведений.*

Ключевые слова: *разные интересы, система образования, самореализация, наглядность.*

ӘОЖ 379.851

ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ РУХАНИЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Абуова А.С., Заур Қ.М.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация.*Жалпы болашақ мамандарда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру мәселесі «мәдениет», «қарым-қатынас», «қарым-катынас мәдениеті», ұғымдарының бірлігі мен ерекшеліктерін қарастырумен тығыз байланысты. Жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыру және дамыту үшін оның ғылыми әдебиеттерде қайнар көздерін, түпкі нәтижелерін анықтау қажет екені байқалды. Ягни, психологиялық, педагогикалық тұрғыдан қарым-қатынас мәдениетінің мәні және құрылымы ашып көрсетілуі тиіс.Философиялық сөздікте "мәдениет - сана мен болмыста адамзаттың әлеуметтік мазмұнына қарай адамның әлеуметтік индивид ретінде дамуы; оның таным, қарым-қатынас, іс-әрекет субъектісі ретінде өмір сүру әдісі; жекелік, шығармашылық, әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық жетілуі" деп көрсетілген.Қарым-қатынас адамда шындықтың объектісін танып білудің нәтижелерін, қатынасын психикалық ерекшелік ретінде түсінуге мүмкіндік береді.Этикалық сөздікте мәдениет рухани өмірдің барлық формаларын біріктіру деген сөз.«Мәдениетті адам» ұғымы педагогикалық тұрғыдан алғанда, адамдардың абыройын жоғары ұстау, өзін-өзі сыйлау, өз күшіне өзі сену, жалтақтамау, сондай-ақ басқалардың пікірін сыйлау секілді бір-бірімен байланысты қасиеттерді тәрбиелеу деп түсінуге болады.*

Кілт сөздер: *қарым-қатынас субъекті, музыкалық мәдениет, мәдениетті қалыптастыру*

Мәдениет бұл қашанда ынтымақтастықтағы шығармашылық, мәдениетті жеткізу құралы – қайталанбас тұлға және тұлғалық қарым-қатынас субъекті.

Мәдениет және іс-әрекет тарихи қалыптасқан қатынас категориясы. Мәдениет «іс-әрекеттің әмбебап сипаттамасы», бағыттылықпен приоритетті түрлерді айқындап, бейне тудыру мен тірегі, ал адам ондағы субъект. Ғалымдардың пікірінше мәдениет адамның өзгеруі мен шығармашыл тұлға ретінде қалыптасуы. Музыкалық білім беру ісін мәдениет моделі ретінде дамыту мақсаты, оның үйлесімділігі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Музыкалық білім беру саласындағы зерттеулер осы бағытты айқындайды.

Музыкалық мәдениет. Егер мәдениет-адам қоғамының жасаған материалдық және рухани құндылықтарының жиынтығы десек, музыка мәдениеті, бір жағынан жалпы мәдениеттің бір бөлшегі, екінші бір жағынан осы жалпы мәдениет деңгейінің көрсеткіші.Біз қандай қоғам болмасын, оның өркениет дәрежесіне қатыссыз музыкалық мәдениет туралы айтамыз. Өзіндік музыкалық мәдениетке халықтар, тіпті қазіргі заманғы әлем өмірінен алшақ жатқан тайпалар да ие. Егер олардың әндері мен билері, тіпті өте қарапайым музыка аспаптары болса, бәрі олардың

музыкалық мәдениеті.

Музыкалық мәдениет – бұл, мысалы экономика сияқты өте нәзік құрылым. Онда бәрі өзара байланысты. Егер оның бір тізбегі бұзылса, бүкіл мәдениет «ауырады». Мысалы, қалада филармония, орындаушылар, тыңдаушылар болса, бірақ жарнамасы болмаса, концерттік өмір дағдарысқа ұшырайды.Оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру бағдарламасы баланың музыка өнерінін бай тәжиірбесіне қол жеткізу барысында рухани күштерін арттыру мен дамытуға бағытталған.[1] Мұнда келтірілген методикалық ұстанымдар балалармен жұмыстың нақты шараларымен бекітіледі. Біз ұсынып отырған бағдарламада оқушылардың музыкалық мәдениетін дамытудың басты шарты-ұғынудың дәлдігі емес, мазмұны көрініс пен дыбыс үндестігінен тұратын музыкаға ену тереңдігі.Оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру процесін музыкадағы балаға маңызды өмір мәнінің пайда болуы, тереңдеуіжәне көрініс беруімен сипаттауға болады. Бұл мағына музыка мен өмірді қатар түсінудің даңғыл жолы ретінде алынды. Бұл жол музыкалық тәрбиені бір концептуалдық негізде сыныпта және сыныптан тыс формаларда біріктіруге мүмкіндік береді. Сондықтан да бағдарламаның теориялық негізі ретінде адамзаттың мәдени мұрасын игеру алынды. Өнер мен өмірді ұғыну олардың бала үшін тұлғалық маңызына байланысты.Бағдарлама балалармен музыка сабағын жоспарлау мен ұйымдастыруды екі бағытта қарастырады.

Заттарды және тірі обьектілерді қарау барасы да күрделене түседі. Бала тілі ең алдымен бақыланатын обьектінің әрекетіне, сапасына көңіл аудара бастайды. Мысалы, балалардың қоянды бақылауы бұрынғыдай оның терісімен ғана (ақ, жұмсақ) аяқталмайды, жаңа сапалар (жібектей, жылы) пайда бола бастайды. Мынадай етістіктер пайда бола бастайды: секіреді, отырады, жейді, сәбізді күтірлетеді. Қазір бақылап отырған обьекті бұрынғы бақыланған обьектімен салыстырылады және сипаттама беріледі[6].

Сол арқылы білім қорлары молайып, әрекет пен заттың белгісін сипаттайтын жаңа сөздерді игереді.Әр әдістің өзіне тән қолдану ерекшіліктері бар. Айталық, сөздік әдістерді қолдануда оқушылардың білім алу көзі мұғалімнің сөзі болып табылады. Білім көздері бойынша бөлінген оқыту әдістері оқып –үйрену кезінде бір - бірін толықтырады және жүйе құра отырып, өзара әрекет етеді.

Балалар кез келген бұйымды, модельді жасамас бұрын, олардың түр сипатына, өлшемдік формасына талдау жасап барып оларды дайындау тәсілімен танысады. Әсересе бейнелеу өнері ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде ермексазбен жұмыс орындауда т. б. әртүрлі табиғи материалдардан жұмысты орындап үйренуде тығыз байланысты. Нақты айтқанда бұйымдар мен модельдерді дайындап үйренуде ол бұйымдардың эстетикалық жағынан көрнекті болып келуі қажет етілетін талаптың бірі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортамен таныстыруда балалардың белсенділігін дамыту мақсатында пәндік-дамытушы орта дұрыс ұйымдастырылу қажет.Балалар үшін қоршаған ортазаттармен әрекет жасауы, саналы түрде таңдауы дамитын қажетті және қызықты орта болып табылады. Сондықтан бұл оқу қызметі танымдық іс-әрекет икемділік, маусымдық, отбасы тәрбиесімен сабақтастық ұстанымдары негізінде құрылуы тиіс[7].

Әдебиеттертізімі:

1. Королева А. Естествознание для малышей : программа экологического воспитания детей старшей группы (5-6 лет) / Дошкольное воспитание. 1998. - N 10
2. Николаева С. Н. Воспитание экологической культуры в дошкольном детстве / М: Просвещение 2002.-144б.
3. Кокуева Л.В. Воспитание дошкольников через приобщение к природе/-М.:АРКТИ, 2005. - 248 б.
4. Т.А.Копцева: Природа и художник: Художественно-экологическая программа по изобразительному искусству-издательства Сфера, 2008
5. Горбунова, Г.А. Развитие экологической культуры дошкольников//Дошкольная педагогика. - 2005. - № 6. - Б. 10-16.
6. Павлова Л. «Игры как средство эколого-эстетического воспитания»//Дошкольное воспитание, 2002 г. № 10, с. 40.
7. Попова Т.И. «Мир вокруг нас», материалы комплексной программы культурно-экологического воспитания детей дошкольного возраста и младшего школьного возраста. -1998 г. Педагогика - 2002 г. , № 7.

УДК 502/504:37.03

МЕТОДИКА ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОКРУЖАЮЩАЯ СРЕДА

Джумакаева Б.С., Мендигалиева А.С., Зиналиева М.З., Бакесова Р.М.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В дошкольном возрасте экологическое воспитание проходит через ознакомление детей с окружающим миром, с объектами живой и неживой природы, а также с изучением взаимосвязи всего живого на планете. Это является важным аспектом всестороннего и гармоничного развития личности ребёнка. Общение с природой, познание её тайн облагораживает человека, делает его более чутким. больше дети будут узнавать природу своей Родины, тем больше они будут любить её. Дети в наше время должны любить нашу планету, тот её уголок, где мы живем, где мы провели своё детство.*

Ключевые слова: *окружающая среда, экологическое образование, методы.*

ӘОЖ 502/504:37.03

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ТАНУДА 4К МОДЕЛІН ҚОЛДАНУ

Джумакаева К.С., Джумакаева Б.С., Мендигалиева А.С., УтеповаМ.С.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Мақалада қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар туралы айтылады және олардың білім беру процесінің деңгейіне әсері атап өтіледі және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды қолдану бүкіл оқу процесін өзгертуге мүмкіндік береді және мұғалімге оқу процесіне жаңа формалар мен әдістерді енгізуге мүмкіндік береді, бұл сабақты қызықты етеді. Таным процесінде мұғалім мен оқушылардың бірлескен іс-әрекеті, оқу материалын игеру таным процесіне өзінің ерекше жеке үлесін қосады: білім, идеялар, іс-әрекет тәсілдері алмасады.*

Кілт сөздер: *Қоршаған орта,4к моделі, білім,әдістер, дағды.*

ХХІ ғасырда оқуды немесе жазуды білмейтін адамды емес, оқып-үйренуді, үйренгенін жетілдіруді және жаңа нәрсені үйренуді білмейтін адамды сауатсыз адам деуге болады - Элвин Тоффлер.

Балаларды ХХІ ғасырда өмір сүруге, еңбек етуге және сол қоғамның азаматы болуға дайындау қарапайым міндет емес. Жаһандану, жаңа технологиялар, көші-қон, нарықтық өзгерістер, елдер арасындағы бәсекелестік, саяси қатерлер мен экологиялық проблемалар секілді бірқатар мәселелер ХХІ ғасырда оқушыларға қажетті білім, білік пен дағдыларды дамытуды талап етеді. Педагогтер, министрліктер мен үкімет, оқу орындары, жұмыс берушілер мен зерттеушілер бұл қабілеттерді ХХІ ғасырдың білігі, неғұрлым жоғары деңгейде ойлау қабілеті, оқытудың неғұрлым терең нәтижелері, сондай-ақ кешенді ойлау және коммуникативтік дағдылар сияқты терминдер негізінде анықтайды[1].

Қазіргі кезеңде ХХІ ғасыр білімі мен білік-дағдылары ұғымдарына көптеген анықтамалар беріліп жүр. Бүгінгі дәрісімізде ХХІ ғасыр дағдыларына берілген бірқатар анықтамаларға шолу жасаймыз. Алдымен Мельбурн университеті базасында Cisco, Intel и Microsoft корпорациялары әзірлеген ХХІ ғасырдағы Оқыту және бағалау білігі бойынша Консорциумның (AT21CS) берген анықтамасына тоқталуға болады.Аталған консорциум құрамына Австралия, Финляндия, Португалия, Сингапур, Ұлыбритания және АҚШ кіреді. Консорциум жаңа ғасырда қажетті білім-біліктер мен құндылықтарды, этикалық қатынастар мен ұғымдарды төрт дәреже бойынша топтастырады:

- *Ойлау тәсілдері*: креативті және инновациялық ойлау, сыни ойлау, проблемаларды шешу, шешім қабылдау және оқу үшін оқыту (*метакогниция* немесе *метатаным*).
- *Жұмыс тәсілдері*: коммуникация және бірлесіп әрекет ету.

• *Еңбек құралдары*: ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білігі және ақпараттық сауаттылық.

• *Өмірлік дағдылар*: азаматтық ұстаным, өмір мен мансап, жеке және әлеуметтік жауапкершілік, оның ішінде мәдени сауаттылық және құзыреттілік.

Ғалымдар қоршаған ортаны тануда адамға қажет осы мәселені зерттеп бірнеше жүздеген жұмыс берушілер арасында XXI ғасыр дағдыларына байланысты сұхбат жүргізіп, соның негізінде «өмір сүрудің жеті дағдысын» ұсынды:

1. Сын тұрғысынан ойлау және проблемаларды шешуге қабілеттілік.
2. Ынтымақтастық және көшбасшылық.
3. Зеректік және бейімделуге қабілеттілік.
4. Бастамашылдық және іскерлік.
5. Тиімді ауызша және жазбаша коммуникация.
6. Ақпаратты алу және талдау білігі.
7. Білімге құмарлық және қиял.

Осы топтастыру нәтижесінде қоршаған ортаны танудың 4 К моделі жасақталды.

1. Креативтілік
2. Коммуникативтілік
3. Командалықжұмыс
4. Сын тұрғысынан ойлау

Сын тұрғысынан ойлау

- ✓ Тек қана оқу үшін ғана емес, өмірде қажетті ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- ✓ Мәселені көре білуге;
- ✓ Стандартты емес шешімдерді табуға үйрету:
- ✓ Сұрақтар қоюға ,түрлі дәлелдер айту;
- ✓ Өз іс-әрекеттеріне талдау жасауға;
- ✓ Істеген жұмыстарына баға беруге және бағалауға;

Креативтілік

- ✓ ойлауда, сезінуде, қарым –қатынас жасауда, икемдідік
- ✓ -сондай-ақ іс-әрекеттің жеке тңрлерінде, бірегейлілігі;
- ✓ жеке тұлғанемесеонынжекежақтарын;
- ✓ бөлшектердіқосуарқылыжетілдіруқабілеті;
- ✓ мәселенішешу қабілеті, яғниталдауқабілеті;

Командалықжұмыс

Ынтымақтастық – кәсібисалағақарасты құзыреттілікпентығызбайланысты. Жалпымақсаттыжәнеоғанжету жолындағы рольдердіайқындайотырып, оныңнәтижесінбағалайалуқабілеті.

- ✓ Мақсат қою оған қол жеткізу;
- ✓ Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету:
- ✓ Жалпы жауапкершіліктерін дамыту;

Коммуникативтік дағдылар

- ✓ Сөздік- логикалық ойлауды дамытуға арналған ойындар және жаттығулар;
- ✓ Келіссөздер жүргізу және байланыс орнату,
- ✓ әңгімелесушіні тыңдау және өз көзқарасын жеткізу қабілеті өмірлік дағдыға айналдыру

Осы технология аясында қоршаған ортаны тануда мына әдістерді қолданамыз:

1.Белбеу әдісі- Сабақтың жаңа тақырыбын ашу

2.“Блум таксономиясы тәсілі.Блум түймедағы (әр топтан бір-бір адамнан шығады, мысалы: 6- студент шықты бір –бір сөйлемненайтады,сонда жалпы бір әңгіме құрастырылып шығады)

4.Жеміс ағашы (өзі –өзі бағалау, қандай деңгейді екенінбіледі)

5. Пицца әдісі.Сабаққа байланысты күрделі тапсырма беру

6.Бес саусақ әдісі (сабақтың соңында сұрақтар әр саусақта сұрақтар болады, не қызықты болды, неге қол жеткіздің, не қиын болды, не ұнады, не ұнамады)

7.Сәйкестендіру- берілген тапсырмаға байланысты Лулия шеңберін қолдану,

8. 3 Қ-стратегиясы-(құнды,қызықты, қиын деп қортынды жасауға болады).[2,3]

Білім беру ұйымдарында балалардың бойында XXI ғасыр білік-дағдыларын дамытудың да азаматтық себептерінің өзіндік негізі бар. Жас ұрпаққа азаматтық білім қажет, дегенмен олардың азаматтық сана-сезімінің өсуіне ықпал ету үшін мемлекет және азамат туралы ақпаратты жаттатып, қайта айтқызу жеткіліксіз болып табылады.

Сонымен қатар олардың не үшін және қалай жауапты азамат болуы керектігін білуі аса маңызды. Бұл балалардың жаңалық мәліметтерін талдай білуі, өз ұстанымын анықтауы және ақылға салып дауыс бере білуі үшін қажет. Оларға болашақта қоғамдық міндеттерді шешу стратегияларын қарастыру және ұсыныстар жасай білу үшін қиындықтарды жеңе білу қабілеті қажет. Тиімді ауызша және жазбаша коммуникацияға қабілеттілік оларға өз пікірін білдіру, өз құқықтарын қорғау, жаңа стратегияларды ұсыну үшін қажет болады. [4,5]

Жоғары айтылғандарды түйіндей келе, 21 ғасырда балалар игеруі тиіс негізгі 16 дағдыны бөліп көрсетуге болады. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануына іргелі білім негіздері немесе функционалды сауаттылық ықпал етеді. Олар:

1. Оқу сауаттылығы
2. Математикалық сауаттылық
3. Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы
4. АКТ- сауаттылығы
5. Қаржы сауаттылығы
6. Мәдени және азаматтық сауаттылық

Ал, балалардың күрделі тапсырмаларды шешуіне құзыреттіліктері негіз болады. Құзыерттіліктері 4К моделі негізінде жүзеге асырылады. Олар: сыни ойлау, креативтік, коммуникативтілік дағдылар мен командада жұмыс істеу. Балалардың құбылмалы, ақпараттар жылдам өзгеретін заманда өз міндеттірн шешуге келесі тұлғалық қасиеттер негіз болады: білімқұмарлық; бастамашылдық; табандылық/қайсарлық; икемділік, көшбасшылық, әлеуметтік және мәдени сауаттылық.

1-кесте. XXI ғасырда балалар игеруі тиіс 16 дағдылары

XXI ғасыр дағдылары		
Іргелі білім негіздері / функционалдық сауаттылық	Құзыреттіліктер	Мінезі
күнделікті өмірде негізгі дағдыларды қалай қолданады?	*күрделі тапсырмаларды қалай шешеді?*	*құбылмалы жағдайларда өз міндеттерін қалай шешеді?*
1. Оқу сауаттылығы 2. Математикалық сауаттылық 3. Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы 4. АКТ- сауаттылығы 5. Қаржы сауаттылығы 6. Мәдени және азаматтық сауаттылық	1. Сын тұрғысынан ойлау/ проблеманы шешу 2. Креативтілік 3. Коммуникация / Қатынас 4. Командада жұмыс/ Ынтымақтастық	1. Білімқұмарлық 2. Бастамашылдық 3. Табандылық/қайсарлық 4. Икемділік 5. Көшбасшылық 6. Әлеуметтік және мәдени сауаттылық
Үздіксіз білім		

Қорыта келгенде осы 4к моделінің стратегияларын қолдану барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

-Білімалушылардың оқуға қызығуы;
-Іскерлік дағдысының дамуы;
-Ойлау белсенділігі, тапқырлығы;
-Өзінедеген сенімі қалыптасадыбастады.
-Балалар басқалармен қарым-қатынас жасай біледі;
-Басқаларды тыңдап кезкелген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарайды;
-Өз ойын топ алдында ашық айтып қорғай біледі;
-Өз бетінше ізденуге үйретеді;

-Сабаққа деген белсенділігі жоғары бола бастады.

Осындай жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күн талабына сай сауатты, білімді балалар тәрбиелеуге болады. Ол үшін көп ізденіп, көп оқып, ізденіс үстінде болу керек. [6]

Әдебиеттертізімі:

1. Аслан Саринжипов рассказал о проблемах дошкольного образования [Электронный ресурс]. URL: https://kapital.kz/ gosudarstvo/47635/aslan-sarinzhipov-rasskazal-o-problemah-doshkolnogo-obrazovaniya.html (дата обращения: 07.02.2016).
2. Государственная программа развития образования Республики Казахстанна 2011—2020 годы, Астана, 2010, — 85 б.
3. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңатехнологиясы: Оқуқұралы. – Алматы: РБК, 1999.
4. ТашеноваА. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование -2006. -№6. 3-4 б
5. Гурьев С.В. Влияние современных информационных технологий на развитие детей дошкольного возраста // Современное дошкольное образование. – 2018. – №1. – С.61–68.
6. Сухорукова Е.П. Особенности исследования креативности дошкольников на основе концепции креативности Р. Стернберга / Е.П. Сухорукова, Г.Н.Бухер, Е.Г. Бахолдина и др. // Вопросы гуманитарных наук: журнал. – 2012. — №6. – С.100-101.

УДК 502/504:37.03

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МОДЕЛИ 4К В ПОЗНАНИИ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Джумакаева К.С., Джумакаева Б.С., Мендигалиева А.С., Утепова М.С.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В статье идет речь о современных педагогических технологиях и отмечается их влияние на уровень образовательного процесса и рассматриваются вопросы применения современных педагогических технологий позволяющих видоизменить весь процесс обучения и дающих возможность учителю вносить в учебный процесс новые разнообразные формы и методы, делая урок более интересным. Совместная деятельность учителя и учащихся в процессе познания, освоения учебного материала вносит в процесс познания свой особый индивидуальный вклад: идет обмен знаниями, идеями, способами деятельности.*

Ключевые слова: *окружающая среда, модель 4к, знания, методы, навыки.*

УДК 004.71;621.36

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ, ПРИМЕНЯЕМЫЕ ПРИ ИЗУЧЕНИИ СПЕЦДИСЦИПЛИН

Уракчинцева Г.В.
Западно-Казахстанский инновационно- технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В статье представлены современные методы обучения специальных дисциплин, которые позволяют сделать обучение гибким и мобильным, а также обеспечить возможность персонализировать его и корректировать.*

Ключевые слова: *средства иметоды обучения, информационный ресурс.*

Новый век внес существенные изменения в дидактику и методы обучения. Педагогика XX века отличается от педагогики XXI века. С начала двадцать первого века в развитии национального и мирового образования произошло много изменений. Самым заметным явлением в настоящее время является интернетизация общества и проникновение цифровых технологий в обучение.

Информационный ресурс личности представляет собой понятие, выражающее уровень усвоения различных видов информации, степенгт овладения и хранения информационных массивов, способами ее обработки и использования в практических целях [1].

Всем университетам необходимо внедрять технические новшества, иначе образование, которое они предлагают, перестанет отвечать вызовам времени и потребностям студентов. Чтобы этого не произошло, необходимо развивать цифровое образование и интегрировать его с традиционным. Поговорим подробнее о самых современных средствах обучения на сегодняшний день.

- Видеообучение. Более 2,3 миллиарда людей уже используют видео на YouTube, чтобы получить образование. Во многих ситуациях смотреть ролики даже удобнее, чем читать. Кроме того, такая форма обучения часто помогает лучше запомнить материал. Сейчас в интернет можно выходить с разных гаджетов, например, со смартфонов и даже телевизоров. Благодаря этому учиться с помощью видео стало еще комфортнее, и такой вид обучения пользуется все большей популярностью.

Вероятно, интересные и интерактивные обучающие ролики будут востребованы и в высшем образовании. Ведь это очень удобно и для студентов, и для преподавателей: стоит только один раз снять ролик, и его сможет посмотреть сколько угодно человек неограниченное число раз. Кроме того, видео решают проблему с логистикой, если студентам, например, нужно ехать в другой город, чтобы прослушать лекцию. В этом случае университет может снять для иногородних студентов серию лекций и организовать онлайн-консультации с преподавателями.

Именно так формируется современная образовательная среда, поэтому университетам однозначно стоит поощрять и студентов, которые используют видео для учебы, и преподавателей, которые их снимают.

- Геймификация обучения. Геймификация - это использование игровой механики для построения образовательных процессов, что способствует вовлеченности, лояльности и конкуренции учащихся. Метод геймификации может включать в себя использование баллов, рейтингов лидеров, прямых конкурсов, наклеек или значков. Это также могут быть более существенные материальные или нематериальные поощрения (призы), например, за хорошую успеваемость.

Именно так формируется современная образовательная среда, поэтому университетам однозначно стоит поощрять и студентов, которые используют видео для учебы, и преподавателей, которые их снимают.

- Геймификация обучения. Геймификация - это использование игровой механики для построения образовательных процессов, что способствует вовлеченности, лояльности и конкуренции учащихся. Метод геймификации может включать в себя использование баллов, рейтингов лидеров, прямых конкурсов, наклеек или значков. Это также могут быть более существенные материальные или нематериальные поощрения (призы), например, за хорошую успеваемость.

Игры в любой своей форме повышают мотивацию студентов. А мотивированность - это залог успеха в обучении. Сам Альберт Эйнштейн считал, что игры являются наиболее возвышенной и продуктивной формой исследования. По его мнению, игровое изучение дает возможность более глубоко погрузиться в тему и приобрести практический опыт. Вдобавок ко всему, геймификация нацелена на групповое, а не на индивидуальное обучение, что также способствует сплочению коллектива и помогает развивать коммуникативные навыки студентов. Такой подход позволяет значительно повысить скорость и качество усвоения новых знаний, а также удерживать внимание учащихся долгое время. По этой причине геймификация так популярна не только в начальной школе, но и в высших учебных заведениях.

- Подкастинг. Обучающие подкасты сегодня - один из самых популярных инструментов современного образования. Свои подкасты создают многие онлайн-платформы и даже такие гиганты, как Apple или Google. Несмотря на бешеную популярность, большинство подкастов сейчас доступны бесплатно.

Как и в случае с видеороликами, подкасты позволяют студенту учиться, когда и где ему удобно. В отличие от обычных лекций, слушать подкасты можно даже без отрыва от рутинных задач, например, во время уборки или по дороге в университет вместо музыки. Студенты могут слушать и

записанные аудиолекции своих собственных преподавателей, чтобы лучше разобраться в сложной теме или повторить пройденный материал перед экзаменом.

Что самое главное, университеты могут использовать подкаст не только для учебных целей, но и для развития своего имиджа и бренда. Так многие учебные заведения запускают свои каналы подкастов, чтобы посредством расширения аудитории привлечь на свои образовательные программы больше абитуриентов.

- Онлайн-оценки. Система оценок очень важна для университетов — с этим не поспорить. Без оценки знаний студенты не смогут отслеживать свой прогресс, вдобавок сами университеты не смогут проконтролировать, чтобы их образование находилось на должном уровне. Сейчас оценки проставляют чаще всего с помощью ручки и бумаги. Автоматизация же способна существенно упростить этот процесс. Речь идет об онлайн-экзаменах, которые являются еще одним современным методом обучения.

Они позволяют упростить не только процесс оценивания, но и саму процедуру проверки знаний. Онлайн-экзамены могут включать в себя как тесты, так и устные рассказы теории (например, на веб-камеру). А с помощью искусственного интеллекта компьютер может обрабатывать и анализировать их, сравнивая с модельными ответами. Так оцифрованные оценки и баллы за онлайн-экзамены гораздо легче обрабатывать. ИИ позволяет провести целостный анализ успеваемости студентов. В результате преподаватели смогут обратить внимание на темы, которые студентам даются сложнее всего, и уделить им больше времени, чтобы повысить успеваемость.

- Самостоятельное обучение. В 2020 году возрос спрос на онлайн-курсы, ведь их неоспоримое преимущество - это возможность изучать материал самостоятельно в оптимальном и корректируемом темпе, с комфортом для каждого отдельного ученика.

Уже сейчас многие университеты предлагают студентам записаться на онлайн-курсы. Даже некоторые программы и сертификаты доступны только тем, кто обучается именно онлайн. Скорее всего, в ближайшем будущем университеты будут тратить все больше средств на развитие сферы онлайн-образования: для этого потребуется выстроить целую инфраструктуру, которая ляжет в основу новой современной образовательной среды.

- Дополненная реальность (VR).

становится все более эффективным инструментом обучения. Эта технология позволяет создать виртуальную копию предмета, как будто он находится в одной комнате со студентом. Например, VR-очки могут смоделировать 3D-модель скелета для студентов-медиков или модель самолета для будущих авиаинженеров. Так намного проще изучить строение многих вещей и их особенности.

- Чат-боты. За последний год использование чат-ботов заметно упростилось. Уже сегодня создаются образовательные библиотеки с поддержкой чат-ботов. Их задача - помогать студентам находить и извлекать информацию из сотен различных источников, объединенных в один ресурс. Также чат-боты применимы в онлайн-обучении: они могут играть роль наставника и гида при прохождении образовательного курса. Так, если у студента остаются вопросы по теме урока, он может попросить бота предоставить дополнительные сведения или ответить на определенные вопросы. Это снизит нагрузку на преподавателей и ускорит процесс обучения, ведь чат-боты, в отличие от живых педагогов, доступны круглосуточно и не нуждаются в отдыхе.

Изучено, что средний уровень удержания знаний: при традиционной лекции – 5%, с использованием обсуждения и инфографика – 15%, видиоматериалов – 35%, интерактивной геймификации – 45%, виртуальной реальности – 50%+ [2,3].

Таким образом, эти данные наглядно демонстрируют, насколько использование современных средств обучения упрощает для студентов понимание и запоминание информации. Такая эффективность данных средств обусловлена тем, что большинство из них опираются на визуализацию знаний. А, как известно, “лучше один раз увидеть, чем сто раз услышать”. Чтобы не потерять своих студентов, учебные заведения должны внедрять в свою работу современные методы обучения уже сегодня. Особенно важно предоставить учащимся те же преимущества, которые способны предоставить онлайн-платформы: сделать обучение гибким и мобильным, а также обеспечить возможность персонализировать его и корректировать.

Список литературы:

1. Дерижан И, Вальчев Г. Особенности методики обучения современной студенческой аудитории. В: Ежегодник Бургасского свободного университета. Бургас: БРУ, 2015. - с. 165

2. Преподавание и обучение для устойчивого будущего: применение инновационных методов. ЮНЕСКО; 2016. Доступно по адресу: htp: //www.unesco.org/education/tlsf/mods/theme_d.html [Дата обращения 2021-06-08].

3. Анисимов В.В., Грохольская О.Г., Никандров Н.Д. Общие принципы педагогики и современные инновации. М.: Издательский Дом «Просвещение», 2016. - с. 35

ӘОЖ004.71;621.36

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Уракчинцева Г.В.
Батыс Қазақстан инновациялық - технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Мақалада оқытуды икемді және мобильді етуге, сонымен қатар оны жекелендіруге және түзетуге мүмкіндік беретін арнайы пәндерді оқытудың заманауи әдістері берілген.*

Кілт сөздер: *оқыту құралдары мен әдістері, ақпараттық ресурс.*

ӘОЖ 796.926

ШАҢҒЫ СПОРТЫ ҮЙІРМЕСІНДЕ ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІН ҚҰРУ КЕЗЕҢДЕРІ

Бегилов Т.З., Балхатов А.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Шаңғы спортымен айналысушы жасөспірімдердің жаттығу процесін кезеңдерге бөліп, әр кезеңдегі жаттығу процесін егжей-тегжейлі талдап, спортшы бабының физикалық, спорттық, техникалық дайындығының үйлесімді болуы айтылады. Ең басты мақсат жас шаңғышылардың осы сәттегі жетістіктері емес, ересек жасқа жеткеннен кейінгі жетістіктерге іргетас қалау деп есептеледі.*

Кілт сөздер: *жаттығу процесі,спорттық бап, оптимальді дайындық, жаттығу процесін кезеңдеу.*

Оқу-жаттығу процесін қатаң белгіленген кезеңдерге бөлу спорттық баптың даму заңдылықтарымен, маусымдық-климаттық жағдайлармен және жарыстар күнтізбесімен байланысты. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, спорттық бап спортшының дене, психикалық, спорттық-техникалық оңтайлы дайындығының барлық жақтарының үйлесімді бірлігі болып табылады.

Шаңғы спортының дайындығын кезеңдеудің негізгі нұсқасы мынадай – жыл бір үлкен цикл болып табылады және үш кезеңге бөлінеді: дайындық, жарыстық және өтпелі.

Жаттығудың дайындық кезеңі шаңғышы-жарысқа қатысушыны дайындауда аса маңызды болып табылады. Осы кезеңде жарыс кезеңіндегі болашақ жетістіктердің негізі қаланады. Жарыстарда табысқа жетудің «іргетасы» - үлкен жүктеме. Ол дене қасиеттерінің дамуына, функционалдық дайындығын арттыруға, шаңғымен қозғалу әдістерінің техникасын жетілдіруге әсер етеді. Мұның барлығы дайындық кезеңінде жүзеге асырылады. Шаңғышы-жарысқа қатысушының жаттығуындағы дайындық кезеңі үш сатыға бөлінеді.

1-саты - көктемгі-жазғы (жаттығу міндеттеріне сәйкес жалпы дайындық деп те атайды). Оның мерзімі мамыр – шілде айлары болып табылады. Осы уақыттағы дайындықтың маңызды міндеті жалпы дене даярлығы деңгейін біртіндеп арттыру болып табылады. Мұнда физикалық қасиеттерді дамытуға, жалпы жұмыс қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ техника элементтерін игеруге немесе

жетілдіруге көп көңіл бөлінеді. Көріп отырғанымыздай, дайындық кезеңінің бірінші сатысының басында жұмыс негізінен жалпы шыдамдылықтың дамуына бағытталған.

Алайда жылдық циклдің бірінші мезоциклінде арнайы төзімділіктің жекелеген компоненттерін жетілдіруге бағытталған жаттығулар кеңінен қолданылады және бірінші сатының ортасына дейін олар жұмыстың жалпы көлемінің 50%-дан астамын алады, бұл төзімділіктің дамуына септігін тигізеді. Жалпы төзімділік негізінен біркелкі әдіспен, арнайы – ауыспалы, аралық және жарыстық әдістермен шыңдалатынын атап өткен жөн.

Дайындық кезеңінің бірінші сатысының аяқталуына қарай жалпы төзімділіктің дамуына бағытталған жұмыс көлемі азаяды, ал бос уақыт техниканы жетілдіруге, сондай-ақ арнайы төзімділікті құрайтын басқа да қасиеттер мен қабілеттерді дамытуға ықпал ететін жұмыстармен толығады.

2-саты – алдын ала арнайы дайындық сатысы. Ол тамыз айында басталады және шаңғымен жаттығу басталғанға дейін (қар жауғанға дейін) созылады. Осы сатыдағы дайындықтың негізгі міндеті шаңғымен қозғалу кезінде (дайындық кезеңінің келесі кезеңінде) арнайы қасиеттерді одан әрі дамыту үшін ерекше негіз құру болып табылады. Бұл уақытта қарсыз уақыттағы арнайы дайындық құралдарын қолдана отырып, шаңғымен қозғалу техникасының элементтерін жетілдіру жалғасады.

Осы сатыдағы оқу жүктемесінің жалпы көлемі біртіндеп ұлғаюын жалғастырады, циклдік жаттығулардың қарқындылығы да артады. Алайда жүктеменің жалпы қарқындылығының артуы біршама баяу және өсу қисығынан біршама артта қалып отырады. Бұл көлем мен қарқындылықтың өзгеруінің принциптік схемасы, бірақ жеке микроциклдерде көлем, ал оның соңынан қарқындылық қойылған міндеттерге байланысты едәуір ұлғаюы мүмкін. Арнайы дайындық жаттығулары көлемінің күрт ұлғаю жағына қарай, талдаулық сипаттағы жаттығулармен бірге интегралдық әрекет құралдары кеңінен қолданылады, бұл арнайы төзімділіктің біртұтас дамуына ықпал етеді:

1) жалпы дайындық;
2) көмекші;
3) арнайы дайындық;
4) жарыстық.

Дайындық кезеңінің алғашқы екі сатысында жас шаңғышылар бақылау жаттығуларының кешені бойынша, жалпы дене дайындығы (ЖДД) деңгейін, сондай-ақ арнайы дайындық деңгейін бағалау үшін жарыстарға қатысады.

3-саты – арнайы дайындықтың негізгі сатысы. Көптеген ғалымдар оны жеке кезең - негізгі кезең немесе тіпті жарыстық кезең ретінде бөледі. Бұл саты шаңғымен жаттығулар басталған кезден (қар жауумен) басталып, негізгі жарыстар басталғанға дейін жалғасады. Белгілі бір факторларға байланысты қысқы кезеңнің басталу мерзімі әр түрлі болады.

Бұл сатыда негізгі міндеттер шешіледі – арнайы қасиеттерді (ең алдымен, жылдамдықты төзімділік пен жылдамдық-күштік қасиеттерді) дамыту, сондай-ақ шаңғымен қозғалу әдістерін үйрету және жетілдіру, тактикалық шеберлікті жетілдіру және адамгершілік ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу. Дайындық үшінші сатыда оның соңына қарай шаңғышылар спорттық бапқа келетіндей болып жасалады. Дайындықтың негізгі құралы шаңғымен қозғалу болып табылады. Шаңғышылар бұл сатыда ең көп жүктемені орындайды. Жүктеме көлемінің шыңы осы сатының бірінші жартысына келеді. Бұл уақытта жалпы төзімділіктің дамуына бағытталған ұзақ мерзімді жаттығулар жүргізіледі: жүктеменің қарқындылығы біршама төмендейді. Дайындық кезеңінің қысқы сатысында жас шаңғышылар бірқатар бақылау (немесе басқа да түрлері) жарыстарына қатысады. Әдетте, арнайы дайындық, әсіресе бұл жарыстар үшін жоғары жұмыс қабілеттілігіне қол жеткізуді үдету жүзеге асырылмайды. Бұл жарыстарға шаңғышылар жарыс кезеңіне жүйелі дайындық ретінде қатысады, яғни жүктеме көлемінің, қарқындылығының немесе циклділігінің өзгеруі осы кезеңнің нақты жарыстары үшін арнайы жүргізілмейді.

Осылайша, біз дайындық кезеңінің барлық сатыларын сипаттадық. Жоғарыда айтылғандардан көріп отырғанымыздай, жас шаңғышылармен жаттығу сабақтарының көктемгі-жазғы сатыларында жалпы төзімділік пен күштік қасиеттерін дамытуға баса назар аударылады.

Осы кезеңде өкпенің тіршілік сыйымдылығының артуына, арқа, иық белдеуі, қол, аяқ бұлшық еттерінің дамуына ықпал ететін жаттығуларға елеулі орын беріледі. Оқу жаттығуларда үздіксіз

жаттығу әдісі жиі қолданылады (жүрек соғуының жиілігі 160-170 соғудан /мин жоғары болмайтын ұзақ жұмыс).

Дайындық кезеңінің бірінші сатысында күштілік пен төзімділікті дамыту үшін апталық циклдарда жаттығулардың 1, 2, 4, 5 күндері бөлінеді. Бұл күндері дайындық құралдары болып ойлы-қырлы жер бедерімен ұзақ кростар, қайық есу, велокросстар және басқа да құралдар болып табылады.

Жарыстық кезең (негізгі).

Бұл кезеңнің (1 қаңтардан соңғы жарысқа дейін) басты мақсаты – жоғары спорттық бапқа жету және оны жүзеге асыру. Бұл кезең алдыңғы кезеңнен негізгі жарыстар басталатындығымен ерекшеленеді. Жаттығу циклы енді жарысқа және спортшының дайындығына байланысты жасалуы тиіс. Жарыстарға жақсы дайындықпен келу керек. Жасөспірімдермен жұмыс жасайтын әрбір жаттықтырушының жас спортшыларды стартқа дайындаудың өзіндік әдістері бар, сондықтан әмбебап схеманы ұсыну қиын, бірақ соңғы 5-7 күн ішінде жалпы жүктеменің 50%-ға дейін төмендеуі тиіс екендігі, ал қарқындылығы бұрынғысынша қалуы немесе тіпті артуы тиіс екендігі анықталған.

Жарыс кезеңінде жас шаңғышы-жарысушыны дайындау кезінде мынадай маңызды міндеттер қойылады:

1. Ағзаны жоғары жұмыс қабілеттілігі дәрежесіне жеткізу;
2. Жалпы дене дайындығы деңгейін сақтау;
3. Арнайы дайындықтың (төзімділіктің) ең жоғары (жасына сәйкес) дамуы;
4. Моральдық және ерік-жігер дайындығы мен техника және тактикалықдайындығын жетілдіру;
5. Жоспарланған спорттық нәтижелерге қол жеткізу.

Жарыстарға қатысу – спортпен айналысушының жұмыс қабілеттілігі жөнінде обьективті баға беруге, оның спорттық бабына талдау жасау үшін ең жақсы критерий. Жарыс барысын мұқият қадағалап, шаңғышы-жарысушының денсаулығын объективті және субъективті бағалап, күнделікке егжей-тегжейлі жазбалар жүргізіп отыру қажет.

Кейбір жаттықтырушылар осы кезеңде өз шәкірттерінің жарыстар санын шамадан тыс көбейтуге тырысады. Бұл талпыныстардың негізі жоқ, себебі олар оқушылардың мектептегі сабақ жүктемесі және жалпы білім беретін пәндер бойынша үй тапсырмасын орындауларын ескермейді. Осының бәрі өз кезегінде орталық жүйке жүйесіне айтарлықтай талаптар қояды. Жасөспірім кезінде жарыстарға көп қатысу басты мақсат емес, жарыстар арнайы және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу, тактикалық-техникалық шеберлікті және т.б. жетілдіру құралы екендігін естен шығармау керек. Жас шаңғышы-жарысушылардың барлық даярлығы (оның ішінде жарыстарға қатысу) 22-30 жас аралығындағы ең жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге (жоғары жетістіктер аймағы) бағытталуы тиіс.

Шаңғышыларды нақты жарыстарға тікелей даярлау мәселесін қозғай отырып, жаттығуларды жарысқа қатысушылардың алдағы жарыстарда кездесетін жағдайларға барынша жақын жағдайда өткізуге баса назар аудару керек. Жас шаңғышылармен жұмыс істейтін жаттықтырушы үшін дайындықтың барлық жылдық циклі бойынша жаттығу жүктемесінің көлемі мен қарқындылығын өзгерту кестесін жасай білу өте маңызды. Ол жарыстардың күнтізбелік жоспары мен шаңғышының жеке ерекшеліктері негізінде жасалады. Кестеде дайындық кезеңдері мен сатылары бойынша жүктеме көлемі мен қарқындылығы өзгеруінің үлкен, орташа және кіші толқындары көрсетіледі.

Шаңғышы-жарысушыны дайындаудағы жүктеме жылдық цикл барысында жекелеген сабақтың нақты міндеттеріне, апталық және айлық циклдарға байланысты үнемі өзгеріп отырады. Жүктеменің толқын тәрізді өзгеруі жаттығу процесі заңдылықтарының бірі болып табылады.

Шаңғышылардың жаттығуында жүктеме толқын тәрізді өзгере отырып, дайындық кезеңінде жоғарылау, жарыстық (негізгі) кезеңде біршама тұрақтанып, жарыстық кезеңнің соңы мен дайындық кезеңінің басында төмендейтін жалпы үрдіске ие. Жүктемені жоспарлау кезінде оның толқын тәрізді өзгерістерін ескеру қажет:

а) микроциклдерде – ұзақтығы 7 күнге дейін созылатын кіші толқындар;

ә) жаттығудың айлық циклында (немесе сатысында) - 3-6 шағын толқындардағы жүктеменің өзгеруін көрсететін орташа толқындар;

в) жаттығу кезеңдерінде – үлкен толқындар, оның ішінде орташа толқындардағы жүктеменің өзгеруі.

Әсіресе аса маңызды жарыстарға дайындық кезінде жүктеменің көлемі мен қарқындылығының артуы мен азаю толқындарын мұқият жоспарлаудың маңызы зор, жоғары спорттық баптың шыңдары көп жағдайда осыған байланысты.

Өтпелі кезең.

Өтпелі кезең жарыстар аяқталғаннан бастап көктемгі-жазғы, яғни жаңа жылдық цикл басталғанға дейін созылады. Бұл кезеңдегі мақсат – шаңғышы шәкірттердің ағзасын жаңа жылдық циклдер жаттығуларына жақсы жағдайда жеткізу.

Негізгі міндеттері:

1. Жаттығу жүктемелерін төмендету;
2. Белсенді демалыс.

Бұл кезеңде мынандай жаттығулар жасалады: бірқалыпты жүгіру, жүзу, велосипед тебу, спорттық ойындар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Антонова О.Н., Кузнецов В.С. Медодики специальной подготовки лыжников-гонщиков, Москва, 1999;
2. Абатуров Р.А. Соотношение тренировочных нагрузок различной интенсивности у лыжников-гонщиков в подготовительном периоде, Автореферат дисс. к.п.н., Москва, 1989;
3. Бутин И.М. Лыжный спорт, Учебное пособие, Москва, Владос-Пресс, 2003;
4. Богданов Г.П. Специальная физическая подготовка лыжников-гонщиков младших разрядов, Учебное пособие для тренеров, Москва, Просвещение, 1985.

УДК 796.926

ЭТАПЫ ПОСТРОЕНИЯ ТРЕНИРОВОЧНОГО ПРОЦЕССА В КРУЖКЕ ЛЫЖНОГО СПОРТА

Бегилов Т.З., Балхатов А.А.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *В статье автор описал гармонизацию всех аспектов физической, умственной, спортивной и технической оптимальной подготовки спортсмена, разделив тренировочный процесс подростков и молодежи, занимающихся лыжными гонками, подробно оформив тренировочный процесс спортсмена на каждом этапе. При этом главная цель – не только нацелиться на достижения юных лыжников на данном этапе, но и заложить фундамент для будущих достижений во взрослом возрасте.*

Ключевые слова: *тренировочный процесс,спортивная форма, оптимальная готовность, периодизация тренирововчного процесса.*

ӘОЖ 796.83

БОКСТАҒЫ ҚАПТАЛДАН ЖАСАЛАТЫН СОҚҚЫЛАРДЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Тлебалиев А.А., Ғабитов А.Р.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,Оралқ.

Аннотация. *Мақалада оқушыларға бокстың қапталдан жасалатын соққыларын мектеп жағдайында қалай үйретуге болатындығы жөнінде айтылады. Оның негізгі мақсаты, қалай орындалатындығы, міндеті көрсетіледі.*

Кілт сөздер: *Спорт элементтері, сайысушылық ұрыс, төте соққы, қысқа соққылар,соққы күші.*

Дене тәрбиесіндегі сабақ беру пәндері ретіндегі арнайы білім мен қозғалыс-қимылы әрекеті мұғалімнен белгілі бір оқытып үйрету жолдарын білуді талап етеді. Оқытып үйретудің әдістері өте көп және оның бірде біреуі әмбебап бола алмайды.

Солардың бірі мұғалімнің жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерінің

сәйкестігі. Әрине, әрбір ұстаз-педагог барлық оқытып үйрету әдістерін толық көлемде меңгеруі тиіс. Дегенмен, қатарынан көптеген себептерге қарай бір мұғалімдер бір әдісті, ал басқа біреулері басқа бір әдісті жақсы меңгереді. Бұл ерекшеліктерін ескермеске болмайды. Егер, нақтылы жағдайда екі әдістен, мысал үшін, бірдей нәтиже шықса, онда мұғалімнің өзі жақсы меңгерген әдісін пайдаланғаны дұрыс. Осы әдіснама тұрғысында біз дене тәрбиесі сабағында бокс спортының элементтерін қолдануды жөн санадық. Оның ішінде оқушыларға қапталдан жасалатын соққылар әдістемесіне тоқталдық.

Жасөспірім оқушылардың бокс негізінде қажетті күшін жетілдіру дайындығы мүлтіксіз әдістемелік бағытта болу керек

Жасөспірім оқушылардың жылдамдық-күш жетілдіру сапасын бокс спорты арқылы арттыруда әртүрлі жаттықтыру әдісін жекеше нәтижеге жетуін қадағалауды ұсынады.

Оқушыларға қапталдан жасалатын соққыларды үйрету олардан кең көлемде қолдыңептілігін қажет етеді және үйрету арқылы дамытуға септігін тигізеді. Боксшыныңептілігі іс-әрекетінің ерекшелігі бокс туралы әдебиеттерде көп айтылады [1]. Көбінесе, авторлар боксты ауыспалы қарқындылық тән спорт түрі деп есептейді. Боксшыныңептілігі іс-әрекеті қарсыласпен тікелей беттесу арқылы жүзеге асырылады. Бұл рингтегі жағдайдың үнемі өзгеруіне алып келеді.

Боксшылардыңептілігі іс-әрекетін көптеген авторлар зерттеген. Алайда олар өз зерттеулерінде боксшылардың ауыспалы әрекеттерінің деңгейін көрсетпеген, кейбір келтірілген деректер боксшылардың жекпе-жегінің әрнұсқалылығын, өзгермелілігін көрсетеді. Бұл сайысушылық ұрыс кезіндегі соққылар санынан көрінеді. Сондай-ақ арнайы есептегіш құралда тіркелетін соққылар санына да байланысты [2].

Бокста қапталдан жасалатын соққылар алыс және орта арақашықтықтарда пайдаланылады. Егер боксшы қарсыласымен арақашықтықты жақындатқысы келмесе, осындай жие қолданылады немесе қарсыласының қорғанысын бұзуға арналады. Содан кейін орта және жақын қашықтықтарда шабуылды жалғастыруға болады.

Қапталдан жасалатын қысқа соққылар – бокстағы негізгі соққылардың бірі. Себебі мұндай соққы кезінде нысананың жақын болатындығы сондай, қарсылас соққы байқай алмаймыз. Соққы беретін қолдың жолының қысқалығы, соған байланысты иық бұлшық еттердің қатаюы соққының күшін арттырады. Мұндай қысқа соққылар нысанаға нық тиеді.

Қапталдан жасалатын қысқа соққылар. Қысқа арақашықтықтағы шабуылды немесе қарсы шабуылды одан әрі дамытады. Қысқа соққылармен алы және орта арақашықтықтардан да шабуылдауға болады. Ол үшін боксшы жылдам қадамдар жасап, қапталдан жасалатын қысқа соққыларды шабуылға және қарсы шабуылға тиімді пайдалану үшін оны рингтің әр жағына қозғала жүріп жасауды жете үйрену керек.

Сол қолмен басты қапталда соғу.Сол қолмен басты қапталдан соғуды, әсіресе сол қолмен жақсы жұмыс істейтін боксшылар көп пайдаланады. Ондай боксшы болу үшін қарсыласының сол қолы қауіпті. Жақын жерден сол қолмен, басқа немесе денеге бағытталған жұдырықтан қорғану өте қиын. Сол себептен әсіресе қысқа соққылардың басшысының ұпай қорын арттыруға да қосар үлесі көп.

Сол қолмен басқа жасалатын ұзын және қысқа соққылардың арасынан сол аяқпен тағы бір аттап жүзеге асырылатын соққылар негізінен шабуылда қолданылады. Боксшы шабуылда көбіне тек осындай соққылармен ғана жасайды. Сонымен қатар қапталдан жасалатын соққылар қарсыластың қорғанысын бұзу үшін де пайдаланылады.

Қапталдан сол қолмен жасалатын ұзын соққылар қазіргі бокста жиі қолданылады. Оны рингке шығып, тәжірибие жинақтаған боксшылардың бәрі де ұнататын біз күнделікті жарыстардан көріп жүрміз. Бұл соққыны жасағанда алғашқы қимыл оң аяқтан басталады. Созылған аяқтан дененің салмағы алған аттануға көтерілген сол аяққа ауысады. Сол қозғалыспен қабаттаса көтерілген сол қол алдымен төмен түсіріледі, сонан кейін ол төменнен доға жасап, қарсыластың басына ұарай

жұмылады. Қолдың осындай әдісімен нысананы көздеуден, дене де оңға қарай жұмсалады. Міне осындай қозғалыстың бәрі соққының күшін арттырады. Бұл кезде оң қол басты және денені қарсыластың қарсы соққыларынан қорғайды.

Қапталдан сол қолмен басқа тез соққы жасау үшін қарсыластың көңілін өзге жаққа аудару қажет. Ол үшін жалған шабуылдар немесе соққылар пайдаланылады. Сәтті кезеңді күту керек. Сәті түскен кезде бұл қауіпті соққымен нысананы көздейді. Ол үшін мұнда да қозғалыс оң аяққа ауысады. Мұнда қол кең сермеледі. Бар болғаны жарты доға ғана жасап, сонан кейін нысанаға дәл көздейді. Дене алға қарай кілт бұрылады. Соққы нысанаға тиген сәтте сол аяқтың ұшы еденге тіреледі. Мұның бәрі соққының күшін едәуір арттырады. Осындай соққылардан қорғануға дұрыс көңіл бөлмейтін боксшылар көп ретте аса қиын жағдайда қалады. Оң қол әдеттегідей қорғанысқа пайдаланылады. Сол қолмен жасалған соққы кезінде қарсыластың денесі қорғаныссыз қалуы мүмкін. Оң қол мұндай жағдайда шабуылды жалғастыруға дайын болуы керек.

Сол қолмен денені қапталдан соғу. Мұның өткен соққыдан айырмашылығы шамалы. Мұнда дене алға қарай көбірек еңкейеді, аяқ көбірек бүгіледі, соққы беретін қолдың бағыты өзгереді.

Бұл соққының атқаратын міндеті көп. Онымен шабуылды бастауға болады немесе қарсы шабуыл кезінде қорғаныспен тығыз байланыстыра қарсы және жауап соққы ретінде қолданылады және сол қолмен басты қапталдан соғу үшін, қарсыластың қорғанысын бұзу үшін пайдаланылады. Қарсыласты алдау үшін алыс арақашықтықтан осындай соққылар жасалады.

Оң қолмен басты қапталдан соғу. Шабуыл бұл соққымен өте сирек басталады. Ол көбіне сол қолмен жасалған соққыдан кейін, қарсыластың қорғанысы әлсіреген кезде қолданылады [3].

Боксшының бастапқы қалпында оның иегі жабық болады. Қорғаулы иекті нысанаға алу өте қиын. Сондықтан сол қолмен қарсыластың денесіне алдамшы соққылар жасалады. Үздіксіз жасалатын мұндай соққылар қарсыластың қорғанысын негізінен денеге ауыстырады. Сол кезде оң қол нысананы көздейді. Сол қолмен жасалған шабуылда төте немесе қаптал соққылар пайдалануы да мүмкін.

Шабуылда, әсіресе қысқа соққылар көбірек қолданылады. Ол үшін боксшы сол аяғымен ілгері қарай тез бір қадам аттайды. Қозғалыстың жылдамдығы оң аяқтың серпу күшіне, дененің оңнан солға қарай бұрылуына байланысты. Осы кезде дененге жабысып тұрған оң қол доға жасап төменнен жоғары қарай жұмсалады. Сол қолдың жұдырығы басты, ал шынтақ ішті қорғауы керек. Бұл боксшының қарсыластың қарсы шабуылынан қорғайды.

Оң қолмен қапталдан басқа соққы бергенде ұзын соққыларды пайдалану өте қиын. Себебі боксшы оң қолы қарсыласынан алыста болады. Оны сермеген кезде бәсекелес қорғанып үлгереді. Сондықтан бұл соққыға егжей-тегжейлі дайындалуы қажет.

Соққы бастан соғуға рұқсат етілмейтін желке жағынан тимеу үшін соққы берген кезде дене солға қарай диогонал арқылы қозғалады. Оң қолды оңға қарай біраз шығарып, сонан кейін шынтақ тұсында жазық бұрыш жасап тұрған қолды нысанаға оңнан солға қарай доға жасап сілтейді. Саусағы ішке қарай бүгілген жұдырық сонда ғана нысанаға дәл тиеді.

Оң қолмен қапталдан басқа жасалатын қарсы соққы әр уақытта қорғаныспен тығыз байланысты. Егер қарсылас шабуыл жасап, өте жақын келсе, онда боксшы соққы жасау үшін әуелі дене салмағын артта тұрған оң аяққа ауыстырады. Осы кезде қысқа жасайтын арақашықтық пайда болады.

Мұндай жағдайда кеуде оңнан солға қарай бұрылады. Сол аяқтың ұшы ғана еденге тиіп тұрады.

Оң қолмен денені қапталдан соғу. Бұл шабуыл кезінде жасалатын шабуыл соққыға жатпайды. Әсіресе оңқай боксшының орындауына өте ыңғайсыз соққы.

Орта және алыс арақашықтықтардан жасалатын соққылар көбін қарсыластың шынтағына тиюі мүмкін. Қатты сүйекке тигенде соққы берген қолдың саусақтары жарақаттанады. Егер оңқай боксшының қарсыласы солақай болса ғана мұндай алыс және орта арақашықтықтан жасалатын соққылар қауіпсіздеу болады.

Қапталдан денене жасалатын қысқа соққылар көбірек пайданылады. Бұл арада қарсыластың оңқай немесе солақай екені бәрібір. Ол тек бетпе-бет келуі керекнемесе шабуыл жасамақ ниетпен

ұмтылғанда боксшыға оң жақ қырымен келуі тиіс. Оң қолы нысанаға дарымаған қарсылас бір сәт қорғаусыз қалады. Осы сәтті мүлтіксіз пайдаланған дұрыс [4].

Төменде оқушыларға үйреткен соққыларды дамытуға арналған үлгі жаттығулар берілген. Шеңбер жасап, жылжып жүріп жаттығу оқушылардың қимыл мен соққы жасау әдіссын қатар меңгеруіне мүмкіндік бере алады. Төменде соққыларды нысанаға дәл тигізуге арналған бір топ үлгі жаттығуларды беріп отырмыз.

1. Сол аяқпен артқа қарай бір қадам жасаған кезде, сол қолмен төте (оң қол немесе қапталдан) соққы беру.
2. Кеудені оңға немесе солға қарай кілт бұру (сол аяқпен қадам жасағанда солға қарай, оң аяқпен қадам жасағанда оңға қарай бұрылу керек).
3. Оң аяқпен алға қадам жасаған кезде сол қолмен төте (төменнен неме¬се қапталдан) соққы беру. Бұл кезде сол аяқпен көмекші қадам жасалады.
4. Сол аяқпен алға қадам жасаған кезде оң қолмен төте (төменнен немесе қапталдан) соққы беру. Бұл сәтте оң аяқпен көмекші қадам жасалады.
5. Оң және сол қолмен кезек төте (төменнен немесе қапталдан) соққылар жасау. Оң аяқпен қадам жасағанда сол қолмен, сол аяқпен қадам жасағанда оң қолмен соққы беріледі. Әр соққыдан кейін көмекші екі қадам жасалады.
6. Алға аттап, негізгі соққыларды жасау. Соққы оң аяқпен аттағанда сол қолмең сол аяқпен аттағанда оң қолмен беріледі.
7. Дәл осы жаттығу. Бірақ кейін қарай шегініп жүріп жасау керек. Сол аяқты артқа қарайбасқанда сол қолмен, оң аяқты артқа басқанда оң колмен соққы беріледі. Келесі соққы жасаған кезде ғана дененің салмағы кейін тұрған аяққа түсіріледі.

Қазіргі таңда көптеген мектептерде оқушылардың дене тәрбиесі сабағының дәстүрлі түрлеріне яғни, жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындарға әсіресе, ер балалардың қызығушылығының төмендегенін байқауға болады. Көптеген ер балалар жекпе-жек спорт түрлеріне назарларын аударып, қызығушылықтарын тудыруда. Сол себепті біздер дене тәрбиесі сабағында бокс элементтерін оның ішінде қапталдан жасалатын соққылар әдістемесін үйрету арқылы оқушылардың денсаулығы мен қимыл ептілігін арттыруды жөн санай отырып, оқушылардың қызығушылығына аса мән бердік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кургузов Г. В. Русанов В. Я. Метод интервальной тренировки для повышения специальной работоспособности боксеров.// Бокс: Ежегодник. – М., 1985. – 15-16б.
2. Градополов К. В. Бокс. Учебник для ИФК. – 4-е издание. – М.: Физкультура и спорт, 1985. – 338б.
3. Ашляев К. С., Бараев Х. А. Бокс әдістері, тәсілдері, спорттық оқу-жаттығуларды ұйымдастыру (оқу құралы). Алматы, 2009.
4. Бараев Х. А, Жарболов Е. М., Ибраимов. Е. С. Бокс. Примерные программы спортивной подготовки для детско-юношеских спортивных школ, специализированных детско-юношеских школ олимпийского резерва, ЦОП по боксу. Алматы, 2009.

УДК 796.83

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ УДАРАМ С БОКУ В БОКСЕ

Тлебалиев А.А., Ғабитов А.Р.
Западно-Казахстанскийинновационно-технологический университет,г.Уральск

Аннотация. *В статье рассказывается о том, как обучить школьников ударам по боксу с боку в школьных условиях. Указывается ее основная цель, как она выполняется, ее задача.*

Ключевые слова: *Элементы спорта, соревновательный бой, меткий удар,короткие удары, сила удара.*

ӘОЖ 796.323.2

БАСКЕТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТЕХНИКАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Есеев Т.К., Тлебалиев А.А., Тулегенов Б.Т.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті,Оралқ.

Аннотация. *Мақалада баскетбол ойынының техникаларын жетілдірудің әдіс-тәсілдері жөнінде баяндалады. Баскетбол ойынындағы негізгі әдіс-тәсілдердің маңыздылығы жәнеде арнайы ойын кезіндегі техниканың жүйелі түрде орындалуы түсіндіріледі.Ойын кезіндегі баскетболшылардың арнайы психологиялық дайындығын дамыту үшін жасалатын жаттығулар жөнінде баяндалады. Баскетболшылардың арнайы психологиялық дайындығын қалыптастыру жолындағы тұрақты қалыптасқан жаттығулардың негізгі ерекшеліктері ашылады.*

Кілт сөздер: *физикалық, техникалық, команда, факторлар,әдіс-тәсілдер, ойын техникасы, бағалау критерийлері,халықаралық федерация,спортшы техникасы,ойын ережесі.*

Жақсы денсаулық адамның жеке және қоғамның іс-әрекетіне жемісті қатысуының маңызды кепілі. Баскетболмен шұғылдануды мектеп табалдырығынан бастамай жоғары жетістіктерге жету өте қиын. Сондықтан оқушылардың жеке адамды жан-жақты дамытуды дене тәрбиесінің маңызы зор. Баскетбол дамуының түрлі кезеңдерінде тәсілдер саны, оларды орындау әдістері, бағалау критерийлері өзгеріп, жетілдіріліп отырылған.

Баскетбол – бұл бүкіл әлемге тараған ойындардың бірі. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін алуына байланысты республикамызда баскетболды дамытудың жаа беттері ашылуда. 1991 жылы Қазақстан Республикасының Баскетбол федерациясы құрылды. 1992 жылы Ұлттық чемпионат өткізілді. Осы ойын түрінен бүгінде құрлық және әлем біріншілігі өткізіліп тұрады. Халықаралық федерациясы жұмыс жасайды. Баскетбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан тұрады – жүгіру, жүру, секіру және лақтыру. Бұл ойынды тоғыз, он жасар баладан бастап қай жаста болсын, бәрі ойнай береді. Сондықтан, бұл оқушылар оқу процесінде ойынның негізгі айла тәсілдері, тыныс алу және ойын жүйесін біледі, жарысқа да қатыса алады. Баскетбол – дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді және ағзаға пайдалы болып табылады. Баскетбол ойыны адамның көңілін шаттандырып, іскерлігін арттырады. Бүгінгі баскетбол ойынының даму деңгейі өзінің ең жоғарғы нүктесіне жетті деуге болады, себебі ойынның бүгінгідей жылдамдығы бұрын – соңды болып көрген жоқ. Ойыншының қозғалысы, жүгіру жылдамдығы секіру және лақтыру, кілт тоқтауы. Міне, мұның барлығы жалпы дамыту жылдамдығын, ойыншылардың дайындық деңгейін көрсетеді [1].

Әрбір даму кезеңіндегі спортшы техникасы – бұл ойыншыға ережелер шектеулерінен шықпай күрделі ойын жағдайларында ең тиімді іс-әрекет жасауына көмектесетін тәжірибемен тексеріліп өткен тәсілдер жиынтығы. Кенеттен қлыптасатын ойын жағдайларында ең тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін, баскетболшы ойын техникаларының көптүрлілігін толығымен меңгеріп, белгілі бір жағдайда қажетті тәсіл немесе тәсілдер жиынтығын таңдай біліп, тез арада, әрі нақты орындауы керек.

Техника – ол ойынның тәсілі, ойыншылардың қорғаныс пен шабуылда нәтижеліәрекеттерін қамтамасыздандырып, команда ішінде ойыншылардың бірігіп әрекеттесуі менқарсылық көрсетуін ұйымдастырады. Қазіргі заман техникасы – ол күрестің формасы менәдісінің тарихи дамуы қорытындысы. Уақыт өте келе, тәсілдердің саны да өзгерді. Әрбір тарихи уақыт кесіндісі көптеген ұтымды тәсілдерді ұсынады. Сондықтан, қазіргі заман әдістерінің керекті арсеналын білу қажет және қазіргі заманға ең тиімді әдістердің бастысын анықтайтын ойынның даму тенденсия арсеналын білу қажет. Ойынның белсенді түрде қазіргі заман техниканың алуан түрлілігіне алып келді. Ол ашық көрсетілген динамикалық щабуыл сипаты жай және роционалды, ауыспалы жылдамдық пен шапшаңдық, тиімділік пен дәлдікпен үйлестірілді. Қазіргі уақытта белгілі шарадағы техника әдістердің дұрыс орындалу сипатын анықтайды, соның арқасында қозғалыста түрлі жағдайға ойыншыларының өзіндік бір ерекшеліктері пайда болып, әртүрлі алуан түрлілігімен сипатталады.

Яғни, барлық қозғалыстардың көмегімен әртүрлі әдістер жүзеге асырылады, ол былыққан сипат болмай, белгі бар заңдылықпен қалыпты жағдайда қайталанады, оларды топтастыруға және жүйелеуге болады [2].

Жоғарғы техникалық шеберліктің критерийлері:

- берілген ойын функцияларын шабуыл және қорғаныстың негізгі тәсілдерімен қосатолыққанды орындау үшін тиімді әдіс-тәсілдер жиынтығын оңай пайдалана білуі;

- берілген ойын тәсілдерін орындаудың нақтылығы, әрі тиімділігі;

- қарама-қайшы факторлар (қатты шаршау, психологиялық ауырлықтар, қиын сыртқыжағдайлар және т.б.) әсеріне қарамастан ойын тәсілдерін орындаудың тұрақтылығы;

- қарсылас ойыншының қарама–қарсы іс–әрекеттеріне байланысты техникалық ойынтәсілдерінің кезеңдерін пайдалана білу;

- ойын тәсілдерін пайдаланудың тұрақтылығы, ол көпкүндік жарыс кезінде ойыннан–ойынға еш ауытқусыз жоғары мергенділікпен анықталады.

Тактикаға үйрету барысында келесідей ретті ұстанады: алдымен, жеке тактикалық іс–әрекеттерді оқытады, кейін берілген ойын жүйесіне жуық жеке және топтық іс–әрекеттернақтыланады.

Мұғалімнің жас баскетболшыларды тактикалық іс–әрекеттерге оқыту кезіндегі негізгі міндеттеріне ойын барысында пайда болатын жағдайларды ойыншының шығармашылық жолымен шешуін қамтамасыз ету үшін берілген жүйеде пайдаланылады: қатысушылардың зейінін арттыру, ойын жағдайларында бағдарлану тәсілдерін көрсету; негізгі жеке және топтық тактикалық іс–әрекеттерге үйрету [3].

Тактикаға үйрену барысында шабуыл мен қорғаныстың екі жақты қарым–қатынасы бойынша зерттеу керек. Бұл, жаттығуларға ойыншылардың іс–әрекетін шектейтін немесе кеңейтетін шарттары бар арнайы жаттығуларды қосуды қажет етеді.

Допты тартып алған топ шабуылдаушы топ болады. Шабуыл – ойындағы топтың негізі функциясы болып табылады. Шабуылдаушы іс–әрекеттер арқылы топ басымдылыққа ие болып, қарсыласушыға тиімді тактикалық жоспарды пайдалануға міндет еткізеді.

Шабуылдаушы топтың негізгі мақсаты – қарсыласушының қоржынына допты кіргізу. Бұл мақсатқа 30с. ішінде жету үшін арнайы ұйымдастырылған, бұрыннан ойластырылып қойылған және дайындалған тактикалық жүрістерді пайдалану керек. Олар доптың қарсылас қоржынына жақындауына, нәтижелі шабуыл үшін тиімді шарттар құрастыруына, аталып отырған шабуылды өткізу және доптың кері түсуіне байланысты күресу мүмкіндігін тудыруына бағытталған. Шабуыл тактикасы топқа нақты қарсыласқа және ойынның түрлі кезеңдеріне байланысты мақсатты бағытталған тәсілдерін, жоспарлық шабуылды жүргізудің формалары мен әдістерін таңдап, пайдалануға мүмкіндік береді [4].

Өзінің сипатына қарай шабуылдың барлық іс–әрекеттерін жеке және топтық деп жіктейді. Тактиканың топталуына сәйкес топтық іс–әрекеттердің өзі топтық және командалық деп бөлінеді.

Қарсыласу әдістері техникасына үйрену реті оқылатын шабуыл тәсілдеріне тәуелді: шабуылдаудың сәйкес ойнау тәсілі үйренгеннен кейін оған қарсыласу тәсілі үйретіледі.

Атап өтуге тұратын жайт, баскетболшы қарсыласу тәсілдерін аз ықыласпен және ниетпен үйренеді. Сондықтан, келісті түсініктемелер, әңгімелер, үлгілер арқылы қорғану тәсілдерін үйренуге қызығушылықты арттыру қажет. Үйренудің аса маңызды негізі болып бақылай білуі, қарсыласушы іс–әрекетін бағалауы, ойын тәсілін уақытында, әрі тиімді пайдалануы саналады. Қандай–да болсын ойын тәсіліне үйрену барысында оқытушы негізгі зейіннің қайдабағытталуы және ойын тәсілін қалай дұрыс орындау керектігін нақтылап көрсетуі керек. Баскетболда шабуылдау техникасын жетілдіру [5].

Баскетбол техникасының негізі – қозғалыс. Ойын алаңы бойынша баскетболшының қозғалысы нақты ойын жағдайларының орындалуы барысында құрылатын шабуылдау мәселелерін шешуге арналған іс–әрекеттер жүйесінің белгілі–бір бөлігі болып табылады. Ойын алаңындағы қозғалыс үшін жүріс, жүгіру, секіру, тоқталыстар, айналуларды пайдаланамыз. Осы ойын тәсілдерін пайдалану арқылы баскетболшы қажетті орын тауып, қарсыласушысынан кетіп қала алады, кейінгі шабуыл жасау үшін тиімді қажетті бағытқа қарай орналаса алады. Сонымен қатар, қозғалыста аяқтардың

дұрыс жұмыс жасауынан және тепе – теңдікті ұстап тұруына доппен орындалатын ойын тәсілдерінің тиімділігі тәуелді болады: қозғалыс және секірген кезде допты беру, допты жүргізу және онымен алдату, секіріп лақтыру және т.б.

Жүгіру ойындағы негізгі қозғалыс тәсілі болып табылады. Ол жеңіл атлеттің жүгірісінен біршама ерекшеленеді. Ойыншы ойын алаңының шегінде, кез–келген бағытқа, алдымен немесе артымен алға қарай түрлі бастапқы орналасулардан жылдамдығын арттырып отыруы керек. Қарсыласушыға кенеттен болған, тез арадағы жүгіріс жылдамдығын арттыру немесебастапқы старт спорт ойындарында талпыныс деп аталады. Талпыныс – қарсыласушы қарауынан босатылуына және бос орынға шығуға арналған негізгі құрал болып табылады. Талпыныстыжүзеге асыру үшін алдымен 4-5 қадам өтеді. Олар өте қысқа, әрі жылдам (соққылы) болады. Орындау барысында аяқты аяқ ұшынан қояды. Жүгіру жылдамдығы қадамның созылуына байланысты артады. Осы уақытта ойыншы допты қабылдауға әзір болуы тиіс.

Ойындағы жүріс басқа қозғалыс тәсілдеріне қарағанда азырақ пайдаланылады. Ол, негізінен, қысқа тоқтамдарда орын ауыстыруға немесе ойын жағдайының интенсивтілігін төмендетуге, сонымен қатар жүгіріспен қоса темпті жайлату үшін пайдаланылады. Қарапайым жүрістен айырмашылығы, баскетболшы аяғында тізесін бүгіп жүреді, бұл оған кенеттен жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Секірулерді өзіндік әдіс ретінде де қолдануға болады. Көбінесе, ойыншылар жоғарыға және ұзындыққа жоғары қарай немесе бірнеше секіруді қатарынан пайдаланылады. Секіруді орындаудың екі түрін пайдаланылады: екі аяғымен және бір аяғымен итеріліп секіру. Екі аяғымен итеріліп секіруді көбінесе негізгі қалыптан бастап жасайды. Ойыншы кішкене ғана отырып, қолдарын артқа қарай жібереді де басын көтереді. Жерден тебіну аяқтың қуатты бүгілуінен, дененің және қолдың алға және жоғары қозғалысынан туады.

Жүгіріп келіп екі аяғымен итеріліп секіру көбінесе қоржынға допты лақтырғанда және допқа қайта таласқанда пайдаланылады. Жүгіріп келіп бір аяғымен итеріліп секіру. Жүгірудің нәтижесінде пайда болған инерциялық қуатты максималды түрде пайдалану итерілуге тәуелді болып келеді. Итерілуден бұрыңғы соңғы қадам алдыңдағы қадамдарға қарағанда бірнеше кең болады. Тізеде бүгілген итермелеуші аяқты алға қояды да, жайлап итерілу үшін аяқ ұшына қарай отырады. Секіруден кейін баскеболшының денесі ең жоғарғы нүтеге жетсе, сермелетін аяқты бүгіп итермелейтін аяқпен бір деңгейде ұстайды. Жерге түсу қандай тәсіл болмасын жұмсақ, дененің салмағы тепе-теңдікте болуы керек. Ал ол алшақ тұрған аяқтардың аздап бүгілуімен жүзеге асады. Мұндай қалып баскетболшыға келесі ойын қимылдарын тездетіп жасай беруіне мүмкіндік туғызады.

Жағдайға байланысты ойыншы жүгірудің бағытының өзгеруі кезінде жүгіріп қарсыластың қарауынан босануға мүмкіндік алады және ары қарай шабуыл жасау мақсатында ашық жерлерге шыға алады. Тоқталыс екі тәсілмен: секіріс және екі қадам жүзеге асады.

Шабуылдаушы қорғаушыдан кету үшін, допты соғудан қорғану мақсатында айналымдар жасайды. Айналудың екі әдісі бар: алға және артқа. Алға қарай айналуда баскетболшы бетімен қарап тұрған жаққа қарай аттап өтеді, ал артқа қарай айналуда арқасымен тұрған жаққа қарай аттау. Егер топ ойыншылары қорғаныс әрекеттерінде қателіктер жіберсе, онда топтың жеңіпкетуі екіталай.

Шабуылшының техникалық қабілеттілігі қорғанушыға қарағанда көбірек. Тәжірибе көрсеткендей қорғаныс іс-әрекеттері олар дұрыс және зейін қойып орындалған жағдайда, олар тиіді болады. Қорғану техникасын екі негізгі топқа бөледі:

1) қимылдау техникасы;

2) доппен ойнау және қарсы іс-әрекеттер техникасы.

Алаң ішінде қимыл –қозғалыстарды жасау ерекшеліктері мен мінезі, жеке қорғаныс қимылдары ойыншының мақсатты орнатуы мен нақты ситуацияларды жоспарлауға мүмкіндік береді [6].

Тік тұру. Қорғаушы тұрақты орналасуы керек , аяқтары кішкене бүгілу керек және қарсыластың допты алуға және допты қоржынға алуға шабуыл жасау әрекеттерін жасауға мүмкіндік бермеу керек. Өзінің қол астындағы ойыншының қимылдарын бақылай отырып, қорғаушы ойыншы допты және қарсыластардың басқа да ойыншыларының іс-әрекеттерін қадағалау қажет. Қимыл-қозғалыстар. Қорғаушының қимылдау бағыттары мен мінезі шабуылшының әрекеттеріне

байланысты.сондықтан қорғаушы әрқашан тепе-теңдік қалыпты сақтау керек және кез-келген бағытта қозғалып, кез-келген уақытта жан жаққа, артқа, алға жүгірулердің бағыттарын өзгертіп, қарсы қозғалыстар жасағанда өзінің қозғалыс жылдамдығын реттеу керек, сонымен қатар лезде жасалатын тоқталысты қамтамасыз ете отырып қысқадистанцияда жылдамдықты өсіру керек. Доппен ойнап тұрған және ойнап тұрмаған ойыншыға қарсы іс-әрекеттер. Егер топ ойыншылары қорғаныс әрекеттерінде қателіктер жіберсе, ондатоптың жеңіп кетуі екіталай.

Баскетбол дамуының түрлі кезеңдерінде техникаларды жетілдіру жолдары, әдістер саны, олардың орындалу әдістерін бағалау түрлері өзгеріп, жетілдіріліп отыруы тиіс. Дене тәрбиесі жүйесінде баскетбол ойынының маңызы зор. Қазақстан Республикасының құрамасы Азияойындарында, әлем чемпионаттарында, олимпиада ойындарында еліміздің намысын қорғауға дайындалуда. Адам ойын үрдісі кезінде жоғары эмоциялды жүктеме және үлкен қуанышқабөлініп, қанағат алады. Осындай ойын барысында, нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы, адамның кординациясы қалыптасады. Әр адам баскетбол ойынының түрлі қажетті дағдыларынигере отырып, өз бетінше үнемі дене шынықтыруды жетілдіруге, денсаулықты сақтауға, көңіл-күйін көтеруге және ұзақ өмір сүруге мүмкіндік бары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дрюэт Д. Баскетбол: спорт для начинающих. – М., 2002. – 48 с.
2. Тілеуғалиев О. Дене тәрбиесі. – Алматы: “Жазушы”, 2002.
3. Тойжанов С. Құлназаров А. Дене тәрбиесі. – Алматы: “Жазушы”.
4. Гомельський А. Я. Тактикий баскетбола. – М.: Фис, 1966.
5. Зинин А. Детский баскетбол. – М.: Фис, 1969.
6. Төтенай Б. Дене тәрбиесі. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2017.
7. Сихымбаев Қ.С. Жоғары оқу орындарындағы дене тәрбиесі. – Алматы, 2014.

УДК 796.323.2

МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ТЕХНИКИ ИГРЫ В БАСКЕТБОЛ

Есеев Т. К., Тлебалиев А.А., Тулегенов Б.Т.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *В статье рассказывается о методах и способах совершенствования техники игры в баскетбол. Объясняется важность основных приемов и приемов в игре баскетбол и систематическое выполнение приемов в специальной игре.Рассказывается об упражнениях для развития специальной психологической подготовки баскетболистов во время игры. Раскрываются основные особенности устойчиво сформированных упражнений на пути формирования специальной психологической подготовки баскетболистов.*

Ключевые слова: *Физическая, техническая,, команда, факторы, методы, техника игры, критерии оценки, Международная федерация, техника спортсмена, правила игры.*

ӘОЖ 796.332

ТОП ЖАТТЫҒУЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ҮЙЛЕСТІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Кинжагалиев А.У.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Заманауи жағдайларда ықтималды және күтпеген жағдайларда жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің көлемі айтарлықтай өсті, бұл тапқырлықтың, реакция жылдамдығының, зейінді шоғырландыру және ауыстыру мүмкіндігін, қозғалыстардың кеңістіктік,*

уақыттық, динамикалық дәлдігін және олардың биомеханикалық ұтымдылығын талап етеді. Дене тәрбиесі теориясындағы осы қасиеттердің немесе қабілеттердің барлығы еттілік ұғымымен – адамның тез, тиімді, мақсатқа сай, т.б. ең ұтымды, жаңа қозғалыс әрекеттерін меңгеру, өзгермелі жағдайларда мотор тапсырмаларын сәтті шешу. Шапшаңдық – даму деңгейі көптеген факторлармен анықталатын күрделі күрделі моторлы сапа. Жоғары дамыған бұлшықет сезімі және кортикальды жүйке процестерінің пластикасы ең маңызды болып табылады. Соңғысының көріну дәрежесі координациялық байланыстарды қалыптастырудың өзектілігін және бір жағдай мен реакциядан екіншісіне өту жылдамдығын анықтайды. Шапшаңдықтың негізі – үйлестік қабілеттері болып табылады.

Кілт сөздер: *үйлестік қабілеттері, әдіс-тәсілдер, үйлестік жаттығулары,ойын техникасы, біліктілік, дағды.*

Футбол техникасы – бұл алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ойын кезінде қолданылатын арнайы әдіс-тәсілдер жиынтығы. Олар екі негізгі топқа бөлінеді: допсыз орындалатын техникалық тәсілдер (ойыншылардың қозғалу әрекеттері) және доппен орындалатын техникалық тәсілдер. Ойын іс-әрекеттерінің сипатына қарай, футбол техникасын алаңдағы ойыншылардың техникасы және қақпашының ойын техникасы деп қарастырады. Жалпы алғанда, футбол техникасы күрделі де, сан-қырлы әрекеттерден тұрады.Техникалық әдіс-тәсілдер келесі реттілікпен үйретіледі: тәсілдермен жалпы таныстыру; тәсілдерді қарапайым, жеңілдетілген жағдайда үйрету; тәсілді күрделі, қиындатылған дағдайда үйрету; тәсілдерді бекіту.

Ойын тәсілдерін түрлі әдістермен үйретуге болады. Алайда, түсіндіру және көрсету сол әдістердің ішіндегі бастысы болып табылады. Мұғалім (бапкер) түсіндіру арқылы үйретілетін тәсілдің құрылымы туралы дұрыс түсінік қалыптастырады және сол іс-қимылдың ұсақ-түйектеріне тоқталмай, негізгісіне назар аударуға мүмкіндік береді. Түсіндіру тәртібі былай болуы мүмкін: мұғалім алдымен тәсілді көрсетеді, содан кейін оның мәніне назар аударып, ол тәсілдің тактикалық мүмкіндігін түсіндіреді. Оқушының бойында үйретілетін тәсіл туралы дұрыс та, нақты түсінік қалыптасу үшін, көрсету мен түсіндіру әдісін кезектестіруге болады. Тәсілмен жалпы таныстырып алған соң, оқушы оны іс жүзінде орындап көруі керек.

Техникалық тәсілдерді бекіту үшін қозғалмалы ойындар мен ойын түріндегі жаттығулар кезінде көп рет қайталау керек және сол оқу-үйрену ойындарында әрбір оқушыға нақты тапсырмалар беріледі. Міне сондықтан, сабақ кезінде нақты ойын әрекеттерін орындауға қажет арнайы тәсілдерді жетілдіруге бағытталған оқушының дербес жұмысына баса назар аударылады. Сонымен қатар, техникалық тәсілдерді шыңдау жұмыстарын, оқушылардың дене дайындықтарымен үйлесімде дамыту қажет.

Білікті ойыншылар ойындарының тиімділігін техникалық-тактикалық жетілдіру мен жақсартудың жаңа жолдарын іздеу бүгінгі уақыт талабы және заманауи сұраныс ие болып отыр. Зерттеулер нәтижесіне сүйенер болсақ, аталған бағыттағы маңызды резервтердің бірі – бұл үйлестік қабілеттердің деңгейін арттыру. *Үйлестік қабілеттер — бұл қозғалыс әрекеттерді оңтайлы басқаруға және реттеуге дайындығын анықтайтын жеке түрдің психомортлық қасиеттері (ерекшеліктері).*

Сонымен қатар «қозғалыс үйлесімділігі» және «үйлестік қабілеті» деген ұғымдарды ажырату керек. Біріншісі – бұл қозғалыс меңгерушілігін ұйымдастыру немесе оларды басқару және реттеу үдерісі, ал екіншісі – осы үдеріс оңтайлы өтуі үшін қажетті ерекшеліктер.

Үйлестік қабілеттері – қимыл әрекеттерді оңтайлы басқару және реттеу, сыртқы жағдайларға адекватты бейімделу, сондай-ақ қимылдарды үйретудегі шапшаңдық, тұрақтылық және дәлділік шарты.Футболдағы жетекші үйлестік қабілеттеріне мамандар келесі жетеуін жатқызады:

1) қимыл әрекеттерін қайта жасау және бейімдеу қабілеті;
2) қозғалыстарды кинестетикалық дифференциалдау (допты сезіну);
3) қимыл ырғағын сезіну;
4) қозғалысты келісу (қосу) қабілеттілігін;
5) кеңістіктегі бағдарлану;
6) қозғалыс реакциясының шапшаңдығы;

7) тең салмақтылықты (динамикалық және статикалық жағдайларда).

Футболшыны тәрбиелеу мен жаттықтыру құралдары – дене жаттығулары, гигиеналық факторлар және табиғаттың табиғи күштері. Біліктілік пен дағдыны тәрбиелеу және жетілдіру дене жаттығуларын жүйелі орындаудың арқасында жүзеге асады. Олар алуан түрлі және олардың таңдауы оқыту мен оқыту процесінде қойылған міндеттерге тікелей байланысты. Дене шынықтыру және спорт тәжірибесі үйлестіру қабілеттеріне әсер ететін құралдардың үлкен арсеналына ие. Үйлестіру қабілеттерін дамытудың негізгі құралы координациялық күрделілігі жоғары және жаңашылдық элементтері бар дене жаттығулары болып табылады [1].

Үйлестік қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар тобына негізгі бұлшықет топтарын бір уақытта қамтитын динамикалық сипаттағы жалпы дайындық гимнастикалық жаттығулары болып табылады. Бұл құралдарды қолдану және құралдарсыз (доптар, гимнастикалық таяқшалар, арқандар, сойылдар), салыстырмалы түрде қарапайым және жеткілікті күрделі, өзгерген жағдайда, дененің немесе оның бөліктерінің әртүрлі орналасуымен орындалатын дене жаттығулары. Әртүрлі бағытта жасалатын жаттығулар: акробатика элементтері (сальто, әртүрлі орамдар), тепе-теңдік жаттығулары. Үйлестіру қабілеттерін дамытуға табиғи қозғалыстардың дұрыс техникасын дамыту үлкен әсер етеді: жүгіру, әртүрлі секірулер (ұзындық, биіктік, секіру), лақтыру, өрмелеу.

Кенеттен өзгеретін жағдайға байланысты қозғалыс белсенділігін тез және мақсатты түрде қайта ұйымдастыру қабілетін дамыту үшін мобильді және спорттық ойындар, жекпе-жек (бокс, күрес, семсерлесу), жүгіру, шаңғы, тау шаңғысы жоғары тиімді құрал болып табылады. Арнайы құралдар тобын қозғалыс әрекеттерін бақылау мен реттеуді қамтамасыз ететін жеке психофизиологиялық функцияларға бірінші кезекте назар аударатын жаттығулар құрайды. Бұл кеңістік, уақыт сезімін, дамыған бұлшықет күшінің дәрежесін дамытуға арналған жаттығулар. Координациялық қозғалыстарды жақсартуға арналған арнайы жаттығулар таңдалған спорт түрінің ерекшеліктерін ескере отырып әзірленеді. Бұл берілген спорт немесе еңбек әрекеттеріндегі техникалық және тактикалық әрекеттермен үйлестіру жағынан ұқсас жаттығулар. Спорттық жаттығуларда мұндай құралдардың екі тобы қолданылады:а) жетекші, белгілі бір спорт түрінің жаңа қозғалыс түрлерін меңгеруге ықпал ету; б) нақты спорт түрлерінде (мысалы, баскетболда, қиын жағдайда арнайы жаттығуларда – гимнастикалық орындықтан секіргенде, бірнеше сальто жасағаннан кейін серіктеске допты қағып алу және беру) көрінетін үйлестіру қабілеттерін тәрбиелеуге бағытталған дамыту. гимнастикалық төсеніштерде қатарға шығу, серіктестен допты алу және себетке лақтыру және т.б.).

Үйлестік қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар автоматты түрде орындалмаса, тиімді болады. Содан кейін олар өз құндылығын жоғалтады, өйткені дағдыға дейін игерілген және бірдей тұрақты жағдайда орындалатын кез келген қозғалыс әрекеті үйлестіру қабілеттерін одан әрі дамытуға ынталандырмайды. Үйлестіру жаттығуларын орындауды сабақтың негізгі бөлігінің бірінші жартысына жоспарлау керек, өйткені олар тез шаршауға әкеледі. Дене жаттығулары үйлестік қабілеттерін дамытуға және жақсартуға ықпал етеді. Сонымен бірге жүрек-қантамыр, тыныс алу және басқа да дене жүйелерінің қызметі жақсарып, нәтижесінде спорттық өнімділік артады, жаттығудан кейін қалпына келтіру процесі жеделдейді.

Футболшыларды дайындауда қолданылатын барлық үйлестік жаттығуларын шартты түрде үш топқа бөлуге болады: 1) жарыс; 2) арнайы дайындық; 3) жалпы дайындық.

Жарыс жаттығулары – футбол ойынының нысанасы болып табылатын және футбол жарыстарының ережелеріне толық сәйкес орындалатын тұтас қозғалыс әрекеттері немесе олардың комбинациясы. Олар жағдайлар мен қозғалыс формаларының тұрақты және кенет өзгеру жағдайында ептілікті күрделі көрінісімен сипатталады және жағдайларға байланысты жылжымалы, ауыспалы, «сюжетпен» біріктірілген әртүрлі қозғалыс әрекеттерінің жиынтығын білдіреді [2].

Арнайы дайындық жаттығуларына жарыс әрекеттерінің элементтері, олардың нұсқалары, сондай-ақ көрінетін қабілеттердің нысаны мен сипаты (ойын әрекеттері мен комбинациялары) бойынша оларға мәні бойынша ұқсас қозғалыстар мен әрекеттер жатады. Арнайы дайындық жаттығуларының құрамы футбол ойынының ерекшелігімен анықталады. Сонымен бірге бұл жаттығулар ойынға ұқсамайды. Олар футболшыға қажетті үйлестіру қабілеттерін дамытуға бағытталған және сараланған әсерлерді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалады.

Арнайы дайындық үйлестіру жаттығуларының ауқымы таңдалған спорт түрінің ерекшеліктерімен шектеледі. Оларға мыналар жатады:

1) Футболдағы техникалық дағдылар мен техникалық-тактикалық іс-әрекеттердің формасын дамытуға және бекітуге ықпал ететін жетекші жаттығулар.

2) Негізінен дене қасиеттерін, сонымен қатар футболға байланысты арнайы үйлестіру қабілеттерін дамытуға бағытталған дамыту жаттығулары.

3) Нақты үйлестіру қабілеттерін дамытатын жаттығулар: кеңістікті бағдарлау, ырғақ, тепе-теңдік, вестибулярлық тұрақтылық.

4) Мамандандырылған қабылдауды дамытатын және жетілдіретін жаттығулар (допты, голды, алаңды сезіну); сенсомоторлы реакциялар; мнемоникалық (оперативті моторлы жады) және интеллектуалды процестер (жылдамдық, жағдайды болжай білу, бастама); сөйлеу-ойлау процестері (қозғалыс әрекеттерін бір мезгілде түсіну арқылы дауыстап сөйлеу) [3]. Жас футболшылардың үйлестік қабілетін дамытуға арналған құралдардың ең кең және қол жетімді тобы негізгі бұлшықет топтарын бір уақытта қамтитын динамикалық сипаттағы жалпы дайындық гимнастикалық жаттығулары болып табылады. Бұл заттарсыз және заттармен (доптар, гимнастикалық таяқшалар және т.б.) жаттығулар, салыстырмалы түрде қарапайым және жеткілікті күрделі, өзгерген жағдайда, дененің немесе оның бөліктерінің әртүрлі позицияларымен, әртүрлі бағытта орындалатын жаттығулар: акробатика (сальто, әртүрлі орамдар және т.б.), тепе-теңдік жаттығулары. Жалпы дайындық жаттығулары негізінен футболшының жалпы дайындығына бағытталған. Олар әсер ету жағынан арнайы дайындық жаттығуларына жақын және олардан айтарлықтай ерекшеленетін әртүрлі жаттығуларды қамтуы мүмкін. Жалпы дайындық жаттығуларының көмегімен жан-жақты дене тәрбиесінің міндеттерін тиімді шешуге және футболшының негізгі дене қасиеттерін, қимыл-қозғалыс және қабілеттерін дамытуға іріктеп әсер етуге болады. Тәжірибелік қызметте үйлестік қабілеттерді екі үлкен топқа бөледі. Базалық және арнайы үйлестік.

Базалық үйлестік допсыз әртүрлі орнын ауыстыру көмегімен үйлестік қабілеттерді дамытуды білдіреді.

Арнайы үйлестік өзіне доппен орнын ауыстыру жүйесін қамтиды.

Футболшының жаттығуында қолданылатын барлық жаттығуларды негізгі және көмекші болып бөлуге болады. Негізгі жаттығуларға мыналар жатады: 1) қозғалыс сапаларын жалпы және арнайы дамытуға арналған жаттығулар;2) допты иемдену техникасын үйрету және оны жетілдіру жаттығулары; 3) тактикалық әдістерді, комбинацияларды және ойын жүйелерін үйренуге және жетілдіруге арналған жаттығулар.

Көмекші жаттығуларға мыналар жатады: 1) негізгі қимыл-қозғалыс дағдысын жүзеге асыруда дененің функционалдығын кеңейтетін шартты рефлекстердің жаңа жүйелерін қалыптастыруға ықпал ететін жалпы дамыту жаттығулары; 2) қимылдар құрылымы (уақытша байланыстар) бойынша қозғалыс дағдысының әртүрлі бөліктеріне сәйкес келетін немесе оларға жақын арнайы жаттығулар; 3) қозғалыс дағдыларын қалыптастыруға және дененің функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін басқа спорт түрлерінен жаттығулар. Қоршаған ортаның кенеттен өзгеруіне байланысты қозғалыс белсенділігін тез және мақсатқа сай қайта құру қабілетін дамыту үшін мобильді және спорттық ойындар, жекпе-жек, жүгіру, шаңғы жарысы, т.б. [4]. Қолданылатын жаттығулардың жалпы көлемінің ұлғаюына байланысты жаттығулардың конъюгаттық әсерлерін ескере отырып, бірнеше есептерді шешу үшін бір жаттығуды қолданудың маңызы арта түсуде. Үйлестіру қабілеттеріне басым әсер ету принципіне сәйкес жаттығуларды аналитикалық және синтетикалық деп бөлуге болады. Аналитикалық қимылдар негізінен қозғалыс әрекеттерінің біртекті топтарына байланысты үйлестіру қабілеттерін дамытуға бағытталған, мысалы, циклдік қозғалыстар, шаңғы тебу, велосипед тебу және т.б. [5]. Синтетикалық үйлестіру жаттығулары екі немесе одан да көп үйлестіру қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, мысалы, кедергілерден өту, айналма жаттығулар, әртүрлі спорттық ойындар [6].

Үйлестік қабілеттерін дамытуға табиғи қозғалыстардың дұрыс (ұтымды) техникасын дамыту үлкен әсер етеді: жүгіру, әртүрлі секірулер (ұзындық, биіктік және тереңдік бойынша, секірулер), лақтыру, өрмелеу. Табиғаттың табиғи күштері мен гигиеналық факторлар жаттығулар мен басқа да құралдардың қатысушылардың денесіне жақсы әсер етуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, маңызды

рөлді демалыстың дұрыс және уақтылы болуы, жаттығу уақытымен алмасуы, рационалды тамақтану, ұйқы режимі, еңбек және тұрмыстық гигиена атқарады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Железняк, Ю. Д. Теория и методика обучения предмету физическая культура / Ю. Д. Железняк. – М.: Академия, 2006. – 272 с.
2. Годик, М. А. Командные, групповые и индивидуальные упражнения футболистов/ М. А. Годик. – М.: ГЦОЛИФК, 1995. – 250 с.
3. Гогунов, Е. Н. Психология физического воспитания и спорта/ Е. Н. Гогунов, Б. И. Мартьянов. – М.: Академия, 2004. – 224 с.
4. Минбулатов, В. М. Теория и методика физической культуры/ В. М. Минбулатов. – М.: Академия, 2006. – 270 с.
5. Антипов, А.В. Диагностика и тренировка двигательных способностей в детско-юношеском футболе / А. В. Антипов, В. П. Губа, С. Ю. Тюленьков. – М.,2012.–150с.
6. Тхоревский, В. И. Физиология человека/ В. И. Тхоревский. – М.: Физкультура, образование и наука, 2001. – 492 с.

УДК 796.332

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ КООРДИНАЦИОННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ФУТБОЛИСТОВ НА ОСНОВЕ ГРУППОВЫХ УПРАЖНЕНИЙ

Кинжагалиев А.У.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *В статье рассматривается вопрос повышение уровня координационных способностей футболистов с применением групповых игр.Согласно современным взглядам, координционные способности являются условием для оптимального управления и регуляции двигательных действий, адекватной адаптации к внешним условиям, а также быстроты, стабильности и точности в обучении движениям.*

Ключевые слова: *координационные способности, приемы, упражнения на координацию, техника игры, квалификация, навыки.*

ӘОЖ 796.5

СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАУЛУ ҚҰРАЛЫ

Бегилов Т.З., Хатимуллина Б.Т.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Спорттық-сауықтыру туризмі өзінің сипатына, білім беру мен тәрбиелік қарымына, жақсы эмоцияларды қалыптастыру мүмкіндіктеріне, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына жақсы әсер етуі бойынша көптеген міндеттерді шеше алады. Спорттық-сауықтыру туризмі дене шынықтырудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады, сонымен қатар ол экологиялық, патриоттық, салауатты өмір салтына бағытталған тәрбие берудің тиімді құралдарының бірі.*

Кілт сөздер: *спорттық-сауықтыру туризмі, жорықтар, қозғалыс дағдылары, дене тәрбиесі, денсаулық, салауатты өмір салты.*

Спорттық-сауықтыру туризмі құралдары балалар мен жасөспірімдердің денсаулығының қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Бүгінгі таңда адамзаттың алдында адамның генетикалық тұтастығы

мен физикалық мүмкіндіктерін сақтау міндеті тұр, әйтпесе қолайсыз орта мен гиподинамия адамды биологиялық түр ретінде жоюы мүмкін. Адам жануарлар ортасынан бөлініп шыққан сәттен бастап оның қозғалысы негізінен ұзақ жүру, жүгіру (аң аулау және терімшілік) және тапқан тамақты алып жүрудің арқасында жүрді, ауыр салмақты алып жүру, атқа міну, түйе немесе есекпен жүру, қайық есу және жүзудің арқасында адам биологиялық түр ретінде ойдағыдай дамығанын еске түсіруге болады. Ал өнеркәсіптік төңкерістің арқасында қоршаған ортаны ластайтын бу кемелері, бу локомотиві, автомобиль, ұшақ, ірі өнеркәсіп пайда болғаннан кейін ғана адамның физикалық тозуы басталды. Ал қазіргі уақытта гиподинамия мен экологиялық мәселелер адамның өмір сүруіне елеулі қауіп төндіреді. Осы айтылғандардан мынадай қорытынды жасауға болады: адамды биологиялық түр ретінде физикалық оңалту оның экологиялық таза ортада ежелгі қозғалыс технологиялары арқылы, яғни белсенді туристік саяхаттар арқылы мүмкін болады.

Әлемдік тәжірибеде спорттық-сауықтыру туризмін әуесқой туристік қозғалыс ретінде дамыту бірегей қоғамдық құбылыс болып табылады. Бұл бұқаралық әуесқойлық қозғалыстың ерекшелігі сол, мемлекеттен қолдаудың аздығына қарамастан ол бүгінгі таңдағы күрделі экономикалық жағдайда табысты өмір сүре алатындығында. Бұған халықтың барлық санаттары мен жас топтары үшін спорттық-сауықтыру туризмінің қол жетімділігі, сондай-ақ еліміздің аумағының көп бөлігінің туристік іс-шараларды өткізу үшін жарамдылығы ықпал етеді. Әдебиеттерде спорт және сауықтыру туризмін практикада пайдаланудың түрлі аспектілері бойынша ауқымды материалдар жинақталған. Жинақталған деректер практикалық тәжірибенің, бақылаулардың, эксперименттердің нәтижесінде спорттық-сауықтыру туризмін дене шынықтырудың маңызды құралдарының бірі ретінде толық және жан-жақты бағалауға негіз болады.

Спорттық-сауықтыру туризмі мынандай міндеттерге бағытталған педагогикалық процесс:

- ағзаның функцияларын, қимыл-қозғалыс дағдыларын, психофизикалық, моральдық, ерік-жігер және әлеуметтік қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- қозғалыс дағдыларын қалыптастыру және дене қасиеттерін дамыту;
- адамның морфологиялық, функционалдық, моральдық және ерік-жігер қасиеттерін жақсарту;
- адамның дене қабілетін жетілдіру мақсатында дене шынықтыруды және туристік дайындықты басқару.

Соңғы жылдардағы педагогикалық ғылымда оқушылардың денсаулығын табиғи ортада жақсартудың ерекше тиімділігі атап көрсетілді, балалар мен жасөспірімдердің сауықтыру туризмінде кәсіби бағдарлау және өзін-өзі анықтау мәселелері көтерілді; табиғи орта жағдайында жүзеге асырылатын танымдық және сауықтыру шараларында оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын тәрбиелеудің жан-жақтылығы, спецификалығы, ерекшеліктері мен күрделілігі туралы айтылып жүр.

Қазіргі кезеңде спорттық-сауықтыру туризмі дене шынықтырудың құрамдас бөлігі ретінде саналады. Көптеген зерттеушілер спорттық-сауықтыру туризмінің балалардың морфо-функционалды жағдайына тигізетін тиімді әсерін растайды. Туризмнің бұл түрін жеке тұлғаны тәрбиелеудің белсенді құралы ретінде пайдалану балаларда өмірлік маңызы бар дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруға, олардың қозғалыс қабілеттерін арттыруға, адамгершілік, ерік-жігер және интеллектуалдық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Спорттық-сауықтыру туризмі – демалыс түрінде және қоғамдық пайдалы қызметте іске асырылатын жасөспірімдердің үйлесімді дамуының педагогикалық құралдары. Оның компоненттері экскурсиялар, серуендеу, жорықтар, экспедициялар болып табылады. Спорт және сауықтыру туризмінің жасөспірімдерге үлкен педагогикалық әсері бар.

Спорттық-сауықтыру туризмінің педагогикалық әсері топ ішіндегі бірлескен әрекет процесінде қарқынды әлеуметтік әсер етуден туындаған факторлардың өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады. Қатысушының жеке басына әлеуметтік факторлардың әсері жеке факторлардың әсерін жандандырады. Күнделікті ортаның өзгеруінен, дене жүктемесінің артуынан, жолдастарымен, қоршаған табиғатпен қарым-қатынас және өздерінің іс-әрекеттерінің аса маңыздылығын сезінуден туындаған жаңа психоэмоциялық фон қатысушылардың бірлескен іс-әрекетке эмоционалды тартылуына, іс-әрекеттің осы түріне қатысуға жоғары мотивацияға ықпал етеді және жалпы қоғамдық белсенділік деңгейін арттырады.

Спорттық-сауықтыру туризмімен айналысатын адамдарды оңалту процесі табиғи

биологиялық заңдылық негіздеріне шоғырланады. Ең алдымен, жергілікті жерде жаяу жүру, шаңғы тебу, велосипед тебу – бұл барлық ірі бұлшық еттерді белсенді және ұзақ жұмыс жасауға итермелейтін жоғары белсенді қозғалыс әрекеті болып табылады. Ал рекреациялық серуендеу кезінде бұлшық еттердің мұндай белсенділігі туристердің басым көпшілігіне кем дегенде 3—4 сағатқа созылады. Бұлшық ет массасының едәуір бөлігінің жұмысқа қатысуы туристке үлкен көлемдегі жүктемені орындауға мүмкіндік береді. Бұлшық еттерге түсетін мұндай ұзақ және ауыр жүктеме ағзаның оттегімен қамтамасыз ету жүйелеріне талапты арттырады да, бірінші кезекте жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйелерін жақсартады, барлық маңызды биологиялық функциялардың үйлестірілген, жұмысын талап етеді. Аэробтық энергетикалық процестердің белсенуінен сауығу әсері артады. Сонымен қатар өзегі физикалық сапа - төзімділік болып табылатын адам денсаулығының физиологиялық негіздері қалыптасады. Төзімділік ағзаның функционалдық жағдайының, оның аэробтық энергетикалық әлеуетінің, яғни адамның денсаулығының жалпы деңгейінің негізгі өлшемі болып табылады. Денсаулықты сауықтырудың кез келген жүктемесінің тиімділігін салыстырмалы бағалау кезінде дене саулығының жалпы қабылданған тұжырымдамасын негізге алу қажет. Оған сәйкес денсаулықтың ең маңызды, түйінді көрсеткіші жүрек-қан тамырлары мен тыныс алу жүйелерінің жай-күйінің өлшемі болып табылатын, ағзаның өміршеңдігін, сырқаттанушылығын және өмір сүру ұзақтығын анықтайтын аэробтық мүмкіндіктерінің деңгейі болып табылады. Аэробтық көрсеткіштер неғұрлым жоғары болған жағдайда адам денсаулығы да соншалықты жақсы болады. Спорттық-сауықтыру туризмінің тағы бір елеулі артықшылығы - бұлшық еттердің теңдестірілген белсенділігі, ол спортпен айналысушыларда дене құрылымында морфологиялық сәйкестілік, үйлесімді дене бітімін, әдемі, пропорционалы тұлғаны және жалпы сау, тартымды түрді қалыптастырады.

Спорттық-сауықтыру туризмінің денсаулыққа тигізетін әсері қаланың тынысымен уланған ауаға қарағанда экологиялық таза қала маңындағы орман немесе қалалық орман паркінің аумақтарында жүргізілуіне байланысты едәуір артады. Бұл ретте табиғи ортаның емдік сауықтыру факторларының тұтас кешенін пайдалану үшін бірегей жағдайлар жасалады. Ең алдымен ағза таза ауамен қанығады. Денеге түсетін физикалық жүктеме кезінде ағзаның осы тазарту процестерінің қарқындылығы күрт артады. Әсіресе қазіргі адамға тапшылық тудырып отырған табиғи таза ауа денсаулықтың негізі болып табылады. Оның үстіне табиғат аясындағы дене белсенділігі тірі табиғатқа жақындауға және оның сұлулығын байқап, бағалауға мүмкіндік береді. Орманның, саябақтың, таудың, даланың үнемі жаңарып отыратын ортасында серуендеп жүргенде, тіпті ұзақ жолдың өзі ләззат сыйлайды, жан мен дененің үйлесімділігі күшті сезіледі. Табиғат аясында спорт залына, басқа да жабық спорт ғимараттарына қарағанда әрқашан қызық. Табиғатпен мұндай байланыс біздің күнделікті өмірімізде өте жиі кездесетін стресстік және экстремалды жағдайлардан туындайтын нейропсихиялық іркілістерді жоюдың қуатты құралы болып табылады.

Спорттық-сауықтыру туризмін дамыту және оның балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесі мен белсенді демалысы құралдарының бірі ретінде үнемі өсіп келе жатқан рөлі туристік қызметтің мазмұны мен сипатына қарай оның балалар организміне әсерін анықтау үшін арнайы ғылыми зерттеулер жүргізуді талап етті. Бүгінгі таңда ғылыми зерттеулердің едәуір бөлігі спорттық-сауықтыру туризмі балалар мен жасөспірімдердің дене тәрбиесінің тиімді құралы болып табылатынын көрсетеді. Спорттық-сауықтыру туризмінің түрлері мен ұйымдық нысандарының алуантүрлілігі оның бастауыш мектеп жасындағы балалардан бастап денсаулығының ауытқулары бар егде жастағы адамдарға дейінгі кең ауқымы үшін қол жетімділігін қамтамасыз етеді.

Көптеген педагогикалық ұжымдар балаларды қоршаған ортамен, табиғатпен таныстыруда спорттық-сауықтыру туризмінің құралдары мен нысандарын белсенді пайдаланудың, аса маңыздылығын түсіне бастады.

Оқушылардың қозғалыс белсенділігі ең алдымен денсаулықты нығайтуға, содан кейін спорттық қабілеттерін анықтауға бағытталған. Өскелең ұрпақтың денсаулығы мен жан-жақты дамуы маңызы жағынан кез-келген спорттық жетістіктерден әлдеқайда артық. Түрлі жастағы жасөспірімдердің денсаулық жағдайларын зерттеген ғалымдардың зерттеулерінде спорттық-сауықтыру туризмімен айналысатын жасөспірімдердің денсаулықтарының жақсаруы туралы деректер бар. Мысалы, А.Г.Нагорный, С.А. Сергеевалар зерттеулерінде спорттық-сауықтыру

туризмімен айналысатын жасөспірімдердің өздерін сезінулерінің жақсарғанын, өкпенің тіршілік сыйымдылығының жоғарылағанын, тыныс алу жиілігінің төмендегенін және күштерінің артқанын атап өткен. Жоғарыда аталған авторлардың бастапқы және қайталама тексерулерінің мәліметтерін талдау көп күндік жорықтан кейін өкпенің тіршілік сыйымдылығының ұлдарда 100 мм-ге, ал қыздарда 120 мм-ге өскенін көрсетті. Медициналық-педагогикалық сараптама материалдары жүктеме нормаларын сақтаған жағдайда, жаяу жорықтың жасөспірімдердің денсаулығына тиімді әсер ететінін және олардың дене дамуына ықпал ететінін көрсетті.

Жоғарыда айтылғандардан спорттық-сауықтыру туризмі өзінің сипаты, білім беру мен тәрбиелеу әлеуеті, жағымды эмоцияларды қалыптастырудың елеулі мүмкіндіктері, жасөспірімдердің романтикаға, тәуекелге, қозғалуға ұмтылысын қанағаттандыруы бойынша – салауатты өмір салтына бағытталған құндылық бағдарын қалыптастырудың тиімді құралының бірі екенін көруге болады. Осыған байланысты салауатты өмір салтына бағытталған құндылық бағдарын қалыптастыру мақсатында спорттық-сауықтыру туризмі құралдарымен қоршаған ортада жасөспірімдердің іс-әрекетін ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін іздеу аса өзекті міндет болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Игнатьев М.А. Организационно-нормативные основы туризма, Учебно-методическое пособие для студентов ФФК, Чебоксары, 2007;
2. Квартальнов В.А. Педагогоика и туризм: учебник для вузов туристского профиля, Москва, Советский спорт, 2000;
3. Константинов Ю.С. Детско-юношеский туризм, Учебно-методическое пособие, Москва, ФЦДЮТиК, 2006;
4. Нагорный А.Г. Экспериментальное исследование ходьбы с грузом и норм в туристских походах старшеклассников, Автореферат дисс. к.п.н., Москва, 1998;
5. Сергеева С.А. Туризм как эффективное средство физического воспитания школьников, Автореферат дисс. к.п.н., Москва, 1996.

УДК 796.5

СПОРТИВНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНЫЙ ТУРИЗМ КАК СРЕДСТВО ПРИОБЩЕНИЯ ПОДРОСТКОВ К ЗДОРОВОМУ ОБРАЗУ ЖИЗНИ

Бегилов Т.З., Хатимуллина Б.Т.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г. Уральск

Аннотация. *В статье описано, как спортивно-оздоровительный туризм может решить многие задачи благодаря своему характеру, образовательно-воспитательному потенциалу, значительным возможностям формирования положительных эмоций, положительного влияния на здоровье детей и подростков. Спортивно-оздоровительный туризм рассматривается как составляющая физического воспитания, а также говорится, что он является одним из эффективных инструментов формирования экологического, патриотического воспитания подростков, ценностной ориентации, направленной на здоровый образ жизни.*

Ключевые слова: *спортивно-оздоровительный туризм, походы, двигательные навыки, физическая культура, здоровье, здоровый образ жизни.*

ӘОЖ 002.37

ИНФОРМАТИКА БОЙЫНША МЕКТЕПТЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЛЫМЫ

Ахметов М.Г., Арыстанова А.Б.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Аннотация. *Информатиканы дамыту нәтижесінде қолдану салалары оларға білім мен білік, дағдыларды, ойын бағдарламаларымен жұмыс істей білуге, бағдарламалармен жұмыс істеу кезінде бағдарламалық құжаттарды пайдалануға, бағдарламаларды орындауға, қажеттісін табуға, жұмыс істеуге мүмкіндік береді.*

Кілт сөздер: *Мектептегі компьютерлік білім, ақпарат*

Информатика негіздерін оқыту тәжірибесін талдау, мектептегі компьютерлік білім берудің мақсаттарын жаңа түсіну, осы пәннің жалпы білім беру, дүниетанымдық мүмкіндіктері туралы идеяларды тереңдетуге байланысты, он екі жылдық мектепте информатика негіздерін игерудің және ақпараттық мәдениетті қалыптастырудың бірнеше кезеңдерін анықтау қажеттілігін көрсетеді. Бірінші кезең (I - VI сыныптар) - пропедевтикалық.

Бұл кезеңде оқушыларды компьютермен бастапқы таныстыру өткізіледі, ақпараттық мәдениеттің алғашқы элементтері оқу-ойын бағдарламаларын, қарапайым компьютерлік тренажерларды және т.б. пайдалану барысында қалыптасады. Екінші кезең (VII - X сыныптар) - информатикадағы оқушыларды оқытуға міндетті жалпы білім беру минимумын беретін негізгі курс. Проблемаларды шешу үшін оқушылардың ақпараттық технологиялары мен әдістерін игеруге, олардың білім беру және кәсіби қызметінде компьютерлерді ұтымды және ұтымды пайдалану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Негізгі курсты зерттеу табиғатта, қоғамда және технологияда ақпарат алу, өзгерту, беру және сақтау процестерінің жалпыға ортақ идеясын қалыптастырады. Негізгі курстың мазмұны компьютерлік оқытуды мектепте оқытуда және оның жалпы білім беру маңыздылығының маңызды аспектілерін көрсететін үш негізгі бағытты біріктіреді: -айналадағы әлемді талдаудағы жүйелік-ақпараттық көзқарас, басқарудағы ақпараттың рөлі, өзін-өзі басқаратын жүйелер ерекшелігі, әртүрлі жүйелердегі ақпараттық процестердің жалпы заңдылықтары туралы идеяларды қалыптастырудың идеологиялық аспектісі; - мектеп оқушыларының ой-өрісін дамытумен байланысты қазіргі кездегі алгоритмдік (программист) аспект. - компьютерлік сауаттылықты қалыптастыруға, студенттерді ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану тұрғысынан практикалық жұмысқа дайындауға байланысты «пайдаланушы» аспектісі. Үшінші кезең - (XI - XII сыныптар) компьютерлік білім беру саласында оқушылардың кәсіптік-техникалық дайындығы мен қызығушылықтарына және бейініне қарай әртүрлі көлемде және мазмұны бойынша бейіндік білім беруді жалғастырды. Атап айтқанда, математикалық бейіндегі мектептер мен сыныптар үшін есептік математиканы бағдарламалау мен есептеу әдістерін тереңдете зерделеу, жаратылыстану ғылымдары мектептері үшін информатика курсы эксперименттік деректерді модельдеу және өңдеу үшін компьютерді пайдаланудан, ауылдық мектептер үшін - ақпаратты қолдану қабілетін дамытуға бағытталған курс ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыру және экономика мәселелерін шешу технологиясы және т.б. пайдалану сандық деректерді және олардың өзгеру динамикасын көрнекі көрсету үшін визуализация құралдарын пайдалану; жеке деректер базасын құру және толтыру; әр түрлі ақпаратты құру және түрлендіру тәжірибесін алу, соның ішінде компьютер көмегімен; эстетикалық-маңызды компьютерлік модельдермен және оларды жасау құралдарымен танысу[1,2].

Ақпараттық технологиялар құралдарының (графикалық, түстік, дыбыстық, анимациялық) мүмкіндіктерінің көмегімен эстетикалық маңызы бар объектілерді құру тәжірибесін алу); ақпараттандыру құралдарымен жұмыс істеу ерекшеліктерін, олардың адам денсаулығына әсерін түсіну, Осы құралдармен жұмыс істеу кезінде алдын алу шараларын меңгеру; компьютермен және басқа да ақпараттық технологиялар құралдарымен жұмыс істеуде қауіпсіздік және гигиена талаптарын сақтау.

Егер елдегі мектептердің көпшілігі үшін информатика білімінің мұндай құрылымы қазір қажет болса, онда 12 жылдық мектепке ауысу кезінде бұл құрылым міндетті түрде болуы керек және негізгі оқу жоспарында тиісті көрініс алу керек.

Бастауыш мектепте информатиканың пропедтикалық курсы. Қазіргі заман мектеп оқушыларын құбылмалы әлемге бейімдеуге, өзінің жеке өмірінде болашақ кәсіптік әрекетті тануға мүмкіндік беретін өзгерістерді талап етеді. 12 жылдық білім беру барлық ұлттық білім беру жүйесіндегі реформа, ол «жылдам дамушы ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын жоғары білімді шығармашыл,құзыретті тұлға қалыптастыруды және дамытуды» алдын ала болжайды (Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасының жобасы). Қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып, педагогикалық, психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша, балалар өз білім деңгейін көтере алмайды. Сол себепті информатика пәнін бастауыш сыныптан бастап енгізу қажеттілігі туындайды[4].

Оқушылар информатика пәнін жеңіл және тез меңгеруде, олардың қазіргі өмір ағымына деген көзқарастарының жан-жақты жоғары дәрежеде дамуына байланысты, енді информатика пәнін тіпті 1-ші сыныптан бастап енгізуге болады деген пікірлер ұсынылуда.

Информатикалық қоғамда балаларды жұмыс істеуге дайындау үшін алдымен логикалық ойлауға, талдау жасай білуге, өзара қарым-қатынасқа үйрету керек. Психологтардың айтуы бойынша, баланың негізгі логикалық ойлауы 5-11 жаста қалыптасады. Мектепте информатиканы оқыту дара бағдарламамен жүзеге асуда. Ал бастауышта бұл дара пән ретінде емес, орыс, қазақ тілдері мен математикаға қолдаушы пән ретінде жүреді. Бұл әдістің негізгі мазмұны төмендегідей: Математика мен орыс тілі курстарының сабақтастығы; Мазмұнды логикалық тапсырмаларды мақсатты түрде енгізу, дидактикалық ойындар мен дәстүрлі емес мақсаттарды биік деңгейде шеше білуге үйрету.

Жаңа ақпараттық технологияның жылдан жылға кең құлаш жайып дамуы адам қызметінің барлық салаларына енуіне орай, жас ұрпақты компьютерлік техниканы пайдалану үшін даярлауда, олардың компьютерлерге деген оң көзқарасын қалыптастырумен қатар, оқушылардың сыныпта және сыныптан тыс оқу қызметін компьютер арқылы ұйымдастыру «Қазақстан 2030» бағдарламасында көрсетілгендей көкейкесті мәселелердің бірі. Бұл мәселелер бойынша тәжірибелер жинақталуда. Қазірден бастап балаларды кішкентайынан өздерін қоршаған ортамен жан-жақты таныстыру, олардың логикалық ой өрісін шығармашылық жағынан дамыту, сөйлеу және жүріс-тұрыс мәдениеттілігін арттыру, оларды компьютер әлеміне баулу бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Осы мәселелердің әр-түрлі жолдары қарастырылып, басқа шет мемлекеттердің оқу іс тәжірибелерін оқып, үйрене отырып: Бастауыш мектепте оқытылатын сабақтарда компьютерді жиі пайдалану; Бастауыш сыныптан бастап жүйелі түрде информатика пәнін оқыту;

Мектептерде балаларға арналған информатика үйірмелерін ұйымдастыру арқылы жүргізуге болатынына көз жеткізуде. Ал жоғарыда көрсетілген әдістердің барлығы бір бірімен ұштастырылса, жас жеткіншектердің компьютерлік сауатты, әрі компьютерлік мәдениетті болып өсуіне жол ашады. Ғылым мен техниканың жылдан жылға кең өріс алып, жедел қарқынмен дамуы, білімнің негізі болып табылатын – бастауыш мектепке де өз әсерін тигізуде. Сондықтан бастауыш білім жүйесіне басты мақсат - әрбір оқушыны информатика ғылымының алғашқы фундаментальді білім негіздерімен таныстыру, өз бетімен жұмысын арттыру мен шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оның тиімді әдістемесін ұсыну. Сонымен қатар, оларды информатика пәнін мектепте оқытатын басқа пәндермен үйлестіре отырып түпкілікті және саналы түрде меңгеруге қажетті дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.Жаңа ақпараттық технологияның басты тиімділігі – бұл мұғалімге бастауыштағы оқу үрдісінің құрылымын түбегейлі өзгерту, оқытудағы пәнаралық байланысты күшейте отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны дамытуға толық жағдай жасауы. Сонымен қатар, жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл оқушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз- өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жеңістіктерінен ләззат алуға мүмкіндік беруі.

Информатика пәні 1- ші сыныптан бастап енгізілгенмен, оны әртүрлі әдістермен оқытып, осы пәнге деген бала қызығушылығын арттыратын түрлі оқыту бағдарламалары, әсіресе қазақ мектептері

үшін өте тапшы. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына информатика сабағын жүргізудің тиімді жолдарын қарастырып, оны нақты материалдармен теориялық және практикалық жағынан байыта түсу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі [3].

Әдебиеттер тізімі:

1. Балапанов Е.Қ., Бөрібаев Б., Даулетқұлов А.Б. Йнформатикадан 30 сабақ. Алматы.,1998 ж.
2. Гейн А.Г., Линецкий Е.В., Сзпир М.А., Шолохович М.Ф. Информатика, — М.: Просвещение, 1991.
3. Теоретяческие основы процесса обученне в советской школе. //Под ред. В.В. Краевского, И.Я. Лернера.- М : Педагогика, 1989.
4. Ершов А.П. Компьютеризацмя школы и математическое образование. Основные направления работ по программе “Иинформатизация образования”. ИнфО. - 1992.

УДК 002.37

СОДЕРЖАНИЕ И СТРУКТУРА ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ПО КОМПЬЮТЕРНЫМ НАУКАМ

Ахметов М. Г., Арыстанова А.Б.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г Уральск

Аннотация. *Области применения изменились в результате развития информатики уметь работать с программами, пользоваться документами с программами, уметь работать с программами, пользоваться документами с программами, уметь работать с программами.*

Ключевые слова: *Компьютерное образование, информация в школе.*

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

УДК 378. 147

ИНТЕРАКТИВНОЕ ИЗУЧЕНИЕ СТУДЕНТАМИ УЧЕТНО-ФИНАНСОВЫХ ДИСЦИПЛИН КАК ОДИН ИЗ ПУТЕЙ СТАНОВЛЕНИЯ ИХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ (ОПЫТ КАФЕДРЫ «УЧЕТ И ФИНАНСЫ»)

Курманова Г.К., Суханбердина Б.Б., Салимбаева Ш.Д.
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, г.Уральск

Аннотация. *Современная образовательная политика Республики Казахстан отличается стремлением обеспечить новый, более высокий уровень качества образования в соответствии с вызовами времени, задать общие целевые ориентиры его развитию.Главное преимущество высокоразвитой страны связано с ее человеческим потенциалом, во многом определяющимся образованием.*

